

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.015.31

Қолжазба құқығында

**ЖАНҚҰЛ ТАМАРААСАР ҚАЛНИЯЗҚЫЗЫ**

**Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды  
дамыту**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші  
Пірәлиев С.Ж.  
п.ғ.д., профессор  
Шет елдік кеңесші  
доктор, профессор  
Yücel Gelişli (Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	
<b>КІРІСПЕ</b>	<b>7</b>
<b>1 СТУДЕНТТЕРДІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ</b>	
<b>ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ</b>	
<b>НЕГІЗДЕРІ</b>	<b>16</b>
1.1 «Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарының мәні мен мазмұны	16
1.2 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық ерекшеліктері	28
1.3 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдіснамалық тұғырлары	46
<b>2 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ - СТУДЕНТТЕРДІ</b>	
<b>ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ</b>	<b>57</b>
2.1 Қазақ ұлттық музыкасының жіктемесі	57
2.2 Қазақ ұлттық музыкасының студенттерді интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктері	73
2.3 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың моделі	85
<b>3 СТУДЕНТТЕРДІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ</b>	
<b>ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-</b>	
<b>ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ</b>	<b>102</b>
3.1 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары	102
3.2 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдістемесі	115
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері	135
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>162</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	<b>165</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	<b>177</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (21.07.2015 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №521 Бұйрығымен бекітілген (16 қараша 2009ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (12 желтоқсан 2012ж).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020» (17 қаңтар 2014ж).

Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасы «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» (20 мамыр 2015ж).

Қазақстан Республикасында 2013-2016 жж. білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамын күшейту бойынша типтік кешенді жоспар.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (1 наурыз 2016ж).

Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР Үкіметінің 13.05.2016 ж., №292 қаулысы.

Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (12 сәуір 2017 ж).

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Әдіснама** – (грек. *Methodos* – зерттеу жолы, теория және *logos* – ілім) – әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

**Әлеует** – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар.

**Тұлға** – әлеуметтік-мәдени ортада, біріккен іс-әрекет үдерісі мен қарым-қатынаста пайда болатын адамның ерекше сапасы, саналы іс-әрекет субъектісі.

**Креативтілік** – (ағылш. Create – жасау, creative – жасампаз, шығармашыл) – индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқитын, түбегейлі жаңа идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

**Қабілеттілік** – белгілі бір өнімді іс-әрекетті табысты орындаудың шарты болатын тұлғаның жеке дара психологиялық ерекшеліктері.

**Интеллект** – адамның ақыл-ой бастамасы мен эмоционалдық күйзелісі бірлестігіндегі ойлау мүмкіндігі.

**Вербалды интеллект** – білімнің артықшылығындағы логикалық тірек формаларын жүзеге асыратын біріктірілген білім беру іс-әрекеті.

**Вербалды емес интеллект** – кеңістік және көру бейнесіндегі көрнекіліктік – іс-әрекеттік ойлауды дамытуына байланысты біріктірілген білім беру іс-әрекеті.

**Когнитивтік компонент** – ұлттық музыка саласындағы ойлау қызметінің білімі мен тәсілдері; шығармашылық тәжірибеде жинақталған ұлттық музыканың көлемі мен деңгейі; ұлттық музыка саласындағы білім берудің деңгейі мен сауаттылықтың көрсеткішіндегі күзіреттілік.

**Эмоционалдық-құндылықтық компонент** – сезім (эмоционалдық ықыластылық, уайымдық және т.б.), ұлттық музыкаға деген эмоционалдық-құндылықтық байланысты қалыптастыру; олардың танымындағы, құндылығындағы шығармашылық-іс-әрекеттік қабылдау мен меңгеру, ұлттық музыканы қабылдау үдерісіндегі тұлғалықтық-құндылықтық сапаның белсенді танылуы; тұлғалық бағыттағы эмоционалдық-құндылықты ашу мен ұлттық музыка құралдары арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың құрылымы маңызды рөл ойнайды.

**Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент** – ұлттық музыкалық құндылықты құру мен жаңғыртуға ықпал ететін ұлттық музыка саласындағы білімді пайдалану қабілеті, тәжірибелік педагогикалық қызметтегі ұлттық музыканы қолданудың ерекшелігі.

**Қажеттілік-ынталандырушылық компонент** – ұлттық музыка саласындағы мұғалімнің қызметін ынталандыру мәселесінің мәнін ашатын кәсіби-педагогикалық және танымдық бағыттағы әлеуметтік-адамгершілік жиынтықтың мәнін ашатын тұлғалық бағыттағы мұғалімнің біліктілік ерекшелігінде жетекші орын алады. Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың тұлғалық бағыттылығы оның барлық тұлғалық құрылымдарының бағыныштылығын тұрақты ішкі ниетін, мақсатын, әлеуетін мен ерекшелігін анықтайды (ынта, қажеттілік, белсенді ұстаным, ойлар, құндылықтар және т.б.).

**Шығармашылық** – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол табуы үшін адам ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

**Ұлттық музыканы меңгеру үдерісіндегі мұғалімнің ойлауы** – ұлттық музыка шығармасындағы іс-әрекеттік үдерісте бейнеленетін шығармашылық ойдың мәнін ашу интеллектуалдық-ойлау үдерісіне бағытталады.

**Студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы** – оның болашақ кәсіби біліктілігіне әлеуметтік жауаптылығының артуына, рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, ұлттық музыканы эмоционалдық-құндылық тұрғысынан игеруіне бағытталады, ойлау іс-әрекеттерінің тәжірибесі жинақталатын, интеллектуалдық және арнайы музыкалық қабілеттері дамиды біртұтас үдеріс.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

ҚР – Қазақстан Республикасы  
МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
ҚР БЖҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігінің білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті  
ЖОО – жоғары оқу орны  
ҚазҰПУ – Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
ҒЗИ – ғылыми-зерттеу институты  
ИД – интеллектуалды даму  
ҚҰМ – қазақ ұлттық музыкасы  
БТ – бақылау тобы  
ЭТ – эксперимент тобы  
PhD – философия докторы  
т.б. – тағы басқа

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазақстанның әлемдік білім беру қауымдастығына кірігуі мен оның дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қатарында лайықты орын алуға ұмтылысы жағдайында, заманауи өркениетті сын-тегеуріндері ағымында ХХІ ғасырдағы жаһандық әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын тұлғаның зияткерлік дамуына қажеттілік артып отыр.

Адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің рөлін өзектілеуге бағдарлау Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген [1]. Сондай-ақ, инновациялық қоғамдағы қазіргі жастардың интеллектуалды даму деңгейі ең басты стратегиялық ресурстардың қатарынан табылу керектігі «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Интеллектуалды ұлт-2020» Ұлттық Жобасы, «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында 2013-2016жж. білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамын күшейту бойынша типтік кешенді жоспар» сияқты бірқатар маңызды құжаттарда атап өтілген [2 - 5].

Оған қоса Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру деген ұғым ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін, Қазақстан халқының бойларында «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігін» ескерсек, студенттердің ұлттық музыка арқылы интеллектуалдық дамуын зерттеу қажеттігі арта түседі.

Өйткені, тұлғаның интеллектуалды даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Интеллектуалды-ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі, ал оны маңызды бөлшегі ұлттық музыка болып табылатын өз халқының мәдени мұраларынсыз тиімді шешу мүмкін болмас еді. Оның эмоционалды-эстетикалық әсері рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыруға ықпал ете отырып, оның объективті түрдегі интеллектуалды жүктемесі болады, соның нәтижесінде эстетикалық әсерленумен қатар тұлғаның интеллектуалды дамуы жүзеге асады.

Студенттердің ұлттық мәдениет құралдарымен интеллектуалды дамуы, олардың этностың рухани құндылықтарын сақтау мен дамытуға жауапты, ұлтаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін меңгерген, басқа мәдениет өкілдерімен келісімді диалог құруға қабілетті, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелері ретінде тәрбиелеуді қамтиды. Студенттің эмоционалды аясын дамыту үдерісі, моральды және эстетикалық бағалаудың өзара байланысына сүйенеді, бұл өз кезегінде ұлттық музыканы тұлғаның интеллектуалды дамуында педагогикалық құрал ретінде қолдануға, әртүрлі халықтардың мәдениетінің өзара байланысын ұғынуға мүмкіндік береді.

Ал бұл болса, ұлттық музыка арқылы студенттерді жоғары мектепте интеллектуалды дамытудың біртұтас теориясын құрастырудың өзектілігіне назар аударуды талап етеді. Сондай-ақ, бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарында студенттерді мақсатты бағытталған және әдістемелік тұрғыда интеллектуалды дамыту міндетін шешуге мүмкіндік береді.

Алайда, жоғары оқу орындары жағдайында қазақ ұлттық музыкасының ауқымды тағылымдық әлеуеті көп жағдайда оның студенттердің интеллектуалды дамуында жеткіліксіз бағалануынан жүзеге асырылмай қалады. Бұған біршама дәрежеде ойын-сауық индустриясының бұқаралық ақпарат құралдарында жедел дамуы ықпал етеді, онда халық музыкасы көп жағдайда жарнамалық және ойын-сауық бағытының түрінде ұсынылады. Осыған байланысты интеллектуалды дамуға, яғни адамның халықтың музыкалық шығармашылығын игеру арқылы шынайы көркемдік құндылықтарға қарай дамуына мән берілмейді.

Мұның бәрі ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамуын зерттеудің маңыздылығын өзекті етеді.

Жастарды интеллектуалды дамыту мәселесі, отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Адамның интеллектісін дамытудың және оларды қоғамда басқарудың өзара тәуелділігінің жалпы-әдіснамалық және әлеуметтік-философиялық аспектілері Н.А.Бердяев, В.И.Вернадский, Н.Винер, Э.Ю.Дюркгейм, А.Печчеи, П.А.Сорокин, Тейяра де Шарден, А. Дж.Тойнби, К.Ясперс және т.б. көрнекті ресейлік және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылды.

Адам интеллектісін зерттеудегі негізгі тұғырларды жан-жақты талдау Б.Г.Ананьев, Р.А.Зобов, В.В.Мещеряков, И.В.Мещерякова, В.И.Несмелов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Аталған еңбектерде адамтану саласындағы марксистік парадигма негізінде «ақылды адам» оның биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және рухани сапаларының бірлігінде қарастырылады. Мұнда интеллект «ақылды адамды» өмір сүру әрекетінің қоғамдық аясына енгізудің жетекші детерминанты және біріктірілген сапасының бірі тұрғысынан ажыратылып көрсетіледі.

Көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Я.А.Пономарёв, Б.М.Теплов адамның психикасы мен оның ойлау іс-әрекетінің, оны дамытудың механизмдері туралы мәселелер бойынша жетекші зерттеушілер болып табылады, олардың еңбектерінің осы зерттеу үшін шешуші мәні бар. В.А.Апрелева, С.Н.Беляева-Экземплярская, А.В.Вицинский, В.В.Медушевский, Е.В.Назайкинский сияқты қазіргі ғалым-музыкатанушылар жүргізген музыка психологиясы саласындағы зерттеулер, адамның қабілетінің табиғаты теориясын, оның музыкалық ойлауын біршама байытты.

Студенттердің интеллектісі және олардың интеллектуалды дамуы мәселелері А.Анастази, Г.Ю.Айзенк, Д.Б.Богоявленская, В.Н.Дружинин, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Кулагин. С.Л.Рубинштейн, М.А.Холодная, М.А.Fancher R.E., Guilford J.P., Spearman C. т.б. еңбектерінде қарастырылды. Оларда



адамның когнитивті қабілеттері мен интеллектуалды мүмкіндіктерін зерттеудің алуан түрлі әдістемелері негізделген.

Оқу үдерісіндегі тұлғаның интеллектуалды дамуы саласындағы біршама көп зерттеулер, бастауыш және орта мектептің материалдарына бағдарланған, олар өз кезегінде дамыта оқыту тұжырымдамасының негізіне алынды (В.В.Давыдов, Л.В.Занков, З.И.Калмыкова, Д.Б.Эльконин және т.б.), оқудың саналылығы туралы психологиялық-педагогикалық теорияларға негіз болды (Б.Г.Ананьев); ойлау сапаларын сатылы дамыту (П.Я.Гальперин), оқытудың ақыл-ой дамуының формасы ретіндегі әлеуметтік-когнитивті теориясы, аталған теорияны америкалық педагог-конструктивистер дамыта оқыту идеясын әрі қарай құрастыру үшін негізге алған болатын (Л.С.Выготский).

Жоғары мектептегі дамыту оқытудың жекелеген бағыттарын құрастыруда ғалымдардың талдау пәні тұрғысынан сыни ойлауды қалыптастыру шарттары (С.И.Заир-Бек, А.В.Коржуев, Ю.Н.Кулюткин және т.б.), рефлексивті іс-әрекет біліктерін дамыту (Н.Г.Алексеев, А.З.Зак, И.Н.Степанов және т.б.), метатаным рефлексияны оқыту тәсілі (А.В.Карпов, Э.Г.Гельфман және т.б.) алынған.

Ғалымдар ерте кемелдік жасқа тән дамудың жоғары көрсеткіштерінің сақталуына ақыл-ой іс-әрекетінің, әрі қарай білім алуға бағдарланудың, кәсіпті меңгеруге деген ұмтылыстың (Е.И.Степанова) ықпал ететінін анықтады; студенттік жастағы интеллектуалды даму оның орталық бағытын құрайды және студенттің негізгі іс-әрекеті ретіндегі оқытумен байланысты, оқыту өз кезегінде саналы ұғынушылық, ырықтылық, белсенділік тұғырларында аталған жас кезеңіндегі адамның интеллектуалды ұйымдастыруына бірқатар талаптарды ұсынады (Ананьев Б.Г., Грановская Л.Н., Степанова Е.И.).

«Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарын зерттеуге алыс шет елдердегі ғалымдар (Х.Айзенк, Д.Векслер, Р.Гарднер, Дж.Гилфорд, Ч.Спирмен, Р.Стернберг, Ж.Пиаже және т.б.) және жақын шет елдердегі ғалымдар да ерекше үлес қосты.

Интеллектуалды бастаманы Д.Б.Богоявленская, интеллектуалды рефлексияны И.Н.Семенов және С.Ю.Степанов, интеллектуалды белсенділікті немесе ізденістік доминантын Я.А.Пономарев, интеллектуалды шешімдерді қабылдауды Т.В.Корнилова, интеллектуалды вариативтілік пен тұрақтылықты Н.С.Ефимова, зерттеушілік бастаманы А.Н.Поддъяков, интеллектуалды икемділікті Л.М.Митина зерттеді.

Ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуын зерттеуде аса күрделі міндет тұрғысынан оның тұлғаның жалпы тұжырымдамасымен жеткілікті айқын байланысының болмауынан тұлға туралы жекеленген идеяларға сүйендік. Мәселен, белсенді субъект және белсенді орта (білім беруші) арасындағы өзара байланысты негіздейтін тұжырымдама (К.А.Абульханова, А.Г.Асмолов, И.В.Дубровина, М.С.Каган, В.И.Слободчиков Д.И.Фельдштейн және т.б.); интеллектуалды дамудағы құрамдас бөліктердің өзара байланысы (Э.Торндайк, М.Аргайл, Г.Олпорт, Г.Гарднер, және т.б.) теориялары негізге алынды.

Халық музыкасы құралдарымен тұлғаның интеллектуалды дамуы мәселесін зерттеудің әдіснамалық маңызы, мәдениеттегі тұлғаны дамыту мәселелерін А.Г.Асмолов, А.А.Вербицкий, И.А.Зимняя, Е.И.Исаев, В.А.Сластенин және т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелді

Халық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы үшін тұлғаның белгілі бағыттылығын қарастыратын тұжырымдамалары әдіснамалық маңызға ие: атап айтқанда, адамның мүмкіндіктерін және мағыналық күш-қуатын жүзеге асыруға бағыттылық (А.Маслоу, Ф.Перлз, Э.Шостром, К.Г.Юнг), болашақ кәсіпке бағыттылық (Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов, А.К.Маркова, Л.М.Митина), жағдаяттың және өзіндік тәжірибенің шеңберінен шығу қабілеті ретіндегі шығармашылыққа бағыттылық (Л.И.Божович, В.А.Петровский, Я.А.Пономарев, В.Э.Чудновский).

Егер білім беру саласы адамның мәдениет құндылықтарын сақтау, тарату және дамыту үдерісін, оны мәдениет субъектісі ретінде қалыптастыру үдерісін қамтыса, онда интеллектуалды ерекшеліктер мәдениет құндылықтарын және шығармашылықты меңгеру мүмкіндіктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді (В.М.Межуев, О.И.Джигоев, Н.З.Чавчавадзе).

Г.С.Тарасов, И.В.Тихомировалардың музыкалық және интеллектуалды дарындылықтың жағымды корреляциясын зерттеуге арнаған еңбектері біздің зерттеуіміз үшін ерекше қызығушылық тудырады. Ғалымдар «музыкалық ойлау» тұжырымын анықтаған (И.Ф.Гербарт, Б.Риман, Э.Ганслик), танымал сазгерлердің ойлау с-әрекетінің ерекшеліктерін (М.Е.Тараканов, О.В.Лукьянович, Л.К.Каверина) негіздеген. Д.К.Кирнарскаяның зерттеуінде музыкалық-тілдік қабілетті – музыкалық идеяларды эстетикалық және мағыналық тұрғыда қабылдау мүмкіндіктері қарастырылған.

Қазақстанда музыкалық шығармашылық құралдары арқылы тұлғаны дамытудың жалпы идеялары ежелгі түркі жазба трактаттарында, ұлы ғалым-энциклопедистер әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Яссауи және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Музыкалық оқытудың ұлттық-бағдарланған сипатына тірек жасау, қазақ халқының көрнекті ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығында көрініс табады, олар осы мәселенің маңызыдылығын саналы ұғынып, оны өз дәуірінің аясында шешуге тырысты.

Қазақтың ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуде, этнопедагогика мен этномәдениеттің бірқатар аспектілерін қарастыратын зерттеулер ерекше маңызды болып табылады. Оларда ұлттық музыканың генезисі (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева және т.б.), теориясы және әдіснамасы (М.Х.Балтабаев, С.Ғаббасов, Ш.И.Джанзакова, М.Е.Ержанов, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай және т.б.), этномәдениеттің білім беруші және тәрбиелік мүмкіндіктері (Б.Е.Каирова, Т.М.Шакирова, Ш.М.Мухтарова және т.б.) жан-жақты зерттелген.

Отандық зерттеушілер С.А.Ұзақбаева, Ш.Б.Құлманова, Р.Р.Жәрдемалиева, М.А.Оразалиева, Т.А.Қышқашбаев, К.Е.Ибраева, Сұлтанова М.С. және т.б. еңбектері білім беру үдерісінде музыка өнерін пайдалануға арналады.

Аталған зерттеудің аясында қазақстандық ғалымдардың бірқатар еңбектері үлкен қызығушылық тудырады. Олардың қатарында шығармашылық интеллектуалды тұлғаны оқыту мен дамыту үдерісінің психологиялық құрылымы (С.М.Жақыпов, Ж.Ы.Намазбаева), этнопсихологиялық ұғымдардың тұлғаны интеллектісі мен өзіндік бағалауын дамытуға әсері (А.Ж.Аяғанова), жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың креативті сапаларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары (А.Б.Оспанова, А.С.Швайковский, С.А.Нұржанова, Р.І.Қадірбаева, Р.С.Омарова), білім беруді зияттандыру жағдайында профильдік оқытудың білім беру ортасын дамыту (Қунакова К.У), болашақ педагог-психологтардың зияткерлік әлеуетін дамыту (Кенжебаева Б.Т.), арнайы әскери мектептерде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттары (Аширбаева Н.Н.) қарастырылған зерттеулерді атауға болады.

Зерттелетін мәселенің жай-күйін талдау, 20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап ұлттық өнер мәселелеріне ғалымдардың зейінін ерекше аударғанына қарамастан, жаһанданудың қазіргі заманғы бағыттарын ескеріп, жаңа тұрпатты мұғалімді интеллектуалды дамытудың факторы тұрғысынан ұлттық өнерді қолданудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаудың және дидактикалық аспектілерін зерттеудің толық жүзеге аса қоймағандығын, әлі де болса зерттей түсудің қажеттілігін көрсетті.

Сондай-ақ, патриоттық, азаматтық және ұлттық өзіндік сана рухындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың қажеттілігін есепке алып, ұлттық өнерге қатысты тұғырлардың жаңартылуы қажет етіледі. Қазіргі уақытта ұлттық музыкасына деген біртұтас ғылыми көзқарас әлі қалыптаса қойған жоқ және жаңа тұрпатты мұғалімнің интеллектуалды дамуының факторы тұрғысынан оның ерекше әдіснамалық базасы негізделе түсуі қажет.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге жасаған талдау студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамыту мәселесінің зерттелмегенін көрсетті. Сондай-ақ, проблеманың өзектілігін талдау негізінде жоғары оқу орындарында білім алушыларды ұлттық музыка құралдарымен интеллектуалды дамытуда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі айқындалды:

а) мемлекеттің рухани жаңғыруы жағдайында білім алушыларды интеллектуалды дамытуға қоғамның сұранысы мен практикада оның жүзеге асырылмағандығы арасында;

ә) жоғары оқу орындарында студенттерді интеллектуалды дамытудың қажеттігі мен оның теориялық негіздерінің толық зерттелмегендігі арасында;

б) болашақ мамандарды интеллектуалды дамытуда ұлттық музыка мүмкіндіктерінің кеңдігі мен олардың теориялық, әдістемелік негіздерінің зерттелу қажеттігі арасында;

в) болашақ мамандарды ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуды жоғары оқу-орнының оқу-тәрбиесіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында.

Айқындалған қарама-қайшылықтар зерттеу мәселесін анықтады, ол ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының психологиялық-педагогикалық негіздерін жасаудың және оны практикада жүзеге асыру қажеттілігімен анықталады. Сонымен «**Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту**» атты зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды.

**Зерттеудің мақсаты** – студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің нысаны** – жоғары педагогикалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісі

**Зерттеудің пәні** – студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту

**Зерттеудің болжамы** – егер студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы дамытудың мәні анықталса, моделі жасалып, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалса, элективті курстың, пәндер бағдарламасына қосымшалардың мазмұны мен оны жоғары оқу орнында жүзеге асырудың әдістемесі жасалса және практикаға ендірілсе, онда студенттердің интеллектуалды дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізуі мүмкін болады, өйткені қазақ ұлттық музыкасының философиясы, рухани-мәдени, әлеуметтік, танымдық әлеуеті, эмоционалдық-эстетикалық әсерлігі олардың адами-тұлғалық сапаларының дамуына, шығармашылық, креативтік ойлауының тереңдеуіне, ой-өрісі, зиятының өсуіне ықпал етеді.

**Зерттеудің міндеттері**

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мәнін анықтау;
- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық моделін жасау;
- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау;
- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін экспериментте тексеру.

**Зерттеу әдістері:** жалпы теориялық – зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері** болып диалектикалық білім, тұлға теориясы, таным және іс-әрекет теориясы, жүйелі қатынас принциптері мен әдістері, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық

қатынастарының психологиялық тұжырымдамалары, жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар, интеллект, тұлғаның интеллектуалды дамуы туралы теориялық тұжырымдар табылады.

**Зерттеу көздері:** философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагогтардың еңбектері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми материалдары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелері туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және отандық педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді басылымдар; автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

### **Зерттеу кезендері**

Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

**1 кезең (2014-2015жж.)** - қарастырылып отырған проблема бойынша материалдар жиналып, жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, жоғары оқу орындарының, мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері жинақталып, қорытыланды, эксперимент жұмысының бағдарламасы даярланды.

**2 кезең (2015-2016жж.)** - жоғары оқу орнының білім беру ортасында пайдаланылатын студенттерді интеллектуалды дамыту материалдары сұрыпталды, аталған дамудың моделі жасалды, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды. Элективті курс бағдарламасы даярланып, мазмұны жасалды және интеллектуалды дамуға байланысты пәндердің бағдарламасының мазмұнына толықтырулар енгізілді. Оларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың әдістемесі жасалды, оқудан тыс іс-әрекеттердегі іс-шаралар жоспарланды. Тәжірибелі-эксперимент жұмыстары жүргізілді, аралық кесінділер алынды.

**3 кезең (2016-2017 жж.)** - тәжірибелік эксперимент барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау және өңдеу жасалып, диссертациялық зерттеу талапқа сай рәсімделді.

**Зерттеудің базасы:** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі**

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мәні анықталды;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың құрылымдық моделі және оның мазмұны жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту әдістемелік тұрғыдан негізделді.

### **Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- психологиялық-педагогикалық кешенді әдістер негізінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту деңгейлерін диагностикалау мен бағалау әдістемесі жасалды;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдістемесі жасалды;

- «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курсы дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді;

- зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы дегеніміз болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби іскерлігіне әлеуметтік жауаптылығының артуына, рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, ұлттық музыканы эмоционалдық-құндылық тұрғысынан игеруіне бағытталатын, ойлау іс-әрекеттерінің тәжірибесі жинақталатын, интеллектуалдық және арнайы музыкалық қабілеттері дамитын біртұтас үдеріс;

- студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы үдерісі қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалдық-құндылықтық және іс-әрекеттік-рефлексивтік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады;

- студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің барлық құрамдарын қамти отырып, оның барлық қатысушыларының өзара іс-әрекеттестігі мен үздіксіз мониторингі негізінде жүзеге асырылады;

- студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы мынадай психологиялық-педагогикалық шарттарды сақтаумен қамтамасыздандырылады: оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру; оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескеру.

#### **Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

- International Scientific and Practical Conference. Topical Researches of the World Science. June 20-21. Vol.1. (Dubai, UAE, 2015);

- «Повышение квалификации и профессиональное совершенствование педагогов» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция (Алматы, 2015);

- «Шағын жинақталған мектептің білім беру үдерісіндегі интеграция мен

дифференциация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (Алматы, 2016);

- «Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білім мен ғылымның даму тарихы және заманауи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2016);

- «Психология и педагогика: актуальные вопросы» атты VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Санкт-Петербург, 2016).

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны 10 еңбекте жарық көрді. Соның ішінде 3-уі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 5-еуі халықаралық конференциялар (оның 2-еуі шет елдік) материалдарында жарияланды.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** – зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс-тәсілдердің қолданылуымен, білім алушының танымдық іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, саяси-әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алуымен; тәжірибелі-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін өңдеумен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

**Диссертация құрылымы мен мазмұны:** Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 189 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 5 кесте, 13 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 221 аталымнан тұрады.

# 1 СТУДЕНТТЕРДІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарының мәні мен мазмұны

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны іске асырудағы 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарында индустриялық-инновациялық экономикаға қабілетті Қазақстанды құру үшін қойылған кезеңдермен жүзеге асырылатын міндеттерін орындау барысында жеке шығармашылықты, жоғары білікті адам ресурстарын нығайту талап етіледі [6]. Осы тұрғыда «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық жобаның негізгі мақсаты да қазақстандықтарды жаңа жағдайға тәрбиелеу мен адам капиталын байыту негізінде, мемлекетті бәсекеге қабілетті Қазақстанға айналдыру болып табылады [3, б. 2].

Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауларында, мемлекетті дамыту бағытындағы құжаттамалық бағдарламаларында тұтас мәдениетті қолдау, халықтың мәдени ролін арттыру, жаңа қазақстандық мәдениеттің әлеуетін қалыптастыру үшін Қазақстанның әртүрлі этномәдениетін болашақта дамыту мен оның беделін арттыру тиістігі айтылады.

Жаһандану жағдайында осы жобалардың іске асуы ұлттық-мәдени құндылықтардың, соның ішінде жас ұрпақтың, жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мен шығармашылығын дамытуға ықпалы басым ұлттық әуендердің нығаюын да қамтуы қажет. Дегенмен, бүгінгі таңдағы заманауи қоғамның жаһандық дағдарысы террористік қатерлер мен экономикалық сипаттағы мәселелерді қамтып қана қоймай, көптеген студент жастардың өміріндегі әлеуметтік-тұлғалық жағдайлардың төмендеуіне, тұтынушылық тұжырымдаманың бірінші орынға шығуына, даралануына, ақпараттық құралдардың коммерциялануына және басқа да қылмыскерлік, лаңкестік, қатыгездіктің, нашакорлық пен маскүнемдіктің дамуына да әсерін тигізіп отыр. Ал бұл, болса балалар мен жастардың адами құндылықтарын, шығармашылығын, ойлауын дамытудың жолдарын қарастыру қажеттігін көрсетеді. Ол үшін алдымен жас ұрпақты тәрбиелейтін болашақ педагогтарды интеллектуалды дамытудың мәні зор.

Зерттеу барысында студенттерді интеллектуалды дамытудың мазмұнын анықтау үшін алдымен «интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарының мәнін анықтап алғанды жөн санадық. Аталған түсініктер ғылыми әдебиеттерде, сөздіктерде кеңінен таралған. Интеллект ұғымы даралық айырмашылығымен ерекшеленеді және ес, ой ұғымдарымен тікелей байланыста қолданылады.

Ағылшын ғалымы Фр.Гальтон алғаш рет даралық айырмашылықтың дамуы адамның биологиялық табиғатының ерекшелігіне байланыстығын зерттеген болатын. Ол 19 ғасырдың соңында Лондонда алғаш рет дыбысқа, жарыққа әсер ету уақытын, дауыстың биіктігін, көлемін, әртүрлі жағдайлардағы қабылдау түсін,



карапайым сенсорлық іс-әрекет деңгейін қарастыра отырып, бірқатар даралық мүмкіндіктерді анықтады [7].

Ф.Гальтонның ойларын американдық психолог Д.Кеттел дамытты. Ол естің қысқа мерзімдегі көлемін, реакция уақыттарын, сезімнің көптеген түрлерін зерттеу үшін тест әзірледі [8].

Осы кезеңде «ес», «интеллект» термині жоғары психологиялық іс-әрекеттің өлшеміне айнала бастады. 1995 жылы француз психологі А.Бине Т.Симонмен бірлесе отырып күрделі танымдық іс-әрекет өзіндік танымдық өлшем бірлігін қоса отырып интеллектті дамытуды өлшеу үшін – есте сақтау, ақпарат беру, түсіну тестілеу жүйесін құрастырады [9].

Дж.Равен өзінің жұмысында ақыл-ой қабілетінің өнімді және репродуктивті екі кешеннен тұратынын анықтаған. Өнімді кешен арақатынас пен байланыс қабілетін анықтау, арнайы жағдайлар ұсынылмаған қорытындылар шығаруды көздейді, ал репродуктивті –бұрынғы тәжірибе мен меңгерілген ақпаратты қолдану мүмкіндігін қарастырады [10].

Сондай-ақ, қазіргі таңдағы танымал өкілдер Л.Терстоун, Дж.Гилфорд шығармашылықтың көп қырлы мүмкіндіктерін дамытты [11, 12].

1921 жылы белгілі американдық психологтардың қатысуымен ұйымдастырылған «Оқыту психологиясы» журналында Н.Ф.Талызина, А.В.Карпов тұлғаның интеллектуалды дамуында тестілеудің маңыздылығын негіздейтін қазіргі уақытта жүргізген зерттеу нәтижелерін жариялайды. [13, 14]. Олардың әрбірі белгілі бір интеллект «және оның тәсілдерін өлшеуге келетін анықтамасына мән берді. Барлығы интеллекттің ең басты өлшеуіші тестілеу екендігін айтты, алайда олар «интеллект» ұғымын анықтауда бір тұжырымға келе алмады.

Біз де зерттеу барысында ғалымдардың «интеллект» түсінігіне берген анықтамасын жүйелей отырып, 1- кестеде көрсеттік.

Кесте 1 – Ғалымдардың «интеллект» ұғымына берген анықтамасы

Авторлар	Анықтама
1	2
Encyclopaedia Britannica <a href="http://www.britannica.com/">http://www.britannica.com/</a>	Қоршаған ортаны басқару үшін өзінің білімін және абстрактілі тұжырымдаманы қолдану мен ұғыну, оқу мүмкіндігі және жаңа жағдайға бейімделу мүмкіндігінен тұратын психикалық қасиеттер
Г. Азимов, А.И. Щукина (әдістемелік терминдер сөздігі)	Барлық танымдық қабілетті біріктіретін, қиындықтың шешімі мен танымындағы жалпы адами қабілет: сезіну, қабылдау, жады (ес) көрініс, ойлау, бейнелеу.

1 – кестенің жалғасы

1	2
Д.Векслер	адамның қоршаған ортаға бейімделу қабілеті: «өмірлік жағдайды жақсы ойластыру, ойланып жасай алатындай жаһандық қабілет». Интеллекттің екі саласын анықтады: <i>вербалдық интеллект және іс-әрекеттік интеллект</i> .
Р. Солсо	ойластырылған тәсілдегі білімді қолдануда ойлар мен объектілер арасындағы байланыс пен абстрактілі түсінік және нақты түсінік үшін білімді қолдану мен бейнелеу, қабылдау мүмкіндігі
Г. Айзенк	ақыл-ой үдерісінің өту жылдамдығы
Л. Термен	«абстракциялық ойлау қабілеті»
Э. Торндайк	шынайы өлшемдерге жақсы жауап беру мүмкіндігі
С. Колвин	қоршаған іс-әрекетке бейімделу мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқыту мүмкіндігі немесе білімнің жиынтығы
С. Боман	«ақыл-ойдың шынайы құрамы ғана емес, өзінің іс-әрекетімен бірге ерекшеленуі»
Р. Кеттел және Дж. Хорн	интеллекттің екі кешені анықталған: «флюидты» және «кристалденген» «Флюидты» кешен адами іс-әрекет өзінің шегіне жеткен уақыттан бастап барлық саласында пайда болады және ақыл-ойдың тұқым қуалаушылығымен айқындалады. «Кристалденген» кешен интеллекттің шынайы көлеміндегі дағдыларды құрылымдайды.
Ж. Пиаже	бірыңғай тұтас құрылым мен тұрақтылық, назар аударарлық белгілер, бірегей құрылымдалу іс-әрекеті болатындай ішкі пәннің қызметіндегі өндірістік, арнайы іс-әрекеттік объект пен субъект арасындағы ерекше өзара байланыс формасы
Мельхорн Г. және Мельхорн Х.Г.	тұлғаның ойлау үдерістерінің сапасы мен деңгейін сипаттайтын қабілеттерінің жиынтығы
Э. Боринг	тест арқылы өлшенеді
Дж. Томпсон	мінез-құлқында көрініс табатын есептеу мен қысқарту абстрактілі түсінігінің сипаттамасы

1 – кестенің жалғасы

1	2
Л.Термен	«абстрактілі ойлаудың мүмкіндігі»
Р.Питнер	«нерв жүйесіндегі өзгерістердің негізгі қабілеті»
Дж.Петерсон,	«мінез-құлықтық есепті біріктіретін және жинақтайтын көлемін тиімді ынталандыратын биологиялық механизм»
М.Хаггерти	«дәстүрлі анықталатын күрделі ойлау үдерістерінің тобы - түйсік, қабылдау, біріктіру, ес, қиял, саралау, талдау және дәлелдеу»
Х.Вудроу	«меңгеру қабілеті»
Р. Спирнберг	1) вербалді интеллект (сөздік қор, ой-өріс, оқығанды түсіну қабілеті); 2) мәселені шешу қабілеті; 3) тәжірибелік интеллект (алға қойылған мақсатқа жету қабілеті).
Линда Готтфредсон	«тәжірибе негізінде оқу мен жылдам үйрену, күрделі ойларды түсіну, абстрактілі ойлау, мәселені шешу, жоспарлау, қорытынды жасау мүмкіндігі, жалпы ақыл-ой қабілеті»
Шетел сөзінің сөздігі	«ой, адамның ойлау қабілеті»
совет энциклопедиялық сөздігі	«ойлау қабілеті, рационалдық таным»
психологиялық сөздік	ойлау қабілетінің тұрақты құрылымы
Н.Н.Моисеев	мақсатқа жету стратегиясының құрылымы мен ресурстарын жоспарлау, мақсатты негіз
Р.С.Немов	«әр түрлі тапсырмалардың шешімін табудағы адамның табыстылығын анықтайтын жалпы ойлау қабілетінің жиынтығы»
Л.С.Выготский, О.КТихомиров	«ақыл-ойдың ойлауын ұқсастыру»
Б.Ф.Ломов	«когнитивті стильдегі белсенді танымдықты қажет ететін дараланған тәсілдік жағдайлардың тиімділігі арқылы мәселенің шешімін табу стратегиясы мен стилі, ойлау іс-әрекетінің жүйелігін теңдестіру және т.б.»
В.Д.Шадриков, В.А.Мазиллов	белгілі бір мазмұнға байланысты емес жалпы ойлау қабілетінің ақыл-парасаты

1	2
К.М.Гуревич, Е.И. Горбачева	«ақпараттарды қолдану мен өңдеу, сілтемелерді алу, жағдайлар мен іс-әрекеттердің әрбір адамға тән психофизиологиялық механизмі»
М.А.Холодная	«болып жатқан оқиғаны түсіну мен тиімді қабылдаудың мүмкіндігін қамтамасыз ететін, ментальдық (ақыл-ой) тәжірибесіндегі тұлғалықты ұйымдастыру формасының ерекшелігі»
В.Штерн	«жаңа өмірлік жағдайға бейімделудегі жалпы мүмкіндік»
Л.Полани	«білімге ие болудың бір бөлігі»
В.Н.Дружинин	«адамның жаңа жағдайға табысты бейімделудің жалпылығын анықтайтын кейбір тәсілдер»
П.Я.Гальперин	күрделі біріктірілген білім беру әртүрлі танымдық үдерістер мен іс-әрекеттерді (ойлау, жады, көңіл) және олардың байланысын қамтиды

Кестеде берілген анықтамаларды талдау нәтижесі ғалымдардың «интеллект» ұғымын оқу мүмкіндігі, психикалық қасиет, танымдық қабілет, ақыл-ой үдерісінің жылдамдығы, ойлау қабілеті, жауап беру мүмкіндігі, танымдық бейімделу мүмкіндігі, ақыл-ой жиынтығы тұрғысынан қарастырғанын көрсетті.

Біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбек Т.Б.Кенжебаеваның «Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту» атты зерттеуі. Мұнда «интеллект – интегралды және жоғары деңгейде дифференциялайтын қабілет ретінде, біртұтас құндылықтарды тудыратын операциялардың жиынтығы, субъект пен объект арасындағы өзара әрекеттестіктің ерекше формасы және адамның ойлау-танымдық қабілеттерінің жаңа, саналы, сапасы» тұрғысынан қарастырылады [15].

Философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектердегі түсініктерді жинақтап, қорыту негізінде С.И.Ожегов «интеллект» түсінігіне мынадай анықтама береді: «интеллект дегеніміз адамның ақыл-ой бастамасындағы ойлау мүмкіндігі» [16].

Сондай-ақ, М.А.Холодная интеллект түсінігін «жеке тұлғаның субъективті мүмкіндігін қамтамасыз ететін «ішкі» жүйе» тұрғысынан негіздейді. Мұндай теориядағы интеллекттің негізгі мәні – «әлемдегі білім объектісін қабылдауға байланысты болатын бейнелеу ерекшелігін құрастыру» болса, онда интеллект тиімді қабылдаудың мүмкіндігін қамтамасыз ететін ментальдық (ақыл-ой) тәжірибені жеке ұйымдастыру формасындағы ақыл-парасат тұрғысынан негізделеді [17]. Ұлттық музыка арқылы жеке тұлғаның

дамуындағы интеллектті қарастыратын авторлар интеллект түрлерінің мүмкіндігі жалпы психикалық құрамның көп жақтылығы мен көп арналығы ақыл-ойдың жалпы іс-әрекетін құрайды деген тұжырымға келген. Осы жерде көптеген зерттеушілердің нәтижелеріне сүйенетін болсақ балалар мен ересектер арасында тест көрсеткішіндегі интеллект шығармашылық пен табысты оқуда жақсы бейнеленбесе, әлеуметтік, эмоционалдық дамуындағы нәтижелер тұрғысынан жалпы өмірде шығармашылық табысқа жететіні анықталған. Дегенмен, олардың өмірдегі жетістікке жеткен артықшылықтары жоғары болғаны соншама, олар әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етіп қана қоймай, жоғары таланты мен дарындылығын көрсете алады.

Жоғарыда интеллект ұғымына берілген анықтамалар бір-біріне қайшы келмейді, көп жақты теорияларды да білдірмейді, керісінше әрбір анықтама интеллект ұғымының әр қырын ашып, бірін-бірі толықтыра түседі.

Ғалымдардың жалпыға ортақ қабылданған көзқарастарында интеллект екі құрылымға бөлінеді. *Вербальды интеллект* – білімнің артықшылығына қол жеткізудегі логикалық тірек формаларын жүзеге асыратын біріктірілген білім беру іс-әрекеті. *Вербальды емес интеллект* – кеңістік және көру бейнесіндегі көрнекіліктік – іс-әрекеттік ойлауды дамытуына байланысты біріктірілген білім беру іс-әрекеті.

*Интеллект* ұғымын жан-жақты қарастырған ғалымдардың бірі Г.Айзенк. Ол шет елдік психологияда интеллекттің үш түрлі бағытта қарастырылғанын көрсетеді:

– *биологиялық интеллект* (Ф.Гальтон, К.Спирман, К.Берт) генетикалық фактордағы маңызды рөл ойнайтын табиғи іс-әрекет пен құрылымның негізгі байланысындағы танымдық мінез-құлықтың басты биохимиялық және гормоналдық, нейрологиялық, физиологиялық іс-әрекетін құрайды;

– *психометриялық интеллект* IQ тесті арқылы өлшенетін биологиялық интеллект (70%) және факторлардың құралдарын (мәдени факторлар, білім беру мен әлеуметтік-экономикалық бедел) құрайтын 30% табысты анықтамаға қатысты болып келеді;

– *әлеуметтік интеллект* IQ тестінің деңгейі арқылы анықталатын басқа да факторлардағы тұлғаның әлеуметтік бейімделу үшін IQ тестін тұтастай қолданудан тұрады [18].

Соңғы жылдары академиялық емес интеллект формаларын зерттеуге қызығушылық артты. Олар интеллектті әлеуметтік интеллект [19]; эмоционалдық интеллект [20]; тәжірибелік интеллект тұрғысынан қарастырады[21].

М.Ермаганбетов, Л.Нарикбаева сынды қазақ ғалымдарының анықтамасында «академиялық емес интеллект» – өмірлік мақсаттағы және кәсіби қызметтегі табысқа жету қабілетінің шынайы іс-әрекеттегі (әлеуметтік, эмоционалдық және тәжірибелік ақыл-парасаттың қабілеті) адаммен тиімді байланыстағы қабілетіне ие болуы делінген. Ғалымдардың ойынша мұндай интеллекттің түрлері тұлғаның даму деңгейіндегі нақты іс-әрекет пен өмірдің табыстылығын жүзеге асыруды

қамтамасыз етеді. Шет елдік ғалымдардың зерттеуіндегі көзқарас бойынша интеллекттің ашық, бір-бірін қайталайтын тәсілдері ұсынылған [22].

Интеллекттің мұндай тұжырымдамалық ұқсастығы олардың тәжірибелік мәнінде де айтылған. Джонс Дей анықтағандай әлеуметтік, эмоционалдық және тәжірибелік интеллект негізіндегі түсінікте мәселенің шешімін табу мен білімді қайта қалпына келтіру қабілетінің әдістемелік білімі мен түсініктемесі жатыр [23]. Басқаша айтқанда, табысты адамның басты белгісі шынайы өмірде және іс-әрекетінде когнитивті және метакогнитивті білімді тиімді қолдану қабілетін өзара әрекеттестікте жүзеге асыру болып табылады.

Қазіргі қоғамдағы мұндай маңызды кешенмен келіспеуге болмайды, себебі жылдам өзгеріп жатқан жағдайға байланысты адамды табыстылыққа жеткізудің бірден бір жолы болып, оның кәсіби қызметіне сай және жаңа әлеуметтік жағдайға жауап беретін мінез-құлқын түзеуден талап етіліп отыр.

Осыған байланысты аталған интеллект бағыттарына сәйкес олардың зерттеудегі атаулары, жеке құрамдары мен күрделі құрылымдары өзгеріске ұшырайды.

Әрбір интеллект байланысына сүйене отырып жалпы қорытындылар мен өзіміздің негізгі бағытымызды қарастырайық.

*Әлеуметтік* интеллект ұғымын талдау нәтижесі осы ұғымды ғалымдар әр қырынан түсінетіндігін көрсетті, атап айтқанда: адамдардың өзара байланысы арасындағы табыстылықты қамтамасыз ету қабілеті (Оллпорт, Э.Торндайк); әлеуметтік ақпаратты табысты өңдеу (М.Форд); когнитивті құзыреттілік (Э.Э.Сышанюк); коммуникативті құзыреттілік (Е.О.Смирнова); тиімді қарым-қарым қатынас жасауына қарай когнитивті құрам, ақпараттық мінез-құлық танымына қарай шығармашылық қабілет (Дж.Гилфорд) [24-29].

Сонымен, авторлардың кеңінен қолданылатын ұғымы тұрғысынан әлеуметтік интеллект – шынайы әлеуметтік танымның қабілетіне ие. Сол себепті біздің зерттеуімізде тұлғаның интеллектуалды дамытуда ұлттық музыканың қызметін әлеуметтік аспект ретінде қолданамыз.

*Эмоционалдық интеллект* ұғымын зерттеу оның әлеуметтік интеллектке қарағанда аз зерттелгенін байқатты. Дегенмен эмоционалдық интеллекттің психологиялық ойлау үдерісінің дамуынан талап етілетіндігі С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, О.К.Тихомировтың еңбектерінде кең қарастырылған [30-34].

С.Л.Рубинштейннің пайымдауынша эмоционалдық немесе аффективті интеллект – бұл тек қана танымдық үдерістің арнайы бағыттағы іс-әрекеті. Оның ойынша, эмоционалдық үдеріс бір-біріне қарама-қарсы іштей танымдық үдеріске қарсы тұра алмайды. Адамның эмоциясы танымдық үдерістегі бірыңғай эмоционалдық және шығармашылық бейнені құрайды. С.Л.Рубинштейн эмоцияны «бірыңғай уайым мен таным» ретінде және тұлғаның өміріндегі біркелкі эмоциясы ғана емес, оның эмоционалдық немесе аффективтілік, интеллекттің ішіндегі ішкі шығармашылық эмоциясы деп қарастырады [32, б. 48].

Сонымен қатар, ол эмоционалдық интеллект шығармашылық үдерісті эмоцияның қатысынсыз болмайды деп тұжырымдайды [32, б. 254].

Л.С.Выготский барлық адамның эмоциясы шығармашылыққа негізделетінін айтады. Эмоционалдық және шығармашылық ойлау үдерісі арасында заңнамалық бар: эмоцияның дамуы ойлаудың дамуымен тікелей жүреді; эмоция ойлау үдерісінің бір құрамы ретінде оны ынталандыру мен ойлауды реттеуге қатысады [33, б. 126].

А.Н.Леонтьев ойлаудың эмоционалдық (аффективті) реттеуге негізделетінін айтады [34, б. 75]. Танымдық объектінің мәні мен субъект мәні (тұлғалық түсінік) арасында айырмашылықтар бар екендігін негіздейді.

А.Р.Лурия эмоция мен ойлау арасында байланыс бар екендігін жоққа шығармайды. Оның жұмысында субъективті бейнедегі сезім мен қабылдаудың формасын кодтау арқылы ішкі және сыртқы әлемдегі ақпарат жөнінде миға түсетін іс-әрекет үдерісін бағалаудағы эмоцияның маңызды бөлігі айқындалған. Эмоция – объективті әлемдегі субъективті бейненің қалыптастыру үдерісі, ал осы бейне «өнімдерді» көрсететін үдеріс. А.Р.Лурияның пікірінше эмоционалдық іс-әрекет тұлғаның ағзасындағы үнемі қатысатын немесе уақытша бағдарламалардың орныққан іс-әрекеттерінің мидағы бейнесі деген қорытынды жасайды [33, б. 98].

О.К.Тихомиров мектебіндегі «эмоционалдық ойлау» түсінігі батыс терминіндегі «эмоционалдық интеллект» түсінігіне жақын келеді. Ол эмоционалдық күйдің міндеттерді шешу үдерісіне қатысатындығын дәлелдейді. Ойлаудың атқаратын қызметі барлық эмоционалдық жағдайлардан, атап айтқанда аффект, эмоция және сезімнен талап етіледі. О.К.Тихомиров эмоция мен ойлаудың арасындағы байланысты эмоционалдық жағдайда орындалатын әр түрлі ойлауды реттейтін, эвристикалық іс-әрекеттен іздейді. Оның зерттеуінде ойлаудың атқаратын қызметі эмоционалдықпен қабылданатын, реттелетін шығармашылық іс-әрекет саналады [34, б. 112].

А.А.Бодалев өзінің зерттеуінде эмоционалдық қабілетті адамдардың әлеуметтік дарындылығы деп есептейді. Ол осы тұрғыдан қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсудің психологиялық негізі болып табылатын шығармашылық, эмоционалдық және коммуникативтік қабілеттің бірлестікте жүзеге асуын қарастырады [35].

Адам өміріндегі табыстылықтың, жетістіктің маңыздылығы эмоциядан талап етілетінін Е.Яковлева да негіздеген. Ол өзінің анықтамасында: «эмоционалдық қабілет – интеллектпен қатар өзінің басқа да барлық жақсы дағдыларын бір уақытта қолдана алатын адамның көп қабілетінің бірі». Ол одан әрі қарай «эмоционалдық интеллектті» өзінің эмоциясын тану, эмоцияға ие болу, басқа адамдардың эмоциясын түсіну деп, түсіндіреді [36].

Осы айтылып өткендер, барлық ғалымдардың интеллектуалдық дамуды «эмоцияны түсінуден» талап етілетіндігін жоққа шығармайды және оларға төмендегіше сипаттама береді:

– өзінің, басқа адамдардың эмоциясын қабылдауы (эмоцияны анықтау);

– өзінің эмоциясы мен басқа адамдардың эмоциясын түсінуі (эмоциялар мен олардың арасындағы байланыстардың туындау себебі);

– өзінің эмоциясын және басқа адамдардың эмоциясын басқаруы (басқалармен тиімді байланыс жасау, ынталандыру, бақылау).

Біз авторлардың эмоционалдық интеллектті табиғаты мен құрылымы жағынан (Р.Стернберг, Д.В.Люсин және т.б.) сипаттағанын байқадық. Барлық зерттеулерден біз эмоционалдық интеллекттің басты екі түрі бар екендігіне мән бердік:

1) қабілеттілік – эмоция мен түсініктің арасындағы эмоционалдық интеллект;

2) аралас – нақты адамға қатысты эмоционалдық интеллекттің ақыл-ой және тұлғалық белгісін қарастыру [37, 38].

Осы тәсілдер негізінде авторлар интеллектуалды дамуды өлшеудің негізгі төрт түрін ұсынады:

1) жеке тұлға мен оны қоршаған ортадағы адамдардың эмоциясын нақты бағалау (қабылдау, эмоцияны анықтау);

2) эмоционалдық тәжірибенің когнитивті бейімделуі (эмоцияны қолдану);

3) эмоцияны ойластыру мен тану (эмоцияны түсіну);

4) тұлға мен қоршаған ортадағы эмоцияны реттеуге бейімделу (эмоцияны басқару). Ал бұл болса, осы аталған қай топ болса да, барлығы өзіндік эмоция мен басқа адамдардың эмоциясындағы қабілеттерден талап етілетіндігін көрсетеді.

Мұндай аспектілер студенттердің интеллектуалды дамуында ұлттық музыканың эмоционалдық әсерінің басым болатынын қарастырады. Ғалымдар эмоционалдық интеллекттің әлеуметтік интеллектке сәйкес екі деңгейінің дамуын көрсетеді:

1) когнитивтік деңгей – білімге деген эмоцияны анықтау мен түсіну;

2) мінез-құлықтық деңгей – қоршаған ортамен байланыс жасауды басқару мен эмоционалдық мәселенің шешімін табудағы қабілет.

Біздің зерттеуімізде «эмоционалдық интеллект» түсінігінің әртүрлі белгідегі вербальды емес мінез-құлықтық, сонымен қатар дыбыс ырғағы бойынша (Морозова Е.И., Робертс Р.Д., Мэттьюс Дж., Зайднер М., Люсин Д.В. және т.б.) басқа эмоционалдық күй сипаты қызығушылық тудырады. Ғалымдар анықтағандай, эмоционалдық интеллект – шығармашылық пен түйсікті, адамдар мен жағдайларды эмпатикалық түсінуді, коммуникативті қабілет дамуын қамтамасыз ететін адамның маңызды интеллектін құрайды. Дегенмен, авторлардың тұлғаның эмоционалдық және интеллектуалдық дамуы туралы теориялық тұжырымдары мен пікірлері біркелкі емес. Авторлар анықтағандай, тұлғаның музыкамен өзара байланысын дамыту біртұтас жүйеге негізделеді. Осы жүйеде музыкалық-тілдік кеңістік пен мәдениетке енетін адамдардың эмоционалдық жағдайы мен өмір сүру үдерісі адамның психикасы мен миының дамуын белсенді ынталандырады [39, 40] .

*Тәжірибелік интеллект түсінігі* алғашқы көзқарас бойынша «теориялық интеллект» түсінігіне қарама-қарсы, себебі кәсіби іс-әрекеттің табысты болуы үшін тәжірибелік іс-әрекеттегі академиялық білімді икемді қолданудағы дағдыларын теріске шығарады. Сонымен қатар, өмірде жинақталған білімді



қолдану қабілетін ұсынатын тәжірибелік интеллект түсінігін мойындамау мүмкін емес. Дегенмен Р.Стернбергтың «айқын емес білім» атауы тұлғаның имплициттік тәжірибесі негізінде өңделген білім мен қабілет аясында таралады. Р.Стернберг табысқа жеткізетін «интеллект» түсінігін әлеуметтік-мәдени мазмұнда адамның өмірлік табыстылыққа белгіленген стандарт деңгейінде жету қабілетін қарастырады. Өзінің тұжырымдамасында интеллекттің үш кешенді теориясы болатын тәжірибелік интеллектті кеңінен қолданады. Р.Стернберг айқын емес білімді алға қойылған мақсатқа, жетістікке жету үшін пайдаланылатындығын айтады. Осы тұрғыдан ол алынған өзіндік тәжірибесі негізінде адамды оқытудың тәжірибелік қабілетін бейнелейтін білімді анықтаған [41].

Табиғаттағы осындай білімді ойластырған М.Полани бірінші болып «айқын емес білім» мазмұнын қолдану құқығын беретін келесі негізді анықтады:

- 1) ол оқыту барысында беріледі;
- 2) ол бәсекелестік нұсқалары арасында тиімді бағаланады;
- 3) ол оқыту үдерісі мен тиісті еместерді байқау кезінде өзгерістерді нақтылауы мүмкін. Алайда, М.Поланидің алға қойған көптеген мәселелерінде айқын емес білімді айқын ететін тәжірибелік жұмыстарды жетерліктей жүргізгенін жұмыстарында байқамадық [42].

Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамуын зерттеу үшін алдымен осы ұғымның мәнін ашудың қажеттілігі туындайды.

Тұлғаның ақыл-ойының дамуы мәселесін алғашқы зерттеген ғалымдар қатарында С.Л.Рубинштейн және Б.Г.Ананьевті атауға болады. Сондай-ақ, Ананьев күрделі психикалық ерекшелігі бар адамның оқудағы және еңбектегі табыстылығына байланысты категорияларды айқындаған. Б.Г.Ананьевтың сөзінше интеллектуалдық үдерістің дамуы әрдайым нақты жағдайлар мен тәрбиенің құралдары арқылы анықталады. Тек қана қарапайым психикалық іс-әрекет (натуралдық ритм, жеке темп) генетикалық болып келеді [43, 44].

Философиялық тұжырымда «даму» шынайы үдеріс пен көптеген қарым-қатынас арасындағы барлық жалпы ерекшеліктерді қабылдауды білдіреді. Дамыту нәтижесінде жаңа объектінің күйлері пайда болады.

С.М.Вишнякованың түйінді түсініктер, терминдер, өзекті лексикалар беілген «Кәсіптік білім беру» сөздігінде «интеллектуалды даму» түсінігі ұсынылған. Онда бұл ұғым ойлаудың әртүрлі типтерін қолдану (эмпирикалық, бейнелік, теориялық, нақты-тарихи, диалектикалық және олардың бірыңғайлығы) мен меңгерудегі қабілетті қалыптастыру болып анықталады [45]. Оның органикалық бөлігіне өзара байланыс пен қорытынды жасау, дербес қабілеттегі іс-әрекет пен күйді сараптау, сөйлеуді дамыту, сөздік қорды еркін қолдану жатады. Интеллектуалды дамудың мазмұндық жақтары нақты-тарихи іс-әрекетті бағалау қабілетінен, философиялық ғылыми білімді, жалпы руханилықты анықтаудан тұрады. Зерттеу барысында біз ғалымдардың «интеллектуалды даму» ұғымына берген анықтамаларына талдау жасадық. Оны 2-ші кестеде ұсынамыз.

Кесте 2 – Әдебиеттердегі «интеллектуалды даму» ұғымына берілген анықтамалар

Авторлар	Анықтамалар мазмұны
В.Штерн	«жеке тұлғаның жаңа талапқа бейімделудегі өзінің ойлау мүмкіндігін рационалдық қолдану қабілеті»
Векслер	«өзінің қоршаған ортасына тиімді әсер ету мен ақылмен ойластыру, жеке тұлғаның күрделі және жаһандық қабілетін мақсатты қолдану»
С.М.Вишняков	«...ойлаудың әртүрлі типтерін қолдану (эмпирикалық, бейнелік, тоериялық, нақты-тарихи, диалектикалық және олардың бірыңғайлығы) мен меңгерудегі қабілетті қалыптастыру»
Р.С.Немов	«логикалық ойлау мен сөйлеуді дамыту»
А.В.Басов, Л.Ф.Тихомирова	«абстрактілі ойлау формасының негізін дамыту (түсінік, талдау, ақылмен қорытындылау)»
А.К.Маркова	«интеллекттің сапалық және сандық өзгеруі»
И .Я. Лернер	«өзінің іс-әрекетінде пайда болған жаңа білімдерді тереңдету және жан-жақты қолдану»
Б.Г.Ананьев	«психикалық іс-әрекеттің дамуы (шынайы ритм, жеке темп және т.б.)»
Л.С.Выготский	«түсініктің дамуы мен тереңдеуі», «жәй түсініктен» «ғылыми түсінік» бағытына өтуі
Ж.Пиже	«интеллекттің даму кезеңіндегі баланың нерв жүйесі мен организмнің дамуы»
Т.Б.Кенжебаева	«интегралды және жоғары деңгейде дифференциялайтын қабілет ретінде, біртұтас құндылықтарды тудыратын операциялардың жиынтығы, субъект пен объект арасындағы өзара әрекеттестіктің ерекше формасы және адамның ойлау-танымдық қабілеттерінің жаңа, саналы, сапасы»

Кестеде берілген авторлар анықтамалары көрсеткендей, «интеллектуалды даму» психологиялық және педагогикалық екі тәсілге бөлінеді. Психологиялық деңгейде тұлғаның бойында нақты әлеуметтік жағдайда қандай түзілімді қалыптастыруға болатындығы анықталады. Педагогикалық деңгейде әлеуметтік талапқа сай болу үшін тұлғаның бойында қандай түзілім болу тиістігі қарастырылады [46].

Біздің зерттеу пәніміз - қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытуға И.Я.Лернердің тұжырымы сәйкес

келеді. Өйткені ол білім алушыларды дамытуда ұлттық музыканың танымдық мүмкіндігі негізінде олардың интеллектінің даму деңгейін анықтау барысында «осындай жаңа құрылымды іс-әрекетінде әмбебап қолдануда өзінің мүмкіндігін тереңдететін тұлғалық жаңа түзілімнің дамуын ұсынады» [47].

Э.Ф.Зеер тұлғаның қалыптасуы мен дамуын күрделі мәселе деп қарастырады. Тұлғаның даму түсінігін психиканың сапалық және сандық өзгеруінің тұтастай жалғасы ретінде сипаттайды. Психикалық даму әрдайым жаңа нәрсенің дамуы ретінде пайда болады. Тұлғаның дамуы оның басты негізгі тәсілі болып табылады. Тұлғаның қалыптасуы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі талпындырудағы өзіндік белсенділігі мен әлеуметтік жағдайдың әсерінен тұлғаның мақсатты түрде алға жылжудағы үздіксіз өзгерісін қарастырады. Тұлғаның қалыптасуы барысында оның дамуға қажеттілігі, мүмкіндігі мен талап-сұраныстарына жауап берушілік қарастырылады [48].

Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, тұлғаның дамуын «адамның психикасы мен нерв жүйесінің, организмінің сандық және сапалық өзгерісі» деп түсінеміз. Тұлғаның даму іс-әрекетіндегі тәсілдің сапалық қайнар көзі тұрғысынан қоғам қарастырылса, оның дамуындағы жылжытушы күштің сапасы – пәндік іс-әрекет жүйесіне және оны еңсеруге қарама-қарсы болады. Адамның дамуын қамтамасыз етуші негізгі қарама-қарсылық даму қабілетіне өтудегі тікелей ынталандырудың іс-әрекеттік талабының әсерінен болады. Өйткені дамудың жүзеге асуы барысында іс-әрекеттің сұранысы мен тұлғаның қабілеті арасында қарама-қарсылық болады. Сапалық өзгерістегі тұлғаның даму үдерісі алдымен танымдық саладағы шығармашылық дамуда болады [49].

*Осылайша, әдебиеттерге жасалған талдау негізінде, біз «интеллектуалдық даму», «интеллект» түсінігінің мазмұны мен мәнін түсіну, интеллект туралы теориялық тұжырымдарды тереңдету, интеллект түрлері арасындағы өзара байланыстың факторларын ашу мен анықтауда келесі қорытындылар жасадық:*

– ғалымдардың еңбектерін талдауда интеллекттің әртүрлі түрлерінің (әлеуметтік, эмоционалдық, тәжірибелік және т.б.) дәстүрлі интеллектпен байланыста түсінуді (басты және жекелей интеллект қабілеттері), оған сәйкес тұлғаның ұлттық музыка құралдары арқылы интеллектуалды дамуы осы байланыстардың механизмін және интеллектуалды қабілеттерді дамыту үдерісінің сипаты мен өзарақатынастарын терең зерттеуді болжайды;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы академиялық интеллектті интеллекттің барлық түрлерімен байланыста, яғни тұлғаның психикасының танымдық жақтары мен тұлғалық даму ерекшеліктері байланысында жүзеге асырады. Ал бұл болса, бізге студенттердің ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуды, олардың тұлғалық дамуымен үзіліссіз байланыста зерттеу қажеттігін көрсетеді;

– ұлттық музыка құралдарымен тұлғаның интеллектуалды дамуы адамның белгілі бір мінез-құлық қабілеттерінен көрінеді, адамның әлеуметтік шындығымен өзара әрекеттестіктегі іс-әрекет түрлеріне талап етіледі;

– интеллекттің әрбір түрі маманның кәсіби құзыреттілігі болып табылатын белгілі бір құзыреттілік түсінігін құрайды;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаның шығармашылық дамуы «вербальді емес білім» негізіндегі барлық тәжірибелік бағыттың шынайы іс-әрекеттік өзара байланысындағы үдеріске тәжірибелік бағыттылығын айқындайды;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы мәселесінің жеткіліксіз зерттелуі, аталған дамудың диагностикалық әдістемесін жасауды қажет етеді.

Сонымен, біздің анықтауымызша *«интеллект дегеніміз адамның ақыл-ой бастамасы мен эмоцияналдық күйзелісі бірлестігіндегі ойлау мүмкіндігі»*. Осы тұжырымды нақтылай түсу және студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының мәнін анықтау мақсатында оның психологиялық аспектілері мен ерекшеліктері қарастырылады. Осы мақсатта шетелдік және отандық психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Ол туралы келесі параграфта кеңінен баяндалады.

## **1.2 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық ерекшеліктері**

Бүгінгі музыкалық білім берудегі негізгі күрделі мәселенің бірі – музыка пәні мұғалімдерінің озық технологиялар мен әдіснамаларды, жастардың психикалық және интеллектуалдық дамуын диагностикалаудың әртүрлі тәсілдерін меңгерген мамандар даярлаудың жаңа деңгейіне ауысуы. Осы тұрғыдан бастапқы міндеттердің қатарына студенттердің жеке-типологиялық сипаттамаларын негізге алу жатады. Тағы бір міндеттердің бірі болып музыка мұғалімдерінің шығармашылық даралығы мен жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін білім мазмұнын жобалау табылады. Осылайша, 21-ші ғасырдағы жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту барысында оқыту мен жеке тәсілдерді енгізу мүмкіндіктері қарастырылады [50].

Студенттердің даму мәселесін зерттеу барысында тұлғаның біртұтас дамуын есте сақтау қажет. Осыған байланысты оның біртұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде тұлғаның интеллектуалдық даму құрылымының өзара байланысын ескерген жөн.

Л.М.Митина, В.В.Сериков және т.б. ғалымдар тұлғалық мәселені объективті негіздеуде оны қоршаған әлемдегі өзара байланыстың белсенділігінен туындайтын жаңа бейнедегі психологиялық адам тұрғысынан қарастырған [51-52].

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытуды анықтау үшін тұлғаның құрылымдық-мазмұндық кешенін зерттеудегі әртүрлі ғылыми тәсілдер сарапталды.

С.Л.Рубинштейн тұлғаның табиғи психологиялық шығармашылығын ашуда мынадай құрылымдық элементтердің өзара байланысын анықтады: *тұлғаның бағыттылығы* (динамикалық тұжырымдаманы ерекшелейді) ынталандырушылық, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, ойларын анықтау;

*сипаты* адамның әлемге деген қарым-қатынасын анықтайтын жалпылама белгіленген жүйесіндегі жеке тұлғаның қызығушылығын ояту; *қабілет* қандай да бір шығармашылық қызметтің түрлерін жүзеге асырудағы табыстылықты қамтамасыз ететін психикалық құрам, тұлғалықты анықтау. Ол тұлғаның *қабілетіндегі* психологиялық мән деп, тұлғаның бір материалдан басқа материалға қол жеткізуі барысындағы психологиялық іс-әрекеттің дұрыс қалыптасуын қажетсінуінен көрінеді, деген тұжырымға келеді. Оның шығармашылық ерекшелігінің сапалық қабілеті жалпыға ортақ болуынан талап етіледі [53].

В.В.Сериковтың еңбегінде тұлғалық түсінік «адамның өзінің мәні мен мүмкіндігін, қоршаған ортамен (басқа адамдармен, табиғатпен өзара байланысы) байланысын түсінудегі, оны жүзеге асырудағы кіріктірілген қабілеттің (нағыз және әлеуеттік) және оны (қабілетін) өмірлік тіршілік пен адамдардың өзара қарым-қатынасында қолдануын» қамтиды. Ол адамды физикалық, эмоционалды, интеллектуалды және рухани тұрғыдан төрт құрамға бөліп сипаттайды [52, с. 88].

Л.М.Митина тұлғаның бағыттылық, кешендік, иілгіштік (эмоционалды және мінез-құлықтық) ерекшеліктерін анықтаған [51, с. 167].

Э.Ф.Зеердің жұмысында болашақ маман тұлғасының кәсіби құрылымы ұсынылған [48, с. 51]. Ол тұлғалық құрылым негізінде тұлғаны белсенді іс-әрекет пен әлеуметтік байланыстың субъектісі ретінде сипаттайды. Сондай-ақ ол маманның төрт тұлғалық құрылымын былайша сипаттайды: кәсіби бағыттылық (бейімділік, қызығушылық, қарым-қатынас, күту, орнату, ынталар); кәсіби күзiреттiлiк (бiлiмдер, iскерлiктер, дағдылар, бiлiктiлiктер); кәсіби маңызды сапалар (зейінділік, бақылаушылық, шығармашылық, табандылық, мазмұндық, өзін-өзі бақылау, дербестігі және т.б.); кәсіби мәндегі психологиялық-физиологиялық құрам (энергетикалық, нейротикалық, экстравертированалық, көру-қозғалу координациясы, реактивтілік және т.б.).

Зерттеушілер тұлғалық құрылымның кешенін қарастыра отырып шамамен 20% (Е.Л.Яковлева [36, с. 23]) адамның өмірдегі табыстылығын анықтайтын интеллектуалды даму деңгейінің көрсеткіші интеллектуалды мәнділік (Б.Г.Ананьев [44, с. 306]) екенін айқындайды.

Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға байланысты қажеттілік танымды зерттеудің мәселесіндегі ерекшелік Қазақстан Республикасының жоғары мектептерінде тәжірибелік білім берудің заманауи даму жағдайына ие болады. Мәселен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдары «Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту» жобасын жасады (С.Ж.Пралиев [54], Ж.И.Намазбаева [55]). Онда Қазақстан Республикасында білім алушы тұлғалардың интеллектуалды дамуының мақсаты мен міндеті, әдіснамалық негіздері мен даму принципі, негізгі ерекшеліктері, тұлғаның дамуы үшін жағдай мен ресурстарды қамтамасыз етудің бір текті жобалық тұжырымдамалары құрастырылған. Авторлар тұлғаның әлеуетін ашу мақсатында алдымен, оның интеллектуалды қабілетінің

калыптасуына, ой-өрісінің кеңеюіне, білімнің толығуына мән береді. Олардың интеллектуалды даму деңгейін анықтау нәтижесінде студенттердің интеллектуалды дамуын жоғары деңгейге көтерудің мақсаты мен міндеттерін анықтайды, аталған дамудың олардың түрткісі мен ынтасы, қажеттілігіне сәйкес қалыптастыруды қарастырады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Психология ҒЗИ-да профессор Ж.И.Намазбаеваның басшылығындағы зерттеу тобы интеллектуалды тұлғаның интеллектуалды дамуының кіріктірілген моделін жасаған, факторларын, интеллектуалды тұлғаның шығармашылық дамуындағы оңтайлы, әлеуметтік және ноосфералық, тұлғалық қабілеттерді анықтаған.

Біздің зерттеуіміз үшін Е.М.Арынның еңбегі қызығушылық тудырады. Ол адамның интеллектуалды тұрғыдан дамуы құрамдарын физикалық, қажеттілік-ынталандырушылық; бейнелік, жобалық-шығармашылық; коммуникативтік; эмоционалдық-сезімдік, деп анықтап, жіктеп көрсетеді. Осы ретте автор тұлғаның әлеуметтік құрылымын анықтаған: психофизиологиялық әлеует (физикалық, психикалық, әлеуметтік); психологиялық-педагогикалық әлеует (ынталандырушылық, мақсаттық, саналық); әлеуметтік-педагогикалық әлеует (білім беру, тәрбиелік, ұйымдастырушылық) [56].

Заманауи психологиялық-педагогикалық әлеуетті талдау барысында ғалым Ш.Т.Таубаеваның «интеллектуалды әлеует – тұлғаның интеллектуалдық даму деңгейі, шығармашылық мүмкіндігі, елдің ресурстары, салаларындағы кешендік ерекшеліктер» деген тұжырымын да негізге аламыз. Оның зерттеуін екі бағытта қарастыруға болады: білімді меңгеруші адамның танымдық және қайта жасаушы қызметке бағытталатын жиынтығы; қоғамның мақсатқа жету жолдары арқылы жүйенің материалдық-техникалық формасы мен таңбалық жүйесі, мәдени білімі, әлеуметтік, техникалық, ғылыми жиынтығы. Интеллектуалдық әлеует қоғамның генетикалық қорын, мәдениетін, ғылымын, танымы мен білім беру жүйесін, қоғамдық даму деңгейін анықтайды.

Ш.Т.Таубаева болашақ маманның тұлғалық әлеуетін оның жүйелік құрамы тұрғысынан анықтауда тұлғалық синтез және кәсіби сапа оның кәсіби-тұлғалық дамуы мен тиісті дейгейге жеткізудің кәсіби даярлығын қамтамасыз етудің негізіне сүйенеді. Ол студенттердің құрылымындағы гносеологиялық әлеуетті оларға жалпы білім беру, оларды кәсіби және арнайы даярлаудың жүйесі ретінде қарастырады [57].

Біз автордың көзқарасын толық қолдай отырып, елдің интеллектуалдық әлеуеті ондаған жылдар бойы, ғасырлар бойы халықтың даму құралы ретінде қоғамның алға жылжуы, оның мәдениеті дамуының жинақталған әлеуеті болып табылатынын байқадық. Бұл тек қана елдегі білімді адамдардың, атап айтқанда ғалымдардың, суретшілердің, инженерлердің, әртістердің, педагогтардың, жазушылардың және т.б. санымен өлшенбейтіндігін білдіреді. Бұл – дербес танымның деңгейі мен жекелеген тұлғаның және барлық халықтардың ақыл-ой сапасындағы қызметі, әртүрлі халықтардың, әсіресе қабілетті, талантты және білімді – интеллектуалды таңдаулы топтың белсенді ақыл-ой деңгейі. Автордың сөзін толықтары келе, Қазақстанның болашақ

интеллектуалды таңдаулы тобын қалыптастыру үшін ұлттық музыканың үлкен қорының мәнін ашу қажеттігін айтамыз.

Соңғы жылдары Қазақстандық зерттеуші Л.М.Нарикбаева интеллектуалды ұлттың субъектісін «интеллектуалды тұлға» түсінігімен байланыстырады. «Интеллектуалды тұлға» анықтамасында заманауи қазақстан қоғамының полиэтникалық даму кезеңі үшін беделді, адамгершілік-рухани сапасы дамыған, интеллектуалдық-шығармашылық әлеуеті терең, ұлттық дербес танымның жоғары деңгейімен ерекшеленетін, интеллектуалды қабілетінің арқасында инновациялық-шығармашылық дербес білім беру қызметіне дайын, өмірдің барлық кезеңіндегі қарым-қатынас деңгейі жоғары тұлға деп есептейді.

Біздің пікірімізше, автор «тұлғаның интеллектуалды әлеуеті» жөніндегі түсінігін интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұғымымен сәйкес анықтаған. Ол тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру факторын анықтай отырып, оларды интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттің арасындағы жалпы байланысты; интеллектуалды-шығармашылықтағы мінез-құлықтағы жекелеген механизмді, белгілі бір қызмет саласындағы тұлғаның әлеуметтік бағытын, әсер ету ортасын (оқу, ғылыми, кәсіби) негіздейді. Л.М.Нарикбаева тұлғаның интеллектуалды әлеуетін «жеке психологиялық жүйе» (ең алдымен, ақыл-ой ресурстары) және тұлғаның ресурстары (оның білімі, білігі, сенімі, бағыттылығы және т. б.) тұрғысынан қарастырады. Ол тұлғаның «туа біткен» және «жүре пайда болған» мүмкіндігін ескере отырып оның шығармашылық әлеуметтік-белсенді іс-әрекетін іске асыруға, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамытуына септігін тигізетіндігін» айтады [58].

Отандық зерттеушілер ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың қоғамдық мәні мен маңызын негіздейді. Олар осы тұрғыдан адам қарым-қатынасының жеке тұлғалық, субъектілік, адамилық және даралық төрт бағытын және олардың даму жолдарын қарастырады. Бұл жерде біз акмеологиялық тәсілді негізге ала отырып, болашақ маманның интеллектуалды дамуы, оның тұлғалық, кәсібилік сапасының жоғары шыңына жетуі тиістігін түсінеміз:

– жеке тұлға тұрғысынан – жекелеген адамның өзіне тән әдетінің, қабілетінің, талантының болуы;

– субъектілік – кәсіби қызметіне қойылған талаптарға сәйкес әлеуетін жүзеге асыра алуы және жетістікке жету, нәтижелерге қол жеткізу қабілетінің болуы;

– адамилық – адамның кәсіби-мазмұндық, әлеуметтік жүйедегі тұлғалық сапасының болуы;

– даралық – әрбір жеке тұлғаның қайталанбас ерекшелігіндегі қасиеттер, оның біртұтас интеллектуалдық мәніндегі құрылымдардың жиынтығы [59].

Әрине, біз болашақ маманның интеллектуалды дамуын осы төрт бағытта жүргізу қажеттігін қолдаймыз. Дегенмен, студенттің даралығы қарым-қатынас жасау мен қызметі жағынан (оқу-кәсіби және ғылыми) мінез-құлқының ерекшелігіндегі өнімнің жас шамасына сәйкес келетін әлеуетті жүзеге асырудағы қызметін орындау, тұлғалық және кәсіби қалыптасу

үдерісіндегі белгіленген ерекшеліктер (жеке тұлға, адам және субъектінің іс-әрекеті) біріктірілген үдеріс тұрғысынан қарастырылуы тиістігіне мән береміз.

Барлық белгіленген категориялар (жеке тұлға, субъектінің іс-әрекеті, тұлғалық, даралық) бір-бірімен тығыз байланысқан. Біздің көзқарасымыз бойынша, жоғары оқу орны оқу-тәрбиелік үдерісінде ұлттық музыка құралдарының барлық қаруын қолдана отырып тұлғаны интеллектуалды дамыту аталған категориялардың бірыңғай тұтастықта дамуын қамтамасыз етеді.

Э.Г.Гельфман, М.А.Холодная және т.б. ғалымдар тұлғаның құрылымындағы интеллектті дамытуды қарастыра отырып оның өзектілігін тұлғалық танымдық тәжірибені арттыру, өмірде болып жатқан танымдық байланыстардың «ашықтық» кешеніне жауап беретін әлемдегі даралық мүмкіндігін анықтау деп есептейді. Авторлар тұлғаның танымдық тәжірибесін оның санасындағы объективті қызметті қабылдау ерекшелігі мен әлемдегі адамның танымдық байланысының алдын алу үшін жекелеген танымдық тәжірибедегі құрылым мен құрамның ерекшелігіндегі «интеллектуалдық іс-әрекетті нақты құрамда негіздеу және әлемдегі адамның танымдық байланысындағы нақты психикалық білім берудің жүйесі негізіндегі психикалық күй» ретінде анықтайды [60].

Ақыл-ой қабілеті ең алдымен ерікті және эмоционалдық ерекшеліктегі сананың теориялық танымы мен адамның тәжірибелік қызметіндегі мүмкіндігі тұрғысынан анықталады. Адамның интеллектісі үшін ең маңыздысы - қоршаған ортадағы болмыс пен пәндік байланыстағы бейнені көрсететін шығармашылық түрленудегі іс-әрекеттің мүмкіндігін қамту. Кейбір белсенділік түрлері мен өзін-өзі басқарудағы түбегейлі нерв қызметінің жоғары құрамы жалпы ақыл-ой қабілетіндегі жағдайды құрылымдау қажеттігі тұрғысынан сипатталады [61].

Психологтар ұзақ жылдар бойы жалпы ақыл-ой қабілетінің құрамын анықтаумен айналысты. Яғни, Н.Д.Левитовтың пайымдауынша, жалпы ақыл-ой қабілеті ең алдымен тапқырлық (ақыл-ойдың жылдам бағытталуы), байыптылық, сыншылдық түсінігін қамтиды. Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып ақыл-ой дамуының мазмұндық өлшемдерін (белгілік, көрсеткіштік) қарастыру қажеттігі туындайды. Ең маңызды жалпы өлшемдерді Н.Д.Левитов негіздеген. Оның ойынша, ақыл-ойдың дамуы мынадай көрсеткіштер арқылы ерекшеленеді:

- дербес ойлау;
- оқу материалдарын жылдам және нақты меңгеру;
- стандартты емес тапсырмалардың шешімін табуда ақыл-ой бағытының жылдамдығы (тапқырлық);
- зерттеліп жатқан болмысқа терең ену (маңыздының маңызды еместен ажырата алу қабілеті);
- негізсіз жағдайдағы байланыстың жоқтығы, сыни ойлау [62].

Н.А.Менчинский өзінің серіктес топтарымен ақыл-ой дамуының мәселесі жөнінде табысты зерттеулер жүргізді. Оның жасаған ережесіндегі ақыл-



ойдың дамуы екі категория болып табылады делінген. Осындай байланыста мынадай ойлау қызметінің ерекшелігін қарастырады:

- 1) меңгеру жылдамдығы (немесе, тиісті бәсеңдік);
- 2) ойлау үдерісінің иілгіштігі (жеңілдік немесе тиісті жұмысты орналастыру қиындығы, өзгеріп жатқан жағдайға бейімделу);
- 3) ойлаудың кешеніндегі оқшаулану мен көрнекіліктің тығыз байланысы (немесе, тиісті бытыраңқылық);
- 4) аналитикалық-синтетикалық іс-әрекеттің әр түрлі деңгейі [63].

П.П.Блонский *біріншіден*, білімнің жинақталу қоры болуы тиістігін негіздеген «Білімінің жоқтығынан талқылай алмайды, білім мен тәжірибесі терең болса, талқылау да көп болады» дейді, яғни білім ойлау үшін қажет. *Екіншіден*, ақыл-ойдың даму ерекшелігі үшін жинақталған білімнің көмегімен алынатын ақыл-ой операциялары маңызды. Демек, ақыл-ой дамуының басты ерекшелігі интеллектуалды ақыл-ойға қатысты берік орнатылған ақыл-ойдың тәсілдері мен өңделген, ерекше жинақталған қор болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, ақыл-ойдың даму ерекшелігі санадағы бейнелеу мен бейнеде өтетін деңгейден көрінеді.

Е.Н.Кабанова-Меллер ақыл-ойдың негізгі өлшемдеріне бір объектінің басқа объектіге ауысуы тұрғысынан ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін белсенді және кең түрде ауыстыру, сондай-ақ ақыл-ойдың жоғары деңгейіндегі пән аралық жалпылама ақыл-ойдың тәсілдеріндегі даму байланысының мүмкіндіктерін кең түрде бір пәннен басқа пәнге көшіру қажеттігін негіздейді. Ғалымдар білім алушылардың ақыл-ой операцияларындағы әртүрлі көзқарастарын сараптап және зерттей келе, аналитикалық-синтетикалық іс-әрекеттің деңгейін анықтайтын өнімді ойлаудың деңгейін белгіледі. Мұндай деңгейдің негізіне мынадай ерекшеліктер жатады:

- талдау мен сараптаудың арасындағы байланыс;
- осындай үдерістің көмегімен жүзеге асатын құралдар;
- сараптау мен талдаудың толық деңгейі [64].

Осыған байланысты авторлар әр түрлі білім беру саласындағы тапсырмалардың немесе мектеп пәндеріндегі белгілі бір типтегі тапсырмалардың шешімін табу үшін арнайы жасалған операциялар жүйесін зерттеген [65].

Л.В.Занковтың көзқарасы бойынша тұлғаның ақыл-ойын дамыту барысында оның өзінің табиғатына сәйкес іс-әрекетін қалыптастыруға арналған тәсілдерді бір жүйеге түсіру қажет [66]. Мысал ретінде, автор мектеп оқушылары бір сабақта бақылауды сараптаса, басқа сабақта жалпылама белгілерді анықтайтыны жөнінде айтады. Ақыл-ойдың даму қарқыны туралы ақыл-ой іс-әрекетінің әртүрлі ерекшелігіндегі қабілеттің аналитикалық-синтетикалық қызметіндегі бірыңғай жүйесін біріктіреді деп айтуға болады.

Д.Б.Эльконин білім алушының ақыл-ой дамуының басты өлшемдері қатарында оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруды атайды. Олардың қатарында – тапсырмаларды дұрыс беру, құралдарды таңдау, өзін-өзі бақылау

мен өзін-өзі тексеру, оқу іс-әрекетінің белгілік жоспары мен тиісті пәнді тиімді меңгеру және т.б. жатады. [67].

Осы тұрғыдан Н.А.Менчинскийдің зертханасында жүргізілген З.И.Калмыковтың жобасы ерекше қызығушылық тудырады. Біріншіден, жылжу қарқынын – жекелеген жұмыс қарқынындағы көрсеткішпен шатастыруға болмайды. Жұмыстың жылдамдығы мен жалпылама жылдамдық – екі бөлек нәрсе. Жай жұмыс істеп, жылдам жалпылауға, және керісінше істеуге болады. Жылжу қарқыны жалпылауды құрылымдау үшін қажетті бір типтік жаттығулардың санын анықтау қажет.

Мектеп оқушыларындағы басқа да ақыл-ой дамуының өлшемдеріне «экономикалық ойлау» деп аталатын талқылаулар білім алушылар үшін жаңа өзіндік заңнамаларға ие болады. Дегенмен З.И.Калмыков осыған сүйене отырып ақыл-ой дамуының төмен деңгейіндегі білім алушылар тапсырмада берілген ақпараттарды қолдана отырып, соқыр сынамаалар немесе негізсіз ұқсастықтардың аясында шешетіндігін дәлелдейді. Сондықтан, оның шешімін табуда олар қайталау және қате жауаптарды көрсетеді. Мұндай білім алушылар үшін әрдайым түзетулер мен сыртқы тараптан көмек қажет. Ақыл-ой дамуының жоғары деңгейіндегі білім алушылар үлкен көлемдегі білім қоры мен олардың қабілеттеріндегі ақпараттық толық шығарылуы, өзінің қызметін әрдайым бақылауды қажет ететін тапсырмалардың жағдайына сай меңгереді, сондықтан олардың мәселені шешудің жолдары қысқа айтушылық, ықшамдық, рационалдық болып келеді [68].

Дегенмен, ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту бағытындағы жұмыстарда ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың тұлғалық белгілі бір құрылымындағы мазмұнның психологиялық-педагогикалық ғылымда жинақталған тәжірибені қайта қарастыру қажет. Сонымен қатар, білім алушылардың интеллектуалдық даму деңгейін диагностикалау үшін ғылыми негіздегі психологиялық-педагогикалық әдістерді зерттей түскен жөн.

Біздің тұжырымдауымызша, ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалдық дамыған құрылымдық жүйесін қарастыруда мына мәселелер ескерілу қажет:

- тұлғаның негізгі ерекшелігі интеллектуалдық, эмоционалдық-сезімді, физикалық және ерікті саланы анықтайды;
- әрбір тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен қоғамдағы интеллектуалдылық қажеттілігін арттырудың тұлғалық әлеуетінің өзектілігі;
- тұлғаның қажетті әлеуметтік тарапын ескере отырып тұлғаны шынайы әлеуметтік өзара байланысындағы қоғамдық-тарихи қарым-қатынастың субъектісін ұсыну;
- тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы ұлттық музыканың үлкен әлеуетін өзектендіру.

Біз ұлттық музыканың әлеуеті негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуы ерекшелігін қарастыра отырып студенттердің өзін-өзі дамыту мүмкіндігін арттыру мен шығармашылық бастауын, қабілетін, ашылмаған талантын

анықтауды қарастырамыз. Мұнда көптеген шет елдік зерттеушілердің болжамдарын еске түсіреміз: балалық жастағы ақыл естің дамуы жоғары көрсеткішті көрсетуі табысты мансапқа кепілдік бермейді, және ересек өмірде шығармашылық жетістікке жету мен керісінше IQ жоғары көрсеткіштегі балалар қоғамдық өмірде және алға жылжуына әсер ететін дарынды адамдардың қатарына енген. Ғалымдар мұндай фактілерді адамның психикасындағы интеллектуалдық дамудың жоғары деңгейіне жетуге көмектесетін компенсаторлық механизмнің жұмысымен байланыстырады (мысалы, ынта, ерік және тұлғалық сапа). Осы жерден бастап «өзекті» және «әлеуетті» қабілет деген түсінік тарала бастады. Ең бастысы, «әлеуеттің принципі» әрбір студенттердің болашақта жоғары кәсіби шығармашылыққа жетудің жекелеген әлеуеті мен әрбір адамның ашылуына қатысты адамгершілікті ерекшелейді.

Ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамуын зерттеуде белгілі бір тұлғаның құрылымындағы орнын, оның ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамуын, аталған дамуының өлшемдері мен көрсеткіштерін, оны жүзеге асырудың моделін және педагогикалық шарттарын, кешенді дидактикалық ерекшеліктерін анықтауды қарастырамыз. Біздің педагогикалық тұжырымдамамызда болашақ педагогтардың білім беру үдерісінде ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамыту мақсатында олардың интеллектуалдық, эмоционалдық-сезімдік, тұлғалық, еріктік және физиологиялық құрамдарын дамытуды қарастырамыз.

Осы айтылып өткендер аталған дамуды жүзеге асыруда тұлғаның, біздің жағдайымызда студенттің генетикалық негізіне және оны әр түрлі құралдар арқылы жүзеге асыру мүмкіндігіне мән беру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан біз студенттің темпераментінің құрамына, қабілеттеріне (жалпы интеллектуалдық, әлеуметтік, музыкалық) және биологиялық түзіліміне баса назар аударамыз. Осыған орай студенттің жеке-типологиялық ерекшеліктеріне ұлттық музыканың ықпалын, сондай-ақ соның негізінде оның интеллектуалды дамуын жоғарылатуды көздейміз.

Біздің зерттеуіміз үшін ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың маңызды ерекшеліктері қатарына мыналар жатады: тұлғаның құрылымдығына енетін *эмоционалдық және танымдық психикалық үдерістің ерекшелігі*: ойлау (конвергентті, дивергентті, көркемдік-бейнелік, музыкалық және т.б.); ес, қабылдау, зейін, интуиция, шабыт, қиял және т.б.), *тұлғаның жеке-типологиялық құрамына енетін биологиялық негіз* (интеллектуалдық, арнайы музыкалық қабілет, темперамент, нышандар, мидың нейродинамикалық қасиеттері және т.б.) болатын қабілеттер. Ұлттық музыканы меңгерудің интеллектуалдық іс-әрекет барысы барлық танымдық және эмоционалдық үдерістің табысты болуы адами сападағы тұлғалық-іс-әрекетті қалыптастыру және ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың үдерісін ойлау және эмоционалдық-бағалау іс-әрекет тәжірибесі, қабілет пен білімнің бірлестігінде анықталады [70].

Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың тұлғалық бағыттылығы оның барлық тұлғалық құрылымдарының бағыныштылығын тұрақты ішкі ниетін, мақсатын, әлеуеті мен ерекшелігін анықтайды (ынта, қажеттілік, белсенді ұстаным, ойлар, құндылықтар және т.б.). Ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың қайнар көзі мен қозғаушы күштері ынтаның қызметіне ықпал етеді.

Жастардың ұлттық музыканың құндылығына оң көзқарастарын қалыптастыру аралық кезеңдегі ынталандыру саласын байланыстыруда адами ынта интеллектуалды түрде өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Интеллектуалдық дамудың факторы тұрғысынан ұлттық музыканың құндылығының бағыттылығы қоғамдық мәндегі мақсат арқылы анықталады. Оқу танымдық мақсатқа жету үшін адамгершілік-еріктік жағдайды жұмылдырудағы білім мен қабілеттің қызметін тиімді меңгеруге талпынудың іс-әрекеттік үдерісі және оқу мазмұнының байланысына сәйкес келетін тұлғалық іс-әрекеттің мақсатын айқындау табылады. Интеллектуалды дамытудың мақсатындағы ұлттық музыканы меңгеру бір жағынан ұлттық музыкадағы танымдық пәннің тұлғалық байланысындағы ерекшелігі мен тұлғаның мазмұндық-іс-әрекеттік тұтастығы тұрғысынан, басқа жағынан интеллектті дамытуға талпынудың шығармашылық-іс-әрекеттік мәні ретінде қарастырылуы мүмкін. Оған қол жеткізуге талпыну мен ынталану үшін мақсат қою қажет. Сондықтан ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың бастапқы кезеңін қажеттілік-ынталандыру (қызығушылық, ниет) саласы ретінде дамытуға болады.

Кейбір авторлар тұлғаның интеллектуалды дамуына әсер ететін психикалық үдерістің ерекшелігі *эмоция мен ерікке* байланысты екендігін негіздейді. Біз белгілеген мәліметті қолдай отырып ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың тұлғалық білім беру жүйесінің *эмоционалдық-сезімдік және еріктік сала* бойынша қарастыру мүмкін емес екендігін білеміз.

*Жоғарыда көрсетілген қорытындылардың негізінде* ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту адам психикасының барлық саласына тікелей байланысты: қажеттілік-ынталандырушылық, интеллектуалдық (*ойлау, қиял, түйсік, қабілет, шабыт*), эмоционалдық-сезімдік, физикалық және еріктік.

Ұлттық музыканы зерттеуге қатысты барлық психикалық үдеріс әдіснамалық мәндегі зерттеуге ие болады. *Сезім* ең қарапайым психикалық үдеріске жатады, олардың пайда болуы адамдарда қабылдайтын сезімді өзгертуіне байланысты болып келеді. Осыған байланысты «сезім – материалдық әлемдегі құбылыс пен пәндердің жекелеген құрамын бейнелейтін қарапайым психикалық үдеріс, сонымен қатар тиісті қабылдаушыға қатысты тітіркендіруге әсер ететін ағзаның ішкі күйі [71]. Осыған қарамастан, сезім қарапайым психикалық үдеріс болып табылатын қоршаған ортадағы танымға ие. Өкінішке орай, бұған білім беру жүйесінде аз көңіл бөлінуде. Бірқатар пәндер, құбылыстар, атап айтқанда, көптеген музыкалық-орындаушылық қабылдаулар, вокальдық және аспаптық техникалар сезім көмегі арқылы меңгерілу мүмкін.

Ең күрделі танымдық психикалық үдеріске қабылдау жатады. *Қабылдау* – сезімдік ағзаның жоғары қабылдауындағы физикалық тітіркендірушіге тікелей әсер ететін құбылыс пен жағдайлар, тұтас пәндерді бейнелейтін танымдық психикалық үдеріс болып табылады [72].

Мұндай зерттеудің ерекшелігін ескере отырып, ұлттық музыка арқылы студенттердің шығармашылық дамуының *маңызды әдіснамалық негізі ұлттық музыканы қабылдау үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі* болып табылады. Студенттердің ұлттық музыкасын бейнелеудегі әрбір тыңдаушы мен орындаушы үшін дара мәні мен жалпы мәдени мәнге ие болатын мәдени белгілердің терең ойын қамтитын ұлттық музыканың бейнесіндегі көп жақты мәдени-музыкалық көзқарас музыкалық қабылдауға бағытталады.

Зерттеу барысында біз музыкалық-білім беру үдерісінде студенттердің ұлттық музыкадағы интеллектуалды дамуын бейнелейтін қабылдаудың мәнін анықтадық. Мұндай ғылыми бағытта музыканы қабылдаудың мәні музыканы түсіну, бейнелеу мен олардың мәнін жекелей дамыту мен меңгеру, тұлғаның ұлттық музыкалық мәдениетін тереңдетеді. Тұлғаның ұлттық музыканы қабылдауын дамыту оның ұлттық музыканы орындау мен тыңдау қабілеттерін меңгерудегі үдерісті нәрлендіру, байыту мүмкіндігі болып табылады. Мұндай қарым-қатынаста ұлттық музыка жекелеген музыкалық іс-әрекеттің тұжырымдамасын құрайды. Сондай-ақ, ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуын жүзеге асыру әлеуметтік тұжырымдама негіздеріне сүйенеді. Бұл дегеніміз, тұлғаның ұлттық музыканы қабылдаудағы шынайы бейнесін, мәдени-әлеуметтік эстетикалық бағытталуын, нормаларды, стереотиптерді меңгеруін, музыканың мән-мағынасын, тәсілдерін түсінуін, он қабылдауын, тыңдауын, ол туралы түсінігінің, жеке ойының болуын, орындаушылығын игеруді қажет етеді.

В.П.Морозов студенттерді интеллектуалды дамытуда ұлттық музыканың мүмкіндіктерінің жоғарылығын айтады. Музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың ерекшелігі болып табылатын музыкалық танымның іс-әрекеті мен құрылымын күрделендіру мен дамытуды жүзеге асырады. Танымдық іс-әрекеттегі ұлттық музыканы қабылдаудың ерекше мәні оның тұтастығы, уақыттағы өзгерісі, танымдық стратегиядағы аффектілік пен когнитивтілік болып табылады. Бұл кейбір заманауи ғалымдарға музыка арқылы дамытатын интеллект жайында айтуға мүмкіндік жасады [73].

А.В.Торопова ұлттық музыканы қабылдауды белсендіру жолдарын құрастыруда бірінші кезекте «психикалық энергияның жылжуы», ұлттық музыканың күйзелісін ескеру қажеттігіне мән береді. Сондықтан ұлттық музыканы тұтас қабылдауды белсендірудің тікелей жолы ұлттық музыканың бейнесіндегі «тұлғалық ойлауды» қарастыру мен студенттердің әр түрлі музыкалық күйзелісін ұйымдастыру жұмыстарынан талап етіледі. Музыканың танымдық сипаты – жеке-бейнеленген өмір шындығы, «қайта өмір сүру» әсерін туындататын және студенттердің тынымсыз тәжірибесін өзектендіретін эмоционалдық резонанс болып табылады [74].

Студенттердің санасында туындайтын ұлттық музыканың сипаты музыкалық бейнені қалыптастыру үшін сілтеуіш қызметін атқаратын теориялық түсінік немесе сөз, сөздің тұрақталу нәтижесі болуы мүмкін. Белгілі музыка саласының психологы А.В.Торопов шамадан тыс жанама сөйлемдерді құрастыру, музыкалық қабылдауды ұйымдастырудағы музыкалық бейнені толтыруда (синкретикалық) сезімді жоғалтатынын мұғалімдерге ескертеді.

Адамның интеллектуалды дамуы үшін *қабылдау* мен *сезу* өте маңызды, сонымен қатар мұндай танымдық кешеннің үдерісінде ойлау ерекше орынды иеленетінін айтады. Бұл дегеніміз танымның ең жоғары деңгейі десек болады. Ойлау теориясы ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың маңызды әдіснамалық негізі болып табылады, Сол себепті біз зерттеу барысында «ойлау» ұғымына талдау жасағанды жөн санадық:

«*Ойлау*» түсінігі философиялық түсінікте – бұл:

– белгілі бір мәселенің шешімін табуға байланысты объективті өмірдегі түсініктің белсенді үдерісі. Өмірде әрбір жеке тұлғаның ойлауы тек қана шығармашылық үдеріс тұрғысынан қаралмай, басқа да психикалық үдеріс, тұтас адамның санасын шеттетпейтін, үзілмес бейнені құрайды [75];

– іс-әрекет түрлері;

– жаңа эмпирикалық мәліметтер мен танымал жаңа ақпараттарды алу үдерісі [76];

– объективті іс-әрекеттік үдерісті бейнелейтін, адам танымының жоғары дейгейі,

Ойлау ақыл-ой қабілетінің тәсілдері арқылы жүзеге асады, оларды былайша топтастыруға болады: 1) ойлау құралдарына ие ерекшеліктер (пәндік-қызметтік, көрнелік-бейнелі, абстрактілі және т.б.); 2) логикалық сызба үдерісі (салыстыру, талдау, абстракциялау, қорыту, сынау, топтастыру, индукция, дедукция, инверсия, рефлексия, тәжірибе және т.б.); 3) нәтиженің формасы (жаңа бейнені құру, анықтаманы айқындау, теорема, саналық қорытынды); 4) ойлау логикасының түрлері (сараптамалық-эмпирикалық, қисынды-теориялық) [77].

Осы айтылып өткендер, ойлау философиялық ұстанымдар мен қиялдар, бейнелер, сезімді дамытатын қабілет, танымның түрлері, объективті іс-әрекетті бейнелейтін белсенді үдеріс екендігін көрсетеді. Ал бұл болса, студенттерді интеллектуалды дамытуда ұлттық музыканың олардың салыстыру, салғастыру, қорыту үдерісінің дамуына және шығармашылық көркем-бейнені жан-жақты ұғынуын тереңдетуге ықпал ететіндігін дәлелдейді.

Біздің зерттеуімізде М.Н.Скаткинның жұмысындағы ойлаудың қабылдауға әсер етуі студенттердің ойлау құрылымындағы сезімді қажетсінуін негіздейтін тұжырымдар басшылыққа алынады [78]. Дегенмен, олардың өмір сүру ортасына қарай танымның пәнге деген сапалық жағдайын ескере отырып, қалыптасатын түсініктің ерекшелігі, қоршаған ортасының ықпалы мүмкіндіктері де негізге алынады.

Оған қоса ойлаудың тірек материалдар негізінде бейненің мида сақталуында ескеру қажет. Өйткені, оқыту барысында, түсінікті

калыптастырудың әсерінен танымдық үдеріске қатысатын екінші бейне пайда болады [79].

С.Л.Рубинштейн осы ойды тереңдете түскен: «Ойлау – олардың құрамындағы абстрактілі сезімдердің қатысынсыз-ақ жаңа сезім мен қабылдаудың мәнін ашады: олар қарым-қатынастар, салыстырмалар, салғастырмалар, айырмашылықтар» [80].

Ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды даму ерекшелігі жөнінде белгілі ғалым В.Г.Белинский «интеллект ойлаудың бейнесі» деген анықтама берген. Мұндай сөзге күдік келтіру мүмкін емес. Өйткені бұл анықтама көпжылдық шығармашылық тәжірибеде және ұзақ уақыттық бақылауда тексерілген. «Бейнелі ойлау», «шығармашылық ойлау», «шығармашылық-бейнелі ойлау» термині музыкалық-шығармашылық бейнеге енетін ерекшелікке қатысты музыка танушылар, әдебиет танушылар, психологтар, педагогтар, философтардың еңбектерінде қарастырылған [81].

Музыка саласындағы ғылыми ойлау (*түсінік, пайымдау, ой қорытындысы*) адамның сезу ағзасына музыкалық бейне, қабылдауға қолжетімді нақты сезімдер арқылы тікелей әсер етуімен ерекшеленеді. Өнердің барлық түрлеріндегі бейне шығарманың пайда болуындағы шығармашылық ойлаудың жүзеге асырылуымен және оның өңделуімен ерекшеленеді [82].

Біздің зерттеуімізде студенттердің интеллектуалды дамуы қазақ ұлттық музыка құралдарын олардың оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдаланумен жүзеге асырылады. Барлық өнер түрлері адамның белгілері арқылы объектіленеді (мінез-құлық, ым-ишара, визуалды жағдай). Музыкалық өнердің шығармашылық бейнесін түсіндіру өте күрделі. Мұны Б.В.Асафьев «музыкалық шығарманың өмірі – оның орындаушылығы тыңдаушылар үшін дауыс ырғағы және оның қайтадан тыңдаушылардың қабылдауы арқылы жүзеге асады» деп, түсіндіреді [83].

Басқаша сөзбен айтқанда, музыка сезімдік қабылдау мен өмірдегі шығармашылық-бейненің мәнін, өмірді сезінуді, танымдық үдерістің нәтижесін форма ретінде пәнде бейнелеуді білдіреді. Сондықтан нақты ұлттық музыканың шығармашылық бейнесі халықтың түйсік-талғамын, арман-болмысын, сезім-тілегін көрсетеді. Осы шығармашылық бейнені студенттің ұғынуы оның әлеуметтік іс-әрекет пен қоғамдық тәжірибедегі тәсілдердің нақты мақсатындағы айырмашылықтарды білуін, шығармашылық өнерді қабылдау мен топтастыру бағытындағы шығармашылық іс-әрекеттің түрін ажырата алуын, «шығармашылық ойлауын» дамытуды қажет етеді. Осының бәрі студенттің интеллектуалды дамуының негізін құрайды.

Алайда, ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытуын зерттеуде кәсіби мұғалімдерді даярлауды зерттеуде қарастырылатын «кәсіптік ойлау» түсінігі біз үшін қызығушылық тудырады. Кәсіптік білім беру жүйесі кәсіптік іс-әрекет саласының ойлау ерекшелігі мен жоғары кәсіби-білікті мамандардың деңгейін синтездейтін *кәсіптік ойлаудағы* ойлау үдерісі арқылы ерекшеленеді. Кәсіптік ойлау термині кәсіптік міндеттердің шешімін сапалы және жылдам көрсететін мамандардың ойлау ерекшелігі тұрғысынан

анықталады: жылдамдық, дәлдік, дербестік, тәуелсіздік, бірегейлік және ең бастысы - жүйелі ойлауды қалыптастыру (дербестік, шығармашылық міндеттерді меңгеруге байланысты әртүрлі шешім мен орнын зерттеудің ерекшелігін көрсетеді) [84]. Музыка саласындағы кәсіптік ойлау кәсіптік білім беру мен музыкалық ойлаудың кіріктірілуімен түсіндіріледі. Л.Г.Арчажникова музыкалық ойлаудың негізін көрермендердің көзқарасымен, музыкалық-қозғалыстық, музыкалық-естуге бағытталған музыкалық-тыңдау іс-әрекеттерімен байланыстырады [85].

Осы айтылғандар, студенттің интеллектуалды дамуын оның танымдық қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін дамытумен байланыстыра қарастыру қажеттігін көрсетеді. Сондықтан, ұлттық музыканың негізі – студенттердің шығармашылық қабілетін жүзеге асыру үдерісіндегі шығармашылық ойлау ерекшелігімен тікелей байланыста зерттеледі (Н.Ю.Посталюк, Д.В.Ушаков, А.В.Брушлинский, Библер В.С.) [86-89]. Олардың ішінде В.С.Библер шығармашылық ойлаудың белгілерін толық анықтаған:

- зияткерлік шығармашылық бастамашылдық іс-әрекеттің тікелей талабы мен міндеті аясында жүзеге асады;
- «ассоциативті қатардың кеңдігі» жаңа функционалдық немесе тасымалданатын мәндегі пәндердің қолданылуы;
- «жылдам» ойлау әртүрлі және терең ойдың бірлестігі;
- «икемділік» ойлау бір шешімнің басқа шешімге, бір категориядан басқа категорияға жылдам өту қабілеті;
- ойлаудың түпнұсқалығы мәселенің шешімін дербес ойластырудан тұрады [89, б. 23-29].

Музыкалық ойлау мәселесі қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де қалыс қалмаған. Соның ішінде соңғы еңбектерді қарастырсақ, Ж.Абельтаева шығармашылық ойлаудың ерекшелігін анықтаған: а) шығармашылық ойлау зияткерлік сападағы топқа сүйенеді (шығарамашылық бастама, дербестік, эвристикалық, икемділік); б) өнімнің қызметіне қарай ерекшеленеді: нәтижесінде жаңа және түпнұсқалы өнімді еңбек пайда болады; в) үлгілеу қабілетіне қарай бір мәселенің шешімінен басқа мәселеге көшу жүзеге асады; г) дәстүрлі тәсілде тапқырлық, дербестігін танытуда рефлексиялық қабілет маңызды [90, б. 76].

Музыкант-педагог А.Ж.Калиева өзінің зерттеуінде музыканттардың ойлау түрлерін былайша жүйелейді:

*абстракттілі ойлау* – жекелеген пәндердің құрамындағы дербес объектіге айналдыру мен ойша есептеуге мүмкіндік жасайды (тыңдау сараптамасы);

*амбивалентті ойлау* – өзара байланысқан ойларды бірдей түсіну қабілеті (әртүрлі түсіндірмелердегі бір шығарма);

*сараптамалық ойлау* – түсінік пен пайымдауды деңгейі бойынша тұтас ойша бөлуге мүмкіндік жасайды. Сараптамалық ойлау маңызды және маңызсыз, күрделіні қарапайымға өткізуге мүмкіндік береді (музыкалық шығарманы талдау);



*визуалды ойлау* – мәнді көрінетіндей ететін жаңа ішкі бейнедегі өнімнің ойлау түрлері болып табылады (шығарма жазу);

*дивергентті ойлау* – сол немесе басқа міндеттердің әртүрлі өзіндік шешімін табуға жетелеу қабілеті (үйлестіру, өңдеу, өленді түрлендіру);

*дискуссиялық ойлау* – алдыңғы ойлардағы жаңа логикалық ойлардың жалғасы болатын сөздік логикалық ойлау (сыни шығармаларды жазу);

*интуитивті ойлау* – Канттың білімі бойынша «пайымдау» жолын ашу, логикалық және сараптамалық дәлелдемелерге қатысынсыз ішкі бағыттылықтың шынайы жолына эвристикалық үдеріс арқылы жету (шығарма, суырып салмалық, шығарманы орындау);

*сыни ойлау* – логикалық көзқарас бойынша ақпаратты сараптау қабілеті, сыни ойлау – бұл дегеніміз өзінің орнын дәлелдеу, өзін-өзін бағалауға сай қабілетіне талпыну (сыни шығармаларды жазу, шығарманы сараптау);

*конвергентті ойлау* – жалғыз бір ғана шешім табатын қабілет (музыкалық бақылау жазу);

*латералды ойлау* – шығармашылық ойлау түріне жатады. «Шаблонды емес ойлау» тікелей танылатын объектінің жанама объектіге айналуы арқылы анықтауға болатын кең таралған назардың негізі (шығарма құрастыру);

*шығармашылық ойлау* – кез-келген субъективті және объективті өнімді құру (шығарма, импровизация) [91].

*Көріп отырғанымыздай, ұлттық музыканы меңгеру үдерісі композиторлардың ойларын шығармашылық-бейнелі түрде ашу ойлаудың логикалық түрлеріне байланысты кешендік ойлауға (сараптамалық мәтінді талдау), көрнекілік-бейнелік (шығарамашылық-бейнелі мазмұнды салыстыру-салғастыру) және ойлаудың көрнекілік-іс-әрекеттік түрлеріне (тәжірибелік қызметтегі орындаушылық жоспарды жүзеге асыру) сүйенеді. Осылайша, бұл музыкалық ойлаудың түрлерін тұтас ойлаудағы маңызды сапалық қасиетін дәлелдеуге мүмкіндік береді.*

«Бейнелі ойлау» мен «ойлау түсінігі» – бұл қоршаған ортадағы екі қосалқы қарым-қатынас. Түсінікті-логикалық ойлауда шығармашылық-бейнелі танымға қатысты әртүрлі түрлері бар. Адам барлық танымның бірыңғай іс-әрекетін ұсынатын тұтас ойлаудағы екі «ойлауға» ие бола алмайды [92].

*Ұлттық музыканы меңгеру үдерісіндегі мұғалімдердің ойлау түсінігін ойша жалпылауда мұғалімдердің ойлауындағы шығармашылық-бейнені қалыптастыру үшін келесі тұжырымдаманы ұсынайық: ұлттық музыка шығармасындағы іс-әрекеттік үдерісте бейнеленетін шығармашылық ойдың мәнін ашу интеллектуалдық ойлау үдерісіне бағытталады.*

*Тұлғаның танымдық қызметіндегі келесі психикалық үдеріс жады (ес) болып табылады.*

Жады (ес) – танымдық саланы қайта келтіру немесе оны қайта қолдану қызметіндегі мүмкін болатын өткен тәжірибені есте сақтау мен ұйымдастыру үдерісі. Сондай-ақ, ол өткен субъектінің қазіргісі мен болашағын байланыстырады және оқыту мен дамыту негізіндегі маңызды танымдық іс-әрекет болып табылады.

Жадының түрлеріне эмоциялық жады, бейнелі жады, сөздік-логикалық, жылжымалы жады жатады. Жадының формасы - қозғалым, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді. Біздің зерттеуімізде жадының түрлері үлген мәнге ие, музыкалық ес тектес (англ. musicmemory) – музыкалық материалдарды қабылдау мен тану қабілеті. Ұлттық музыкадағы шығарманы тану оның қабылдауды меңгеру үшін қажет. Зерттеушілер музыкалық естегі есту және эмоциялық жадының түрін анықтаған. Сонымен қатар, музыканы қабылдауда жылжымалы жады маңызды рөл ойнайды (біріділік қозғалысты есте сақтау), көру (ноталық мәтінде есте сақтау) және сөздік-логикалық ес, ұлттық музыка шығармасындағы логикалық құрылымды есте сақтауға көмектеседі.

Біздің зерттеуімізде музыкалық жадының мазмұны жекелеген шығармашылық бөлімдердің арасындағы ішкі байланысты анықтайтын логикалық және ұлттық музыкалық материалдарды меңгеруді қарастырады. Мұндай жадының түрі ритмикалық, гармониялық (тембро-динамикалық келеңсіздіктер мен динамикалық даму саласы), динамикалық, фактуралық, оның формасының ерекшелігі, ұлттық музыка шығармасындағы жанрлар, бейнелі құрылымды ұсынатын орындаушылық қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Кейбір танымдық үдерісті қарастыра келе ұлттық музыканың құралдары арқылы шығармашылықты дамыту үшін әдіснамалық негізі маңыздылыққа ие.

М.А.Холоднаяның зерттеуінде отандық және шет елдік ғылымдағы интеллект дамуының белгілі бір тәсілдерін анықтады:

- элеуметтік-мәдени тәсілде интеллект элеуметтену үдерісінің нәтижесі, тұтас мәдениеттің әсері ретінде қарастырылады;

- генетикалық тәсілде интеллект сыртқы әлемдегі адамдардың өзара табиғи байланысу жағдайындағы қоршаған ортаның талабына бейімделуі;

- кезеңдік-іс-әрекеттік тәсілде интеллект адамның іс-әрекетінің ерекше формасы;

- ақпараттық тәсілде интеллект ақпараттық өңдеу үдерісінің қарапайым түрі;

- білім беру тәсілінде интеллект оқытудың мақсатты бағытталған өнімі;

- феноменологиялық тәсілде интеллект әртүрлі деңгейдегі танымдық үдерістің жүйесі;

- реттеушілік тәсілде интеллект өзін-өзі реттеу психикасының белсенді факторы [93].

Тұлғаның интеллектуалды дамуының мәселесіне мән беруде алдымен, Зеердің сөзіне сүйенетін болсақ әрбір даму мен шығармашылық қызметіне қарай тұлғаның дамуы үшін оның элеуметтік ортасына және қоршаған ортасындағы элеуметтік жағдайлардағы даму құрылымына негізделеді.

Г.М.Бреслав, И.А.Васильев әрбір іс-әрекет, соның ішінде шығармашылық өзінің ішкі, эмоциялық реттеуші күрделі механизмін, оның қажеттілігін, мақсатын, өнімнің іс-әрекетін жүзеге асыруды анықтайды. Нәтижесінде объектіні түрлендірудегі өнімге қол жеткізіледі. Әрбір кешеннің қызметі құрылымдық мазмұнда белгілі бір функционалдық және басыңқы рөл ойнайды [94-95]. Бұл жөнінде О.К.Тихомиров «қажеттілік, ынта, ойлау қызметіндегі

құрылымның эмоциясын сараптау мен өзіндік-психологиялық деңгейдегі ішкі қызметін басқару қажеттігін» көрсеткен [96].

Шығармашылық кешеннің қызметін сараптаудың әртүрлі бағыттары А.М.Матюшкин (қажеттілік пен ынта), А.Г.Асмолов, Д.Б.Богоявленская (мақсаттылық) еңбектерінде ұсынылған [97-99].

Шығармашылық қызметті құрылымдауды зерттеуде С.Л.Рубинштейн «адамның ішкі білімін қолдану мен меңгеру мүмкіндігі – оларды меңгеру мен қолдануындағы ішкі шарттарды құруға байланысты өзіндік ойлау үдерісінің түсінікті жалпылауы мен іс-әрекеттік тәсілі, немесе сыртқа әсер ішкі әсердің жағдайына бағынышты болуынан болады» деп түсіндіреді. С.Л.Рубинштейн жеке интеллект бойынша біріншіден, ойлау операциясының негізін құрылымдау - талдау, синтез, жалпылау болса, екіншіден, өңделген операциялар көп немесе аз мөлшерде ұйымдастырылады (тиісті қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік жасауға көмектесетін ақыл-ой қызметі) деп көрсетеді [100].

«Адамның шығармашылық белсенділігі оның тәжірибелік қызметінен алынады» деген А.Р.Ерментаева оның қабылдауға ғана емес «сезімдік-тәжірибелік іс-әрекетке» тәуелділігін көрсетеді [101]. Дегенмен, шынайы сыни кеңістікте өтетін ұлттық музыка көптеген жағдайларда студенттердің ертелі немесе кеш өзінің шығармашылық-айқындық ерекшелігіндегі тұтас шығармашылықты дамытады.

Тек қана осындай іс-әрекет ұлттық музыканың құндылығын меңгерудегі студенттің интеллектуалды дамуына бағытталады. Студенттің оқыту үдерісіндегі ойлау іс-әрекетінің тәжірибесі ұлттық музыканың әсерінен тұлғалық іс-әрекетке ауысады. М.С.Каганның пікірінше музыкалық шығарманың тұлғаның эмоционалдық, интеллектуалдық және еріктік саласына ықпалы өнердің музыкалық қоғамдағы үдерісті өзгерту мүмкіндігінің басымдығын көрсетеді. Олардың ішінде ғалымдар ерік пен белсенділіктің арасындағы байланысты айта кеткен. Олардың дәлелдеуінше, ерік пен белсенділіктің арасындағы байланысты құруда айналмалы бағыныштылық формуласы құрылады: біреуі басқаға талпыныс берсе, екіншісі өзінің синергетикалық әсерін күшейтеді [102]. Музыкалық іс-әрекеттің үдерісіндегі адамның еріктік сипатына ғалымдар мақсаттылық, табандылық, ұстамдылық, өзін-өзі ұстай білу, бастамашылдық, дербестікті жатқызады. Ғалымдарды толық қолдай отырып мақсаттық, табандылық, дербестік пен шығармашылықтың бастамашылдығындағы әртүрлі іс-әрекеттің ұлттық музыканы меңгерудегі эмоционалдық күйін басқару, атап айтқанда орындаушылық ерік өзін-өзі ұстай білу мен тұлғаның музыкалық-орындаушылық сападағы сахнада өзін-өзі ұстай алуын айтады. Болашақ мұғалімдерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың ерікті даярлығы бастамашылдық пен еріктілік, оның бейнесін ұғынуда жинақталатын еріктік қызметтің табандылығы, ұлттық музыкалық шығармадағы орындаушылық аспаптармен жұмыс істеу барасындағы қозғалыс даярлығы (вокалдық аспаптармен жұмыс істеу, музыкалық аспаптарда ойнау), көркем-бейнелі ойлауға қатысты еріктік қызметтің мақсаттылығы,

танымдылығының ерекшелігі, өзара байланыс пен өзара іс-әрекеттің сипаттамасындағы кешенді дамуды құрайды.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамудың тәжірибесі ретінде біз студенттің кәсіби ұстанымының қалыптасуы, болашақ кәсіби іс-әрекетінің мәнін зерттеу, болашақ мамандығына қызығушылық таныту, ең алдымен, ұлттық музыканың әртүрлі тәсілдерін меңгеру, білімге ие болу мен жүзеге асыру үдерісіндегі негізгі түрлі ұстанымдардағы студенттің тәжірибесі ретінде түсінеміз. Болашақ мұғалімдердің ұстанымы біртұтас кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі ретінде бейнеленеді. Болашақ мұғалімдердің кәсіби ұстанымын құрайтын шығармашылық көзқарас оның келешектегі кәсіби өсуінің, кәсіби даярлықтағы құрылымның ұлттық музыка арқылы интеллектуалды даму үдерісі мен жаңа мазмұнды көрудің мүмкіндігін жасайды. Болашақ мұғалімдердің ұстанымы интеллектуалды дамудың формасы мен мазмұнына әсер ететін әр түрлі іс-әрекеттегі ұлттық музыка құралдарының өзіндік шығармашылық қабілеті мен бағытын анықтайды.

Болашақ мұғалімдердің ұстанымын құрайтын шығармашылық тәсілдер ұлттық музыканы интеллектуалды даму тұрғысынан меңгерудің жаңа бағыттарын іздеу, көптеген пайымдаулар, ой қорытындылары мен өзінің баламалығын таңдауға мүмкіндік береді. Ұлттық музыканың шығармасына қатысты болашақ мұғалімдердің ұстанымы субъектінің «эмоционалды-эстетикалық бағдарламасындағы» түрлі композиторлық ойлардағы жаңа құндылықтық-мағыналық мазмұн құрайтын тұлға байланыс құрайды. Теориялық білімді тәжірибелік қабілетке ауыстыру үшін жаңа білімнің қажеттілігі барлық ойлау үдерісінің өзектілігі болып саналатын авторлық мәтіннің назарына қатысты ұлттық музыканың шығармашылығы түрленеді. Осының барлығы ұлттық музыкадағы құндылықтық-мағыналық қатынастағы болашақ мұғалімнің ұстанымын анықтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық музыканы меңгеру кезінде студенттердің эмоционалды-бағалау іс-әрекеті мен ойлау тәжірибесі практикадағы қабілет пен дағдыға қатысты психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қабілет пен дағдылар, аспаптық, дирижерлік-хор, вокалды-хор, музыкалық-теориялық жүйедегі мұғалімнің музыкалық іс-әрекетіндегі ұлттық музыкаға қатысты мәселенің шешімін табу үшін керекті әдістемелік, орындаушылық, теориялық және әдістемелік қабілет пен дағдылар қажет.

*Эмоционалды-бағалау тәжірибесі* келесі студенттердің интеллектуалды даму деңгейін анықтайтын өзара байланыстағы белгілі бір кезеңнің жұмысын қорытындылайды.

Ұлттық музыкадағы эмоционалды жауап музыкалық жетістікті бағалау мен шығармашылық қабілетті барынша есту қажеттігін ескереді. Студенттің интеллекті дами түссе, оның ұлттық музыкадағы эстетикалық бағалауы объективті болады.

Ұлттық музыканы бағалай білу ұлттық музыкаға деген қызығушылық тудыратын тұлғаның интеллектуалды даму қабілеті мен музыкалық репертуарды таңдауға мүмкіндік береді.

Ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың психологиялық іргетасын қарастыра отырып, интеллектуалдық дамытуда ұлттық музыканың әртүрлі бағытын оған меңгертудің нәтижесінде оның кәсіби қызметіндегі мақсатты бағыттылықты жүзеге асыруына және әлеуметтік ортада танылуына мүмкіндік туады, деп айтуға болады.

Сонымен студенттердің интеллектуалды дамуының басты құралдардың бірі халық өнері, соның ішінде ұлттық музыка шығармашылығының тәлімдік негізі, мәні мен мазмұны болып табылады. Оны жүйелі меңгеру мен сақтау, дамыту мен өмір жағдайларында тиімді пайдалану олардың ата-баба мұрасына оң, аялы көзқарастарын қалыптастырады және жаһандану жағдайында өзіндік болмысын сақтап қалу мен ұлттық өнерін дамытуға септігін тигізеді [103].

Біздің зерттеуіміз үшін нақты музыкалық қабілет, музыкалық есту, музыкалық жады (ес), сезім ырғағы негізгі зерттеу пәні болып табылмағанымен, олардың бәрі ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуға мүмкіндік беретін компоненттер саналады.

Зерттеу барысында студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық ерекшеліктерін анықтау бізге аталған дамудың механизмін жасауға мүмкіндік берді, оны төмендегі суреттен көруге болады:



Сурет 1 – Студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық ерекшеліктерінің даму механизмі

Сонымен біз жоғарыда айтылып өткендер мен талдаулар негізінде «ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту түсінігіне өз анықтамамызды береміз. Біздің тұжырымдауымызша *студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы* дегеніміз оның болашақ кәсіби біліктілігіне әлеуметтік жауаптылығының артуына, рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, ұлттық музыканы эмоционалдық-құндылық тұрғысынан игеруіне бағытталады, ойлау іс-әрекеттерінің тәжірибесі жинақталатын, интеллектуалдық және арнайы музыкалық қабілеттері дамиды бір тұтас үдеріс.

Сонымен, жоғары оқу орнында оқыту барысында студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамыту ұлттық музыканың эмоционалдық құндылығын меңгеруге, оның әртүрлі кәсіби және өмірлік жағдайда тиімді қолдануға, жаңа қажетті білімге ие болуға, тиісті жағдайдың туындауына байланысты нақты және шынайы мақсаттарды қоя білуге, нақты тәсілдер мен қызметтік құралдарды анықтай отырып іс-әрекеттік үдерісте өңдеуге, оларды дамытуға, соңында алға қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Осы параграфта ішінара айтылып өткендей студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуда әдіснамалық тұғырлар негізге алынады, олар туралы келесі параграфта баяндалады.

### **1.3 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдіснамалық тұғырлары**

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамыту оның стратегиялық бағытын анықтайтын теориялық негіздеме мен ұстанымын, тәсілдер мен жетекші идеяларын анықтаудан талап етіледі. Сондай-ақ, ұлттың шығармашылық негізі – адам капиталының даму бағытындағы жаңа білім беру парадигмасына, қазақстандық қоғамды жаңарту ойларына сәйкес келу қажет.

Ғылыми әдебиеттерде «тұғыр» түсінігі мәселенің шешімі ретінде әдістер, ұстанымдар, ойларға сәйкес қолданылады. Тұғыр – әдіснамалар мен көзқарастардың шешімін табатын, философиялық, психологиялық-педагогикалық алғышарттардың негізгі ойларын ашатын құрал, мақсатқа жетудің механизмі, ұстанымы, басты мақсаты болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық көзқарас негізінде ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытуда мынадай әдіснамалық тұғырлар негізге алынады: *жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, акмеологиялық, аксиологиялық, кешендік, мазмұндық*, сонымен қатар теориялық-тәжірибелік міндеттердің шешімі үшін ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамудың ішкі және сыртқы факторлары басшылыққа алынады.

*Іс-әрекет* теориясы тұлғаның даму үдерісінде жетекші болып саналатын іс-әрекеттің түрлерін анықтайды. Жетекші іс-әрекет А.Н.Леонтьевтың еңбектерінде анықталған. Оның анықтамасы бойынша «тұлғаның даму кезеңі психологиялық ерекшелік пен психикалық үдерістің басты өзгерісінен талап етіледі» [104]. Э.Ф.Зеер – студент үшін жетекші іс-әрекет– оқу-кәсіби іс-

әрекеттің тәсілі өзін-өзі жүзеге асыру, өз ойын білдіру, өзін-өзі тану, шығармашылық қабілетті дамыту, білім беру қажеттілігін қанағаттандыру бағыттылығы, білім алушылар мен білім берушілердің бірлескен іс-әрекеті, шығармашылық өзара іс-әрекетіне арналған кеңістіктегі білім беру іс-әрекетіндегі саланың таралуын анықтайды [48, б. 91].

*Тұлғалық тәсіл* заманауи психологиялық-педагогикалық зерттеуде жетекші рөл ойнайды. Мұндай тәсіл тұтас тұлғадағы субъектінің педагогикалық үдерісте оқыту нәтижесіне жауапты, адамгершіліктік таңдауы, мінез-құлықтық іс-әрекеттерді мойындайды.

Тұлғалық тәсілдегі әдіснамалық негіз бірыңғай қызметке былайша бағытталады:

– ұлттық музыка арқылы білім алушыны интеллектуалды дамытудың тұлғалық аспектісі оның даралығы мен жас ерекшелігінде;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаның интеллектуалды даму үдерісін жүзеге асыру мен олардың мәнін ашуда оның шығармашылық, зияткерлік, табиғи тірегін ескеру;

– ұлттық музыка арқылы білім алушыны интеллектуалды дамытуда тұтас тұлғалық мінез-құлық мен адамгершілік танымын, эмоциясын, бірыңғай интеллектті дамытуды ескеру;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаның шығармашылық дамытуда әртүрлі оқытудың түрлері мен сыныптан тыс іс-әрекеттер, мақсаттар, ынталандырушыларды таңдау, өзін-өзі анықтау үшін жағдайлар жасау;

– ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытуды оқу-тәрбие үдерісінде нәтижелі жүзеге асыру студенттердің дәрісханалық және дәрістен тыс іс-әрекеттерін қамтамасыз етеді.

*Тұлғаны ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамуды қарастыруда біз осы дамудың тұлғалық компонентінің түзілімі мен ерекшелігін анықтаймыз.*

Біздің зерттеуіміздің пәніне сәйкес *жүйелік тәсілдің* әдіснамасына бағытталу маңызды саналады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша жүйе белгілі бір тұтастық қасиетке ие көптеген өзара байланыстарды қамтиды [105]. В.П.Кузьминаның анықтамасында «жүйе – заңнамалық және кіріктірілген құрамға ие тұтастық пен бірыңғай тұрақтылықты қамтамасыз ететін элементтердің (компоненттердің) өзара байланысы» болып табылады [106]. Жүйелік тәсіл тұтас суретті бейнелейтін әртүрлі объектідегі барлық тұтастықты қарастыратын тұтас тәсіл. Жүйелік-тұтастық тәсіл зерттеліп жатқан объектінің басты сапалық тұтастығындағы табиғи тұрақтылық, оның тұтас жүйесінің құрылымы, дамуы, деңгейі, білім берудегі механизмі болып табылады.

Көрсетілген ережеге сәйкес біздің зерттеуіміздің пәндік жүйесінің тәсілдері мыналарды қамтиды:

– жоғары оқу орындарында педагогикалық үдерістің жағдайына сәйкес өзін-өзі ұйымдастыру жүйесінің ерекшелігі мен басқарудың үздіксіз үдерісі ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың жолдарын қарастырады;

– жүйе құрайтын қарым-қатынас пен байланысты ескере отырып ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді тұтастай интеллектуалды дамытуға бағыттайды;

– осы үдеріске ықпал ететін барлық факторларды ескере отырып ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытуды қарастырады;

– оқу және оқудан тыс уақыттағы педагогикалық үдерістегі барлық субъектілердің өзара байланысындағы ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың жүйесін сипаттайды;

– зерттеліп жатқан тұжырымдаманың жүйесіндегі негізгі мәнді ашады.

Жүйелік сараптаманың негізгі ұстанымы соңғы нәтижені анықтау болып табылады. Осы зерттеудің аясында соңғы нәтиже – қоғамдық-экономикалық, тұлғалық-психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық тектес факторлардың тиімділігі ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың жоғары деңгейін көрсетеді.

Дегенмен Л.А.Мазель, В.В.Медушевский және т.б. ғалымдар атап өткендей музыка тану жүйесінде тұлғаның интеллектуалды дамуы маңызы мен мүмкіндіктерін анықтауда ұлттық музыканың мазмұны қарастырылады. Л.А.Мазель мұндай тәсілді «күрделі объектінің тұтастай зерттеудегі өзара байланысының объектісін ескере отырып барлық бөліктері, элементтері, деңгейі мен оның сыртқы ортасының жүйесі» тұрғысындағы қажетті ықпалдастырылған ғылым деп қарастырады. Л.А.Мазель жүйелік тәсілді анықтайтын білімнің үш саласын қамтыған: психологиялық-жүйелік тәсіл әдістемелік ерекшеліктің қорытындысы мен музыкадағы эмоциялық бейнелену механизмін ашуға алып келеді; жүйелік-семиотикалық күрделі мәдениеттегі музыкалық тілдің музыкалық құралына тәуелділігі мен тиісті мәдениеттің шығармасындағы «мазмұндық» музыканы қабылдауды қарастырады; жүйелік-әлеуметтік қабылдау мен орындаудың жағдайы, оның әртүрлі тарихи кезеңдерін құрылымдау, қоғамдағы шығармашылық өмірдің өзгерістерін ескере отырып музыкалық шығарманы сараптау қажеттігін және т.с.с. көрсетеді [107, 108].

Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың жүйелік тәсілін сараптауды қолдана отырып екі, ішкі және сыртқы бағытты анықтадық. Ұлттық музыка арқылы мұғалімдердің интеллектуалды дамуының сыртқы бағыты мұғалімдердің кәсіби даярлығының құрылымын қарастырады. Жүйенің ішкі құрылымы ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың тұлғалық көрсеткіші мен өлшемдері арасындағы құрылымдық кешенді анықтайтын өзара байланыс болып табылады. Құрылым «кейбір құрамдас бөліктердің байланысы мен өзара орналасуы» тұрғысынан түсіндіріледі. И.П.Подласый атап өткендей «жүйенің құрылымы қабылданған элементтердің (компоненттердің) өлшемдерін құрайды, сонымен қатар олардың арасындағы байланысты қамтиды» [109]. Әрбір жүйенің компоненттері өзінің құрылымы мен логикасына ие. Тұлғаның құрылымдық компоненті қорытынды-диагностикалық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, мазмұндық, мақсаттық өзара байланыстардың блоктарын құрайтын жүйедегі



Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың үлгісіндегі динамикалық жүйе мен оның тұтас бейнесі өзара әрекеттестікте болады. Ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамыту ұлттық музыканың шығармашылығындағы құндылықты тиімді пайдалануды көздейді. Осыған қатысты жоғары мектептердің жағдайында болашақ педагогтарды интеллектуалды дамытудың жүйе құрайтын факторлары мәдени тәсілдерін жүзеге асыру болып табылады.

Ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың *мәденитанымдық тәсілі* өз халқының музыкалық мәдениетін тасушы субъектінің дамуын ұлттық музыкалық мәдениеттің талаптарына сәйкес белгілі бір тұлғаның мәдени және әлеуметтік үдерісін ескере отырып қарастырады.

Мәденитанымдық тәсіл алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешуде «ұлттық музыкалық мәдениет», «ұлттық музыкалық білім беру» ұғымын зерттеушілердің ой-пікір, көзқарастарын негізге алуға бағытталады (Е.Н.Шиянов, Ж.Ж.Наурызбай, М.Е.Ержанов, М.Х.Балтабаев, В.К.Шаповалов, Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С. Кон, Н.Б. Крылова, С.В. Кульневич және т.б.).

Ұлттық музыканың мәденитанымдық тәсілі мазмұны – ұлттық-мәдени құндылықтың негізгі тарату бағыты мен қазақ мәдениетінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Ұлттық музыка жоғары мақсатқа қол жеткізуге қызмет етеді – тұлғаны этностар субъектісі және олардың шығармашылық мәдениетін тасушылар ретінде қалыптастырады.

Мәденитанымдық тәсіл жергілікті заманауи дәуір мен жаһандану арасындағы қарама-қарсылықты кеңейтетін ұлттық музыкалық білім берудің мүмкіндігін анықтайды және музыкалық мәдениеттің өзара байланысына бағытталады.

Адамгершілік көзқарастар мен жалпы адами құндылықтарға жүгінудің ерекшелігіндегі қоғамдық дамудың заманауи тұжырымдамасы жоғары мектеп жағдайында ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуын жүзеге асыруда *аксиологиялық* дамудың мәнін белсендіреді.

Аксиология грек тілінен аударғанда («*axia*» - құндылық және «*logos*» - ғылым) әлемдегі құндылық жүйесі мен табиғаттағы философиялық ғылымның құндылығын білдіреді. Барлық антропологиялық ғылым адамды зерттей отырып әрбір қызметтің түрлеріне қатысты оның көптеген құндылықтарын анықтайды. Философияда «құндылық» – қоғамдағы адамның дамуы мен тұлғаның өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігіндегі объективті өмірдегі адамдық қатынасты білдіреді.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың аксиологиялық аспектісі адамгершілік таңдауды талап ететін жағдайдан ойша шығу, өзінің қызметінің жағдайын алдын-ала көру мен басқа адамдар мен студенттердің қабілетін, ойын, мінез-құлқын бағалауды сипаттайды. Студент болашақ кәсіби қызметі үдерісінде тұлғалық мәнділігі мен оны жүзеге асырудағы қажетті құндылықтарды белсендіреді. Болашақ маманның тұлғалық әлеуетіндегі интеллектуалдылықты қалыптастырудың аксиологиялық тәсілінің мәні жоғары оқу орнында қоғамға пайда келтіретін өзін-өзі тұлғалық жетілдіруге дайын, әлеуметтік сапалық мәнге ие студент тұлғасын дамыту қажеттігі маңызды саналады.

Аксиологиялық тәсіл – (Л.А.Степашко, Е.С.Волков, Е.П.Шастина, Г.К.Нұргалиева, Қ.Нұрланова және т.б.) белгілі бір іс-әрекеттің субъектісінің ішкі ынта-түрткісі мен жеке мәндегі тұлғалығын және оның дамуына ықпал ететін ұлттық музыканың құндылығын меңгеруге бағытталады. Студенттердің ұлттық музыканы меңгерудегі тұлғасының даму деңгейі кәсіби іс-әрекетті жеке жүзеге асырудан және оны дербес анықтау мүмкіндіктері мен интеллектуалдық дамуының деңгейінен талап етіледі.

А.А.Деркач – акмеологияны ғылыми-педагогикалық салада дамытқан ғалымдардың бірі. Ол оның заңнамасын, шарттарын, факторы анықтай отырып, оның адамның шығармашылық әлеуетін ынталандырудағы, өмірлік жолдың әртүрлі кезеңіндегі кәсіби іс-әрекеттер мен өмірдің шыңына жетудегі шығармашылық іс-әрекетке даярлығы жолдарын дамытады [110].

*Акмеологиялық тәсіл* (Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова) адамның жоғары жетістікке жетуін қамтамасыз ететін табиғи мәнді анықтайды. Оның әрбір қалыптасу кезіндегі субъектінің және тұлғаның қызметі ретінде принциптер мен ойлардың жиынтығын ұсынады. Дегенмен, акмеологиялық тәсілдің негізі тұлғаның толық дербестігін жетілдірудегі өзінің жетістікке жетуінде адамның кәсіби дамуы мен тұлғалық бірыңғайлығындығы құнды ойларды қамтиды [111].

Акмеологиялық тәсіл кәсіби іс-әрекеттің жоғары жетістігіне жеткізетін ішкі әлеуеттің дамуына бағытталуы және ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектін дамыту мен модельдеуді ұсынады. Жоғары мектепте мұндай тәсіл педагогикалық үдерісте (мазмұнын, құралын, формасын, әдісін таңдау мен ұлттық музыканың технологиясын меңгеру және т.б.) барлық кешенді қолданудың интеллектуалдық дамуы үшін жағдай жасау, студенттердің ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамуының жоғары көрсеткішіне кезеңмен келуін қамтамасыз ететін сапалық, құрамдық дамуына бағытталады. Сондықтан ұлттық музыка арқылы интеллектуалдық даму үдерісі кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын, кәсібилігін, ұлттық музыка арқылы білім алушыларды интеллектуалды дамытудың жоғары шыңына жетуге бағыттауды, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынуды, жоғары тұлғалық-кәсіби стандарттарға, жетістікке жетудің қажеттілігін, акме бағыттылықты қарастырады.

*Құзыреттілік тәсіл* (П.Я.Гальперин, Э.Ф.Зеер, В.В.Краевский, Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Кенжебеков және т.б.) ұлттық музыканың шығармашылығына байланысты әртүрлі жағдайдың мәселесіне қарай әрекет ететін мұғалімнің қабілетіне, білім беруді зерттеудің нәтижесіне бағытталады. Біздің зерттеуімізде құзыреттілік тәсілді қолдану жастарды ұлттық музыкаға қатысты тәрбиелеудің мемлекеттік қажеттілігіне байланысты заманауи кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті қалыптастыруға тиісті болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамыту қажеттілігінен талап етіледі. Ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудағы құзыреттілік тәсілін жүзеге асырудың жолы ұлттық музыкаға қатысты болашақ кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір табыстылығына кешенді түрде жетуге мүмкіндік жасайтын бағыттылық, ынта, тәжірибе, қабілет, дағдыларды қалыптастыратын санадағы өзгерістердің

нәтижесінде болатын ішкі тұлғалық үдеріс пен оның кәсіби өсуін қамтамасыз ететін қажетті субъект-объект және субъектінің өзара байланысындағы мақсатты бағыттылықты құрайтын педагогикалық үдерісті қамтиды [112-115].

*Құзыреттілік тәсілдің* идеясын жүзеге асыру еңбек нарығында әрбір білім алушылардың құзыреттілік жағдайы үшін тұлғаның білім берудегі негізгі нәтижесіне қол жеткіуге бағытталады. Құзыреттілік нақты тұлғаның құзыреттілігін меңгерудегі нәтижесі мен субъектінің қызметін ерекшелеу болып табылады.

Е.М.Павлютенков кәсіби құзыреттілікті ерекшелеуде «мамандардың маңызды кәсіби сапалық еңбегіндегі тиісті өзінің еңбегін еркін меңгерудің мазмұнын (функциясы, түрлері және іс-әрекетінің құралдары), оның өз іс-әрекетін қолдану формасын» анықтаған [116]. Дегенмен, И.А.Зимняя құзыреттіліктің табиғи мәнділігі адамның кез-келген өзіндік іс-әрекетіндегі – кәсібилік, коммуникативтік, шығармашылыққа терең қызығушылық таныту жағдайындағы тұлғаның бірыңғай құндылығын анықтайды [117].

Зерттеушілер ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік тәсілдің жетекші атқаратын қызметі мен ұстанымына негізделген. Ғалымдар оның ұстанымын пән аралық, кешендік; жартылай іс-әрекеттік; диагностикалық тұрғыдан қарастырды. Құзыреттілік тәсілдің атқаратын қызметін былайша анықтайды:

- заманауи түсініктегі логикалық мәніндегі «педагогикалық шығармашылық», «педагогикалық мәдениет» педагогикалық қабілет пен дағдылардың дамуын көздейді;

- педагогикалық білім берудің мазмұнын құрастырады және бағыттайды;

- болашақ мамандар даярлаудың барлық кезеңінде оның жүйесін диагностикалық анықтау үшін кәсіби-педагогикалық құзыреттілік деңгейіндегі түйінді, жалпы және арнайы құзыреттілік қарастырылады;

- педагогикалық білім беру жүйесінде инновациялық үдерісті дамытуды анықтайды.

Құзыреттілік мәселесіне арналған педагогикалық зерттеудің сараптамасы олардың әр қырынан қарастырылғанын көрсетеді.

Бірінші бағыттың өкілдері құзыреттілікті оның бірыңғай теориялық және практикалық даярлығындағы кәсіби мамандардың ерекшелігі тұрғысынан қарастырады (А.К.Маркова, В.А.Сластенин және т.б.). Авторлар кәсіби міндетті табысты орындауға мүмкіндік беретін жаңа сұранысқа ие болудағы іс-әрекеттің қабілетін жылдам және жеңіл меңгеруге мүмкіндік беретін жекелеген мамандардың қабілетін белгілеген [118, 119].

Басқа авторлардың анықтамасы бойынша, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – кәсіби іс-әрекеттің психологиялық тиімділігін ескеретін білім алушыларды дамыту мен тәрбиелеуде, оқытуда оң нәтижелерді қамтамасыз ететін педагогтың тұлғалық өзін-өзі жүзеге асырудағы педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі бағытын қалыптастырады.

С.Г.Молчанов, А.С.Петровская және тағы басқалар кәсіби құзыреттілікті құзыреттіліктің жиынтығы ретінде қарастырады (негізгі, базалық және арнайы). Негізгі құзыреттілік әрбір кәсіби құзыреттіліктің негізін құрайды. Базалық

құзыреттілік маманның негізі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті нұсқаусыз болып табылатын белгілі бір кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігін көрсетеді. Арнайы құзыреттілік кәсіби іс-әрекеттің нақты пәндік саласындағы ерекшелігін көрсетеді және маманның кәсіби құзыреттілігінің нұсқалық бөлігін құрайтын нақты кәсіби құзыреттіліктің түрлерін жүзеге асыру үшін қажет [120, 121].

«Құзыреттілік» термині әрбір қызмет саласындағы маманның қабілеті мен білімінің сапасын және көлемін көрсетеді. Бір жағынан, құзыреттілік субъектінің құқықтылығын ерекшелесе, басқа жағынан – оның белгілі бір сұрақтар жөнінде хабардар болуы тиістігін көрсетеді. Осыны ескере отырып, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттік құрылымында ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың ерекшеліктері жөнінде біз іс-әрекеттің мазмұнын қарастырып қана қоймай, тұлғалық қарым-қатынасты да қарастырдық (қызығушылық, оның нәтижесіне қанағаттану, ынта және т.б.).

Педагог-музыканттың кәсіби құзыреттілігіне қатысты заманауи зерттеушілер «бейімділік пен құндылық, кәсіби және өмірлік тәжірибені, білімді қолдана отырып шынайы жағдайда туындайтын кәсіби іс-әрекеттегі кәсіби мәселелер мен типтік кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың қабілетін анықтайтын кіріктірілген ерекшелік» деп анықтаған [122]. Көріп отырғанымыздай, кәсіби құзыреттіліктің мазмұнына когнитивтік және операционалды-технологияны ғана қарастырып қоймай, ынталандырушылық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық адамның нақты сапасын көрсететін барлық тұлғаның түсінігіндегі заманауи кәсіби құзыреттілік, оның санасының дамуындағы ерекшелігін қарастырады. Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың заңнамалығын қарастыра отырып құзыреттілік тәсілдің орнын анықтауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттіліктің маңызы қарастырылады.

Жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық музыка арқылы болашақ педагогтарды интеллектуалды дамытудың шығармашылық іс-әрекеті жағдайында студенттерді білімді меңгерудің жолдарын іздеуге талпындыру, ұлттық музыканың тағылымдық мүмкіндіктері негізінде танымдық іс-әрекетін дамыту. Жоғары оқу орындарындағы мұғалімдердің, болашақ мамандардың пәндік және негізгі құзыреттілігін теориялық және практикалық тұрғыдан қалыптастыруда оқытуды дамытудың негізгі тұжырымдамалық қағидаларын басшылыққа алу қажет.

Сондықтан тұлғаның интеллектуалды дамуының негізі дидактикалық тұжырымдамасында дамыта оқытудың (Л.В.Занков, және т.б.), мазмұндық білімнің (В.В.Давыдов, Д.В.Эльконин), ақыл-ой іс-қимылын кезең-кезеңмен қалыптастырудың (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина), проблемалық оқытудың (Т.В.Кудрявцев, А.Н.Матюшкина, М.И.Махмутов, В.Оконь және т.б.), оқу-танымдық іс-әрекетін жандандыру теориясының (Т.И.Шамова), танымдық қызығушылығын дамытудың (Г.И.Щукина) маңыздылығын айта кету қажет.

Дамыта оқытудың тұжырымдамасының негізгі қағидасы мұғалімдерге стратегиялық мақсат қана қоймай, тактикалық (технологиялық, әдістемелік)

тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді. Соның негізінде П.Я.Гальперин ақыл-ой іс-қимылын кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясын алға шығарған болатын. Осы теорияны пайымдай келе Н.Ф.Талызина «оқытудың сараптамасы білім алушының алдына қойылған міндеттің шешімін табу үшін орындауға қажетті қызметтен бастау керектігін, содан кейін оны жүзеге асыру қажеттігін, одан әрі – олардың әрбірін құрылымдық және қызметтік жағынан мазмұнын сараптау тиістігін» айтқан [123]. Яғни, жоғары оқу орындарында педагогикалық үдерістің жағдайына сай оқыту студенттердің оқу-танымдық үдерістегі өзін-өзі басқаруын ынталандыру мен оқыту үдерісі үшін белгілі бір психологиялық жағдай құру, ойлау операциялары, ақыл-ой қызметін кезең-кезеңімен сақтау қажеттігін талап етеді.

Ұлттық музыка арқылы болашақ педагогтарды интеллектуалды дамыту жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдерістегі тұтас құрылымды қарастыруды қажет етеді. Н.Д.Хмельдің зерттеуінде тұтастай оқыту және тәрбиелеудің негізі біртұтас педагогикалық үдерісті тиімді пайдалануан талап етілетіндігі көрсетілген.

Н.Д.Хмель біртұтас педагогикалық үдерістің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік жүйенің құрылымындағы педагогикалық үдерістің сапасын қарастырады. Кез-келген жүйе тектес педагогикалық процесс «ішкі бірізділік, тұтастық және дербестікке қатысты... динамикалық, ішкі құрылымның күрделігін» қамтиды [124].

*Логикалық-тарихи тәсіл* - (С.А.Ұзақбаева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, Қ.Құнантаева, Г.К.Ахметова және т.б.) соңғы екі ғасыр бойы отандық және шет елдік ғалымдар ұлттық музыканың рөлі арқылы тұлғаны дамытудың мәнін ашу, қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңіндегі эволюциясын көрсету, ұлттық музыканы дамытудың ықпал ету факторларын, даму тарихының тірегі болатын алғышартын, оның пайда болудағы қайнар көзін анықтауға, ұлттық музыканың шығармашылын айқындауға мүмкіндік берді. Логикалық-тарихи тәсіл ұлттық музыкалық дәстүрдегі Қазақстанның композиторлық дәстүрінің тарихи дамуы мен Қазақстандағы кәсіби композиторлық шығармашылықтың ұлттық түпкі тарихын анықтаған. Алғашқы дерек көздердегі фольклордың өзіндік тақырыптары халықтың рухын беретін фольклорлық шығарманың дами түсуі оның қазіргі классикалық еуропалық жанрдағы композиторлар әуенінен табылатындығын да көрсетіп отыр [125-129].

*Этнопедагогикалық тәсілді* алғаш болып Г.Н.Волков негіздеген және осы идеялар отандық педагогтар Қ.Ж.Қожахметова, К.Бөлеев, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Р.К.Дүйсембінова, А.Табылдиев және т.б. еңбектерінде дамытылды. Мұндай жұмыста ол ұлттық музыкадағы этнопедагогикалық бағыттың орнын қарастыратын маңызды рөл ойнайды. Ғалымдардың ойынша этнопедагогикалық тәсіл педагогикалық үдерістегі жаратылыстану-тарихи болмысты зерттейді. Біздің түсінікте этнопедагогикалық тәсіл әмбебап, себебі қазақ халқының бай музыкалық мұрасын ескере отырып ұлттық және жалпы адами диалектілерде байқалады. Біздің зерттеуімізде этнопедагогикалық тәсілді қолдану тұлғаның интеллектуалды дамуында ұлттық музыканы тиімді

пайдаланудан көрінеді. Төл мәдениетті, соның ішінде музыкалық мәдениетті тасушы белгілі бір этностардың субъектісі тұрғысынан болашақ мұғалімдер деп қарастырылады [130-134].

*Транспериферинді тәсіл* ерекше мәдени-тарихи, экономикалық, әлеуметтік-саяси аясында дамитын әкімшілік-аумақтық бірлігіндегі мемлекеттік бөлінудің (аймақ, облыстар және т.б.) дербес құрылымын қарастырады. Д.Н.Замятинаның зерттеуіне сәйкес әрбір жергілікті кеңістік жаһандану мазмұнындағы өркениет немесе мәдениеттің қалыптасуы мен даму ерекшелігін анықтайтын ерекшеліктер, белгілер, ең жарық геокеңістіктік таңбалар жүйесі ретінде түсіндірілетін өзіндік геомәдениеттің бейнесін құрайды [135]. Біздің зерттеуде транспериферинді тәсіл дәстүрлі аспаптық және әндік шығарманы орындайтын аймақтық ұлттық музыкалық туындыларды (жетісулық, қаратаулық, аркалықтық, сырдариялық, батыс қазақстандық, маңғыстаулық, шығыс қазақстандық) топтастыруда қолданылады. Және осы топтамаларды болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамыту мақсатында білім беру жүйесінде пайдалану қарастырылады. Транспериферинді тәсіл қоғамдағы аймақтық мәдениетті байланыстыратын белгілі бер аймақтық мәдениеттің танымал жүйесін қарастырады. Транспериферинді тәсілді қолдану этностың тұтастығы мен оның болашақта даму жолын табиғи ұлттық музыка мен генетикалық байланысын түсінуге мүмкіндік жасайтын теориялық тұжырымдарды жүйелеуге мүмкіндік береді.

*Герменевтикалық тәсіл* - (М.Хайдеггер, В.Дильтей және т.б.) заманауи теория мен тәжірибенің сұранысына сәйкес болашақ мұғалімдердің интеллектуалды даму мүмкіндігін қарастыратын ұлттық музыканың өзгерісін зерттейді. Герменевтикалық тәсіл ұлттық музыкалық құндылықтың жүйесі тұрғысынан ұлттық музыкалық шығармашылықтың мазмұндық ойына енуінің мүмкіндігі болып табылады. Ұлттық музыка арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың мәнін зерттеудің герменевтикалық әдісі философиялық, эстетикалық, тарихи, этикалық ақпараттардың таңбалы-белгілерінің формасы аясында қорытындыланып белгіленген. Олар ерекше зерттеуді қажет ететін ерекше мәтіндерді ұсынады (өлең, аңыз, халықтың музыкалық шығармашылығы және т.б.) [136, 137].

*Диалогтық тәсіл* (А.Ухтомский және т.б.) басқалардың әсері мен өзара байланысының арқасында өзін тани алатын басқа музыкалық мәдениеттегі, тұлғалық-өкілеттің өзара байланысындағы белгілі бір ұлттық музыкалық мәдениеттің бірегей әлемдегі интеллектуалды дамуының құралдарын ашуға мүмкіндік береді. Өзінің «Мен» дегендігін меңгеру тұйықтық, бір жақтылықты еңсеруде басқа музыкалық мәдениет арасында диалог туындатады. Мұндай диалогтық кездесуде екі немесе көптеген музыкалық мәдениеттердің өзара дамуы пайда болады. Зерттеудің сараптамасы көрсеткендей, көп ұлтты мемлекетте әр түрлі музыкалық дәстүрдің өзара байланысы мен ұлттық музыканы тарихи дамыту қазақ халқының дүниетанымдағы жетекші ұстаным болып табылады. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан халқының музыкалық

дәстүріндегі диалогтың негізі болатын интеллектуалды дамытудың үдерісі этностың рухани бірлестігіндегі маңызын құрайды [138].

Студенттердің интеллектуалды дамуының мәдени аралық диалог жүргізу тәсілдерінің мәселелерін қарастыра отырып, құнды көзқарастарға тәрбиелеудегі музыкалық өнердің мүмкіндіктерін айқындауға болады [139].

Заманауи білім беру жүйесі өркениетке жету үшін мынадай ұстанымдарды жүзеге асыру қажет: өз халқының музыкалық мәдениетін қабылдай отырып бірлесе өмір сүріп жатқан халықтың да музыкалық мәдениетін қабылдау керек, содан кейін – әлемдік музыкалық мәдениетті түсіну үшін жартылай мәдени ойлардағы жартылай музыкалық білім берудің студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамыту негізінде құрылуы тиіс.

*Синергетикалық тәсіл* (И.Пригожин және т.б.) сыртқы және ішкі қалыптастырудағы күрделі иерархиялық ұйымға қатысты этностың ұлттық музыкалық мәдениетіндегі өзін-өзі басқару, өзінің күйін өзгертуге қабілеттілікті, тарихи динамиканы (кеңістіктік-уақыттық) қарастырады [140].

Күрделі жүйедегі ұлттық музыканы дербес ұйымдастыру – ішкі қабілет пен мүмкіндікті жүзеге асырудағы дербес басқару үдерісінің танылуы болып табылады. Дербестікті ұйымдастырудағы ұлттық музыкалық мәдениеттің күрделілі оның табиғатындағы екі жақты жүйесі дербес ұйымдастыруды құрайды: табиғи жүйедегі жалпы заңнамалықтың құрылымына бағыну, бір жағынан әлеуметтік, табиғи, тарихи факторлардан талап етіледі. Әрбір ұлттық музыкалық дамудың векторлары тұлғаны құраушы ұлттық музыкалық шығармашылықтың ділі субъективтілікті қалайтын ұлттық музыкалық мектептің бағыттылығы мен қызығушылығынан талап етіледі. Синергетиканың пайда болу негізіндегі күрделі динамикалық жүйені құрайтын ұлттық музыка дербестікті ұйымдастырушылығын қарастыруға мүмкіндік береді: ашықтық, сызықты еместік, тең дәлдік емес. Ашық жүйе тұрғысынан ол қоршаған орта мен дерек көздері, энергия ағынымен ақпарат мазмұнын алмасуға мүмкіндік береді. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін халықтың әлеуметтік тәжірибесіндегі халық музыкалық шығармашылығы тиімді пайдаланылмаса келесі ұрпаққа дұрыс берілмейді, жарты жолда жоғалып кетеді. Сызықтық емес бір күйден басқа күйге немесе ұлттық музыканың мазмұнының көп жақтылығы мен жүйеге көшудің қабілеті тұрғысынан қарастырылу мүмкін (мысалы, ұлттық музыкалық мәдениет – әлемдік адамзат игілігі). Ұлттық музыкалық шығармашылықтың тең дәлдіктік еместігі ашық жүйе ретінде оның нұсқаулары, құрамы, құрылымының өзгерісін анықтауға мүмкіндік береді.

*Тұтастық тәсіл* - (В.А.Сластенин және т.б.) адамның табиғи интеллектіндегі жүйелік тәсілдің дамуын ескере отырып оның өзара бірлескен ерекшелігі мен тұтастық құрамындағы күрделі динамикалық жүйесін құрайды. Зерттеуде мұндай тәсіл тұлғаның интеллектуалды дамытудың ойын білдіртен жоғары оқу орындарындағы ұлттық музыканы меңгеруге байланысты көп жақты танымдық үдерістер тұтас жүйедегі объективті және субъективті жақтардың ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуды қарастыруға мүмкіндік береді. Тұтастық тәсілдің мазмұнындағы ұлттық музыка

арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың мәселесін зерттеу тұлғалық пен кәсіби аспектілерінің бірлестігін қарастыруға мүмкіндік береді. Тұтастық тәсіл кәсіби даярлықты құрайтын ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуды қарастырады. Тұтастық тәсілдің функционалдықтан айырмашылығы интеллектуалды тұлғаның әлеуметтік және кәсіби аспектісіндегі ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуға байланысты көп жақты түсініктер мен жекелеген қызметтердің болмысын қарастырады [141].

*Кешенді тәсіл* тұтас мазмұны мен құрылымын талап ететін ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың ерекшелігін зерттеудегі жұмыстарын ұйымдастыру жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді. Осы тәсіл ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамуы үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруда бірқатар дидактикалық материалдар мен элективті курс бағдарламасындағы оқу мазмұнын кешенді құрастыруда өзінің көрінісін тапты.

*Пәндік-бағыттылық тәсіл* ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың сыртқы құрылымдық элементіне қатысты таңдау курстары, білім беру бағдарламаларының пәндік бағыттаушы және базалық оқу курсының білім беру және тәрбиелеу әлеуетін қолдануға мүмкіндік береді. Оқу материалдарының мазмұнын оңтайлы таңдауда ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың тиімді нәтижесіне жетуге көмектеседі.

Осы параграфта ұсынылған әдіснамалық тұғырлар жиынтығы ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделін құрастыруда жүйе құраушы және оны жүзеге асырудың механизмі болып табылады.

Қазақ ұлттық музыка арқылы студенттердің интеллектуалды дамытудың моделін жасамас бұрын, осы музыка жанрларының жіктемесін және олардың тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктерін айқындап алудың қажеттігін тудырады. Ол туралы келесі бөлімде жан-жақты баяндалады.



## 2 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ – СТУДЕНТТЕРДІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

### 2.1 Қазақ ұлттық музыкасының жіктелімі

*Қазақтың ұлттық музыкасы* ұлттық-дербес бейненің жарқын сапасын танытатын жоғары көркем ойларды білдіреді. Оның жанрлары сан алуан.

Жанр түсінігі (французша *genre*, латынша. *genus* - түр) өнердің барлық түрлерінде бар. «Музыкалық жанр» ұғымының көпжақтылығы мен ерекшелігі «музыкалық шығарманың түрлері мен қалыптасу тарихына, олардың қабылдауы мен өмірлік мәніне, қабылдауы мен орындау шарттарына, тәсілдеріне, сондай-ақ мазмұны мен формасының ерекшеліктеріне» қарай анықталады [142]. Музыкалық жанрдың мазмұны мен формасының шеңберінде кешендік мәнерлі құралдарды қолдану арқылы шығарманың объективті мазмұны беріледі.

Музыкалық жанр өзінің дамуында эволюцияға ұшырады. Музыкалық тілдік дамуы, халықтың музыкалық шығармасы мен кәсіби өнерінің бірлестігі, өзгеру жағдайындағы музыкалық шығармалар ескі жанрлардың түрленіп, жаңа туындылардың пайда болуына алып келді.

Музыкалық жанрдың мәні адамның өмірлік қажеттілігіне қатысты (өнердің аралас түрлерінен бөлінбеген кезеңде пайда болған музыка жанрының халықтық-тұрмыстық және тұрмыстық еңбектердің үдерістерінде, салт-дәстүрлік қызметте қолданды) және белгілі бір өмірлік-тұрмыстық қызметтерге жатпайтындар деп бөлінді.

60-70 жылдары музыкалық жанрдың мәселелерін Б.В.Асафьева зерттеді. Музыканың эстетикалық және әлеуметтік әлеуетін негіздеді. Л.А.Мазеля және В.А.Цуккерман [143, 144] еңбектерінде музыкалық жанрдың белгілі бір кешендік мазмұнға құрылатыны дәлелденді. Зерттеушілер музыкалық жанрдың алғашқы негізі (В.А.Цуккерман) ән мен күй, (С.С.Скребков) декламациондық – моторлық – ән айту десе, онда А.Н.Сохор оларға дыбыстық және әуендік өнердің аспабын қосады. Күрделі музыкалық жанрдың жіктелуі оның факторларын анықтауына байланысты біркелкі болмайды. Сондықтан музыкалық ғылымда музыкалық жанрдың жіктеліміне қатысты әртүрлі жүйелер қалыптасты. Олар негізгі сападағы факторларға қатысты қарастырылады. Мысалы, егер В.А.Цуккерман бірінші жоспарға типтік мазмұндағы жанрды анықтайтын мазмұндық факторды алға шығарса, онда А.Н.Сохор – анықтаушы фактор ретінде қоғамдық тұрмыстық, өмірлік музыка мен оның орындалу және қабылдау жағдайына қарай анықтаған. Орындау факторына қарай музыкалық шығарманы қабылдауда тыңдаушылардың белсенділігі – дене бітіміне дейін орындауға қатысады (қонақ асы дәстүрі) [145].

Қазақ әндері мен күйлерінің ең маңызды ерекшелігі студенттердің эмоционалдық қасиетін оятуы, яғни, бұл шығармашылық іс-әрекеттің қажетті шарты болып табылады. Қазақ музыкасы жастарды эстетикалық әсерге бөлеп,

рухани өрлеуге, сезімдеріне ықпал етіп, көңіл-күйлерін тудыруға мүмкіндік береді [146].

Кәсіби музыканы дамыту үшін кәсіби композиторлық музыкаға жататын халықтық ән-күй аспаптық жанры болатын бірден бір жанр, халықтың және ұлттың ритмі, типтік интонациясына бағытталған тұрмыстық музыкалық жанрларға ие болады.

Жіктеме түсінігі олардың жалпы белгілеріне қатысты бақылау немесе зерттеу объектілерін топтастыру деген мағынаны білдіреді. Құрастырылған жіктеменің нәтижесінде жіктеудің жүйесі құрылады (көбінесе оны жіктеудің үдерісі дейді).

Әр түрлі аспектідегі фольклорлық жанрдың жалпы жіктелуі филологиялық, тарихи және музыкалық әдебиеттерде көрсетілген.

XX ғасырдың этномузыкалық білімінің жіктелуіне қарай Е.В.Гиппиус жанр қоғамдық қызметтің әсерінен қалыптасады деген. Оның сөзінше, жанрды құрайтын үдеріс «қоғамдық қызметтің әсерінен құрылатын типтік құрылым» қызметі музыкалық фольклордың бейнесіндегі музыкалық-ақындық құрылымның тұрақтылығымен анықталады [147]. В.Я. Проппаның анықтамасы бойынша фольклорлық жанр музыкалық құрылым мен орындаушылық формасы, тұрмыстық мәні, ақындық жүйесінің бірлестігі, шығарманың жиынтығы болып табылады. Оның сөзінше, әрбір жіктеме белгілі бір белгіні жасау мен түрлерді ұсынатын анықтамаларға негізделеді (нақты немесе бір белгісінің жоқтығынан, бір белгінің әртүрлігімен, бір-бірінен алшақ тұруынан және т.б.) [148].

И.И.Земцовский әрбір жанрдың жүйесі «ұзақ тарихи дамудың нәтижесінде, кешеннің генетикалық өзара байланысы» ретінде және жаңа түсініктегі - «фольклорлық кешен» құрайтын кешендегі әлеуметтік-тарихи ортасы, тұрмыстық қызметі, мазмұны, музыкалық бейнесі, орындаушылық стилі мен тұрмыстық тәсілдері арқылы анықталады дейді [149].

Қазақтың ән шығармасындағы жанрдың қалыптасуы тарихи сұрақтармен ұштасуы терең зерттеуден бастау алады: ладолық құрылым [150] мен әуендерді өңдеудегі әннің сызбасын анықтау, тарихи заманнан бері біздің уақытқа дейінгі Жетісудің мәдени әндерінің ерекшеленуі, қазақтың вокалдық және ауыз екі шығармасындағы кантилентті және декламациондық тарихын анықтау [151], желдірме вокалдық жанрының термесі сипатталған [152, 153].

Қазақтың ұлттық музыкасының ерекшелігі әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, тарихи, географиялық өмірі мен халықтың тұрмыс жағдайына сай – көшпелі өмірлік бейнеден саяси қуғынға ұшыраған, территориялық бірлескен әсерде қалды. А.Досаеваның пікірінше, қазақтың музыкалық ойлауы «диалектикалық динамикаға қарағанда, метафизикалық жағдайға сай келеді, тарихи-философиялық көңіл күй, жоғары деңгейде болады» [154]. Ансамбльдік (аспаптық, хорлық) және қазақтың дәстүрлі би музыкалық ойлауының жетіспеушілігі дәстүрлі жеке орындаушылықты қалыптастырды.

*Жеке орындаушылық* қазақтың ауыз екі музыкалық орындауларының ең үздік жауһарларының бірі тұрғысынан, атап айтқанда күй, өлең, терме, айтыс

және т.б. шығармаларды орындаушылық ырғақтығы, жанрлық жүйесі, музыкалық тілдің дамуына әсер етуден осы уақытқа дейін жетті. Халықтың әншісі кешенді философиялық, көркем-эстетикалық және этикалық білімге, композиторлық, орындаушылық-өңдеулер мен тыңдаушылардың сыншылардың қабілеттеріне ие болған. Сондықтан ол жай ғана аспаптық орындаушысы ғана емес, қазақтың көркем мәдениетін тасушы және туындысын шығарушы болып табылады. Сол және басқа да шығармаларды орындау барысында болатын табиғи және өмірлік болмыстың жағдайында эмоциялар туындайды. *Суырып салмалық* күйші мен әншілердің шеберліктерінің бірі болып табылды. Олардың жекелеген шығармашылықтары тембрлік мәнерлік пен сызықтар, метро-ырғақтық кем кетістіктердің кендігімен ерекшеленді.

Сөз бен саздың өзара әрекеттестігінің жаңа қырының дамуы исламның келуімен байланысты болды. Оның өзіне тән ерекшелігі болып айтылу формасы, ойдың белгілі бір символдармен берілуі табылады. Құбылыс ашық айтылмай, оған теңеулер мен баламалар табуды ұсынды, осы тұрғыдан музыка жасырын ойды идеалды жеткізушіге айналды. Мәселен, «Домалатпай» күйі аңыз өрісінде өрбіген. Бұл аңызда Қазанғаптың домбырашы қызды айтысқа түсуге шақыруы, сол айтыста қыз ойнаған домбыра сазынан одан жауап ретінде өмірдің шыр айналымын елестетін күй орындауын сұрағандығы, осыдан Қазанғаптың орындауындағы «Домалатпай» күйінің шыққандығы айтылады. Мұнда өмірдің шыр айналымы, ондағы шексіз мұндар жасырын оймен беріледі.

Еспайдың «Екіндіде ел іздедім» күйі арқылы мынадай аңыз берілген. Еспай бірде көші-қон барысында өз адамдарынан адасып, оларды таба алмай қалады. Күй «екінді» (қараңғылық) белгісі арқылы – жалғыз қалған қарияның қиналысын, шынайы адамгершілік құндылықтары жойылып бара жатқан халқының жарық өмірінің жоқтығына күйінуді береді.

Өмірдің бостандығы күйлерде исламдық этика рухымен әр түрлі теңеулерге баланып беріледі. Оның ең жоғарғы баламасы Құрманғазының «Ақсақ киік» күйінде бейнеленеді. Мұнда адамдардың кәуһарсыз қиналысы және ыстық сезімдері аяғы жараланған киіктің қиналысымен теңестіріледі.

Халық жадында музыкалық аспаптардағы саздармен берілетін аңыз-әңгімелер көп сақталған. Мәселен, «Ақсақ құлан» күйінде «ұлы туралы суық хабар жеткізген адамның кеңірдегіне қорғасынды ерітіп құямын» - делінген хан әмірінен соң ешкімнің бата алмаған ісін домбыра орындайды. Домбырадағы мұнды әуендер арқылы ханға ұлының өлімі туралы суық хабар жеткізіледі. Домбыраның алдыңғы бетіндегі ойық осыдан қалған деседі.

Аңыздар мен мифтер арқылы біртіндеп қалыптасқан музыкалық шығармашылық эстетикасы музыканттар мен оларды қоршаған ортаның төл өнеріне қойған талаптарын айқындауға мүмкіндік береді. Күйшілердің адамдарды рухтандыратын, мұңын тыныштандыратын қабілеттері жоғары саналды. Олардың белгілі бір өмірлік жағдаяттарға күй арнауы, адамның жақсылығы мен даналығын немесе аңыздық адамдарды паш етуі, ақымақтықты, қорқақтықты, дүниеқорлықты сынауы басты ұстанымдары болды. Музыкант тамаша музыкалық жадыға ие болуы тиіс, өйткені олардан бір орындаған күйді немесе әнді жаттап алуы талап етілетін болған. Шығармашылық халық түсінігінде музыканттың белгілі бір іс-әрекетінің нәтижесі емес, оған алладан берілген дарындылықтың салдары саналды. Бұған жақсы музыкант болғың келсе жол айырылысына түнеу керек деген нанымдар дәлел болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әнші-сазгерлер жоғары мәртебеге ие болды, олардың арасында даңқы шыққандарды «сал» немесе «сері» деп атайды. Олар басқалардан киім киюіне қарай ғана емес, қоғамда өзін ұстау мәнерінің ерекшелігімен де айрықшаланды. Академик Ә.Марғұланның пікірінше қазақ салдарының репертуары «эпикалық жырлауымен ғана емес, сондай-ақ музыкалық-әртістік орындауларымен де, әзіл-қалжың ойындарымен де, кейде сиқыр-сынды киімдерімен де ерекшеленеді» [177]. Халықтың жадында көптеген сал, серілер сақталған. Солардың бірқатарына тоқталып өтейік.

XIX ғасырдағы қазақ музыкасының жарқын өкілдерінің бірі Біржан сал Қожағұлұлы. Ол қазақтың халықтық кәсіби арқа дәстүрлері әндерінің негізін салушы. Біржан стилі ақындық лебі мен халықты шақырушы негізге ие, концерттік, виртуоздық-жарқындық стиль саналады. Өйткені оның дауысын тірілей тыңдауға мүмкіндігі болған адамдар «Біржан ән салғанда оның дауысы он-он бес шақырым қашықтықтағы ауылға жететін және тау күңірінетін болған. Мұндай күшті де ұлы дауысты біз бұрын естімеген болатынбыз: кейде ол ақырын дауыспен ән салғанда аспан асты мен жер үстіндегі бар дүние діріл қағатын – жер мен тау қозғалатын, теңіз толқитын, тулайтын» деген болатын [178]. Оның өмірі мен шығармашылығы қазақтың опералық сахнасының маржанына айналған М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсының туындауына леп берді. Оның әндерінің арасында қыздардың сұлулығына тәнті болудан шығарылған «Ләйлім шырақ», «Айтпай» әндері ел арасында танымал болды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті қазақ әншілерінің бірі – Ақан сері. Оның көп қырлы шығармашылығындағы адал атына арнаған («Маңмаңгер», «Нұрила»); Жамал қызға ғашықтығы паш етілген («Сырымбет»); мұңды күйзеліс, тағдырдың құбылмалылығы туралы ойлар бейнеленген («Қараторғай»), жауапсыз махаббат жырланған («Мақпал», «Құлагер») және т.б. әндерінің орны үлкен.

Жаяу Мұса әндерінің идеялық мазмұны көп қырлы, оның шығармашылығында әйел-қыздың ауыр өмірінің, бостандыққа ұмтылулары, назақорлық мотивтерінің бейнелері сынақтық бақылаулар, сатира, табиғат суреттері арқылы берілген. Мұнда ғашықтық және азаматтық лирика, жоқтау, мысал үлгілері маңызды орынға ие. Оның әндеріндегі «Ақ сиса», «Хаулау», «Толғау» және т.б. әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікке қарсы күрес суреттеледі. Бірін-бірі сүйетін ғашықтардың лирикалық күйзелістері поэтикалық және образды түрде «Сұрша қыз», «Шолпан», «Сәулем қыздар», «Гауһар қыз» әндерінде, «Баянаул», «Жазғы күн», «Ұлытау», «Сарын» және т.б. әндерінде туған жер табиғаты жырланады.

Қазақтың әнші-композиторы Мұхит Мералиевтің әйел-қыздарға арнаған лирикалық әндері тұтас бір галереяны құрайды. Оның қартайған шағында жазылған «Зәуреш» әні барлық балаларынан және жалғыз сүйікті қызынан айырылған әкенің орасан қайғысы мен терең мұңын шағады. Оның кеңінен танымал болған «Айнамақ» әні лирика мен нәзіктікке толы – Мұхиттың сұлу да шыншыл көзді тамаша қызға арнаған алғашқы әндерінің бірі. Мұхит мектебі – бұл, жоғары поэтикалық мәтіндегі, тыныстың кеңдігін талап ететін мінсіз, эмоцияға толы, әсем әнді әдемі нәзік орындау стилі. Мұхит шығармашылығы әншілерге, оның Орал жағалауындағы замандастарына, сондай-ақ Батыс Қазақстандағы ізбасарларына көрсеткен өзіндік ықпалы.

Дарынды әнші-композитор Балуан Шолақтың шығармашылығы халық арасында кеңінен тараған. Оның «Ғалия» әні сүйіктісіне арналған, нәзік сезімдер жарқын махаббатты жырлайды, өзгеше әуенімен және лирикасының сабақтастығы тыңдаушысын өзіне баурап алады.

XIX ғасырдың соңындағы халықтық-кәсіби әндер орындаушылары арасындағы басты тұлғаның бірі, «Қарқаралы», «Шіркінай» тамаша әндерінің авторы - Мәди Бапиұлы. Оның күшті дауысты және виртуоздық вокалды шеберлікті талап ететін «Қаракесек» әні орындау жағынан күрделілігіне қарамастан кеңінен танымал болды. Бұл әнде қайғы мен қысымдылықты бастан кешірген, бостандықты аңсаған халықтың оны жеңуі айтылады. Мұның идеясы болып күшті еріктің барлық уақытта да біртіндеп күшейіп жеңіп шығатындығы табылады.

Халық арасында ерекше танымал қазақ әнші-композиторларының бірі, халықтың сүйіп тыңдайтын «Желдірме», «Шалқыма», «Алтыбасар», «Балдырған» және т.б. әндердің авторы Ыбырай Сандыбайұлы. Оның айрықша танымал әндерінің бірі «Гәкку» сүйікті қызы Хакимаға арналады, автор оның сұлулығын аққуға теңейді. Оның белгілі әндерінің бірі «Жиырма бес» жастық шақтың өткендігі, оның қайтып оралмайтындығы өзінің мұңы мен қайғысын

ала келген кәрілік туралы айтылады. Осы әндер қазіргі қазақ әндерін орындаушылардың репертуарында міндетті түрде айтылып жүр.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың дәстүрлі әндерінің тарихында Майра Шамсутдинованың шығармашылығы ерекше орынды иеленеді. Ол халықтың кәсіби әндерін орындаушы әншілер қатарында белгілі болды. Оның жайдары да өміршең әні «Майра» бүгінгі күнге дейін Қазақстанның барлық аймақтарында айтылып жүр. Бұл туынды жанры бойынша – авторды халыққа таныстыратын ән-автопортрет. Дейтұрғанмен мұнда оның қай руға, қай текке жататындығы айтылмайды. Бірінші кезекке оның әйелдік тартымдылығы, замандастарын жастықтың қадірін білуге, осы шақта ойнап-күлуге шақыруы қойылған. оның мотивтері әннің көтеріңкі, өміршең қалпын анықтайды. Мұндағы сөз қатарлары танымал қара өлеңге тән мотивтер ғана емес, қазақтың сал және серілерінің эстетикасының, «жырнамалық» өзгешелігінің, жастықтың және мерекенің символы.

Қазақтың халықтық музыкалық шығармашылығында азаматтық тақырыптарды қамтитын Абай әндерінің орны үлкен. Оларда ақынның халық өміріндегі орны мен әндері, әділетсіздікке қарсы күрес, рулық, қазақ әйелдерінің отбасындағы және қоғамдағы теңдігі жырланады. Абай әндері тұлғаның адамгершілік тұрғыдан жетілуін, өмірге дүниетанымдық көзқарасын, экологиялық проблемалар мен табиғаттың әсемдігін жырлайды. Оның әндік мұрасындағы айрықша орынды терең психологиямен, қарым-қатынастық күйзелістермен ерекшеленетін махаббат әндері иеленеді. Абай әндері қазақ халық әндерінің әуенімен және орыстың қалалық, тұрмыстық және классикалық романстардың әуендерінің түйіскен жерінде пайда болғанымен, олар шын мәніндегі ұлттық әндер. Олар қарапайым, жариялылық, қолжетімділік сипатқа ие. Бұл салада да Абай өзінің поэзиясындағы сияқты новатор. Шығыс елдері музыкасының білгірі В.М.Беляев «Қазақстанның музыкалық мәдениеті» мақаласында Абай әндері қазақтың жаңа әндерін тудыруға жол көрсетеді, мұндай стильді «қазақтың қалалық әндері» деуге болатындығын көрсетеді. Белгілі қазақ музыкатанушысы М.М.Ахметова бұл стиль «халықтық және кәсіби Қазақстан композиторларының шығармашылығындағы ұлттық бұқаралық әндер мен романстардың дамуына негіз болады» деп жазады. Абай әндері өшпес рухани құндылықты көрсете отырып, Абайдың көпқырлы музыкалық-көркемдік мұраларына жаңа нәр беріп, байытып және кеңейтіп жүрген Қазақстан композиторларының шығармашылығында жаңа мәнге ие болды.

Қазақтың халық шығармашылығының мазмұны мен педагогикалық мүмкіндіктерін талдау көрсеткеніндей оның орындауға жеңілділігі, қолжетімділігі, дүниетанымдық бағыты, шексіз адалдығы, көркемдік тұрғыда жетілдірілген формалары педагогикалық іс-әрекеттердің жан-жақты жүргізілуіне мүмкіндіктер береді. Қазақ халық музыкалық шығармашылығының педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру барысында мына мәселелерге көңіл аударған дұрыс: қазақ халық музыкалық шығармашылығы музыкалық, музыкалық-поэтикалық, ақпараттық сипатқа ие;



тұлғаның ұлттық руханилығын қалыптастыруға ықпал ете отырып адамдарды топтастырудың және олардың қарым-қатынас жасауының құралы бола алады; әлеуметтің өмір сүруін басқаруға септігін тигізе отырып нормативтік құндылыққа ие; сұлулықты жеткізудің құралы болуы себепті эстетикалық құндылыққа ие; туған жеріне сүйіспеншілікті, ұлттық мәдениетті, оның шығу тегін, дәстүрлерін мен әдет-ғұрыптарын көзінің қарашығындай сақтауды бейнелеу арқылы патриотизмге баулиды; ұлттық өзгешелікті бейнелейтін музыкалық құралдарының өзіндік жүйесіне ие.

Сонымен қазақ халық музыкалық шығармашылығының балалар мен жастарды тәрбиелеуде ескеруге қажетті бірқатар ерекшеліктері бар.

И.И.Земцовскийдің зерттеуіне сүйене отырып халық шығармашылығының мәні қосарланған құралдар арқылы көрініс табатынын атауға болады: дәсурлілік – заманауи; көпэлементтілік – бірэлементтілік, орындаушылық – шығармашылық және орындаушылық – жаңғыртушылық; әмбебаптық – ұлттық; спецификалық – типологиялық; жанрлар жүйесі – жанрлар спецификасы; анонимділік – авторлық; формулалық – суырып салмалық; ауызекі шығармашылық – көпнұсқалылық.

Осы ерекшеліктерге сипаттама бере кеткен жөн:

– көптеген халық әндері мен күйлері өмірлік талап-сұраныстардан, ерекше бір өмірлік және эстетикалық мақсаттардан туындайды, сонымен бірге жарық бір эмоционалдық жағдайларды суреттейді. Мәселен, бесік жыры бөбекті тербетеді және нәзіктік пен сүйіспеншілікті, мейірімді жеткізеді; маусымдық-әдет-ғұрыптық жырлар магиялық арбаулар мен қорғауларға негізделгенімен ашық-жарқын эмоциялармен беріледі; еңбек жырлары іс-әрекет ритміне ықпал ете отырып, көтеріңкі немесе қуанышты лептерге толы болады. Қазақ халық музыкалық шығармашылығының *функционалдылығы* болып әр түрлі жанрдағы интонациялық айтылу құрылымы анықталады, тіпті ән немесе күйдің өзінің функциясын жоғалтқан жағдайда да. Сондықтан да ән мен күйді қабылдау барысында оның тұрмыстық функциясы, сондай-ақ эмоционалдық-бейнелі мазмұны ескеріледі.

– қазақ халық музыкалық шығармашылығындағы *синкреттілік* айтылуының, поэтикалық мәтінінің, қимылының, мимикасының және т.б. бірлігін білдіреді.

– қазақ халық музыкалық шығармашылығындағы *ұжымдық* көбінесе туындының шығарылуында және оның мазмұнында, бәріне түсінікті қарым-қатынас құралы тұрғысынан әмбебап тілді пайдалануында пайда болады. М.А.Некрасованың пікірінше, «халық шығармашылығының образды тілі барлық халыққа түсінікті. Ал бұл болса, халық шығармашылығының жалпыадамзаттық мәнінен туындайтын планетарлығын көрсетеді. Ол бәрінен бұрын әр түрлі ұлттардың халық өнеріндегі мотивтерінің ұқсастығынан көрінеді...».

Халық әндері мен күйлері барлық уақытта тыңдармандардың бірге қатысуына, олардың қабылдауын жеңілдететін, оларды жақындастыратын эмоционалдық күйге лайықталып құрастырылады. Екінші жағынан автордың

тұлғалық *жекелігі* жоғары шеберлік, дәстүрлерді сақтау іскерлігі, қайталанбайтын стильдік сипатқа ие.

– қазақ халық музыкалық шығармашылығының *жазбаша еместігі* жұмбақталған екпіндер (интонациялар) мен ұлттық-өзгешелік дыбыстық кешендері сақталатын халықтың тума жадысының арқасында ауызекі шығармашылық дәстүрімен ауызба-ауыз ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуімен байланысты болды. Ал бұл болса, студенттердің халық музыкалық шығармашылығын қабылдауға арналған дауыс ырғақтық-есіту түсініктерін қалыптастыру үшін маңыздылығын көрсетеді.

5) Ән шығармашылығының *дәстүрлілігі* халықтың санасында жатталған ладоинтонациялық және ритмді интонациялық стереотиптерде байқалады. Белгілі фольклор зерттеушісі В.Е.Гусевтің «халық әндерінің барлық тарихи кезеңдерде заманауи болып табылатындығы оның сол дәуірде туғандығында емес, қаншама ғасырлар бұрын жасалғандығына қарамастан оны жас ұрпақтың жақсы қабылдауында екендігі фольклордың өзінің табиғи жаратылысынан» делінген сөздері тектен-текке айтылмаған болуы керек [179].

Студенттердің халық әндері мен аспаптық мәдениетін игеру барысында ғасырлар бойы сараланған музыкалық дауыс ырғақтары бекітіледі, музыкалық-екпінділік есітуін тәрбиелей отырып этномузыкалық ойлауы қалыптасады. Халық музыкалық шығармашылығының мазмұнын игеруі барысында студенттер оның мазмұны есебінен белгілі бір этностың әлеуметтік субъекті тұрғысынан өзінің ішкі дүниесін байыта түсуіне мүмкіндік алады.

Халық музыкалық шығармашылығы дүниені, ғарышты, табиғатты қабылдауда діни түсініктерге жақын ерекше дүниетанымдық көзқарасқа ие, Оларға рухтар, пір тұтушылар, құдай сенімдері тән (Тәңір, Ұмай және т.б.); ата-бабалар аруағына сенім; табиғат пірі, жер (Жер-ана), су, жан-жануарлар, аспан құбылыстары және т.б. Осы шығармашылықта адамның табиғатпен жыне оның құбылыстарымен жақындық сезімдері айқын көрініс табады. Ән шығармашылығының шығу тарихы ежелгі дәуірге саяды. Ол өмірдің тұтас қатпарларын бейнелеу тұрғысынан пайда болған және ежелгі магиялық-әдет-ғұрыптық негізге ие. Бастапқы ырғақтар арғы дүниемен байланыс құралы тұрғысынан (бақсылар сарыны, әдет-ғұрыптық әндер), күнтізбедегі ырымдар жиынтығы тұрғысынан пайда болды. Адамның табиғатпен байланысы әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді, олармен байланысты әндер мен күйлердің пайда болуына ықпал етті.

Әндер мен күйлер адамгершілік құндылықтардың, халық даналығының негізі болып, адамгершілік туралы, сұлулыққа тәрбиелеу туралы кітаптарды алмастырды. Олар «халықтың тұрмысы туралы мәліметтер тарихтың өзінен артық береді, адамгершілік өлшемдерін түсіндіреді, адами әрекеттерін тексереді, оның рухани айнасы бола алады» [180].

Халықтың әндері мен күйлері өзіне бұқара адамдардың *сезімдік-эмоционалдық күйлерін жинақтайды, яғни ғасырлар елегінен өткен және әдетке айналған, өзіндік сипатқа ие қоршаған табиғатқа және өмірге эмоционалдық қатынасты білдіреді.* Халық музыкасының көркемдік

ықпалының ерекше күші жастардың белгілі бір көңіл күй сезімдерін оята отырып, көңілін көтеруге ықпал етеді.

Сонымен бірге қазақ халық музыкалық шығармашылығының *эмоционалдық әсерлілігі олардың білімін жетілдіруге ықпалы басым танымдық мүмкіндіктерінің жоғарылығын* жоққа шығармайды. Қазақ халық музыкалық шығармашылығын меңгеру үдерісінде студенттер халық композиторларының дүниетанымымен және әлеуметтік-тарихи процестің жалпы заңдылықтарындағы жеке стилистикалық дәстүрлерді жасауымен байланысты анықталатын «ұлттық стиль» ұғымын игереді, халық музыкасының ритм, тембр, динамика, метр сияқты халық музыкасының мәнерлеу құралдарының мәнін түсінеді, олардың арасында мелодияның адам сөзін, өкінішін, үндеуін, наразылығын екпін арқылы беретіндігін ұғынады; қазақ музыкасының жанрлық жүйесінің спецификасын айқындайды; халық музыкалық шығармашылығын халықтың философиялық, діни, адамгершілік *көзқарастары тұрғысынан талдайды*.

Халық музыкалық шығармашылығының ерекшеліктері көбінесе қоршаған табиғат сипатымен ерекшеленеді: әннің күшті, қатты дауысы, ән дауысының келесі ауылға жетуі мүмкін болатындай жоғары ноталар барынша кеңінен қолдануы; лирикалық әндердің созылмалылығы, әндетілуі шексіз далалармен, кең өзендермен және т.б. байланыстылығын, ат жарыстарының ритмі көшпенділер өмірінің жауларымен шайқасуын білдіреді.

Халық музыкалық шығармашылығын тудыру үдерісінде студенттердің халық музыкасы құндылықтары туралы ұғымдарды жете түсіну жиынтығы *тұрғысындағы музыкалық санасы, музыкалық ойлауы қалыптасады*. Бұл түсініктер белгілі бір талдаулар формасында көрініс табады және дүниеге, өзіне жеке қатынастарын бейнелейді. Осы арқылы музыкалық ойлау мен студенттердің халық музыкасын меңгеру барысындағы қалыптасатын дүниетанымымен, адамгершілік қасиеттерімен байланысы байқалады.

Әндер мен күйлердің көркемдік құралдарын үйрене отырып студенттер оның шартты тілін түсінуге және мазмұнын толық *қабылдауға үйренеді*. Олар халықтың музыкалық өнері туындыларын толық қабылдай отырып, белгілі бір дәрежеде өнер тудырушылар саналады – *естігенін ойша толықтыра және байыта отырып, өзінің қиялын шыңдай түседі*. Яғни әндер мен күйлер *қабылдау дағдыларын* қалыптастырады. Сонымен бірге халық музыкалық шығармашылығын қабылдау студенттердің әрбірінің бойында бар *музыкалық қабілеттерін аша түседі, оларды шығармашылыққа баулиды*.

Өз кезегінде өзінің халқының музыкалық шығармашылығы туындыларын қабылдау студенттерге басқа халықтар этномәдениеті үлгілерін жан-жақты және терең түсінуге, толғанып, *түйсіну қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді*. Өйткені халық музыкасын меңгеру әлемдік музыкалық мәдениетті түсіну мен қабылдаудың маңызды шарты болып табылатын *сұлулыққа қызығушылықты, қажеттілікті дамытады*.

Халық музыкалық шығармашылығының қиялды дамытуда рөлі орасан, бұл көркемдік образдар арқылы өмірді бейнелеуі себепті, студенттерді музыкадағы

мәнерлілікті жете түсінуін талап ете отырып *олардың ақыл-ойларын белсендіреді.* Музыкалық талғамды қалыптастырудағы этномәдениеттің мүмкіндіктері болып, студенттердің оны игеру барсындағы *сезімдік-саналық қабылдау қабілеттерінің пайда болуы табылады.* Студенттің халық музыкасының құндылықтарын білуге деген белсенді ұмтылысынан қалыптасқан талғамы музыкалық-эстетикалық қабылдаудағы белгілі бір жүйелілікті түзеді және халық музыкасына тән қасиеттерді біріктіруге қабілеттілігі тұрғысынан идеал, сезімдер, көзқарастар, қабілеттіліктер, қажеттіліктері пайда болады.

Студенттердің музыкалық талғамдарымен халық музыкалық шығармашылығы арқылы қалыптасатын олардың идеалы тығыз өзара байланыста болады. Шығармашылықтың негізгі кейіпкері адам болып табылады. Ол арқылы халық композиторлары адамгершілік құндылықтарды анықтайды, ішкі дүниенің байлығын, рухани және физикалық бейненің сұлулығын ашады. Кемелденген адам бейнесінің идеалы халық өнерінде көркем образдар арқылы беріледі. Сұлу адам туралы эстетикалық түсініктердің үлгісі болып Құрманғазының «Сырым-сазы», «Саранжап» күйлерінде, Махамбеттің «Қайран Нарын» күйінде көрнекті қолбасшылардың бейнелерінің берілуі мысал бола алады. Сол сияқты «Алпамыс», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» және т.б. эпикалық жырларда басты кейіпкерлер жауларымен күресте барлық қиындықтарды жеңе алған батырлар образдары арқылы беріледі.

Жоғарыда айтылып өткендер халық музыкасының студенттерді интеллектуалды дамытудың маңызды құралы болып табылатындығын көрсетеді. Өйткені, алдыңғы тарауда баяндалып өткендей тұлғаның интеллектуалды дамуы оның психикалық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, ойлау, зейін) дамуынан талап етіледі. Осы психикалық үдерістердің дамуына ұлттық музыка құралдары тікелей ықпал етеді. Олай дейтініміз, *адам музыканы, соның ішінде ұлттық музыканы оған эмоционалдық қатынасы негізінде қабылдайды, сезінеді, ой елегінен өткізеді, есінде сақтайды, зейіні ауады. Ал бұл болса, оның адамгершілік тұлғалық қасиеттерінің дамуына, ақыл-ойының өсуіне, интеллектуалды дамуына алып келеді.*

Сонымен ұлттық музыканың тарихи-элеуметтік-мәдени тереңдігі, халық философиясына бай мазмұны, эмоционалдық, эстетикалық әсерлілігі тұлғаның

- *танымдық білімін жетілдіреді,*
- *халықтың философиялық, діни, адамгершілік көзқарастарын талдауға мүмкіндік жасайды,*
- *музыкалық санасын, музыкалық ойлауын қалыптастырады,*
- *музыканың шартты тілін түсінуге және мазмұнын толық қабылдауын дамытады,*
- *естігенін ойша толықтыра және байыта отырып, өзінің қиялын шыңдай түседі,*
- *музыкалық қабілеттерін аша түседі, оларды шығармашылыққа баулиды,*
- *сұлулыққа қызығушылықты, қажеттілікті дамытады.*

- олардың ақыл-ойларын белсендіреді,
- сезімдік-саналық қабылдау қабілеттерін арттырады. Осының бәрі оның интеллектуалды тұрғыдан дамуына негіз болады.

Жоғары оқу орындары педагогтардың міндеті болып халықтың музыкалық шығармашылығының тәрбиелік әлеуетін жете түсіну, ең озық дәстүрлерін сақтау және дамыту саналады. Студенттерге өзінің рухани құндылықтарға деген оң қатынасын сезіндіре білуі қажет. Сонда олар өз кезегінде оны жас ұрпаққа бере алады.

Бұған халықтың музыкалық шығармашылығына баулу процесінде қол жеткізуге болады. Осы үдеріс арнайы пәндерде, әр түрлі оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде жүзеге асырылатын жүйелі сипатқа ие. Осы айтылған мүмкіндіктерді педагогикалық жоғары оқу орнының үдерісінде тиімді жүзеге асыру үшін, ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделін жасау қажеттігі туындайды. Ол туралы келесі параграфта баяндалады.

### **2.3 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың моделі**

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әлеуметтік маңызы мен мәселенің күрделілігі тәжірибелік оқыту мен заманауи дидактиканың маңызы болып табылады. Жоғары оқу орындарында оқыту үдерісі болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінің негізін қалыптастырады. Ұлттық музыка арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуды жүйелілікпен тиімді жүзеге асыру үшін оның моделін құру қажеттігі туындайды.

*Модель* –1) үлгі, 2) пән (объект мағынасында), 3) елестету құрылымының жүйесі, 4) әрбір элементтер арасындағы өзара байланыстың графикалық бейнесі түсінігін береді. Философиялық сөздікте модель бізді қызықтыратын ақпаратты алудағы үдерісті жеңілдетуге ықпал етеді және зерттеліп жатқан объектінің элементтері арасындағы байланыс пен қатынасын, құрамын, құрылымдық түрлерін қарапайым, кішірейтілген формада бейнелейтін жүйе немесе әрбір объектінің сызбасын, суретін көрсету деп анықталады [181].

Ғылымда модельдер түсінігі осы объект туралы жаңа ақпаратты зерттеуді бейнелеп беру қабілеті мен зерттеудегі объектіні қабылдау және бейнелеудегі материалдық жүйені ұсынатын ой болып табылады. Егер В.В.Сергеева модельді қызметтің соңғы нәтижесіндегі стратегиялық бейне ретінде анықтаса [182], онда Е.С.Рапацев басқа жүйедегі ақпаратты алудың құралы тұрғысынан деп қарастырады. Модельдер материалдық және идеялық (ойша) болып бөлінеді. Ойша модельдеу модельденетін объектінің белгілі бір бағытын бейнелеу мен көзқарастарды елестету болып табылады [183].

Шығармашылық модель белгілі бір құрылымды сипаттайтын элементтер арасындағы нақты байланысты көрсетеді. Жалпыға ортақ модель материалдық объектілерді формаламен немесе белгілермен, бейнелейді. Алдымен әрбір объектімен жұмыс істеу үшін адам модельді ойша жоспарлау керек. Психологиялық модель жасанды немесе табиғи операциялық кешеннің

белгілік сызбасын қамтиды [184]. Бейнелі-кеңістіктік және белгілік элементтердің өзара байланысы шығармашылықтың әртүрлі психологиясын қарастырады.

Педагогикада болашақ мамандарды даярлау мәселесін зерттеуде оқу-кәсіби және кәсіби-іс-әрекеттік моделі; кәсіби даярлау моделі кеңінен қолданылады.

Кәсіби даярлық пен болашақ маманның кәсіби даярлығының көп жақтылығы мен тереңдігі белгілі бір объектінің ерекше бейнесін ұсынады. Осындай модель бір жағынан біліктілік ерекшелігін (маманның тұлғалық сапасы мен білімін, қабілетін талап етеді), екінші жағынан – оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын (тұлғаның білім жүйесінің қалыптасуын қамтамасыз ететін кәсібилігінің сапасын жақсарту қабілетін, дағдысын, кешенді оқу міндеттері мен оқу ақпараттарының мазмұнын) қамтиды.

Қазіргі таңда модельдеу танымның және түрлендірудің әдісі ретінде кеңінен қолданылады. Бұл ғылыми зерттеудің бір тәсілі тұрғысынан жаңа әдістерді ашуға мүмкіндік береді.

Жаңа әдісті енгізудің қажеттілігі жаңа шығармашылық субъектіні қалыптастыру барысындағы үдерістер мен шынайы шарттарды құрылымдау ерекшелігіндегі ойлау түрлерінің міндетінен туындайды. Ал бұл болса, педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың міндетіне сәйкес құралдар мен шарттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық үдерісті модельдеу мәселесін С.И.Архангельский, Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько және т.б. қарастырған. Онда модельдеудің жалпы тәсілін көрсететін педагогикадағы модельдеу әдістеріне қажетті дәлелдемелер мен негіздемелер қолданылады [185-187].

Модельдеу оның қызметінен тыс және ішкі жүйедегі объектінің тұтас өзара байланысындағы кешенді білім беруді қарастыра отырып жоғары абстракциялық үдерістің күрделі құрамын ұсынуға мүмкіндік береді. Ұйымдастыру моделі оларды басқаруға мүмкіндік беретін іс-әрекеттің базалық үдерісіне мақсатты бағытталады.

Біздің жасаған модель педагогикалық жоғары оқу орындарында біртұтас педагогикалық үдерістегі мамандарды даярлауды жүзеге асыруда оларды қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту шарттарын қамтамасыз ете отырып, болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін жанарту мен жақсартуға мүмкіндік береді (сурет 4). Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейіндегі білім алушы осы үдеріске қатыса отырып интеллектуалды дамудың жоғары деңгейіне жетеді. Субъектінің іс-әрекетінің біртұтастығын және танымдық қызметін ынталандыру нәтижесі мен интеллектуалды дамуының жоғары деңгейі көрсететін педагогикалық үдеріс болып табылады. Педагогикалық үдерістің біртұтастығы үйлесімділіктегі өзара байланыс пен оның кешенді құрамындағы бірыңғай ішкі құрылым болып саналады.

Біздің зерттеуіміз үшін В.М.Монаховтың «біртұтастық пен бірлестік, біртұтас үдерісте дамыту мен тәрбиелеу, оқытудың бірлігі» туралы анықтамасы маңызды болып табылады. Педагогикалық үдеріс уақыт және кеңістік аясында әр түрлі дамуы кезеңінің сатыларынан өтеді. Ол динамикалық заңдылыққа; тұлғаның дамуына; ынталандыруына; сезімдік, логикалық және тәжірибелік бірыңғайлыққа; педагогикалық және танымдық іс-әрекеттің бірлестігіне; өзара шарттылыққа (қажеттілік-мүмкіндік-шарттар) ие [188]. Яғни, В.М.Монахов педагогикалық үдерістегі оқыту, тәрбиелеу, дамыту бағытын білім алушының (субъект пен объект) барлық іс-әрекетінің жиынтығымен анықтайды.

Біз жасаған модель педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту үдерісіндегі жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуға қажетті модельдеу үдерісінің шарттары әдістемелік негіздегі зерттеу үдерісін анықтау болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың теориялық-әдіснамалық тұғырлары: аксиологиялық – жекелеген тұлғаның интеллектуалды дамуындағы жалпы адами және этномәдени құндылықтардың рөлін бейнелейді; антропологиялық – болашақ мұғалімнің кәсіби білім берудегі жекелеген тәсілдің сапасын анықтау мен болашақ мұғалімнің ішкі тұлғалық ерекшелігіндегі жүйе құраушы тұрғысынан қарастырылады; әлеуметтік мәдени – тұтас қоғамдағы және әрбір адамның өміріндегі ұлттық музыканың мәні мен орнын анықтайды. Бұл туралы 1.3 параграфында толық айтқан болатынбыз.

Зерттеліп жатқан модельдеудегі жалпы әдіснамалық негізге жүйелік және синергетикалық тәсіл қолданылады.

*Жүйелік тәсіл* педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту үдерісін қарастыру қажеттігіне бағытталады жүйенің қалыптасуы мен болашақ мұғалімдердің жалпы кәсіби мәдениетін, адамгершілік-рухани, интеллектуалдық, әдістемелік, коммуникативтік, орындаушылық, технологиялық мәдениетін дамыту болып табылады. Бұл бір жағынан, зерттеліп жатқан объектінің тұтастығын білдірсе, екінші жағынан – оның кешенін құрайтын динамикалық өзгерісі мен өзара байланысын құрайды. Осы тәсілдің көзқарасы бойынша қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту құрылымдық және іс-әрекеттік кешеннің жиынтығын ұсынады. Мұндай кешендер тұтас интеллектуалды даму үдерісінің мәнін көрсету мен бір-бірімен өзара тәуелділік және өзара байланысының кешенін құрайды.

Синергетикалық тәсіл қарама-қарсы туындайтын мәселенің шешімін табу үшін ішкі және сыртқы ұсыныстардың белгілі бір қажеттілігіндегі үздіксіз үдерістің педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың мүмкіндіктерін қарастырады.

Болашақ мұғалімдердің күнделікті өміріне бағытталатын құндылықты қолдануда оларды тану, меңгеру, қабылдаулары арқылы болашақ мұғалімдердің мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және ұлттық музыканың мәдениетіндегі құндылықты білімді ұсынатын мәдени шығармашылық, мәдениет жасампаздық дамуының тәжірибесін меңгереді. Осыған байланысты, бүгінгі күні енгізген оқу пәнінің мәдени ақпаратын меңгеріп қана қоюды шектеуге болмайды, мәдени білімді көтеру қажет.

Жоғарыда көрсетілген құрылымдардағы педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың модельдік процесінде кәсіби білімнің *мәдени парадигмасына* негізделген.

Мәдени бейнедегі білім берудің принципі мен мәні Н.Б.Крылов, В.И.Слободчикова және т.б. еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [189, 190]. *Мәдени бейне* түсінігінде олардың өзара байланысындағы ұлттық және жалпы адами құндылықтарды бейнелейтін білім беру құралдарының қабілеті; жаңа туындыларды және дәстүрлі мәдени бейнелерді құру; ұлттық музыканың мазмұнын, ұлттық музыканың мәдени құндылығын студенттер бойына сіңіру болып табылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіби білім берудің мәдени бейнесінің *мазмұны* қамтамасыз етіледі: әр түрлі музыкалық мәдениеттің ерекшелігіндегі білімнің қатысы (ұлттық және әлемдік музыкалық мәдениет, классикалық және заманауи музыкалық мәдениет және т.б.); мәдени-тарихи мазмұнның дәуірін қатыстыра отырып кәсіби композиторлық шығармашылықтың ұлттық дерек көздеріне жүгінуі және бүгінгі күндегі музыкалық мәдениеттің ортақтастығы, адамгершілік, рухани құндылығына бағытталады.

Мәдени бейнедегі білім беру іс-әрекетінің мәніне жатқызуға болады: ұлттық музыкалық мәдениеттің негізгі құндылығын меңгеру, ұлттық музыкалық мәдениеттің тілін меңгеру, психологиялық шиеленісін түсіну, өзінің біліміне сенімсіздік (қабілетіне), ұлттық музыканың әлеуметтік мәнін түсіну, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асырудың құралдарын меңгеру.

Педагогикалық зерттеудің әдістемесі модельденетін объектінің құрылымын ұсынады. В.В.Краевский, В.А.Сластенин және т.б. ғалымдар мақсаттық, мазмұндық және процесік элементтер педагогикалық модельдің тұтастығын бейнелейді деген ойға келген [191, 194].

Осыған байланысты педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделіне мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық, өлшемдік және нәтижелілік элементтер қатысады.

Модельдің *мақсаттық* элемент білім беру саласындағы тұлғаның сұранысына және кәсіби мұғалімнің музыкасының талабын ескере отырып құрастырылады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың мақсаты студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзін-өзі интеллектуалды дамыту,



өзін-өзі білімдендіру қажеттілігін дамыту, студенттің тұлғалық шығармашылығындағы қабілетін ашу, рефлексиясын дамыту, ішкі ынтаның пайда болуындағы әртүрлі деңгейлердегі студенттердің жетістікке жету жолын анықтау болып табылады.

Жобаланатын модельдің мазмұны педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың мынадай принциптерін ұстанады:

- тұлғалық мазмұн мен саналық қызметтің принципі;

- тұлғаның өзін-өзі іштей бағалауына жүгінуге ынталандыру, субъектілі бақылаудың принципі;

- эмоционалды, интеллектуалды, еріктік бағытқа ие болатын өзін-өзі ынталандырудың пайда болуы үшін жағдай жасау, тұлғалық мәнінің іс-әрекетіндегі принципі;

- адамның танымдық мәнін түсіну, өзінің өмірлік тәжірибесіне жүгіну қажет екендігін анықтайтын витегенді білім беру принципі.

Осының барлығы тұлғалық ойдың пайда болуына мүмкіндік жасайды. Осындай принципті жүзеге асыру үшін әртүрлі әдістер қолданылады (диалог, іскерлік ойындар мен «шығармашылық тапсырмалар» және т.б.). Олар студенттердің интеллектуалды дамуы үшін ұлттық музыкалық білім беру үдерісін меңгеруде өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Мұндай әдіс ұлттық музыка арқылы интеллектуалды даму үдерісіндегі тұлғаның мәнін ескере отырып тұлға рефлексиялық, шығармашылық тәжірибе алатынына сенімді.

Модельдің *мазмұндық* элементі педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың талаптарына жауап беретін білімнің мазмұнын құрайды. Мемлекеттік стандарттағы мазмұн тұлғаның өзін-өзі интеллектуалды жетілдірудің бастапқы дейгейін қамтиды. Музыкалық-педагогикалық білім берудің мазмұндық элементі педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың қабілетіндегі когнитивті, жылдамдық, эмоционалды, эстетикалық және шығармашылық ерекшеліктердің құндылығын бейнелейді. Музыкалық білім берудің мазмұны рационалды және рационалды емес категорияны қамтиды. Рационалды жалпы педагогикалық негізді құрайтын музыкалық оқытудың принципі мен заңнамалығын анықтайды. Рационалды емес санадан тыс және әрдайым логикалық көзқарас бойынша түсінік беруге қиындық тудыртады. Рационалды емес музыкалық педагогика (интуициялық, рухтану, нұрға бөлену) әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Сонымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың мазмұндық категориясы адамның қабылдау көзқарасындағы қызығушылықты туындатады. Ол музыкалық шығармашылықтың мәнін анықтайды және педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту үдерісіне ықпал етеді.

Мазмұндық блоктың тікелей жалғасы және оның қосымша мазмұнын құрайды. Тиісті тұлғалық білім берудің бағыттылық тұжырымдамасы ұсынылатын құралдардың үздіксіз байланысын қамтиды. Мазмұн үдерістен тыс жүзеге асырылмайды. Мазмұндық кешен басыңқы ретінде анықталады, алайда мақсаттық және іс-әрекеттің қатысуынсыз іске асуы мүмкін емес.

Жобаланатын модельде педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың негізгі бағытына мән беру қажет, ол дегеніміз оларды жүзеге асыру үшін педагогикалық шарттарға сүйену керектігін білдіреді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың негізгі бағыттылығы келесі тұлғалық қызметті анықтау үшін қажет: *ынталандырушылық* (көркем бейненің өзіндік көзқарасындағы ұлттық музыкалық шығармашылықтың жұмысындағы мүмкіндігін құру, өзін-өзі интеллектуалды дамытудағы ұлттық музыкалық шығарманы меңгерудегі ішкі ынтаның пайда болу қабілеті); *рефлексивтік* (өзінің психологиялық және шығармашылық қабілетін, өзіне деген сенімділігінің пайда болуына көмектесу, әлеуметтік мәнін түсінуге көмектесу, өзін-өзі қадірлеуді, өзін-өзі бағалауын көтеруге талпындыру); *шығармашылық-түрлендірушілік* (бастапқы музыкалық шығармамен танысу қызметіндегі кез-келген тұлғаның мәнін шығармашылық танылуына мүмкіндік жасау (композиторлық, стильдік дәуірді құру), музыкалық бейне мен орындаушылық техникада жұмыс істеу және көркем бейнені құрудан түсіндіруге дейін жеткізу); *рухани тіршіліктің деңгейін қамтамасыз ету* (тұлғаның өзіндік сұранысына сәйкес жүзеге асыру).

Музыкалық-теориялық білімнің мазмұны тұлғаның интеллектуалдық қабілетінің туындауы мен қалыптасу мүмкіндігі болып табылады. Арнайы білім беру тұлғаның интеллектуалды дамуына мүмкіндік беретін ұлттық музыка құралдары арқылы жағдай жасау қажет.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделі үш кезеңді қамтиды: базалық, дамытушылық, шығармашылық.


*Базалық* - осы кезеңнің мақсаты ынталандырушылық және когнитивті кешеннің дамуы болып табылады. Оның мақсаты болып тұлғаның интеллектуалды дамуындағы ұлттық музыканың құндылығы мен ынтасын түсіну табылады. Интеллектіні дамыту үшін ұлттық музыканың құндылығын түсінудің, ұлттық музыканы меңгерудегі орындаушылық іс-әрекетті, музыкалық-педагогикаға қызығушылықты арттырудың қажеттілігі артады. Интеллектуалды дамудың көрсеткішінде студенттердің келесі жоғары дейгейлік іс-әрекетке өту үшін қажетті жағдай болып табылатын репродуктивті іс-әрекеті негізге алынады. Репродуктивті оқу іс-әрекеті студенттің бағдарламаларына, өлшемдерге, қабілетіне сәйкес тапсырмаларды жүзеге асырады.

Яғни, студент оның алған білімі, қабілеті мен іс-әрекетіндегі тәсілін қолданады, алайда өзгеріп жатқан жағдайға бейімделе алмайды. Бізді олардың

музыкалық-педагогикалық іс-әрекеттегі ұлттық музыканың құндылығын түсінуі, интеллектуалды дамудың қажеттілігін ұғынуы және ұлттық музыкаға деген қызығушылығының пайда болуы қызықтырады.

*Дамытушылық кезеңнің мақсаты* когнитивті, эмоционалды-ерікті, жылдамдық-іс-әрекеттің кешенді дамуы болып табылады. Оның міндеттері: студенттердің ұлттық музыканы меңгеру қажеттілігін түсіндіру; музыкалық-орындаушылық байланысты жүзеге асыру; оны тиімді іске асырудың құралдары мен әдістерін анықтау; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту мәнін ұғындыру, білімін қалыптастыру. Осы кезеңде аксиологиялық, зерттеушілік, рефлексивті іс-әрекет жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде студент қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың әдіснамалық білімін меңгереді, оның ұстанымдарымен танысады, интеллектуалды дамудың мәнін, оны жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын меңгереді. Студенттерде ұлттық стиль туралы білім қалыптастырады, ұлттық музыкалық мәнерлеу құралдарын дамыта қолдану іскерліктерін дамытады; интеллектуалды даму деңгейін бағалауын қалыптастырады, рефлексивті қабілетін дамытады. Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы материалдарымен жеке жұмыс істеуге ынталандырады. Осы кезеңде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының көрсеткіштері қатарында мыналарды атауға болады: студенттер өзінің алдына мақсат қоя алады, өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі дамытудың жолдары арқылы жетістікке жету үшін әдістер мен тәсілдерді таба алады. Оқу, түсіну, проблемалық-ізденістік зерттеу негізінде өзінің іс-әрекетіндегі аралық және соңғы нәтижесін бағалау қабілетін қалыптастыру қажет.

*Шығармашылық кезең.* Осы кезеңнің мақсаты болып рефлексивті, жылдамдық-іс-әрекеттік, эмоционалды-еріктік, когнитивті, ынталандырушылық кешенді біріктіру мен дамыту табылады. Олардың міндеттеріне қазақ ұлттық музыкасын меңгерудегі шығармашылық іс-әрекетін түрлендіру қабілеті мен мүмкіндігін дамыту; зерттеушілік, саналық бейнелік, рефлексивті іс-әрекетті жүзеге асыру кіреді. Студенттер қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды даму тәжірибесін, іс-әрекетін меңгереді, мүмкіндігі мен қабілетін дамытады, қажетті базалық білімін бекітеді.



Сурет 4 – Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының моделі

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың *қорытынды кезеңі* болашақ мұғалімдердің жеке іс-әрекетіне тиісті тәжірибесін қалыптастыру жүзеге асырылады. Осы кезең жұмысы кәсіби-мәнді тұлғалық сапаларды қалыптастыруға бағытталады. Мұнда оқытушы негізінен бақылаушылық қызмет атқарады, ал студент оқу іс-әрекетінің жоғары формасы болып табылатын өзіндік жұмысты іске асырады. Егер студенттің өз іс-әрекетін дұрыс бағдарлай алатын қабілеті қалыптасса, онда ол өзінің қызметін өзгерте отырып талап етілген тиісті нәтижеге қол жеткізе алады. Ал бұл болса, оның интеллектуалды дамуының көрсеткішін көрсетеді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың барлық құрылымдық кешені тұтас педагогикалық үдерісте кезең-кезеңімен қалыптасады. Алайда, осы әрбір кезеңнің үдерісі басым мақсаттар мен міндеттердің қызметіндегі ынтаны түсіну, алдымен ынталандыру кешеніне бағытталады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделін жасау үшін тұлғалық-бағдарлық білім беру кеңістігін құру қажет.

Өйткені, студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту үдерісі олардың кәсіби даярлығын жүзеге асырумен қатар жүреді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың деңгейі біздің көрсеткен белгілер арқылы жүзеге асады. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамуының көрсеткіштері қатарында төмендегілер қамтылады:

- студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуын қажетсінуі, қызығушылығының, ынтасының болуы (*қажеттілік-ынталандырушылық компонент*);

- болашақ кәсіби іс-әрекетте қазақ ұлттық музыкасын тұлғаны интеллектуалды дамыту мақсатында қолдануға білімінің болуы (*когнитивтік компонент*);

- мақсатқа жетудің дербестігі мен табандылығы (*эмоционалды-құндылықтық компонент*);

- тұлғаны интеллектуалды дамытуда қазақ ұлттық музыкасының әлеуетін пайдалану қабілеті, қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуын өзін-өзі бағалауы, өзінің іс-әрекетіне талдау жасау деңгейі (*іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент*).

Болашақ музыка пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті мен біліктілік ерекшелігіне қойылатын білім беру бағдарламаларының талаптарын ескере отырып әрбір компонентті қарастыруда қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімнің интеллектуалды дамуының өлшемдерін, көрсеткіші мен деңгейін анықтаймыз.

*Қажеттілік-ынталандырушылық компонент* мұғалімді қазақ ұлттық музыка саласындағы іс-әрекетке ынталандыруды, кәсіби-педагогикалық және

танымдық бағыттағы әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық бағыттағы дамуға қызығушылығын арттыруды қамтиды. Ынта – бір жағынан адамның мінез-құлқы анықтайтын факторы (қажеттілік, ынта, мақсат, ниет), екінші жағынан – белгілі бір деңгейдегі мінез-құлықты ынталандыратын белсенді үдеріс. Осыдан, іс-әрекетті ынталандыру оның тиімділігі мен ерекшелігінен талап етіледі. Ынта оның тұлғалық мақсатын анықтауға арналған іс-әрекетке бағытталады және оның түркісі болады, ал ынтадағы түркі болатын дерек көзі қажеттілік болып табылады.

Болашақ мұғалімнің іс-әрекетін үздіксіз қарқынды зерттеуге байланысты танымдық сипаттағы ынталандыру күйінің ерекшелігі «қызығушылық» деп аталады. Меңгерілген жаңа білім, білік және дағдының даму қабілеті, қызығушылықты қамтитын оң эмоционалдық күй болып табылады. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуындағы қызығушылықты қанағаттандыру үшін жаңа, терең және кең қызығушылықтар пайда болуы тиіс.

*Когнитивтік компонент* қазақ ұлттық музыка саласын меңгерудегі ойлау қызметінің білімі мен тәсілдері; шығармашылық тәжірибеде жинақталған ұлттық музыканың көлемі мен деңгейі; қазақ ұлттық музыка саласын білімінің толықтығы мен сауаттылығы, құзіреттілігі.

Зерттеуде көрсеткендей, барлық алынған ақпарат білім болуы мүмкін емес. Тиісті жағдайдың туындауында пайда болатын белгілі бір ақпаратты түсінгенде ғана тұлғаның өткен тәжірибесінде қалыптасқан ақпараттар білім бола алады. Ақпараттардың ерекшелігі білімнің көлемі болып қана қоймай, оның кәсіби қызметінің жағдайына сәйкестілігінен талап етіледі. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық және жалпы мәдени білімінің, арнайы музыкалық кәсіби білімнің кешені болуы тиіс. Олардың қатарында ұлттық музыкалық таным мен ойлаудың теориялық негіздерін; халықтың музыкалық педагогикасы мен ұлттық музыканың теориясы және тарихын; ұлттық музыканың тағылымдық негіздерін, фольклорлық, дирижерлық хордың әдістері мен халық аспаптарында ойнаудың әдіс-тәсілдерін және т.б. атауға болады.

*Эмоционалдық-құндылықтық компонент* сезім (эмоционалдық ықыластылық, көңіл күй толқушылық және т.б.), қазақ ұлттық музыкасына жағымды эмоционалдық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру; олардың танымдық құндылығын шығармашылық-іс-әрекеттік тұрғыдан қабылдау мен меңгеру; қазақ ұлттық музыкасын қабылдау үдерісіндегі тұлғалық-құндылықтық сапаны белсендіру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғалық бағыттағы эмоционалдық-құндылықты ашу және тұлғаны интеллектуалды дамыту құрылымы.

Ю.Б.Алиев, Л.Г.Арчажникова, Э.Б.Абдуллин және басқа да ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдерді тұлғалық интеллектуалды дамытудың музыкалық іс-әрекетіндегі барлық формасының жалпы психологиялық әсер-ықпалына, жағдайына мән береміз. Ұлттық музыкалық шығармаларды қабылдау – адамның сыртқы

ортасындағы эмоционалды-интеллектуалдық бейнесі мен оның ұлттық музыка құндылығындағы өзара байлысының реттеушісі болып табылады. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы іс-әрекетті жүзеге асыруда мұғалімдер белгілі бір этностың сапасын тұлға бойында дамытуға мүмкіндік алады. Оларға отанға, табиғатқа сүйіспеншілік, ұлттық музыкалық шығармаға жағымды көзқарас, ұлттық музыкадағы салт-дәстүрлерге құрмет, халықтың рухани құндылығын бағалау жатады. Осы сапалардың болашақ мұғалімдердің бойынан табылу тиістігі мен қазақ ұлттық музыкасының эмоционалды бейнесі мен тағылымдық мүмкіндіктерін байланыстыру біздің зерттеуіміздің маңызы болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың эмоционалды-құндылықтық компонент өлшемдерін мен көрсеткіштерін анықтадық.

*Іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент* қазақ ұлттық музыкасындағы құндылықты сақтау мен дамытуға ықпал ететін және осы саладан игерген білімдерін өз тәжірибесінде пайдалану қабілеті, педагогикалық тәжірибеде ұлттық музыканы қолданудың ерекшелігі болып табылады.

Қабілет пен дағдының жиынтығы белгілі бір білімнің өзгерісіндегі немесе жаңа жағдайдың аясында жүзеге асатын белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырудағы тұлғалық қабілет ретінде түсіндіріледі. Білім, білік, дағды өзара тығыз байланыста дамиды. Мәселен, білім біліктілікті қалыптастыру үшін қызмет етсе, ал білік өзінің кезегінде біртіндеп дағдыға айналады, ал дағды көп рет қайталаудан автоматтандыруға жеткенге дейінгі іс-әрекетті атқарады. Білім беру бағдарламасының талабына сәйкес жаңа буын, музыка пәнінің мұғалімі келесі қабілетке ие болуы тиіс: жалпы мәдени және психологиялық-педагогикалық білім беру жүйесін қолдана алу; оқу-тәрбие үдерісіне ұлттық музыканың бейнесі мен құндылығын енгізу; педагогикалық этика, педагогикалық қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болу; сыныптан тыс музыкалық іс-әрекетті ұйымдастыра білу; білім алушыларды музыкалық дамыту, музыкалық қабілетті анықтайтын әдістемелерді білу; фольклорлық іс-әрекет, дирижорлық хор әдістерін, аспаптық әдістерді қолдану; білім алушыларды музыкалық тәрбиелеу әдістерін білу мен дағдысының болуы және т.б.

Пәндік даярлықтың талаптары кәсіби деңгейде музыкалық шығармаларды орындау қабілетін; ансамбльде, хор ұжымында ән айту қабілетін; дирижерлық, вокальдық, аспаптың көмегімен шығарманың көркем бейнесінің мәнін ашуын; музыкалық шығарманы дербес көркем бейнеде сараптаудың қабілетін қамтиды.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген компоненттер қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Оның құрамына музыка пәні мұғалімінің кәсіби іс-әрекетті табысты жүзеге асыруына арналған қажетті жағдайларды құру; музыка пәнінің мұғаліміне тиісті тұлғалық сапа, кәсіби, психологиялық және тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыруға қойылатын кәсіби талап жүйесі; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуын арнайы ұйымдастыру үдерісінің нәтижесі кіреді.

О.А.Абдуллинаның тұжырымдарының негізінде біз қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың үш деңгейін анықтау барысында осы дамудың толықтылық, сапалық және қарқындылық көрсеткіштерін ескердік. Олар қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін ерекшелейтін жоғары (оңтайлы) деңгейді қамтиды. Аталған көрсеткіштердің осы даму үдерісінде жетерліктей сапада жүзеге асуы орта (жеткілікті) деңгейді көрсетеді [193].

Осы дамуды жүзеге асырудың әдістемелік есептеуін жүргізуде жоғарыдағы көрсеткіштердің ішінара ғана қатысуы қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының төменгі (жеткіліксіз) деңгейін көрсетеді. Әрбір деңгейдің ерекшелігі 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3 – Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Қажеттілік-ынталандырушылық	Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуға ынтасы, қажеттілігі, тікелей қызығушылығы	Қазақ ұлттық музыкасына қызығушылығы мен қажеттілігі; қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды тұрғыда өзін-өзі дамытуға студенттермен бірге дамытуға талпынысы; қазақ ұлттық музыкасына қызығушылығын интеллектуалды дамуда жүзеге асыру қажеттілігі; қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға, қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзінің іс-әрекетін, туған елінің салтын, дәстүрлі ұлттық музыкасын дамытуға танымдық қызығушылығы және т.б.
Когнитивтік	Қазақ ұлттық музыка саласындағы теориялық білімі мен тұлғаны интеллектуалды дамытудың құралдарын меңгеруі	Қазақ ұлттық музыкасы мазмұнындағы динамикалық ақыл-ой операциясы (талдау, сараптау, салыстыру, жалпылау, топтастыру); қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуының әдіснамалық негіздері мен принциптерін білуі; қазақ ұлттық музыкасының мазмұны, даму кезеңі, музыкалық мәнерлеу құралдары, жанрлық жіктелісі, оның тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктері туралы білімінің толықтығы; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың диагностикасын, тиімді әдістерін, әдістемесін білуі; әртүрлі ұлттардың ұлттық музыкасын түсіну мен жетекші ойларын анықтай алуы және т.б.



### 3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Эмоционалдык-құндылықтық	Қазақ ұлттық музыкасына қатысты маңызды көзқарастар, көңіл-күй толқулары, жағымды эмоционалдық қатынасы	Туған ұлтының музыкасын мақтан тұтуы және оған сүйіспеншілігі; оның эмоционалдық құндылығын ажырата білуі; өзінің орындаушылығындағы эмоционалдық көңіл-күйлер және қазақ ұлттық музыкалық шығармалардағы көркем мазмұнның эмоционалдық құндылығын бастан кешуі; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалдық даму мәнін жете түсінуі; әртүрлі ұлттық музыка дәстүріндегі музыкалық шығармаларды бағалауы мен құндылығын түсінуі; қазақ ұлттық музыкасының бейнесін ұғынуға жағымды эмоционалдық қатынас және т.б.
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	Тұлғаның интеллектуалды дамуында қазақ ұлттық музыкасын тиімді қолдану іскерліктері мен дағдыларының болуы	Олардың өзара байланысындағы барлық элементтерді ескере отырып музыкалық дамытудың ойлау үдерісіндегі түсінік пен сезіну; Әртүрлі шығармашылық – орындаушылық жағдайындағы стильдік бағыттар – әртүрлі ұлттық музыканың жанрындағы көркем шығарманы меңгеру үдерісінде ойлау операцияларын жүзеге асыруы (талдау, салыстыру, сараптау); Қазақ ұлттық музыкасының әртүрлі жанры мен дәстүріндегі мектеп балаларының музыкаға қызығушылығын тудыру қабілеті (жарқындық, әртістік сөйлеу, аспаптық орындаушылық және вокалдық мәнер, тиісті сабақтың мазмұны мен сыныптан тыс іс-шараларға арналған ұлттық музыкалық материалды таңдау); әртүрлі халықтардың музыкасын қабылдауда оң ықпалды қалыптастыру қабілеті; сыныптан тыс жұмыстарда және сабақтарда білім алушылардың ұлттық музыкаға бағытталуы, қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуын ұйымдастыру іскерліктері мен дағдысы; әртүрлі халықтардың ұлттық музыкасына қатысты «жалпы» және «ерекше» формаларын анықтаудың қабілеті, қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту жұмысының әдістері мен формаларының тиімділігін таңдау және т.б.

Сонымен, студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды жүзеге асырудағы оның қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалдық-құндылықтық, іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттері тұлғаны біртұтас дамыту аясын қамтиды.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды:

### **Жоғары деңгей**

– болашақ музыка пәнінің мұғалімдері қазақ ұлттық музыкасының мәнін, ерекшеліктерін түсінеді және олардың тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы мүмкіндіктерін ескере отырып, мектеп оқушыларының қазақ және басқа да халықтардың ұлттық музыкасына деген қызығушылығын қалыптастыруға; ұлттық музыканың мазмұндағы кәсіби іс-әрекетті байытуға; қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзін жеке интеллектуалды дамытуға әрдайым талпынады; қазақ ұлттық музыкасын меңгеруге жіне оны болашақ кәсіби қызметінде қолдануға деген белсенді, терең қызығушылығы және қажеттілігі бар;

– қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту үшін қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзінің іс-әрекетіне оң ниеті, қазақ ұлттық музыка дәстүріне терең танымдық қызығушылығы бар; тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы қазақ ұлттық музыкасының мүмкіндіктерін ескере отырып отандық және шет елдік ғалымдардың көзқарастарын, кәсіби музыканың формасы мен әртүрлі жанрдағы композиторлық әдістерін, қазақ ұлттық музыкасын дамытудың кезеңдері мен шығу тарихын, жанрларының жіктемесін, музыкалық құралдардың мәнерлігін, терең бейнелі мазмұнын, оларды байыту мен әлемдегі ұлттық музыкалық құндылыққа бағыттауды меңгерген; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың тиімді әдістерін, оны диагностикалауды; әр түрлі халықтардың ұлттық музыкасындағы жалпы мазмұнды анықтауды біледі;

– қазақ ұлттық музыкасын жалпы адами және ұлттық байланыстағы іс-әрекетті жүзеге асыруда пайдаланады; қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуындағы іс-әрекеттің нәтижесін бағалайды; кәсіби іс-әрекетінің құндылығын түсінеді, қазақ ұлттық музыкасы арқылы мектеп балаларын тәрбиелеу және білім беруді табысты жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдыларға қол жеткізген; әртүрлі ұлттық дәстүрдегі музыкалық шығармаларды дұрыс бағалайды және ұғынады, төл музыкалық мәдениеттегі эмоционалдық-құндылықты терең түсінеді; мектепте білім алушыларды әртүрлі музыкалық дәстүрдегі музыкаға қызықтыру қабілеті бар; жарқын, әртістік сөйлеуге ие, ұлттық музыкалық шығарманы мәнерлі орындау, ұлттық музыкалық материалды шебер таңдау, сыныптас тыс жұмыстарда және сабақтарда әртүрлі халықтардың музыкасын қабылдау, оң ықпалды қалыптастыру, білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру қабілеті мен дағдысын меңгерген; әртүрлі халықтардың ұлттық музыкасына қатысты «жалпы» және «ерекше» формаларды анықтай алады.

### **Орта деңгей**

– болашақ музыка пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында қазақ ұлттық музыкасының мәнін түсінеді, алайда тұлғаның интеллектуалдық дамуы үшін оның мәнін ескермейді. Осы деңгейдегі студенттер әртүрлі халықтардың ұлттық музыкасындағы дәстүрлерді, ұлттық ерекшеліктеріне қатысты оң көзқарастарға ие болады, дейтұрғанмен оларды меңгеру үшін жарқын қажеттілікті талап етпейді; олар қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзін жеке интеллектуалды дамытуға талпына

бермейді; әртүрлі этникалық дәстүрдегі музыкалық шығармаларды жете бағалау мен ұғынуда, әртүрлі халықтардың ұлттық музыкасына деген мектеп оқушыларының қызығушылығын оятуда шығармашалық бастамашылдықты көрсете алмайды;

– қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту принциптерін, құрылымдарының мәнін ішінара біледі; тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы ұлттық музыка туралы жеткілікті білмейді; кәсіби музыканың әртүрлі жанрындағы композиторлардың жүзеге асыратын әдістерін, ұлттық музыка жанрын жіктеуді, музыкалық мәнерліктің құралдарын, даму кезеңдері мен шығу тарихын, ұлттық музыка құралдары арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың тиімді әдістерін және оны диагностикалау әдістерін жетік білмейді; өзінің кәсіби іс-әрекетін жүзеге асырудағы ниеті мен белсенділігінің болмауынан қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың маңыздылығын мәселесін дұрыс түсінбейді; қазақ ұлттық музыкасының жеке түрлерін білуге дербес талпынады; қазақ ұлттық музыкасынан эмоционалдық әсер алуға ұмтылады, алайда қазақ ұлттық музыкасының тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы әлеуетін дұрыс түсіне қоймаған;

– қазақ ұлттық музыка құралдарын қолдануға ынтасы жоқ, қазақ ұлттық музыка құралдарын кейбір іс-әрекетінде пайдаланады және нәтижесін бағалайды; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытуға бағытталған кейбір қабілет пен дағдыларға ие.

#### **Төмен деңгей:**

– болашақ мұғалімдерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту ерекшеліктерінен хабары бар, алайда қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың мәнін түсінбейді. Осы деңгейдегі студенттерде интеллектуалды дамудың құралы тұрғысынан ұлттық музыканы меңгеруге деген қажеттілік пен қызығушылық жоқ, қоғамның қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуына үлес қосуға ынтасы жоқ; өзінің болашақ кәсіби қызметінде қазақ ұлттық музыкасын қолдануға ниеті жоқ; әртүрлі халықтардың музыкалық шығармашылығындағы дәстүрдің ұлттық ерекшелігіне мән бермейді; мектеп оқушыларының әртүрлі халықтардың музыкасына қызығушылығын дамытуға шығармашылық бастамашылдық танытпайды; қазақ ұлттық музыкасы арқылы өзін жеке интеллектуалды дамытуға талпынбайды;

– ұлттық музыканы дамытудың кезеңдері мен шығу тарихы туралы білімге, музыкалық мәнерлік құралдарына, жанрлардың жіктелуіне, кәсіби музыкадағы әртүрлі композиторлық жанрдың қолданылу әдістеріне, тұлғаның интеллектуалды даму мүмкіндігіне ие; алайда төл музыкалық-мәдениеттің эмоционалдық-құндылықтық білім, білік, дағдысын меңгермеген; қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту үшін қажетті тәжірибелік қабілет пен дағдыларға ие емес, әртүрлі ұлттық музыка дәстүріндегі мектеп оқушыларын музыкаға қызықтыра алмайды, сондай-ақ қазақ ұлттық музыкалық шығармасын эмоционалдық тұрғыдан орындай алмайды, тиісті сабақ мазмұны

мен сыныптан тыс іс-шараларда қазақ ұлттық музыка материалдарын таңдауға қиналады.

Сонымен, зерттеудің сараптамасында көрсеткендей, кейбір құрамдар осы жүйе үшін ерекше болып келеді: *тұтастық* (қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытуға бағытталған бірыңғай құрылымдық кешенді ұсынады); *динамикалық* (қазақ ұлттық музыкасы арқылы мұғалімдердің интеллектуалды дамуын жүзеге асыруда бір (төменнен) деңгейден басқа (жоғары) дейгейге көшуі байқалады); *интеллектуалды дамытудың арасындағы өзара байланыс пен өзара қызмет* (қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамуының нәтижелі болуы оның кәсіби даярлығындағы жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік (арнайы) құрамдарының дамуынан талап етіледі. Болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамуы этножекеленушілік және этнокіріктірушілік мәдениет арқылы этникалық әлеуметтік мәдени ортада жүзеге асады. Демек, аталған үдеріс қазақ халқының музыкалық тілі, ділі, ұлттық музыкалық және этнопсихологиялық ерекшеліктердегі көзқарастар, өзін-өзі тану және т.б.сәйкес дамиды.

Жоғарыда айтылып теориялық негіздер біріншіден, қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудағы басты мақсатты олардың көркем-бейнелі ойлауы мен интеллектуалдық қабілеттерін дамыту тұрғысынан анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, студенттердің оқу іс-әрекетін бағалау өлшемдерін өзгертеді, олай дейтініміз олар қазақ ұлттық музыка саласын меңгерудегі біліміне ғана емес, қазақ ұлттық музыкасының эмоционалдық-құндылықтық аясында жеке интеллектуалдық іс-әрекетті игеру деңгейіне қарай да бағаланады. Үшіншіден, қазақ ұлттық музыкасын түсінудегі эмоционалдық-құндылықтық және көркем-бейнелі ойлаудың тәжірибесін игеруі, оның тұлғаның интеллектуалдық даму деңгейін ерекшелейтін инновациялық технологияларды тиімді қолдану деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік жасайды.

*Осының барлығы студенттердің интеллектуалды дамуының факторы тұрғысынан қазақ ұлттық музыкасын меңгертуге мүмкіндігі кең жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылады. Бұл келесі бөлімде қарастырылады.*

Сонымен, біз В.С.Ильиннің ғылыми зерттеуі негізінде зерттеу моделінің жалпы деңгейін әзірлеуде педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың үш деңгейін анықтадық – төмен, орташа, жоғары [194]. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың төменгі деңгейінің өлшемінен жоғары деңгейге өтуде мынадай көріністер байқалады: қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды белгілеу (ынталандыру саласы); қазақ ұлттық музыка саласынан және оның тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктері бойынша білімі (когнитивті саласы); еріктік көріністері (эмоционалдық-құндылықтық саласы); қазақ ұлттық музыкасын тұлғаны интеллектуалды дамудың құралы

тұрғысынан түсіну қабілетін жүзеге асыру (іс-әрекеттік-рефлексивтік саласы). Сондай-ақ педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері 3-кестеде ұсынылған.

Зерттеу барысында анықталып, жоғарыда мазмұндалған деңгейлер педагогикалық жоғары оқу орны студенттерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға бағытталады. Әрбір алдыңғы деңгей келесі байланыстың негізі болып табылатын жоғары деңгейді қамтиды.

Қорыта айтқанда, ұсынылған модель маңызды құндылықтың негізіндегі тірегі болып құрылған мақсаттық, мазмұндық, өлшемдік, ұйымдастырушылық және нәтижелік блоктардан тұрады. Атап айтқанда, модельдің *мақсаты* қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуы сұранысына сәйкес және педагогикалық жоғары оқу орындарындағы түлектердің біліктілігіне қойылған талаптарды ескере отырып құрылған. *Мазмұндық* элементтері студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың танымдық, шығармашылық, еріктік, іс-әрекеттік ерекшеліктерінің құндылығын ескереді. *Өлшемдік, ұйымдастырушылық және нәтижелік элементтері* мазмұнды толықтыру мен тікелей жалғастыру болып табылады. Модельмен жұмыс істеу үдерісінде оның құрылымдық компоненттері іс-әрекеттік құралдары арқылы нақтыланған.

Зерттеу барысында біз ұсынған модельдің тиімділігін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шартары айқындалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді. Ол туралы келесі тарауда баяндалады.

### **3 СТУДЕНТТЕРДІ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАСЫ АРҚЫЛЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ**

#### **3.1 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары**

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың табыстылығы оқу үдерісін ұйымдастыру шарттарын анықтаудан талап етіледі. Осыған байланысты қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытуға бағытталған тұтас «шарттардың» түсінігіне мән беру қажет.

Ғылыми әдебиеттерде «шарт» түсінігіне деген әртүрлі тәсілдер бар. Философиялық шарттардың түсінігінің іске асуы үшін қажетті кешендік құрамдардың байланыстарын дамыту керек [195].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «шарт» түсінігі әрбір объектінің өзгерісі мен дамуы, қалыптасуы үшін қажетті байланыстар, үдерістердің жиынтығын қарастырады (А.В.Растянников, С.Ю.Степанов, Д.В.Ушаков. және т.б.) [196].

Л.А. Рапацкая «шарт» аясында оқу-тәрбиелік үдерістер «субъективтік және объективтік шарттардың» түсінігі тұрғысынан табысты жүзеге асатынын айтады. Объективті шарттар студенттердің кәсіби өсуінің қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Субъективті шарттар (базалық, кәсіби) өзіндік кәсіби іс-әрекетке деген болашақ мұғалімнің тұлғалық қарым-қатынасын анықтайды [197].

Педагогикалық шарттар алға қойылған міндеттерге бағытталатын білім беру саласының әдістері, формалары, объективті мазмұнның мүмкіндіктерін түсінудің жиынтығы болып табылады. Дегенмен, педагогикаға тек қана педагогикалық үдерісте саналы құрылатын және оның дамуын тиімді қамтамасыз етуді жүзеге асырудың шарттары жатады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау саласын орындауды зерттеуде бірқатар педагогикалық шарттардың топтары анықталады. Олардың арасында В.И.Андреевтің анықтауынша дәстүрлі шарттарға (оқулықтар, бағдарламалар және т.б.) педагогикалық іс-әрекетті үлгілеу, оқытылатын материалдардың ерекшелігі мен мазмұнына қатысты кешендік әдістер мен формалар ұсынылады [198]. М.И.Дьяченко болашақтағы мұғалімдердің даярлығындағы шарттарды, студенттердің танымдық ерекшеліктеріне қажеттілікті – санасы, қиялы, ойын және т.б., мотивациялық, эмоционалдық-еріктік саласын; педагогикалық эмпатияның қалыптастыру, коммуникативтік және қарым-қатынас мәдениетін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі жетілдірудегі өзіндік қызметіндегі қабілеттерді бөліп көрсетеді [199].

Болашақ музыкалық мұғалімдердің кәсіби мәдениетін дамытуға, олардың осы мамандыққа деген мотивациясын дамытуға байланысты өз ерекшеліктеріне

ие екендігін көрсетеді. Кәсіби музыканың тиімділігі үздіксіз музыкалық және педагогикалық біліммен анықталған кәсіби құзыреттіліктен талап етіледі [200].

Р.Ш.Сыдыкова және т.б. ғалымдар өзінің зерттеу пәніне қатысты шығармашылықтық шартты құруды ұсынады (жалпы шартты іздестіру, өзіндік тәсілдерге ынталандыру мен көтермелеу, бірегей ұсыныстар, студенттерді шығармашылық қызметке белсенді араластыру, оқытушылар мен студенттердың ынтымақтастығы және т.б.) [201].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау көрсеткендей кәсіби білім берудің тиімді бағытының ерекшелігі студенттің белсенді орын алуы мен оқу іс-әрекетінің субъектілік мәнін жан-жақты ашу, білім беру үдерісіндегі (оқытушылық, тәрбиелеушілік және дамытушылық) негізгі кешендік іс-әрекетті тұтастай жүзеге асыруға болатын ғылыми негіздегі педагогикалық шарттарды құру болып табылады.

В.А.Сластенинның пікірінше, психологиялық-педагогикалық үдерістің мақсаты ретінде дамыту субъектінің белгілі бір психологиялық сапаларына ие бола отырып өзіндік іс-әрекетіндегі барлық психологиялық құрылымдар үшін оңтайлы шарттарды қамтамасыз ету мен құрудан тұрады: қажеттілігі, ынтасы, қызметі, мақсаты, ойы, қайғысы [202]. Біз П.И.Пидкасистый тұлғалық сапада қалыптасу жағдайындағы сыртқы шарттар ішкі мазмұнға жүгінеді деген көзқарастарға сүйенеді. *Сыртқы шарттар* даму ортасына қарай болашақ мұғалімдерді даярлауды жүзеге асыруға бағытталады. *Ішкі шарттар* студенттің психологиялық қызметінің қайнар көзі мен басқа психологиялық ерекшеліктің қабілетіндегі тұлғаның бағыттылығына ие [203].

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың біртұтас үдерісін ұйымдастыруда студенттердің тұлғалық даму заңдылықтарын ескере отырып шарттарды құруда тұлғаның сапалық ерекшелігіндегі маңызына тоқталдық. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары ұлттық музыка құралдары арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың сапасын зерттеудегі құрылымның дамуына әсер ете отырып ішкі шарттарды құрайды.

Кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік тәжірибесі мен теориялық сараптамасы қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерінің интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін *кешендік шарттарды* анықтауға мүмкіндік берді – *психологиялық-педагогикалық шарттар*: оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру; оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескеру.

Жоғарыда көрсетілген әрбір шарттарды қарастырайық.

*1. Оқу-тәрбиелік үдерісте студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету* оқу танымдық іс-әрекеттің субъектісі тұрғысынан педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың шарттарын ұйымдастыру болып табылады. В.Л.Сластенин оқытушы педагогикалық білім беру үдерісінде білім алушының кәсіби ынталануына, кәсіби жеке қалыптасуына, кәсіби психологиялық дамуына арналған шарттарды құру мен оларды педагогикалық рефлексияны тасушы ретінде қалыптастыруы қажеттігін айтады [202, б. 89]. Гуманистік бағыттылықтың шартында студент оқытудың белсенді субъектісі мен өзін-өзі талпындырушы, өзіндік дамушы болып табылады. Бұл қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың өзара іс-әрекетінің мүмкіндіктері мен оқу ынтымақтастығының теңдігі болатын субъект-субъектілік байланыстардың шарты туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытуда оларды жүзеге асырудың жауапкершілігін түсіне отырып әрбір топтың кәсіби даярлығына қатысты жалпы шығармашылық ойлардың бірлестігіндегі студенттер мен оқытушылардың шығармашылық өзара іс-әрекетін тығыз байланыста жүзеге асыру ұсынылады.

Болашақ музыка пәнінің мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісіндегі тұлғалық тәсіл *мынадай шарттарды ұйымдастыру* арқылы жүзеге асырылады: студенттердің тұлғалық шығармашылық әлеуетін дербес жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын ойын қызметі, диалог, студенттер мен оқытушылардың өзара тығыз әрекеттестігін жүзеге асыруда білім беру үдерісінің субъектілік іс-әрекетін ұйымдастыру; рефлексиялық нәтиже үшін өзінің іс-әрекеттік құралдарын таңдау, тұтас оқу-шығармашылық іс-әрекетіндегі ынтаны түсіну мүмкіндігі, оқу-тәрбиелік үдерісте студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету.

*Студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру* тиісті алға қойылған мақсатқа жету үшін белгілі бір міндеттерді орындауды ұйымдастыру ұсынылады.

Дербес танымдық іс-әрекет мұғалімнің қатысынсыз белгілі бір іс-әрекеттерді белсенді орындауды қамтамасыз ететін ұлттық музыкадағы білім мен қабілетті практикада қолдану үдерісі болып табылады. Болашақ музыка пәнінің мұғаліміне базалық және кәсіби циклдағы пәннің белгілі бір бөліміндегі әдебиеттердің дерек көздерімен жұмыс істей алу, нақты қабілет пен дағдыларды дербес өңдей алу қажет: ұлттық музыкадағы таныс емес шығармаларды сараптау мен талдау; оларды қолдануда техникалық қабілетке ие болу; жекелеген сабақтарға дайындалуы тиіс.

Ұлттық музыканы меңгерудегі шығармашылық орындаушылық – тұлғаның интеллектуалды дамуы, ұлттық музыканың интерпретациялық қабілеті, шығармашылық бейнесі, шығармашылық ойы, шығармашылық батылдығы, өзін-өзі ұстауы, тұлғаның сапалығын белсендіретін дербес және сыныптан тыс жұмыстар, маңызды оқу факторларынан талап етіледі.



Орындаушылық іс-әрекет міндетті дербес даярлықты талап етеді (шығармамен дербес жұмыс істеу). Оқу қызметінде ұлттық музыканы меңгеру студенттердің белгілі бір музыкалық-зерттеушілік ерекшеліктердегі танымына бағытталады. Ұлттық музыканың музыкалық тіліндегі элементтерін оқу (ырғақ, темп, динамикасы және т.б.) өзіндік жұмыстың жалғасын табады.

Тәжірибелік сабақтарда студент өзіндік жұмыстың біліміне, әдістемелік кеңесіне деген бағыттылық алады. Бұл жерде студенттің шығармашылық жұмысы басталады – оның өзіндік сұрақтары, өзіндік санасы, ол өзі белгілі бір қорытынды шығарады. Сондай-ақ, *өзін-өзі жетілдіруде* тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыру үшін мүмкіндіктер құрылады. Осы үдеріс кезінде адамның қабілеті шығармашылық орындауға айналады, ал шығармашылық қызметтің тәсілі болып өзіндік іс-әрекеті қалыптасады. Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру әрдайым өзіндік іс-әрекеттің ерекшелігі мен шығармашылықтың нәтижесінің ерекшелігі болып табылады. Өзін-өзі жүзеге асырудың қажеттілікті ерекшелігі қажеттілікті қанағаттандыруды «түсірмей», еңсермей, жаңа сапалық деңгейдің қажеттілігін талап етеді [204]. Қажеттілік динамикасы негізгі ерекшеліктің жоғары деңгейіне көшудің тұжырымдамалық белсенділігін көрсетеді.

Д.Н.Узнадзениң пікірінше, егер қажеттілік белгілі бір орта жағдайындағы мүмкіндікті қанағаттандыратын қажеттіліктен тыс болса, онда ол орта субъектіні іс-әрекетке ынталандырмайды. Ортада қажеттілікті қанағаттандыратын құрал болмайынша, субъект іс-әрекетке түспейді [205].

Жоғарыда көрсетілгендерге сүйене отырып шығармашылықты қажеттілікті қанағаттандыруды ескеретін болсақ, онда қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту үшін оның қозғаушы күштері болуы тиіс.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімнің интеллектуалды-шығармашылық қажеттілігін қанағаттандыру үшін музыкалық білім беру кафедрасы аудиториядан тыс уақытта өткізілген музыкалық-жаңартушылық іс-әрекет жағдайында олардың тұлғалық дамуын ескеру керектігі туындайды.

Бұған жоғары оқу орындарының ішінде жүргізілетін аудиториядан тыс іс-әрекеттер (факультативтік, үйірме, музыкалық пәндердің жұмысы, әртүрлі сайыстар, шығармашылық іс-шаралар және т.б.); үлкен қалаларда ұйымдастырылатын шығармашылық іс-шаралар (әртүрлі мерекелер, фестивальдар, қала күні және т.б.) жатады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың біртұтас үдерісінде аудиториядан тыс шығармашылық жұмыстар барысында студенттердің тұлғалық мәнділік шығармашылығына деген қажеттілікті дамыту керек. Бұл болашақ музыка пәнінің мұғалімдерінің қызығушылығы мен физикалық қажеттілігі және рухани дамуына сенімділік береді. Мұның бәрі қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды-шығармашылық қажеттілікті дамытудағы тұлғаның еркіндігі мен қажеттілігіне тән жеке іс-әрекеттерге талпындыратын әлеуметтік құндылықтық сападағы интеллектуалды даму іс-әрекетінен талап етіледі.

*Қазақ ұлттық музыкасы арқылы жеке шығармашылықты дамыту –*

студенттің интеллектуалдық құндылығын арттыру, ғылыми әдебиеттерде сарапталған тәжірибелерге қол жеткізу.

Бірінші кезеңде студенттер қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының өзіндік деңгейін бағалайды және меңгереді. Аудиториядан тыс іс-әрекеттерге студенттердің басым қатысуы олардың ұлттық музыка саласына бейімделудегі өзінің білімі мен қабілетін тереңдетіп, оларды жетістікке қол жеткізуге талпындырады.

Екінші кезеңде қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттің интеллектуалды-шығармашылық іс-әрекетінің дамуы аудиториядан тыс жұмыстарды жеке *орындауымен анықталады*. Болашақ мұғалімдердің тұлғалық дербестігін анықтау барысында оның шығармашылық және кәсіби сапаларын дамытуға қажеттілігінің болуы, қиындықтарды лайықты еңсеруі, тапсырмаларды жеке орындауы, сондай-ақ аудиториядан тыс музыкалық іс-әрекеттерге психологиялық даярлығындағы тұлғалық мәнін түсінуі қарастырылады.

Үшінші кезеңі - *педагогикалық практика барысында* студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық әлеуеті дамуының жүзеге асуы. Студенттер практика барысында қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының қажеттілігін сезінеді. Осыған байланысты, студенттер қазақ ұлттық музыка шығармашылығын меңгеруде танымдық және құндылықтық-бағыттылық пен интеллектуалды-шығармашылық іс-әрекеттерді жүзеге асырды.

Осы кезеңде студенттер жеке *танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруда* қазақ ұлттық музыкасының мазмұнын ұғынбай тек жаттап алудың қажеті жоқ екендігіне көздерін жеткізді. Бұл жұмыстың қорытынды кезеңінде студенттердің ұлттық музыкалық шығармалардағы бейнелі-ақындық ойды түсінуі артып, көркем бейнедегі күйлерді музыкалық аспапта жеке орындауға дағдыланды. Қазақ ұлттық музыка шығармашылығын эскиздік жаттап алу үшін репертуар барынша әртүрлі құрамда бай және көп жоспарлы стильде болуы тиіс. Осыған орай қазақ ұлттық музыкасы шығармашылығының әртүрлі жанрлар мен әртүрлі аймақтық дәстүрде орындау ерекшеліктері студенттерге кеңінен түсіндірілді.

Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды-шығармашылық даму ортасында оқытушының орны үлкен. Олар студенттердің қазақ ұлттық музыкасына қажеттілігінің, ынтасының, қызығушылығының артуына, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, оның мазмұнын терең ұғынуына жағдай жасайды; студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды өзін-өзі дамытуға бағыттайды; өзінің интеллектуалдық қабілетін анықтаудың әдістерімен, тәсілдерімен таныстырады және т.б.

Сонымен, осы айтылып өткендер қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерінің интеллектуалды дамуына ішкі түрткісі мен қажеттілігінің болуы оның жалпы тұлғалық даму үдерісімен қатар жүреді. Демек, студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды-шығармашылық дамуының жүйелі ұйымдастырылуы, оның

кәсіби мәнді сапаларының да тұрақты дамуына ықпал етеді. Ал бұл болса, аталған дамыту үдерісінің студенттердің кәсіби даярлығында тиімділігін көрсетеді.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуда *оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру* олардың осы саладан деңгейінің көтерілуіне тиімді ықпал етеді. Олай дейтініміз интеллектуалдық-дамытушылық орта мен психологиялық жайлылық біріктірілген шығармашылық атмосфера студенттің шығармашылық шабытындағы күйдің тұлғалық эмоционалдық саласын белсендіреді; адамгершілік-эстетикалық қызығушылығын арттырады; қазақ ұлттық музыкалық шығармашылығын тұлғаны интеллектуалды дамыту тұрғысынан ұғынуға қажеттіліктерін ынталандырады; оқу-шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесін бағалау мен рефлексиялық дамуға алып келеді.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту оларға оң эмоциялық қатынастың болуынан талап етіледі. Эмоционалдық оқытуды қамтамасыз ету педагогтар мен студенттердің қарым-қатынасында оң эмоционалдық жағдайды қалыптастырумен, тілдік қарым-қатынастардың, оқыту мазмұнының эмоционалдық толығу деңгейімен ерекшеленеді. Педагогтың студентке эмоционалдық әсер етуі оның оқу материалдарын тиімді меңгертуге ықпал жасайды.

Эмоционалдық оқытуды қамтамасыз ету болашақ мұғалімнің өзіндік эмоционалдық күйіне талдау жасау қабілетін дамытудың, өзінің мінез-құлықтық ықпалының болуының, психологиялық күйзеліске талдау жасауының, эмоционалдық жайлылықты қалпына келтірудің, өзінің орнын түсінудің маңыздылығын арттырады. Студент өзінің іс-әрекетін түсінген уақытта, оның оған қаншалықты қажет екендігін сезінген жағдайда, белгілі бір қызығушылық пен тұлғалық байланысы қалыптасады.

Оқу іс-әрекетінің үдерісінде оқытудың эмоционалдық жағына назар аудару керек. Өйткені осы қатынас оқытудың барлық тараптарындағы тиімді іс-әрекетті дамытуда жетекші орынды иеленеді. Эмоционалдық аспект қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту болып табылады. Эмоционалдық - қиындықты еңсеру қабілеті мен алдағы қызығушылық жаңа білімді меңгерудегі еріктік сападан талап етіледі. Қиыншылықты еңсеруді үйренген студент ұзақ іс-әрекеттің қорытындысындағы оң эмоцияларды байланыстыра алады. Оқу барысында студенттің эмоционалдық үдерісін қамтамасыз ету оның өз қабілетіне сенуін, өзінің күшіне деген сенімділікті қалыптастырады.

Қазіргі заманауи мектептегі инновациялық үдерістерді жүзеге асыру мақсатында болашақ мұғалімдерді оқытуды музыкалық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы қоғамдық моральды жақсарту, жастардың эмоционалдық және эстетикалық мәдениетін көтеру, патриоттық сезімдерін арттыру қарастырылады [206].

Ғалымдардың пайымдауынша тұлғаның интеллектуалдық дамуы эмоционалдық-құндылықтық компонент субъектінің өзіндік іс-әрекетін, танымын көтереді. Эмоцияның ерекшелігі сонда, олар өзіндік пәндер мен әлемдегі болмысты бейнелейді, және оны адамға қатысты пән мен болмыстың қажеттілігін байланыстырады. Эмоция арқылы адамның өмірі мен іс-әрекетінің мәні өңдеулерден өтеді. Сондықтан да эмоция көркемөнер саласындағы болашақ мұғалімдерді даярлауда қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың құрылымы мен мазмұнын, олардың принципін анықтайтын музыкалық білім беру үдерісін ұйымдастырудың маңызды құралы болып табылады.

4. *Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану* оны жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды.

Оқытудың заманауи технологиясын (дамытушылық, проблемалық, эвристикалық, тұлғалық-бағыттылық) пайдалануда мұғалім рөлінің маңыздылығы артады [207].

Оқытуда біз басшылыққа алатын ойлау, болжау, заңдылық, тәжірибе, белгілеу немесе мәтіндік шығарма, өзінің сабақ жоспарын құру және т.б. эвристикалық әдістер білім берудің өнімді нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында біз ғылыми шығармашылық әдістерге, сондай-ақ белгілі нақты әдістерге сүйендік (мағынасын ашу, образдық көрініс, қауымдастық, рефлексия, түсіндіру және т.б.).

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамыту әдістері мақсаты мен мазмұнына, тұлғаның тәжірибесіне, қызығушылық таныту деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады.

*Мағыналық көрініс әдісі* ұлттық музыкалық шығармалар мазмұнындағы оның ішкі ойын қарастыруға мүмкіндік береді. Музыкалық шығарманы сараптау кезінде мағыналық көрініс әдісі мынадай «Ұлттық музыкалық шығарманың мақсаты қандай?», «Оның құндылығы қандай?», «Оның түпнұсқасының айырмашылығы?» сұрақтарға берген жауаптарымен қорытындыланады. Мұның бәрі студенттердің қазақ ұлттық музыкасы шығармасының мазмұнын, құндылығын, ойын көруге мүмкіндік жасайды.

*Бейнелі көрініс әдісі* қазақ ұлттық музыка шығармасындағы эмоционалдық-бейнені зерттеуге мүмкіндік жасайды. студент өзінің зерттеуінің нәтижесін сөздік немесе графикалық бейнеде сомдайды, яғни суреттейді немесе жазып қояды.

*Байланыстыру әдісі* (латынша *association*— «байланыстыру») музыкалық шығарманың көркемдік бейнесін анықтау мақсатында танымал музыканттардың (Г.Нейгауз, К.Игумнов, және т.б.) тәжірибесін өзінің педагогикалық қызметінде кең қолданылады [208]. Осы әдіс эмоционалдық-бейнені табуға, қазақ ұлттық музыка шығармасындағы мазмұн мен қоршаған ортадағы болмысты анықтау арасындағы байланысты түсінуге, поэзия, театр, кескіндеме саласында өзара ішкі байланыстарды орнатуға мүмкіндік жасайды.

Қазақ ұлттық музыкасы мен өмірлік тәжірибесіндегі байланыс тұлғалық музыканың мәнімен анықталады.

*Вокальді объектілердің әдісі* ұлттық музыканың ерекшелігін таңдай отырып эмоционалдық-эстетикалық қызметтің бағытын анықтау мен және оны бірлесе іздеуді дамытуымен, осы тұрғыдан қарапайым және үлкен мүмкіндіктерді зерттеуімен ерекшеленеді.

*Рефлексия әдісі* қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың өзіндік деңгейін түсінуден талап етіледі, өйткені оқытудағы білім берудің нәтижесі білім алуды түсінген адам болып табылады.

*Эвристикалық әдісті* қолдану «композитор-шығарма-орындаушы» триадасынан тәсілдерін түсіну, музыкалық мәнерлеу құралдары арқылы ұлттық музыкалық шығармалардағы көркемдік бейнені іздеуге көмектеседі. Эвристикалық әдістер өзінің қызметінде тұтастығы мен тиімділігін түсінуін; ойлауы мен іс-әрекетінің нормативтік аясынан тыс шыға отырып, өзіндік жұмыстарда студенттердің интеллектуалдық дамуындағы қабілеті мен дағдыларын дамытады.

Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамуын ынталандыру, қызығушылығын арттыру мен оның білімінің сапасын, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында эвристикалық әдістер проблемалық-ізденістік жағдаяттарда қолданылады. Ғалымдардың пікірінше, проблемалық-ізденістік жағдаятты құру дегеніміз белгілі бір оқытудың психологиялық күйін құру болып табылады. Осы жағдайда студенттер кейбір сәйкессіздікті, қарама-қарсылықты көреді; жаңа ақпараттарды талап ететін қиындықтарды түсінеді; мұндай қарама-қарсылықтарды жеңуге талпынады. Проблемалық-ізденістік жағдаяттың шығармашылық ерекшелігі ішкі ынтадағы құрылымның тұрақтылығына деген тұжырымдаманы қалыптастырады.

Студент шығармашылық міндеттерді шешу үдерісінде ең басты өзіндік іс-әрекетіне – қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы интеллектуалдық дамуға талпынады. Сонымен қатар, мұндай үдеріс қалай құралуына қарай (студент интеллектуалдық-шығармашылық ізденісте, тапсырмаларды орындауда, нұсқаларды таңдауда, осы үдерістегі шығармашылық шешімдерді қабылдауда қаншалықты дербес болуынан) соңғы нәтижелер алынады. Психологтардың пайымдауынша, шығармашылық міндеттерді шешуде білім алушылардың мақсатқа дұрыс жетуін сезінуі мен табыстылықты сезінуі; мәселені шешу тәсілінде әртүрлі бағыттталатын білімнің көлемі мен олардың әртүрлі бағыттылығын түсінуі; оңтайлы ынталандыру мен эмоционалдық әсердегі тиісті деңгейі (ол әрбір адам үшін дара) дамытылады.

Оқытудың проблемалық тәсілін зерттеуге сүйене отырып біз музыкалық-педагогикалық кафедрасының оқу үдерісіндегі шығармашылық міндеттерді дұрыс қолдануды былайша жүйеледік:

– студенттерге қойылатын міндеттер мен берілетін тапсырмалар олардың жаңа білімін толықтыруға және өзіндік іс-әрекетіндегі іскерлігін дамытуға көмектесуі керек;

- проблемалық жағдаяттардың шешімін табуды қамтамасыз ету қажет;
- алға қойылған мәселені шешудің болжамы, проблемалық сұрақтарды дәлелдемелер негізінде жеке қалыптастыруы тиіс.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытуды оқу іс-әрекеті үдерісінде жүзеге асыруда проблемалық оқыту технологиясының элементтерін тиімді қолдану осы дамуда объективті алғышарттар құра отырып болашақ мұғалімдердің көркем-бейнелік, сыни ойлауын дамытуға, өзіндік жұмыс істеу деңгейін көтеруге септігін тигізеді.

Біздің зерттеуімізде түсіну шартының маңызы үлкен.

*Түсіну шартының мақсаты* тұлғалық іс-әрекеттің құндылықтық-мағыналық салада қалыптасуы мен белсендірілуі негізіндегі тұлғалық-мағыналық даму болып табылады. Зерттеу барысында біз оқу жағдайларын түсінуді ұйымдастыруда герменевтика, түсіну феномені, ойлау үдерісінің мәнін ашу мәселелерін зерттелген философиялық (М.М.Бахтин, т.б.), психологиялық-педагогикалық (И.Н.Андреева, Л.П.Самойлов және т.б.) [209-211] еңбектерге сүйендік.

Білім беру үдерісіндегі түсіну шартының ерекшелігі гуманитарлық ойлауды дамытады; субъективтіліктің танылуы мен даралануының қалыптасуына мүмкіндік жасайды; интеллектуалдық, эмоционалдық, эстетикалық және эмпатиялық даму үшін жағдай жасайды; коммуникативтік дағдылардың дамуына мүмкіндік жасайды және мәтінмен жұмыс істеудің диалогтық рөлінің маңызын түсіну жатады. Осы тұрғыдан бұл шарттың біздің зерттеуіміз үшін маңыздылығы артады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытуда түсіну шартына сүйену олардың ұлттық музыканы терең меңгеруін; кәсіби орнын анықтауға ынтасын арттыруды; оқу іс-әрекеттегі шығармашылық-ізденесін; педагогикалық жағдаяттарды құру мен оның шешімін табуды қамтамасыз етеді.

Студенттердің дәстүрлі сыныптық-сабақтақ оқыту үдерісінде көркем-шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында өзіндік тұлғалық қарым-қатынасының қалыптасуына байланысты көңіл-күй толқулары сезімін, ішкі эстетикалық жауап беруге деген талпыныстарын оянады. Олай дейтініміз алға қойылған міндеттерді шешу студенттерден қарапайым формальды білімді талап етіп қана қоймай, өзіндік сезімінің, эмоционалдық қатынасының, ақпаратты қабылдау тәжірибесі мен базалық білімінің, біліктілігі мен дағдысының болуын талап етеді. Ал бұл болса, олардың кәсіби-маңызды сапаларының кешенді қалыптасуына ықпал етеді.

Оқытушының міндеті – студенттердің өнімдік іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында оның шығармашылық тәуелсіз болуына, өзінің күшіне сенуіне, өз іс-әрекетінің нәтижесін бағалау мен сезінуіне үйрете отырып, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасау. Демек, педагог қарапайым тәлімгерден әңгімелесуші, кеңесші, көмекші, бірлескен автор болуға, дос болуға көшеді.

*Сабақты ұйымдастыруда* әрбір студенттің тұлғалық қарым-қатынасын, барлық сабаққа қатысушылардың маңыздылығын есепке алу, оқы-шығармашылық үдеріске *барлығын қатыстыру маңызды*. Көрсетілгендерді ескере келе, оқытушы студенттің оқу-кәсіби іс-әрекеті компонентіндегі ынталандырушылық-тұлғалықты дамыту үшін қолайлы жағдай құра отырып аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарда оқытудың дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістерін қолдануды мақсат тұта отырып, сабақтың дидактикалық жүйесін өзі әзірлеуі қажет.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың ерекшеліктерін ескере келе музыкалық-теориялық пәннің сабағында ұлттық музыканы меңгерудің мынадай әртүрлі тәсілдері анықталды: орындаушылық (фортепианода ойнау – секвенция, әр түрлі гармоникалық айналымдар тізбегі, әсерлер, бір дыбыстық және үлгісін құру, әр түрлі транспозициялар, ұлттық музыканы аранжировкалау және т. б.), жазбаша (ұлттық материалдардан жаттығулар құру, әнді үйлестіру, диктант жазу, шығармаларды талдау, сыни ескертпелер жазу және т. б.), ауызша (есту талдамасы, интонациялық жаттығулар, парақтан әнді оқу және т. б.), сараптамалық (есту арқылы гармонияны анықтау, әнді сараптау, гармоникалық торларды таңдау, музыканы тыңдау және т. б.), терминологиялық (музыкалық әдебиеттік оқу және конспектілеу, терминологиялық сөздікті құрастыру), мәтіндік (ақпараттылықты қысқаша сынау кезінде жоғарлату), үлгілік (гармоникалық айналымдар, тізбектер, әсерлер, схемалар, ұлттық музыканың шығармасындағы музыкалық-синтаксистік тілдің негізін құру).

Біздің пікірімізше, қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту үдерісінде оқытудың интербелсенді әдісін қолдану олардың интеллектуалдық-шығармашылық қабілетінің дамуына, оқытудың интеллектуалдық-дамытушылық ерекшелігін жүзеге асыруға, гуманистік бағытта болатын негізгі принциптерді музыкалық жүйеде пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Сонымен, интеллектуалдық-шығармашылық қабілетті меңгеру мен ұлттық музыка арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыруда интеллектуалдық оқу іс-әрекетінің түрленуі жүзеге асады. Барлық тапсырмалар мен жаттығулар қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерінің интеллектуалды дамуын ынталандыруға, қанағаттану сезімін дамытуға арналған жағдай жасау арқылы таңдалынады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың формалары мен технологияларына мыналарды жатқызуға болады:

- оқытудың заманауи әдістері мен әртүрлі формаларын қолдану (жеке, топтық, ұжымдық);

- білім беру үдерісінің жетекші диалогтық ерекшелігінде студенттердің оқытудың жалпы және жеке тәсілдері арасындағы қарама-қарсылықты

еңсеруге мүмкіндік жасауға арналған педагогикалық технологияларды және ұжымдық және жеке кәсіби іс-әрекеттерді ұйымдастыру;

- қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың үдерісінде концерттік тәжірибелерді пайдалану.

*Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін есепке алуда* оқыту үдерісіндегі тұлғаның даралық-психологиялық ерекшелігі ескеріледі.

Осы шарттар жалпы танымдық және жеке танымдық құралдар негізінде шығармашылық студенттердің жеке іс-әрекетін байланыстыратын үрдістерді реттеуіне, материалдарды тиімді меңгертуіне; тұлғалық және өзара қарым-қатынасы тәжірибесін игеруге, бақылау мен өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі ұйымдастыруын жүзеге асыруға арқылы студенттердің мүмкіндік жасайды.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудағы оқытудың жеке пәндердің маңызды рөлі – фортепиано, вокал, хорды дирижерлау болып табылады.

Жеке сабақтар оқу бағдарламасының аясында орындаушылық қабілетті меңгертуге, тапсырмаларды жеке орындауға арналып ұйымдастырылады. Сондай-ақ, студенттердің ұлттық музыкалық материалдарды әдістемелік тұрғыдан құрастыра алуға, тәжірибе жинауға, оны жеке сабақтарда тыңдаушыларға меңгертуді жүзеге асыруға үйрету есепке алынады.

Дегенмен, қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың үдерісі көп жақты, ұлттық музыканың интеллектуалдық-дамытушылық әлеуетін жүзеге асырудың тәсілі тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы студенттердің танымдық қажеттілігіне негізделеді. Қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы тұлғаның интеллектуалдық дамуының ерекшелігіндегі терең білім мен студенттердің жүйелілігінің жоқтығы мақсатқа жетуге кедергі келтіреді. Осыдан келе, біз қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту тиімділігі *«Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы»* элективті курсының бағдарламасы мен базалық және бейіндеуші пәндердегі құрастырылған қосымша курстарды жүзеге асыру болып табылады, деген қорытындыға келдік.

Жоғарыда көрсетілгендей, қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың ұйымшылдығы, психологиялық-педагогикалық шарттары белгілі бір *принциптерді* бақылау арқылы жүзеге асырылды. Принциптерді жүйелей келе, біз принцип түсінігіне сүйене отырып (лат. *Principium* – бастапқы, меңгеру) педагогикалық үдерісті ұйымдастыру талабындағы негізгі ережені көрсетеді.

Біздің түсінігімізде принцип - қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту үдерісіндегі ұйымдастырушылық талапты білдіреді. Білім беруге қатысты жалпы принцип сараптамасы (В.В.Краевский), музыкалық білім



берудің принципіне (Э.Б.Абдуллин, Д.Б.Кабалевский) және тұлғаның интеллектуалдық даму ерекшелігінің мәні келесі принциптерді анықтауға мүмкіндік берді:

1. *Білім алушының субъективті тәжірибесінің принципі.* Мұндай принцип қажетті педагогикалық әсерді таңдай отырып оқытудың дифференциалдануына мүмкіндік бере отырып ұлттық музыканы меңгерудің үдерісіне болашақ мұғалімдерді интеллектуалдық дамуына бағытталады.

2. *Тұлғалық-бағыттылық тәсілдің принципі* болашақ кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қатысты шығармашылық белсенділіктер мен кәсіби іс-әрекеттерді ұлттық музыканың құндылығын түсінуге, интеллектуалдық дамудың мәнінде тұлғаның оқу іс-әрекетіндегі болашақ мұғалімдердің түсінігін ынталандыруға бағыттау.

3. *Когнитивтік бағыттылықтың принципі* оқу іс-әрекетінде шығармашылық әдістерді тиімді қолданудың мүмкіндігі, ұлттық музыканың интеллектуалдық-дамытушылық әлеуетін жүзеге асыруда студенттерді белсендендіру немесе университеттің оқу жылында студенттің интеллектуалдық дамуындағы білімі, біліктілігі, дағдысын меңгеру болып табылады. Дегенмен, білімнің көлемі (тереңдігі, жүйелігі) студенттің ойлау түріне байланысты (дивергентті, конвергентті, латералды). Мұндай принцип студенттердің ғылыми білімін алуына, білім таңдаудағы еркіндігі мен болашақ кәсіби қызметінде алынған білімді қолайлы қолдануға мүмкіндік жасайды.

4. *Вариативті принципі* оқу қызметінде педагогикалық тапсырмалардың шешімін табуда әртүрлі нұсқаларды қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту үдерісіндегі зерттелетін ерекшеліктердің принциптері көркемдік ойды құруды, ұлттық музыкадағы шығармалардың түрленуінің жаңа жолдарын табуды, шығармашылық-ізденушілік қызметті кеңейтуді ұсынады.

5. *Эмоционалдық қолайлық принципі* оқу үдерісінде студенттерге психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетуді ұсынады.

6. *Тұлғаны белсенді ынталандыру принципі, оның әлеуметтік-пайдалы және субъективтік-маңыздылық іс-әрекетіне қатысу* студенттерді дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялардың мазмұнындағы теориялық қорытындылар мен түсініктерді терең ойластыра отырып, ұлттық музыканың дербес танымын ұсынады. Осындай міндеттердің шешімі болып интеллектуалдық даму үдерісіндегі студенттердің саналық және танымдық белсенділігін қолдау табылады. Мұндай принциптің мәні Л.В.Занков оқу іс-әрекетінің вариативтік жағдайында білімді қолданудың тәсілдері, оқу жұмысының тәсілдерін меңгеру мен оқудың технологиялық танымы арқылы оқытудың қажеттілігі, теориялық ойлардың мәніндегі түсініктің деңгейін түсіне отырып теориялық білімдерді меңгеруге сілтейді.

7. *Кәсіби оқытудың және кәсіби тәрбиелеудің бірыңғайлық принципі* шынайы мүмкіндіктер мен күштердің, нақты кешеннің, белгілі бір жүйені

қарастыра отырып диалектикалық байланыстардағы қабілетті қолдану, жаңа педагогикалық ойлардың дамуын ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген біздің принциптеріміз қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың кезеңіне қатысты жетекші принциптерді таңдау, өзара бағыныштылық пен өзара қарым-қатынастың тұтастығын ұсынады.

Сонымен, қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту *психологиялық-педагогикалық шарттарды* сақтағанда тиімді болады: оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру; оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескеру.

Педагогикалық үдерісте кешендік шартты педагогикалық құралдар мен принциптердің жүйесін жүзеге асыру арқылы құру қажет. Осыған байланысты біз тұтас білім беруге қатысты принциптердің жалпылануы мен сараптауы негізінде (В.В.Краевский, Б.Лихачев, Ю.К.Бабанский және т.б.) және музыкалық білім берудің принципін (Э.Б.Абдуллин, т.б.) ескере келе қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың принциптік жүйесін анықтадық (білім алушының субъективтік тәжірибесі; тұлғалық-бағыттылық тәсілі; когнитивтік бағыттылығы; вариативтік қызметі) [212, 215].

Қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың жетекші педагогикалық құралдарының сапасы:

1. *Авторлық әзірлемелер:*

- Базалық және бейіндеуші пәндердің толықтырылуы.

- «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» (элеक्टивті курстың бағдарламасы);

- Музыкалық-теориялық пәндердегі курстарда интеллектуалдық-шығармашылық тапсырмалар;

- Студенттердің әзірлемелік үлгісі (аранжировка, ұлттық музыканы орналастыру);

2. *Оқытудың әдістері:*

- Эвристикалық әдістер (мағыналық көрініс, бейнелі көрініс, қауымдастықтар, рефлексия, тестілеу, интерпретация);

- Дәстүрлі әдістер (әңгіме, бақылау, сауалнама, тестілеу, шығармашылық тапсырмалар, эксперимент);

- Педагогикалық жағдаяттар (проблемалық-ізденістік, ойын және т. б.);

- Зерттеушілік іс-әрекеттер (музыкалық-педагогикалық талдау, шығармаларды эскиздік түрде жаттап алу);

3. *Оқыту формалары:*

*Аудиториялық сабақтар:*

- дәріс (дәріс-диалогтар «дәріс-концертті»)
- семинар-сабақтар (семинарлар-зерттеулер, эвристикалық әңгімелер, баяндамаларды талдау, әр түрлі диспуттар түрлері мен шығармашылық пікір-таластар, тренингтік формаларға қатысу, ғылыми әдебиеттерді талдау, көкейкесті мақалаларды проблемалық талдау, әр түрлі ойын әдістері мен формалары (іскерлік ойындар, конкурстар және т.б.).

*Аудиториядан тыс сабақтар:*

- фольклорлық экспедициялар
- музыкалық лекториялар
- ауызша журнал
- музыкалық қонақ бөлме
- әдеби-музыкалық салон театрландырылған музыкалық-әдеби кеш
- республикалық, қалалық, университеттік дейгейде өтілетін халықтық музыкалық кештер

4. Техникалық, аудиовизуалды құралдар:

- Ұлттық музыкалардың жазылған электрондық компакт-дискісі;
- Студенттік жұмыстардың электрондық үлгісі.

Жоғарыда көрсетілген педагогикалық құралдар қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерінің интеллектуалды дамуына, олардың ұлттық музыканы меңгерудегі интеллектуалдық-дамытушылық тәжірибесіне ие болуды ынталандыруға, оқу іс-әрекетінің тұлғалық мәнін іздеуге мүмкіндік жасайды.

Көрсетілген психологиялық-педагогикалық шарттардың студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуда тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмысында тексеру туралы келесі парграфтарда баяндалады.

### **3.2 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың әдістемесі**

Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістерін жобалау қажеттігі осы бағыттағы ғылыми негізделген әдістеменің жеткіліксіздігі мен ұлттық музыканың интеллектуалды даму әлеуетінің жоғары деңгейде қолданудың арасында қарама-қайшылықты туындатты.

Оның тұжырымдамалық негізі болып қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен әдістемелік, диагностикалық тәсілдер жиынтығы, педагогикалық шарттары, өлшемдері мен көрсеткіштері табылады.

Зерттеу барысында қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың оқу-әдістемелік кешені жасалды:

– оқу материалдары: халықтық ән мен күйдің негізінде жазылған Қазақстан композиторлары туындысындағы репертуарлар тізімі, халықтық

музыкалық шығармалар (Фольклорлық ансамбль, Фольклорлық аспап, Оркестр) элективтік пәндерге қосымшалар;

– «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курс бағдарламасы;

– педагогикалық практикада студенттерді интеллектуалды дамыту мақсатында ұлттық музыканы меңгерту бойынша әдістемелік нұсқаулар;

– оқу-әдістемелік кешенді қолдану бойынша оқытушыларға арналған семинар бағдарламалары;

– қазақ ұлттық музыкасы негізіндегі аудиториядан тыс іс-шаралар жоспары;

– студенттердің қазақ ұлттық музыкасы негізінде интеллектуалды дамуы тақырыбында орындалатын курстық, дипломдық жұмыстар қамтиды.

Осындай оқу-әдістемелік кешенді жүзеге асыру мақсатында жоғары оқу орындарының болашақ музыка пәнінің мұғалімдерін оқыту жылдары, *төрт кезеңнен* тұратын эксперименттік-тәжірибеде жүзеге асырылды.

*Бейімделу кезеңі* (оқытудың 1 курсы) жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне студенттердің тұлғалық бейімделуі. Осы кезеңде студенттер алғаш рет жоғары оқу орындарына дейінгі интеллектуалдық даму деңгейін өзін-өзі анықтауға (диагностикалау) мүмкіндік алады: ұлттық музыканың интеллектуалдық-даму бағытының өзара байланысын анықтайтын ақпараттармен таныс болады. Мұндай міндеттер «*Музыкалық аспаптардың негіздері*» курсының мазмұнын толықтыру мақсатында беріледі. Дегенмен «Негізгі музыкалық аспап – фортепиано», "Концертмейстрлік сынып" және "Қосымша музыкалық аспап – фортепиано" аясында халықтық әндер мен күйлердің өңделуі барысында Қазақстан композиторларының шығармасындағы репертуарлық тізімдер студенттердің жоғары оқу орындарына дейінгі аспаптық ойындарды орындау қабілеті мен дағдыларын дамыту бағыты болып табылады.

Аудиториядан тыс жұмыстар әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады: ғылыми-зерттеу жұмыстары (реферат жазу, мазмұндама сайысы, шығармашылық тапсырмалар) және психологиялық-педагогикалық практикум тапсырмалары; мектепті аралауды ұйымдастыру (білім беру мекемесіндегі мұғалімдердің қызметін студенттерге таныстыру бағытындағы таныстыру практикасын қолдану (оның тұлғалық және кәсіби құндылығы, педагогикалық қызметінің мақсаты мен оның жетістікке жету құралдары, педагогикалық ұжымдағы байланыс жүйесі). Студенттердің қалыптасуы студенттердің «Менің мамандығым – менің музыкам» сайысына қатысумен қалыптасады, сондай-ақ университетте өзінің мамандығы жөнінде ақпарат алу үшін мектептерде әңгімелер жүргізу. Этномузыкалық мәдениеттің құндылығы жөнінде студенттермен әңгіме жүргізудің маңызды формасы жеке тұлғаның бейімділігі мен мүдделеріне (халық аспаптар ансамблі, хор және т.б.) қатысты 1-2 курс студенттері үшін міндетті сабақтар, кафедра, факультеттің көркем-шығармашылық бірлестікке қатысуы жатады.

*Қалыптасу кезеңі* (оқытудың 2-ші курсы) педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды

дамытуға мақсатты бағытталады. Осы кезеңде этномузыкалық білімнің жүйеленуі, қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың біртұтас үдерісін меңгер жүзеге асады. "Негізгі музыкалық аспап", "Қазақ музыкасының тарихы", "Қосымша музыкалық аспаптар" курстарында студенттер қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың мазмұнын меңгереді. Сондай-ақ «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курс таңдалады. Аудиториядан тыс этномузыкалық оқыту кезеңінде кәсіби-педагогикалық құндылықтағы этномузыкалық құрылымның бағыттары болашақ мамандардың іс-әрекеті мен ойлауын дамытуға ықпал етеді. Студенттерді ғылыми-зерттеушілік жұмыстарына, жобаларға, ғылыми баяндамаларға, ғылыми жұмыстардың конкурсына, шығармашылық этномузыкалық мәселелерін зерттеуге баулу, олардың шығармашылық тұрғыдан ойлауын тереңдетуге, соның негізінде оның интеллектуалды дамуының жоғарылауына ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары, сабақтағы педагогикалық пікірталастар, музыкалық қонақжайда, ауызша музыкалық журнал формалары жиі қолданылады.

Кейбір курстардың мазмұнын аша түскенді жөн санадық.

Қалыптастыру экспериментінің екінші кезеңінде студенттер "Қазақ музыкасының тарихы" курсына оқиды. Курстың бағдарламасына жасаған талдау, онда қазақ ұлттық музыкасының студенттерді интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктерінің қамтылмайтындығын, қазақ ұлттық музыкасы материалдары тек қана тарихи-хронологиялық сипатта берілгенін анықтадық. Сондықтан, біз осы курстың мазмұнына толықтырулар жасадық:

- 1 Қазақ халқының ән шығармашылығы.
- 2 Қазақ халқының аспаптық шығармашылығы.
- 3 Қазақстан композиторларының опера шығармашылығы.
- 4 Қазақстандағы симфониялық шығармашылық.

Бірінші және екінші тақырыптың мазмұнында біз қазақ ұлттық музыкасы құралдарымен педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудағы халықтың ән және аспаптық шығармашылығы мүмкіндіктерімен толықтырдық, сондай-ақ жанрдағы ән мен күйдің жіктелуін, аймақтық орындаушылық дәстүрдің өзгеруі мәселесін ендірідік.

Жоғарыда айтылып өткендей халық музыкасының негізіне дамыған Қазақстандағы композиторларының опералық және симфониялық музыкалық шығармалары баршылық. Осыған байланысты осы тақырыптарды өту барысында біз халықтың музыкасын толық түсіндіру салт-дәстүрлерге қатысты халықтың музыкалық шығармашылығын ендірідік. Мәселен, Қазақстан композиторларының операсындағы айтыс тақырыптарын, сондай-ақ Қазақстандағы симфониялық музыка үшін күй драматургиясының мәні мен ролін айқындадық. *Өйткені оның мазмұнын түсінуде студенттер музыкалық білімін толықтырып қана қоймайды, оларды эмоционалдық қабылдау мен шығармашылық орындау барысында ақыл-ой әрекеттерінің жиі іске қосылуы нәтижесінде олардың интеллектуалды дамуының деңгейі көтеріле түседі.*

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың маңызды рөлі «Фольклорлық аспап» курсына таңдау болып табылады. Курстың мақсаты педагогикалық іс-әрекет пен тәжірибелік орындаушылыққа дайын, педагогикалық және концерттік орындаулардағы өзіндік жұмыстарға қажетті және фольклорлық аспаптарда (сазсырнай, шаңқобыз, шертер, сыбызғы) ойнаудың негізгі дағдыларын, жоғары кәсіби деңгейін меңгерген мамандар даярлау табылады. Курсты оқу барысында студенттер фольклорлық аспаптың мүмкіндігінің мәнерлігі, сызықтар, тембрлік бояулар, диапазон, дыбысты шығару ерекшелігін меңгереді. Курстың мазмұны қазақ халқының аспаптық ән-күйін, сондай-ақ фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын отандық және шет елдік композиторларының күрделі емес күйлерін қамтиды. Осы пән үшінші курстағы "Фольклорлық ансамбль мен "Халық аспаптар оркестрі" пәнін меңгеруге дайындық кезең болып табылады. *Осы курстың тақырыптар мазмұны тұлғаның интеллектуалды дамуындағы ұлттық аспаптардың рөлі мен маңызы; аспаптарда ойнау қабілетінің ойлау психикалық үдерістерімен байланыстылығы, шығармашылықпен орындауда ойлау шыңына қол жеткізу, ұлттық аспаптарға құрмет пен сыйластықты дамытудың тұлғалық өсуге ықпалы туралы материалдармен; сондай-ақ, тұлғалық өсу мен интеллектуалды дамудың өзара тығыз байланыста жүзеге асуын негіздейтін ақпараттармен толықтырылады.*

*Танылу кезеңі* (оқытудың 3 курсы) практиканың оқу-кәсіби іс-әрекетінде болашақ мұғалімдердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы белгілерінің пайда болуы мен қалыптасуына бағытталады. Мұндай кезең «Фольклорлық ансамбль» пәнінің кешеніндегі «Концертмейстерлік сынып», «Негізгі музыкалық аспап», «Музыкалық білім берудің әдістері» курсының бағдарламасын толықтыру негізінде жүзеге асырылады. Осы кезеңде студенттердің ғылыми-зерттеушілік аясы кеңейтіледі, олардың ғылыми жобалық байқау дайындық, курс және дипломдық жұмыстарға арналған материалдар әзірлеу жұмыстары тереңдетіледі. Бұл кезеңдегі этномузыкалық мазмұнның тәрбиелік қызметі кеңінен емес, тереңінен, ал оның мәні саны жағынан емес, сапасының көрсеткіші жағынан қалыптасады. Осы тұста кейбір пәндердің мазмұнына тоқталып кеткенді жөн санадық.

«Фольклорлық ансамбль» курсы қазақ халқының аспапта орындау, ансамбльде ойнау ерекшелігін, фольклорлық ансамбльді ұйымдастыру қабілетін меңгеруге бағытталады.

Курстың мақсаты студенттерге фольклорлық ансамбльдегі негізгі жұмыстар мен оны ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгерту, қазақ халық аспаптарында ойнау дағдыларын игеру, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің білім, білік және дағдыларына қол жеткізу болып табылады. Курстың міндеті: студенттердің фольклорлық ансамбльде жұмыс істеу мен ұйымдастыру қабілетін меңгеруі; ансамбльдік орындауды игеруі; қазақ халық аспаптарында ойнаудың ерекшеліктерін үйренуі; музыкалық қабілеттерін дамытуы (музыкалық есту, музыкалық ойлау, ритм және т.б.); дирижерлік сызбаларды білуі, фольклорлық ансамбль үшін шығарманы түрлендіруі және

репертуарлық ерекшеліктерді таңдау қабілетін дамытуы; шығарманың көркем мазмұнын ұғыну мен таныс емес музыкалық мәтіндерге еркін талдау жасай білуі.

Осы кезеңде музыка пәнінің болашақ мұғалімдерін жалпы білім беру мектептеріндегі білім алушыны оқыту мен тәрбиелеуге, жалпы кәсіби-педагогикалық жұмыстарына даярлау бойынша «Музыкалық білім беру әдісі» курсының мазмұны толықтырылады және олардың осы пәннен алған білімдері практика барысында бекітіледі. Осы курс аясында педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға арналған қазақ халқының музыкалық шығармасының мүмкіндіктерін қамтитын екі тақырып анықталды:

1 Музыка мұғалімінің кәсіби сапасы, оның тұлғалық орны мен шығармашылық-педагогикалық қызметке қатысты қарым-қатынасы.

2 Музыка пәнінің мұғалімі – қоғамның шығармашылық мәдени қызметін атқарушы.

Егер бірінші тақырыптың мазмұнында болашақ мұғалімнің тұлғалық сапасы мен барлық кәсіби бағыттарын ашу, қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалды-құндылықтық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттердің мазмұнын қамтитын этномузыкалық іс-әрекетке даярлау, музыка пәнінің кәсіби сапалық интеллектуалдық қабілетіндегі жалпы ерекшеліктерді байыту қарастырылса, онда екінші тақырыпта интеллект түрлерінің өзара байланысы мен тұлғаның интеллектуалдық дамуының теориялық мәніне, болашақ мұғалімнің тұлғалық мәнін дамытуға баса назар аударылады.

«Концертмейстерлік сынып» курсы студенттерді аспапта орындауға даярлауға арналған. Оның маңызды бөлігі өндірістік практика кезеңінде меңгертіледі. Практика барысында сабақтарда үйренген халық әндері мен күйлерді аспаптық және вокалдык өңдеулермен сүйемелдеуге дағдылану жүзеге асырылады. Практика барысын бақылау нәтижесі осы курс бойынша халық музыкалық шығармашылығын меңгеруде жүйесіздік барын көрсетті. Сонымен қатар, студенттер фольклорлық ансамбльге қатысатын басқа да қатысушылар мен қобызшылар, домбырашылардың орындауын үйрену барысында олардың орындау шеберліктеріне, аспаптың дыбысына мән береді. Олардың халық аспаптарында орындауда фортепианоның қатты ырғағын бірлестіре отырып фольклорлық ерекшеліктердің метроритмикалық және гармониялық, ладалық, мәнерлік ерекшеліктерін терең меңгеруін мақсат тұтады.

Жоғарыда көрсетілгендей халық әні мен күйін өңдеу негізінде пайда болған композиторлар шығармаларының (вокалдык сүйемелдеу, аспаптық сүйемелдеу, хор сүйемелдеуі) репертуалар тізімін «Концертмейстерлік сынып» курсының бағдарламаларының мазмұныны толықтыруда қолданылды.

5B010600 – Музыкалық білім мамандығындағы базалық және бейіндеуші пәндердің мазмұнына талдау жасау кезінде біз қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орны студенттерін интеллектуалды дамытудың

мүмкіндіктері мен халықтың музыкалық шығармашылығының теориясы мен тарихы туралы мәселелердің жүйелі қарастырылмағандығын байқадық. Олардың сағат көлемі мен мазмұнының шектеулі болуы және жоғарыда көрсетілген пәндердің аясында тек қана қазақ ұлттық музыка құралдарымен педагогикалық жоғары оқу орындары студенттердің интеллектуалды дамуын толығымен жүзеге асыру мүмкін еместігі, бізге ұлттық музыка құралдарымен студенттерді интеллектуалды дамытуға арналған эксперименттік элективті курс бағдарламасын жасаудың қажеттілігін тудырды. Сондықтан қалыптастыру экспериментінің үшінші кезеңінің маңызды бөлігі «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсының бағдарламасын жасау мен экспериментте тексеру болып табылады.

*Курстың мақсаты:*

студенттерде интеллектуалды дамудың музыка пәні мұғалімінің кәсіби мәдениетінің маңызды құраушысы болып табылатындығы мен ұлттық музыканың тұлғаның интеллектуалды дамуының негізі екендігі туралы біртұтас түсінігін қалыптастыру.

*Курстың міндеті:*

1 Қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамытудың құрылымы мен мазмұны, мәні туралы білімін қалыптастыру.

2 Қазақ ұлттық музыкасын тұлғаның интеллектуалды дамуының негізі тұрғысынан меңгерту.

3 Халықтың өмір салты мен оның музыка тарихының байланыстарын анықтау.

4 Студенттердің қазақ ұлттық музыкасын біртұтас қабылдауын; қазақ ұлттық музыкасына қажеттілігін; халық музыкалық шығармаларының кәсіби композиторлық туындыларды дамытудағы ролін (опералық, симфоникалық, камералық-аспаптық және т.б.) ұғынуын; қазақ ұлттық музыкасының тұлғалық өсуге ықпалын түсінуін; қазақ ұлттық музыкасының ойлау психикалық үдерісін дамытуға әсерін түсінуін; қазақ ұлттық музыкасын ұрпақ тәрбиесінде оларды интеллектуалды дамытуда қолдану дағдысын және т.б. қалыптастыру.

Студенттер осы курсты оқу нәтижесінде мынадай қабілетті меңгеру қажет: халықтың музыкалық шығармасындағы педагогиканың мазмұны мен студенттердің интеллектуалды дамуының мүмкіндіктерін сараптау; халықтың музыкалық шығармаларын эмоционалды айту; қазақ музыкасының ұлттық ерекшеліктеріне балалардың қызығушылығын арттыру; сабақта және сабақтан тыс іс-әрекеттерде балалардың интеллектуалды дамуы үшін халықтың музыкалық шығармасын таңдау.

Сабақтың негізгі формаларын жүргізу ерекшелігіндегі курстың ерекшеліктері мен міндеттері, мақсаты, пәннің мәнін ашуда тұлғаның интеллектуалды дамуындағы қазақ халқының музыкалық шығармасының мәні ашылып, талданып түсіндіріледі.

Элективті курстың 1-бөлімінде «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» берілген. Осы бөлімдегі



сабақтың тақырыптарына болашақ музыка пәні мұғалімдерінің интеллектуалды дамуында ұлттық музыканың орны мен рөлі, оның кәсіби даярлығы, оның даму механизмі мен құралдары қарастырылады (ұлттық музыка танымы, ұлттық музыкалық ойлау мен музыкалық іс-әрекет).

2-ші бөлімінде болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамуының құралдары; тұлғаның интеллектуалды дамуының мүмкіндіктері мен педагогикалық мазмұны, халықтың музыкалық шығармашылығындағы жанрларды жіктеудің ерекшеліктері, оның қалыптасу мен даму кезеңдері; қазақ музыкасының ұлттық ерекшеліктері (әсіресе музыканың тілі, құрылымдалуы, лад, ритм және т.б.) және олардың Қазақстан композиторларының кәсіби шығармашылығын түрлендіруіне ықпалы; тұлғаның дамуындағы халықтың музыкасын мүмкіндіктерін ескере отырып отандық және шет елдік ғалымдардың көзқарастары қарастырылған.

3-ші бөлімде қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың тұжырымдамалық негізі анықталады. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту жағдайындағы педагогикалық шарттар, әдістемелік принциптер мен тәсілдердің жиынтығының ерекшеліктері; зерттеліп жатқан үдерістердің тиімділігі, аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстардың әдістері мен дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларды ұсынылады.

Элективті курс студенттердің өзіндік жұмысы және студенттердің оқытушылармен өзіндік жұмысы, дәрістік сабақтар формасында жүргізіледі. Олардың біріншісі теориялық сұрақтарды қарастыруға, екіншісі – олардың тәжірибелік зерттеуі мен оқыту үдерісіндегі шешіміне арналады.

Студенттердің қорытынды жұмыстары рейтинг (бақылау сабақтарына) бақылауымен бағаланады. Қорытынды бағаны шығаруда жұмыстың сапасы мен студенттердің сабақта белсенділік танытуы ескеріледі (Кесте 4).

Кесте 4 - «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсының бағдарламасындағы тақырыптық жоспар

	Тақырыптар	Сағат саны		
		Дәріс	ӨБСӨЖ	СӨЖ
1	2	3	4	5
	Кіріспе. Курстың мақсаты мен міндеті	1	1	1
	1 Бөлім. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері			
1	Интеллект, тұлғаның интеллектуалды дамуы	1	1	1

## 4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	Қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы тұлғаның интеллектуалдық дамуының механизмі мен құрылымы	1	1	1
3	Ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту ерекшеліктері	2	2	2
2 Бөлім. Халықтың музыкалық шығармашылығы – тұлғаның интеллектуалды дамуының негізі				
4	Қазақ ұлттық музыкасының даму кезеңдері мен шығу тарихы.	1	1	1
5	Қазақ ұлттық музыкасының жанрларын жіктеу	1	1	1
6	Қазақ ұлттық музыкасының тұлғаның интеллектуалды дамуындағы мүмкіндіктері мен мазмұны	1	1	1
7	Кәсіби композиторлық шығармалардың әр түрлі жанрындағы ұлттық музыканың түрленуі (опера, симфония, балет, камералық-аспаптық)	2	2	2
8	Отандық және шет елдік ғалымдардың зерттеулеріндегі тұлғаның дамуындағы ұлттық музыканың мүмкіндіктері мен ерекшеліктері	1	1	1
3 Бөлім. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны дамытудың тұжырымдамалық негізі				
9	Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың принциптері мен әдістемелік тәсілдері	1	1	1
10	Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамытудың педагогикалық шарттары	1	1	1
11	Оқу қызметіндегі ұлттық музыка құралдарымен педагогикалық жоғарғы оқу орны студенттерін интеллектуалды дамытудың әдістері мен формалары	1	1	1

4 –кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
12	1 Аудиториядан тыс іс-әрекеттерде қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың әдістері мен формалары	1	1	1
ЖАЛПЫ – 45 сағат		15	15	15

*Қалыптастыру тәжірибесінің даралану мен өзектендіру кезеңі* (оқытудың 4-ші жылы) – тұлғаның білім беру жүйесіндегі мәнінің деңгейін анықтау, ұлттық музыка құралдарымен тұлғаны интеллектуалды дамытудың дифференциялық құрылымы мен даралану кезеңі.

Осы кезеңде студенттердің ғылыми-зерттеушілік даярлығы мен педагогикалық практика барысында ұлттық музыканы меңгеруде олардың субъективті дамуына ықпал ететін «Музыкалық білім беру педагогикасы мен музыкалық педагогика», «Музыкалық білім берудің психологиясы мен музыкалық психология» пәндерінің бағдарламасының мазмұнын толықтырулар енгізілді. Олардың қатарында болашақ мұғалімдердің интеллектуалды даму деңгейінің бағалауын қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру тәжірибесін дамыту қарастырылды. Сондай-ақ, тұлғаның интеллектуалды дамуының рөлі мен халықтың музыкалық шығармашылығына қатысты курс, диплом жұмыстарының тақырыптары, оларға арналған материалдар негізінде студенттердің ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын жинақтау; мектепте ұлттық музыканың негізінде педагогикалық үдерістерді жобалау мен жүзеге асыру, педагогикалық практиканы (мамандықтың оқу жұмысының жоспарын дербес сараптау мен сараптау технологиясындағы) дербес меңгеру ұсынылды.

Аудиториядан тыс жұмыстардың кезеңінде республикалық, қалалық, университеттік дейгейде өтілетін халықтық музыкалық кештерді ұйымдастыру; аспапта орындалатын музыкалық ойындар, презентациялар, халықтың музыкалық шығармасын меңгерудің әртүрлі формалары қолданылды. Мәселен, «Негізгі музыкалық аспап» пәніндегі республикалық, университеттік Олимпиадалар жүргізу; педагогикалық тәжірибенің қорытындысы негізінде ең үздік әдістемелік жұмыстардың байқауын ұйымдастыру қарастырылды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында «Музыкалық білім берудің әдістемесі» курсының мазмұнын толықтыру кезеңін меңгеру үш тақырыптан жасалды:

- 1 Курстың мазмұны, мақсаты, міндеті.
- 2 Музыкалық педагогиканы оқытудың принциптері.
- 3 Музыкалық педагогиканы оқытудың әдістері.

Курстың барлық үш тақырыбындағы мазмұны қазақтың дәстүрлі халықтық музыка педагогикасының мәнін ашатын ақпараттармен толықтырылды. Дегенмен, бірінші тақырыпта біз этикалық өлең шумағының техникасын

меңгерудің бағытын ескере отырып ауыз екі дәстүрлі қазақтардың музыканттарын оқытудың мазмұны мен мақсатын; дәстүрлі әртүрлі сайыстарға қатысу – айтыс, тартыс; аспаптық ойындарды жүйелі түрде дамыту; әрдайым музыкалық шығарманың формасымен байланыс жасау – шығарма, дыбыстық таңдау, интерпретация, пародия, қиялдау тектес ақпараттарды қостық.

Екінші тақырыптың мазмұнында музыканттарды оқытудың принциптері мен ақпараты қазақтың халықтық музыкалық педагогикасы материалдарымен байытылды, әсіресе – байланыстық (шәкірт тәрбиелеу, ұстаз тәжірибесінің шәкіртіне берілуі); дидактика (қарапайымнан күрделіге); жүйелілік; көрнекілік, қолжетерлік және т.б. ұстанымдарына мән берілді.

Курстың үшінші тақырыбына қазақ халқының музыканттарды даярлаудың дәстүрлі әдістері ескерілді, сонын ішінде – көрсету (қолмен, дауыспен); әртүрлі мазмұндағы оқыту материалдарының нақты бейнесі; терме және айтыс жанрындағы вокалдық және аспаптық партиялармен дифференциялық жұмыс істеу; қателерді көрсету; өткен материалдарға қайта келу; тақырыптан алға қарай жылжу әдісі қарастырылды.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде студенттер «Музыкалық білім беру психологиясы мен музыкалық психология» курсының бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптың мазмұнын байытуды толықтыра отырып меңгерілді:

1 Тұлғаның музыкалық қабілеті.

2 Музыкалық-танымдық үдерістің психикалық құрылымының механизмі мен психологиялық жүйесі.

Сондай-ақ, тұлғаның музыкалық қабілетіне қатысты сұрақтарды терең ашу үшін біз айтыс пен тартыстарға қатысқан, ақын мен орындаушы болған қазақтың күйшілері мен әншілерінің дарындылық музыкалық қабілеті туралы ақпаратты қостық. Олардың музыкалық қабілетінің ұлттық сезімдік ырғақтың тереңдігі, ладолық ойлаудың өзгерісі, музыкалық жадтағы тұжырымды алғаш рет естуінен күйлер мен әндерді жылдам есте сақтауға мүмкіндік беретін қабілетті қорытындыладық.

«Музыкалық-танымдық үдерістің психикалық құрылымының механизмі мен психологиялық жүйесі» тақырыбының мазмұнын толықтыру үшін біз ауыз екі дәстүрдегі қазақтың музыканттарын даярлаудың психологиялық ерекшеліктеріне тоқталдық: шығарманың тұтастығын меңгеру, ойнау сәтіндегі рефлексияның жоғары деңгейі, эмоциялық ұтқырлық, тыңдаушылардың назарын аудартуға қатысты ақынның ұтқырлығы ескерілді.

Осылайша, «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсы мен базалық және бейіндеуші пәннің бағдарламасына енгізілген толықтыруларды меңгеру барысында студенттер аралық тестілеу мен сауалнаманың нәтижесінде бірқатар жоғары көрсеткіштерге жетті. Олардың төл мәдениет саласындағы музыкалық-психологиялық білімі тереңдеді; музыкалық-педагогикалық, музыкалық-тарихи, дәстүрлі музыкалық-теориялар туралы білімдері кеңейді; интеллектуалдық даму деңгейлері жоғарылады.

*Педагогикалық практика* кезеңінде студенттер мектепте білім алушыларға арналған ұлттық музыканы меңгерді, қазақ ұлттық музыкасын оқушыларға меңгертуде олардың тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктеріне мән берді. Және оларды оқушыларды интеллектуалды дамытуда пайдалану дағдылары пайда болды. Олар халықтық, заманауи, әлемдік және туған халқының музыкалық шығармасындағы құралдарды қолдана отырып тәрбие іс-шараларын, сабақтардың әдістемелік жобаларын жасады.

Қалыптастыру эксперименті нәтижесінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту бойынша болашақ мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулар жасалды. Әдістемелік нұсқаулардың мақсаты – студенттердің педагогикалық музыкалық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру барысында кәсіби шеберлігін дамыту мен оны жалпы білім беретін мектептердегі музыка сабақтарында білім алушыларды қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға қолдануға дағдыландыру болып табылады. Әдістемелік нұсқаулардың міндеті: музыка сабағының мазмұнын халықтың музыкалық шығармасы негізінде толықтыру; оқу және сабақтан тыс уақыттарда ұлттық музыкалық материалдармен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін меңгеру үшін қажетті музыкалық білімдер негізінде қор жинау; студенттерді халықтың музыкалық мәдениетінің озық үлгілерін қабылдауға, түсіну мен сезінуге дағдыландыру; оларды дамытуда белсенділік танытуға баулу; халықтың музыкадағы эмоционалдық әсерін түсінуін дамыту; халықтың музыкалық шығармасының заңнамалығын меңгеру мен оның әсерінде тұлғаны интеллектуалды дамыту; әртүрлі музыкалық тәжірибе негізінде халықтың музыкалық тілін меңгеруге, ән айтуға, аспапта ойнауға үйрету. Әдістемелік нұсқаулардың құрылымы халықтық музыкалық шығарманың жанры мен оның жіктелуін зерттеуге; халықтың музыкалық шығармасындағы бейнелеу интонациясына, негізгі музыкалық құралдардың негізіне; вариативті, көркемдік, қайталаудың негізінде драматургияны дамытуға; шығарманың мазмұнындағы формасы мен бағыныштылығына; музыкалық іс-әрекеттік негізгі түрлеріне – шығармаға, орындаушылыққа, қабылдауға; аспаптық және ән айту шығармасындағы аймақтық ерекшеліктерді орындау, кәсіби композиторлардың шығармасындағы ұлттық дереккөздерін анықтауға негізделеді. Студенттерге әртүрлі көзқарастардағы халықтық композиторлардың шығармасын түсінуге септігін тигізетін орындаушылық, интонациялық-бейнелі, әдістемелік, көркем-тарихи шығармашылық тапсырмалар мен сұрақтар ұсынылады.

Студенттер мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі студенттердің ұлттық музыканың интеллектуалды-дамытушылық әлеуеті негізінде теориялық және практикалық даярлықты, базалық және бейіндеуші пәндерді, жалпы білім берудегі оқытудың әдістері мен мазмұнын жүйелеуді, болашақ музыка пәнінің мұғалімдеріне арналған ұлттық музыка кешеніндегі біртұтастық, байланыстық, бірегейлікті меңгергенін көрсетті. Қазақ ұлттық музыка саласындағы ұлттық музыканың біртұтас мазмұнын қабілет пен білімнің бірлестігі негізінде жүзеге асыруға болашақ мұғалімдердің «халықтық

музыкалық аспаптарын» сүйемелдеуімен орындау дағдыларын жетілдіру үдерісінің септігі мол болады.

Осылайша, элективті курс бағдарламасының мазмұны, музыкалық білім мамандығына арналған бірқатар кәсіби және базалық пәндердің бағдарламасына жасалға толықтырулар музыкалық-педагогикалық факультеттің оқу-тәрбиелік үдерісінде қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуды жүзеге асырудың тиімділігін көрсетті.

Сонымен, қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытуға бағытталған аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстардың мазмұнын құрайтын әдістемелік нұсқаулар, элективті курс бағдарламасы, курстық және дипломдық жұмыстар, халықтың музыкалық шығармасы негізінде педагогикалық практиканың мазмұнын толықтыру, базалық және бейіндеуші пәннің мазмұнына толықтырулар енгізк қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерін интеллектуалды дамытудың мазмұндық үлгісін құрайды.

Осы аталған оқу-әдістемелік кешендерді болашақ музыка пәні мұғалімдеріне меңгертуге дәсүрлі, дәстүрлі емес әдістер мен формалар қолданылады. Енді соның бірқатарына тоқтала кетейік.

Осындай жұмыс формаларының бірі болып *дидактикалық ойындар* саналады:

*Мақсаты* - өзінің орындауын және курстасының орындауын талдау дағдыларын меңгеру.

*Ойынның барысы:* Педагогтың қолында музыкалық мәнерлеу құралдарының бірі жазылған кеспе қағаздардың кешені бар. Студент қазақ фортепианнолық шығармасын орындаудан алдын кеспе қағазда жазылған мәнерлеу құралын оқиды (мысалы, динамика).

Студенттің міндеті – шығарманы орындау, содан соң оның динамикалық жоспарды қалай жүзеге асырғандығын айтып беру.

Мұндай сабақтар студенттердің жалпы және музыкалық көзқарастарын кеңейтуге ықпал етеді, олар басқа оқушылардың репертуарларымен танысып қана қоймайды, сондай-ақ өзінің ойынын және курстастарының ойынын талдауға белсене қатысады, орындаған шығармалары бойынша өздерінің пікірін еркін білдіруге үйренеді.

Академиялық концерттерде орындауға арналған қазақтың фортепианнолық шығармаларын әзірлеу барысында автордың ойын көрсететін ең жетілдірілген формаларды қарастыру тиіс, яғни орындаушылықтың эстетикалық идеалына барынша жақын болған жөн. Ол техникалық жетілу деңгейі жекелігімен және халық музыкаларын өңдеудегі және қайта жазудағы түсіндіру сенімділігімен үндескен орындау жағдайында жеткізіледі.

Орындаудың осындай идеалды формасын іздеуде аудио- бейне, грамафондық жазбаларды тыңдау үлкен септігін тигізеді.

Қазақтың фортепианнолық шығармаларын орындаудың әр түрлі нұсқаларын тыңдау (мысалы, Н.Меңдіғалиевтың, Е.Б.Коганның, А.Досаеваның,

Ғ.Қыдырбекованың «Домбыра туралы аңызын» топтық тыңдау және түсіндіруін толық талдау). Бұл студенттерге музыканың айтылуын өзінің жеке түсінуіне қарай жақын таңдауына мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс формасы музыкалық-эстетикалық идеалдарды қалыптастыруға орындаушылық шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді.

Осы айтылып өткендер жеке оқытуды жүзеге асыратын жеке сыныптардағы жұмыс формалары мен әдістері болып атбылады.

*Енді топтық жұмыс формаларына тоқталып өтейік.*

Дәстүрлі топтық жұмыс формаларына – дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар жатады. Біздің пікірімізше қазіргі кезеңде студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің тиімді формалары мен әдістері болып олардың танымдық іс-әрекеттерін ынталандыратын *оқытудың белсенді әдістері* табылады.

Осыған байланысты оқытудың проблемалық әдістері айрықша мәнге ие. Сондай-ақ олар студенттердің ойлауын және танымдық іс-әрекетін белсендіруге; өздігінен білім алу дағдыларын жапғымды қалыптастыруға және оқу материалын дұрыс ұғынуына ықпал етуімен; шығармашылыққа қабілетін барынша толық дамытуына мүмкіндік жасауымен құнды саналады.

*Дәріс сабақтарының бірнеше түрін қарастырып көрейік.*

«Қазақстан композиторларның симфониялық шығармашылығы» тақырыбындағы дәріс сабағын төмендегіше ұйымдастыруға болады:

Дәрістің басында және соңында мынадай проблемалық сұрақтар қойылады:

- *Қазақтың аспаптық және ән мәдениетінде қазақ симфонизмін тудырудың тарихи алғышарттары қандай?*

- *Қазақстанда симфонизмнің дамуына арналған бағдарламалық қазақ күйлерінің мәні қандай?*

- *Қазақстан композиторларының симфониялық шығармашылығында қазіргі оркестрлік әдістер мен қазақтың дәстүрлі аспаптық мәдениетінің синтезі қалай пайда болды?*

- *Қазақстан композиторларының симфониялық шығармашылығының тұлғаны интеллектуалды дамытудағы мүмкіндіктері қандай?*

Бұл сұрақтар бірінен-бірі туындайтындай бірізділікпен, кейінгі сұрақ алдыңғы сұрақтан туындап негізгі шешімді табуға құрылған міндет саналады. Олар жинақталған білімдерін жылдамдататын танымдық қажеттілігін көкейкестендіреді.

Ақыл-ой іс-әрекетінің жұмыс істеу үдерісінде студенттердің санасында жаңа ой байланыстары қалыптасады, қосымша ақпарат көздері пайда болады, олар осы негізде анықталады, байиды, кейде жетілдірілген ақпараттармен алмастырылады.

Дәріс барысында *студенттер бір-бірімен пікір алмасады және Қазақстандағы симфониялық шығармашылықтың дамуы мәселелерін орыс, батысеуропа симфониялық музыкасымен салыстыра отырып жүйеге келтіреді.*

Осы дәріс барысында ұжымдық зерттеуге шақыруды қамтитын, шешімі мұғалімнің алдын ала дайындығынсыз айтылатын «*ми шабуылы*» формасы қолданылады. Сонымен педагогтың студенттерге «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасындағы өнердің өлмейтін күші идеясын ашып жеткізу ұсынылады, сонымен бірге, Қазақстан композиторларының әр түрлі жанрдағы кәсіптік шығармашылығындағы аңызға айналған сюжетке үндеуді қарастыра отырып, олардағы ежелгі аңыздағы негізгі эстетикалық, даналық идеяны түсіндіру амалдарын салыстырады.

Студенттердің диалектикалық *ойлау дамуына ықпал етеді, оқуға қызығушылығын арттырады, баяндауын дәлелдеуге ұмытылады*. Педагогтың оқу материалын меңгертуге арналған аз ғана «бөлігін» тексеруге бағытталған проблемалық та, бағдарламалық та оқытуды пайдалану *логикалық тұрғыдан негізді болып табылады*. Студенттердің қойылған сұрақтарға берілген жауаптарының сапасын бағалауда педагог әрі қарай материалды баяндауға көшеді немесе, студенттердің жауаптарына қанағаттанбаған жағдайда олардың материалды меңгерудегі әлсіз тұстарын айқындайды, бұрын айтылып өткен материалдың түйінді қырларын тағы да қайталап өтеді, қажет жағдайда материалды жеткізу әдісін өзгертеді.

Қазіргі уақытта барлық білім саласын ізгілендіруге байланысты *дәріс-диалогтар* кеңінен таратылып отыр. Олардың негізіне *танымды жекелендіруші, оқытушы мен студенттің ақыл-ой іс-әрекетінің белсенді үдерісі жатады*. Мысалы, дәрістер-диалогтар, мектептің музыка мұғалімін шақырумен жүзеге асырылады. Мұнда халықтық музыка өнері құралдары арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру мәселесі, бүгінгі таңда Қазақстан республикасында күшіне ие, ұлттық музыкалық өнерге негізделген музыка бойынша балама бағдарламаларды талдау жөніндегі әр түрлі көзқарастардың ұқсастығы мен айырмашылығы салыстырылады; өнертанушыларды шақыру арқылы жүргізіледі, мұнда ұлттық музыкалық өнер туындыларын талдау амалдары, музыкалық мәнерлеу құралдарын түсіну сұрақтары шешіледі.

Дәрістерді өткізудің дәстүрлі емес формаларына «*дәріс-концертті*» жатқызуға болады. Осындай формада «Қазақтың аспаптық музыкасы» тақырыбын өткізуге болады. Педагогтың қазақтың аспаптық шығармашылығы туралы кіріспе сөзінен кейін шақырылған әр түрлі жанрдағы күйшілер домбырада, қобызда, сыбызғыда күй тартады және олар дыбыс шығару амалдарына, техникалық тәсілдерге тоқталып, түсініктеме береді.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың тиімді формасының бірі болып *мұражайға экскурсия* табылады. Бұл форма «Қазақтың музыкалық аспаптарын оқыту» барысында қолданылады. Осы форманың *дайындық кезеңінде* педагог экскурсияның мақсаты мен міндеттерін анықтайды, музыкалық аспаптарды көрсету және көру әдістемесін ойластырады.

Экскурсияға дайындықтың келесі кезеңінде студенттермен әңгімелесу жүргізіледі. Мұнда тақырып туралы теориялық мәліметтер беріледі, қосымша әдебиеттер ұсынылады, бартатын экскурсияға нұсқаулар беріледі, сондай-ақ экскурсия кезінде баса назар аударылатын сұрақтар қарастырылады. Мәселен:



1 Қазақ халқының музыкалық аспабын зерттеудегі Б.Сарыбаевтың еңбегі қандай?

2 Қазақстанның әр түрлі аймақтарындағы домбыраның айырмашылығы неде?

3 Бақсылар қандай музыкалық аспапты қолданды?

4 Сигналдық қызметті қандай музыкалық аспаптар атқарды?

Екінші кезең – экскурсияның мазмұнды кезеңі, оның мақсаты оқыған материалды бекіту саналады. Студенттер үрмелі, ұрмалы, сыбызғылы аспаптары көруді аяқтаған соң, берілген сұрақтар бойынша студенттерден қысқаша жауаптар алынады.

Дәрістің мәнділігін сақтай отырып, халық музыкалық өнерін меңгеру мақсатында тиімді формалардың бірі болып, жаңа әдістемелік амалдарды мақұлдаудан өткізу үшін «қорған» болып табылатын семинар-сабақтар (*семинарлар-зерттеулер, эвристикалық әңгімелер, баяндамаларды талдау, әр түрлі диспуттар түрлері мен шығармашылық пікір-таластар* (соның ішінде теледидарлық ток-шоу идеясын пайдалану және т.б.), *танымдық міндеттерді шешу, тренингтік формаларға қатысу, ғылыми әдебиеттерді талдау, көкейкесті мақалаларды проблемалық талдау, әр түрлі ойын әдістері мен формалары* (іскерлік ойындар, конкурстар және т.б.).

*Семинар-зерттеу* формасы зерттеу әдісінің элементтерін өзіне қамтитын проблемалық оқытудың үлгісі бола алады. Оның мақсаты – студенттің өзіндік жұмысын белсендіру, олардың шығармашылық, зерттеу қызығушылықтарын дамыту.

Сонымен, студенттер «Музыка мұғалімінің эстетикалық мәдениеті кәсіптік мәнді сапасы тұрғысынан», «Қазақ халқының музыкалық өнері оқушыларға эстетикалық тәрбие беру құралы» тақырыптары бойынша семинар сабақтарына дайындалу барысында ғылыми әдебиеттегі педагогтың эстетикалық мәдениеті зерттеулерімен танысады (А.Пирадов, У.Суна, М.Верб, Г.Петрова және т.б.); халық музыкалық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі амал-тәсілдерімен (В.Сухомлинский, Н.Шацкая, О.Карпушина, М.Балтабаев), музыкалық өнер арқылы балаларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие саласындағы қазақ этнопедагогикасының дәстүрлерімен (С.А.Ұзақбаева, Р.Қ.Дүйсембінова, Ш.Б.Құлманова және т.б.) танысады.

Студенттердің ұлттық музыкалық өнер шығармаларын қосымша іріктеу бойынша іс-әрекеті педагогикалық мақсаттылықтан және күрделілік дәрежесінен, белгілі бір курста оқуына сәйкес осы шығармаларды талдау және жіктеу бойынша, проблемалық оқытудың зерттеу әдісінің үлгісі бола алуы мүмкін.

Осындай жұмыс формаларындағы семинарларды өткізу студенттердің көзқарасын және өресін кеңейтеді, ұжымдық ізденіс дағдыларын қалыптастырады, проблеманы шығармашылық тұрғыдан талдауға қатысу іскерліктерін шыңдайды.

*Бүгінгі таңда тәрбиенің белсенді формаларын ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі және ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттің түрлері сан алуан.*

Солардың ішінде ерекше түрлерінің бірі *пікір-талас формасы*. Пікір-талас – бұл белгілі бір проблеманы, ұжымдағы даулы сұрақтарды шешу формасы. Пікір-талас барысында студенттер бір-бірімен, оқытушымен күдік туғызатын мәселелер жөнінде дауласуы мүмкін. Пікір-таласқа қатысушылардың барлығы өзінің дәлелдерін келтіре отырып, өз пікірін қорғайды, жақтайды.

Пікір-таластың нақты формасын жасау үшін өзінің жетістіктерімен баурай алатын теледидарлық *ток-шоу* идеясын пайдалану ұсынылады. Мұнда:

- барлық қатысушыларды толғандыратын мәселе талқыланады;
- аудитория әр түрлі көзқарастарды жақтайтын топтарға бөлінеді;
- жүргізушінің пікірі қатысушыларға міндетті саналмайды, олар өз таңдауларында еркіндікке ие, олар тіпті ток-шоу барсында бір пікірге келмесе де, оларды ойлануға итермелейді.

Пікір-таластың дайындық кезеңі ток-шоу өткізуден 2-3 күн алдында жүргізіледі. Педагогқа және студентке оны өткізу технологиясы жоспарланады. Ол үшін: а) ықшамтоптарға (3-4 адам) бөліне отырып, әрбір топ өзінің өткізу нұсқасын ұсынады, студенттер педагогпен бірге ұтымды нұсқасын таңдайды; б) әр түрлі көзқарасты ұсынатын топтар құрылады; в) ток-шоуды жүргізуші таңдалады; г) педагогпен бірлесе талқылауға арналған сұрақтар даярланады.

Содан соң педагог барлық студенттерді пікір-таластың негізгі қағидаларымен таныстырады:

- 1 Бір-біріне сыйластық қатынас.
- 2 Әрқайсысының өз көзқарасы болу құқығын мойындау.
- 3 Шығып сөйлеуден бұрын қолын көтеруі, сөйлеп тұрған адамның сөзін бөлмеуі тиіс.
- 4 Өзінің пікірін дәлелдермен, өмірінен, музыкалық және әдеби шығармалардан мысалдар келтіруі тиіс, сонымен бірге регламенттен шықпау керек.

Мысал ретінде студенттермен *ток-шоу тұрғысынан өткізілген семинар* сабағын келтіруге болады (Қосымша А, Ә, Б).

Мұндай жұмыс формасы тәрбие міндеттері шешімдерінің көлемін кеңейтеді, студенттердің белсенділігін және жекелігін жоғарылатады, құндылық-бағдарлы іс-әрекеттерінің тәжірибесін қалыптастырады, студенттердің интеллектуалды дамуына ықпал етеді.

Пікір-талас барысында белгілі бір танымдық білімдер меңгеріледі, эстетикалық сезімдер мен эстетикалық мінез-құлық дамиды. Арнайы ұйымдастырылған құндылық-бағдарлы іс-әрекет студенттердің интеллектуалды дамуын ынталандырады, олардың адамгершілік-эстетикалық таңдау жағдайларына ендіре отырып және сонымен адамгершілік тәжірибесін кеңейте және байыта түсіп музыкалық мәдениетін қалыптастырады.

*Ұжымдық талқылаудың басқаша формасы болып диспут саналады. Оның мақсаты – әр түрлі құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту, өздерінің көзқарастары мен ұстанымдарын анықтау мен айқындауға қол жеткізу.*

Мысал ретінде «адам бойындағы және адами қарым-қатынастағы әдемілік және оның қазақ музыкалық өнеріндегі көрінісі».

Студенттердің талқылауына арналған мынадай сұрақтар қойылады:

1 Адамның ішкі және сыртқы сұлулығы неден көрінеді?

2 Адамның сыртқы келбеті мен ішкі дүниесі арасында, оның мәдени деңгейінде байланыстар бар ма?

3 Адамның сыртқы келбетінің өзіне және қоршаған ортасына маңызы қандай?

4 Осы сұрақтарды талқылау барысында студенттердің пікірі өзгерді. Бірқатар типтік пікірлерді келтірейік:

*Студент Л.* – Мен адамның ішкі және сыртқы сұлулығы арасында айтарлықтай өзгеріс сезбеймін. Өйткені адам, сол адам, сондықтан екі түрлі сұлулық болуы жөн емес сияқты.

*Студент С.* – Адамның ішкі және сыртқы сұлулығында айтарлықтай айырмашылық бар, сыртқы келбеті – бұл, түрі, киімі, дене бітімі, жүріс-тұрысы; ал ішкі сұлулығын бірден көру мүмкін емес, ол еңбегінен, мінез-құлқынан, әрекетінен, қылықтарынан көрінеді.

*Студент К.* – Адамдағы ең бастысы – бұл ішкі сұлулық, ал «киіміне қарай тек қана қарсы алады».

*Студент Ұ.* – Адамның сыртқы келбеті қосымша қызмет атқарады дегенді, мен дұрыс деп есептемеймін. Өйткені адамның бірінші кезекте келбеті көзге түседі, ал рухани сұлулық қарым-қатынаста ашылады, оның үстіне қыз сұрықсыздау көрінсе көпшіліктің арасынан бөліп қарау қиын. Әйелге қатысты сыртқы сұлулық кейде рухани жұпынылықты алмастыруы мүмкін.

Студенттер диспут барысында адамның ішкі және сыртқы сұлулығының күрделі диалектикасын, олардың өзара байланысын түсінді; және адамды анықтайтын оның ішкі және сыртқы сұлулығына ықпал ететін рухани дүниесі екендігін түсінді.

*Бірқатар зерттеушілер қазіргі кезеңде жоғары оқу орны педагогикасындағы сабақтардың тиімді формасы болып тренингтер табылатындығын көрсетті.*

Олар студенттік жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, мынадай түйінді пікірге келді: құрдастары арасында өзін әрі сенімді, әрі қолайлы сезінетін жастар үшін үлкендердің айтқандарына қарағанда жолдастарының оларды түсінуі мен қолдау пікірлері құнды болып табылады.

Тренинг сабақтан мысал келтірейік.

*Дайындық кезеңі:*

Үлкен тренингтік шеңбер режиміндегі сабақтарды өткізу үшін сыныптың ортасы ашық қалдырылады, орындықтарды үстелдерден бөлек шеңберді айналдыра қойып шығады. Студенттер жүздерін ортаға қаратып, бір біріне жақын отырады. Үлкен тренингтік шеңберқатысушылардың әр түрлі коммуникативтік дағдыларын шыңдауға, әңгімелесу барысында жіберген құрдастарының қателігін көруге мүмкіндіктер береді. Тренинг элементтері «Қазақ халқының тұрмысының, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің эстетикасы және олардың музыкалық өнердегі көрінісі».

Студенттер «әдет-ғұрып», «дәстүр», «салт», «рәсім» ұғымдарының мәнін анықтаған соң, оларға «Халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер» тренингіне қатысу ұсынылады.

Педагог: «Сіздердің әрбіріңіз аз да болса, туған халқыңыздың ұлттық дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен таныссыздар. Қазір сіздер кезектесіп ұлттық әдет-ғұрыптың бір түрін айтып өтесіздер. Сөйлеуге 3 минут уақыт беріледі.»

Студенттер «Шілдеhana» - баланың өмірге келуіне байланысты, «Бесік той» - нәрестені бесікке салу, «Тұсау кесу» - сәбидің қадам жасауына қатысты және т.б. салттарды айтып өтеді. Әсіресе жастарға танымал үйленуге байланысты салт-жоралғылар.

Бұл форманың студенттер үшін күрделілігі олар барлық жағынан бірдей ашық қатынаста болады: қатысушыға барлығы қарайды, оның сөздерін бәрі тыңдайды және бағалайды. Мұндай жағдайға барлығы үйренбеген, сол себепті бір-біріне сенімділік танытып, қолдау көрсететіндей жағдай түзген дұрыс. Осындай сабақтар студентке мінез-құлқындағы сереотипті игеруге, құрдастары арасында пікірін білдіруге, «көзбе көз» ұстанымы бойынша топпен қатынас жасау стилін меңгеруге, өзін құрдастарымен салыстыруға мүмкіндік береді, өзара әрекетке түсудің тиімді тәсілдерін қарқынды игеруге мүмкіндік жасайды. Студенттер тренингке қатысу арқылы бір-біріне деген жекелік, тәуелсіздік сезімін нығайтады, олардың қарым-қатынасында сын көзбен қарау терең дамиды, оқыту мен тәрбиелеудің маңызды дамытушы принципі тұрғысынан өзара өзіндік оқыту жүйесі пайда болады.

*Қазақ халқының музыкалық өнерін игеруге арналған үлкен мүмкіндіктер оқытудың ойын формалары мен әдістерінде бар.*

Ойын әдістемесін белсенді ендіру мен кеңінен пайдалану бәрінен бұрын студенттер оқу ғана емес, сондай-ақ болашақ кәсіптік іс-әрекеттерді қамтитын істерді орындайтындай ойын жағдайлары шартты практиканы түзеді, яғни ойын оқу процесін шынайы өмірге жақындатады.

*Оқытудың ойын әдістерінің бірі болып рөлдік ойындар саналады. Оның барысында оған қатысушылар белгілі бір жағдаяттағы белгілі бір персонаждың рөлін ойнайды.*

Осындай формада белгілі бір композитордың дүниетанымдық көзқарасын, қазақ музыкалық өнерінің ұлттық стилі мәселелері, Қазақстан композиторларының кәсіптік шығармашылығындағы дәстүрлер мен жаңашылдықты талқылау өткізіледі.

Мәселен «Қазақ фортепианнолық музыкасындағы Абайдың көркем образы» тақырыбындағы семинар сабағын рөлдік ойындар арқылы өткізуге болады. Мұнда қазақ фортепианнолық музыкасында Абайдың көркем образының паш етілу проблемасы қарастырылады. Осыған орай рөлдік ойын қатысушылары Абайдың композитордың, орындаушының, тыңдаушының, музыка сыншысының, музыка мұғалімінің рөлін ойнайды.

Ойын барысында олар Абай образының ұлылығын ашуы тиіс, композиторлардың оның шығармашылығына жете бере алатындай, ұлы

ағартушы және куманист Абайдың музыкалық портретін жасай алатындай, Абай идеяларының көкейкестілігін көрсететіндей құралдарды іздестіруі қажет.

Осы мақсатпен ойынға қатысушылар жағдайдың дамуын ойдан шығара отырып, бір жағдаятты студенттер әр түрлі рөлдерде болып көру үшін бірнеше рет қайталайды. Ойын соңында педагог пен студенттер ұсынылған шешімдерді талқылайды және қатысушылардың орындаушылығын бағалайды.

Оқытудың ойын әдістемесінің ерекшелігі болып жарыс табылады. Бұл студенттердің білімін тереңдетуге ғана емес, сондай-ақ жеке ойлауын ұшқырлай түсуге ықпал етеді. Жұмбақ және оның шешімі элементтері, ізденіс және табу элементі жеке шешімге келуге ықпал етеді, ал жарыс элементі міндеттерді жылдам және дәл орындауға ынталандырады.

Мұндай жарыс формалары болып әр түрлі конкурстар – сөзжұмбақтар табылады.

Бірқатар конкурстарды өткізу үшін кеспе қағаздар, плакаттар, көрнекі құралдарды әзірлеуге алдын ала дайындық қажет болады.

*«Музыкалық кейіпкер, өзіңнің туындыңды тап» (М.А.Давыдова мен И.А.Агапованың әдістемесі бойынша)*

*Алдын ала дайындық.* Осы конкурсты өткізу үшін Қазақстан композиторларының опера мен балеттерінің аты нақты әріптермен плакат түрінде жазылған кеспе қағаздар әзірлеу керек. Әрбір музыкалық спектакльге арналған оның персонаждарының тізімі дайындалады. Бұл атаулар сондай-ақ, бөлек бір кішкентай көлемді кеспе қағаздарға жазылады. Біз әрбір туынды үшін үш кейіпкерден ұсынамыз.

Опера және оның кейіпкерлері тізімінің үлгісі:

- 1 «Абай» - Абай, Айдар, Ажар;
- 2 «Қыз Жібек» - Төлеген, Жібек, Бекежан;
- 3 «Алпамыс» - Алпамыс, Гүлбаршын, Мыстан;
- 4 «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» - Қозы-Көрпеш, Баян, Қодар;
- 5 «Айсұлу» - Айсұлу, Серке, Хасен;
- 6 «Біржан-Сара» - Біржан, Сара, Жанбота.

*Конкурс барысы.* Педагог опера және балает атаулары жазылған кеспе қағаздарды алу үшін студенттер тағайындайды. Олар тақтаға шығады және оны бойлай, әзірше плакаттарын ашпай қатар тұрады. Ойынның қалған қатысушылары қалған кеспе қағаздарды талдайды және оларды зерттей отырып, оларға қай туынды түскендігін және онда қандай кейіпкер бар екендігін естеріне түсіреді. Педагогтың нұсқауы бойынша тақта алдында тұрған студенттер, өздерінің плакаттарын ашады, ал қалғандары өздерінің шығармалары аталған жерден орын алады. Тапсырманы бірінші орындаған топ жеңімпаз болады.

Қазақ халқының музыкалық өнері арқылы студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру процесінде оқу-іс әрекеттерінен бос уақытында жүргізілетін аудиториядан тыс жұмыстардың орны үлкен.

Студенттердің аудиториядан тыс жұмыстар барысында оқу процесінде және жеке іс-әрекеттерінде жинақтаған білімдер қорын іс жүзіне асыру

кажеттілігі туындайды. Бұдан басқа, аудиториядан тыс жұмыстар студенттердің саналы түрде қаншалықты білімдерді меңгергендігін, іскерліктері мен дағдыларының қалыптасқандығын, шығармашылық қабілеттерінің, эстетикалық қабылдауының дамығандығын тексереді.

Педагогика саласындағы ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау бүгінгі таңда студенттердің аудиториядан тыс іс-әрекеттерін жетілдіру, оның жоғары оқу орны профилімен байланысы, студенттердің қоғамдық жұмыстағы кертартпалығы мен талапсыздығын жеңу жолдары, ұйымдастыру жұмыстарындағы іскерліктер мен дағдыларды тәрбиелеу мәселелерінің көкейкестілігін көрсетеді. Осыған байланысты Г.П.Орлов «бос уақыты қаншалықты көп болса, адамның прогрессивті дамуы үшін мүмкіндіктер соншалықты көп болады... Бос уақыттың рөлі оны рухани және физикалық даму үшін пайдалану факторларынан, сол іс-әрекеттің мазмұнынан және оның адамға қатынасынан талап етіледі» деп, тұлғаның толық дамуы мен бос уақытының тығыз байланыстылығын көрсетеді [216]. Аудиториядан тыс жұмыстың оқу ісінен мынадай сипаттарын бөліп көрсетеді: біріншіден, аудиториядан тыс жұмыстар әр түрлі жастағы және көпұлтты студенттік топтарды біріктіреді, өйткені аудиториядан тыс жұмыстың барлық түрлеріне төменгі курстың да, жоғарғы курстың да әр түрлі ұлт студенттері қатыса алады; екіншіден, аудиториядан тыс жұмыстың барлық формалары әрбір студенттің өз еркімен қатысу негізіне құрылады; үшіншіден, аудиториядан тыс іс-шараларда студенттердің іс-әрекетінің деңгейі педагог қоятын баллмен бағаланбайды, олардың кәсіптік, адамгершілік сапалары, шығармашылық қабілеттері, эстетикалық көзқарасы қоғамдық тұрғыда бағаланады.

Біздің пікірімізше қазақ халқының музыкалық өнерін пайдалану арқылы мынадай аудиториядан тыс жұмыс формаларын ұйымдастыруға болады: *фольклорлық экспедициялар, музыкалық лекториялар, ауызша журнал, музыкалық қонақ бөлме, әдеби-музыкалық салон, театрландырылған музыкалық-әдеби кеш* (Қосымша В, Г, Д).

Студенттердің аудиториядан тыс іс-әрекеттері мынадай қызметтерді анықтайды: студенттің интеллектуалдық-дүниетанымдық, адамгершіліктік-эмоционалдық және шығармашылық-еріктік бастамасының бірлігі; студенттердің музыкалық өнерге, балаларға, өзара тұлғалық қатынасы; студенттердің жекелігінің бекуі мен дамуының айқындалуы, олардың музыкалық-тәрбиелік, шығармашылық қабілеттері; студенттер ұжымының және ұжымдық сапаларының қалыптасуы; қоғамдық-тәрбиелік ұйымдарда оқушылармен жүргізетін білімінің, іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы.

Студенттердің аудиториядан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың тиімді формасы болып фольклорлық экспедициялар саналады. Олар білім беру-тәрбиелеу мүмкіндіктеріне ие: өйткені студенттер фольклор жинаумен айналысып, тұрмыс салттарды зерттей отырып, халықтың рухани байлығын таниды, ата-баба мұраларына сыйластық көзқарастары артады.

Осыған байланысты осы жұмыс формасының дайындық кезеңінде «Фольклорлық экспедицияның қатысушысына жадынама» сабағы өткізіледі. Жадынама мыналардан тұрады: 1. Адамның ойланып істеу қабілеті барлық уақытта оны жайлы сезіндіреді, сондықтан сұрақ қоюдан алдын ойланып ал. 2. Өзіңнің жазбаларыңда әнді не күйді жазып алған адамның аты-жөнін, тегін, жасын, сол күнді, орнын жазуды ұмытпа. 3. Барлық жазбалар дәл болуы керек. 4. Ешуақытта жадыға сенбе, өзімшіл болма.

Студенттер фольклордың әр түрлі жанрларының көп нұсқаларымен, өмір сүруімен, аймақтық таратылуымен танысады; шығармадан ауызекі шығармашылықты, жазба әдебиетінен фольклорды ажырата білуді үйренеді; әндер, күйлер, аңыздар мен ертегілер жинау дағдыларын игереді.

Студенттердің фольклорлық экспедицияда бірге болуы шығармашылықты, жұмысқа қабілетті ұжым болуға итермелейді. Олардың руханиқызығушылығы бірдей болады. Күнделікті ұжымда бірге болатын жағдай әрбіріне эстетикалық әсер ету, немесе керісінше әрбір ұжым мүшесінің эмоционалдық күйі ұжымды белсендіруге ықпал етуі мүмкін. Студенттер неғұрлым көп білген сайын, соғұрлым білімдерімен белсене бөлісуге асығады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуда аужиторияда және аудиториядан тыс сабақтар формалары мен онда қолданылатын әдіс түрлерінің бірқатары қосымшада берілген (Қосымша 1-6).

Рухани қызығушылықтарының ортақтығы ұжымдағы адамгершілік байланысты күшейте түседі. Студенттер бір-бірімен пікір алмасуы, жазып алған ертегі аңыз, ән, күйлерін, талқылап ой бөлісуі мүмкін. Ал бұл болса олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, халық музыкалық өнері құбылыстарын эмоционалдық-бағалаушылық тұрғыда қабылдауын қалыптастыруға, адамгершілік қатынастарының интеллектуалдық қырын ашуға ықпал етеді.

### **3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысы нәтижелері**

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «5B010600-Музыкалық білім» мамандығында жүргізілді. Экспериментке барлығы 88 (бакалавр), олардың ішінен екі топты бөліп алдық – бақылау тобы (47 адам) және эксперимент (41 адам) тобы.

Диагностика тұлғаның нақты даму деңгейінің сапасы мен қабілетін ғана анықтап қоймай, жақын және алыс болашағындағы адамның қабілетіндегі икемділік, құзыреттілік мүмкіндіктерін анықтауды қарастырады. Адам бойында бір сапаның біреуі жеткіліксіз құрылымдалса, онда басқаларының жоғары дамуына мүмкіндік беріледі. А.К.Маркова педагогтар барлық көлемдегі сапаның дамуы арқылы емес, көбінесе күшті жақтастарының тарапынан бәсекелестіктен қалмас үшін дамудың жоғары нәтижесіне ерісетіндігін айтады. Осыған байланысты диагностикалау үдерісінде белгілі бір сападағы қабілеттің пайда болуын емес, тежейтін жағдайларын да ескеру қажет [217].

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының біз белгілеген өлшемдерге сәйкес дейгейін анықтау үшін музыкалық-педагогикалық, психологиялық және педагогикалық тұтас диагностиканың әртүрлі әдістерін кешенді қолдану қажет деп есептедік. Атап айтқанда:

- студенттің интеллектуалды даму тұлғасын психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістері (әңгімелесу, бақылау, арнайы сауалнамалар, тесттер, шығармашылық тапсырмалар және т.б.)

- интеллектуалды-даму ортасының әдістері;

- білім беру үдерісіндегі жалпылама материалдарды диагностикалау әдістері;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту үдерісіне қатысатын студенттерді жеке психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістері;

- оқытушыларды жеке психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістері және т.б.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш негізгі кезеңнен тұрады: айқындау, қалыптастыру және қорытындылау. Айқындау эксперимент аясында зерттелген кешенді диагностикалауға мәліметтерді жинау әдістері жатады (сауалнама, тестілеу, бақылау, әңгімелесу, талдау, студенттердің шығармашылық жұмыстары); әдістерді өңдеу мен мәліметтерді біріктіруге (статистикалық және талдамалық әдістер, салыстырмалы-салғастырмалы талдау).

*Бірінші кезеңдегі* айқындау эксперименті Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетте жүргізілді:

Айқындау экспериментінің міндеттері:

- 5B010600 – Музыкалық білім мамандығы бойынша оқу-әдістемелік және типтік бағдарламаларға, оқу жоспарына сараптамалық талдау жасау оның ұлттық музыка құралдарымен педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуын жүзеге асыратын мүмкіндіктерін анықтау және болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың мақсатты бағыттылығын зерттеу;

- осы мамандықтағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының деңгейін анықтау.

Айқындау экспериментінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының деңгейін көрсететін бастапқы кесіндісі ұсынылады.

Айқындау эксперименті ұлттық музыка құралдарымен студенттердің интеллектуалды дамуының қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтілік, эмоционалдық-құндылықтық және іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттері бойынша (1.3 параграфында белгіленген) тұтас төрт кезеңмен жүргізілді.

*Қажеттілік-ынталандырушылық компонентін анықтау* ұлттық музыкаға студенттердің танымдық қызығушылығының дейгейін айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама *О.С.Гребенюктың ынталандыру тестінің* негізінде құрылды [218]. Оның нәтижесінде көрсеткендей, бүгінгі студенттік жастар поп, хард-рок, рэп музыкасы бойынша - 97,4%, жеке музыкалық білімін



дамыту - 96,3%; эстрадалық әндер - 95,9%; классикалық музыка 19,8%; халықтық музыка - 9,7% қызығушылық танытады. Осылардың арасынан эстрада жұлдыздарының концертіне барғанды - 93,6%, бейнежазбалар, дискілер, атакты рок және поп музыкаларының пластинкаларын тыңдағанды (89,6%), паркте және қалада қыдырғанды 83,7%, дискотекаға барғанды 72,3%, театрға барғанды 65%, сайыстарда, көріністерде, конкурстарда, көңілді тапқырлар клубына жеке қатысқанды 34,8% қалайды. Осы нәтижелерден көрініп тұрғандай, заманауи студенттердің музыкаға қызығушылығының дені көңіл көтеру жанрына бағытталған.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының жоғары деңгейін танытқан студенттер аудиторияда және аудиториядан тыс уақыттағы этномузыкалық білімді дамытуға, интеллектуалды дамуына деген ниетінің бар екендігін, зерттеу іс-әрекетіне белсене қатысуын, этномузыкалық білімді меңгерудегі мақсаттылық, танымдық қажеттіліктің қалыптасуын, халық музыкасындағы шығармаға терең қызығушылықтарын бар екендігін байқатты. Сұралғандардың ішінен осы деңгейдегілер екі-үш адамды ғана құрады.

Сұралғандардың ішінен 16,4 % танымдық қызығушылығы орташа деңгейдегілер. Осы деңгейдегі студенттер тұтастай ұлттық музыканың тұлғаның интеллектуалды дамуындағы мәнін түсінгенімен, сабақ барысында ғана этномузыкалық мазмұндағы материалдарға деген қызығушылық танытады. Оларды практикалық ойлау-адамгершілік тарапынан ынталандырушылықтың жоқтығынан, тек қана нәтижеге жету мақсатында бағытталған халықтық музыкалық шығармашылықтың ерекшелігін зерттеудегі барлық оң ынталар мен күрделі емес тапсырмалар, қарапайым материалды қызықтырады.

Сұралғандардың 77,9 % қызығушылығы төмен деңгейлерді көрсетті. Бұл деңгейге этномузыкалық мазмұндағы материалдарға, халықтық музыкалық шығармаға деген студенттердің танымдық қызығушылығы төмендігімен ерекшеленеді. Студенттер болашақ кәсіби педагогикалық қызметі үшін олардың мәнін түсінбей отырып этномузыкалық білім алуға деген немқұрайлық танытады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының деңгейіне әсер ететін факторларды анықтадық. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі мәдени мекемелерге жиі баруды (музыкалық мектептер, театрлар, филармония, концерттер және т.б.), халықтық музыка саласының қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыруды, халық музыкасынан дәріс берушілермен жиі араласуды, педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуына бағытталған кәсіби даярлықты тереңдетуді (пәндер мазмұнын толықтыру, арнайы сабақтардың кіріспесі, педагогикалық практикадағы ұлттық музыка негізінде интеллектуалды дамыту бағыттарын, ғылыми-зерттеушілік және аудиториядан тыс жұмыстарды және т.б.) атады.

Осы жауаптар қазақ ұлттық музыкасының рухани құндылығы негізінде педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды даму үдерісіне педагогикалық ықпал ететін қажеттіліктерді дәлелдеді.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің басым бөлігі (87,4%) интеллектуалдық дамудың музыкалық-педагогикалық іс-әрекеттің кәсібилігін анықтайтын әрбір музыка пәнінің мұғаліміне қажетті ерекшелік болып табылатынына сенімді.


Келесі диагностикалық әдістеме шығармашылық жұмысқа сәйкес құрылды – студенттерге *«менің өмірімдегі халықтық музыкалық шығарма»* атты тақырыбына сай келетін шығарма жазуды ұсындық. Оның көмегімен біз студенттік жастардың өмірінде халықтық музыка қандай орын алатынын, олар қандай музыканы қалайтынын, сонымен қатар кейбір себептерге байланысты әлемдегі халықтық музыкалық шығарманы жастар не себептен қолданбайтынын анықтадық.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамытудың мәнін түсінуге қатысты сұрақтар алынды: қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуын кәсіби даярлаудың қай сатысында, оқу және оқудан тыс жұмыстардың қандай формаларымен жүргізуді қалайтындықтары, болашақ мұғалімдерге ұлттық музыка саласындағы білімнің қандай түрлері қажеттігі анықталды. Осы диагностикалық әдіс қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуының деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Болашақ педагог-музыканттардың қазақ ұлттық музыкасына қажеттілігін зерттеуді қалыптастырудың деңгейі тәжірибелік ерекшелікке бейімделген *М.А.Михайловтың тесттік әдістемесінің* көмегі арқылы өлшенді. Оның нәтижесінде осы көрсеткіш бойынша бақылау және эксперимент топтарында жоғары деңгейдің болмағандығын көрсетті. Орта деңгейдегі студенттерге фольклорлық жазбаны жинайтын, концертке баруды ұнататын, дәстүрді жеке зерттеуге икемі бар және осы тұрғыдан белсенділік танытатын, өзінің репертуарына фольклорлық шығармаларды қатыстырушы, халықтық музыкаларын тыңдаудан ләззат алатын студенттерді жатқыздық. Мұндай өлшемдердегі қажеттілік-ынталандырушылық компоненттің орта деңгейін 20,5 % болашақ педагог-музыканттар құрады. Олар ұлттық музыканы зерттеуге деген қажеттілік танытпайды, тек қана мұғалімнің тапсырмасы бойынша орындайды немесе тыңдайды.

Төмен деңгейдегі топқа 69,7 % сұралғандар кірді. Болашақ музыка пәнінің мұғалімдері ұлттық музыкалық мәдениеттегі шығарманы орындауға талпыныс жасамайды. Олар қазақ ұлттық музыкасына қарағанда заманауи композитордың жазған джаз, эстрадалық мәнердегі шығармаларын ұнатады.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың қажеттілік-ынталандырушылық компоненті бойынша деңгейдің анықталуы 5-суретте көрсетілген.



Сурет 5 – Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың қажеттілік-ынталандырушылық компоненті бойынша көрсеткіштер (эксперименттің бастапқы мәліметтері)

*Когнитивті компоненттегі* диагностикалаудың міндеті: студенттердің қазақ ұлттық музыкалық шығарма саласынан білімінің тереңдігін зерттеу; қазақ ұлттық музыка саласын өзін-өзі бағалауын анықтау, музыкалық-эстетикалық пайымдаулардағы даму деңгейін айқындау; қазақ ұлттық музыкалық шығармаларын сараптау мүмкіндіктерін зерттеу, сондай-ақ халық әндері мен күйлері негізінде жазылған Қазақстандық композиторларының шығармаларын зерттеу дағдыларын анықтау болып табылады.

Алға қойылған міндеттер зерттеудің арнайы тандалған әдістері мен өңделудің көмегімен шешілді. Айқындау эксперименті кезеңінде біз сұхбаттасу, бақылау, сауалнама жүргізу, салыстыру-талдау тапсырмалары, таңдау әдістерін қолдандық.

В.С.Аванесов, В.П.Беспалько диагностикалық әдістерге сұхбат берушіні тікелей мақсатты бақылау, алдын-ала әзірленген сұрақтарға жауап берудегі сұхбаттасу және келесі біріктірудің нәтижесіндегі – соңғы жылдары кеңінен қолданылатын педагогикалық тестілеу, сұхбаткердің оқу сапасын бағалау, олардың оқу пәніндегі қабілет пен білімнің деңгейін анықтау және т.б. әдістерді жатқызады [220, 221]. Болашақ мұғалімдердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы үдерісін тиімді бағалау үшін білім берудің сапасында табысты қолданылатын жетекші мониторингтік зерттеудің жүйесі тестілеу диагностикасы болып табылды. Дидактикада олардың бағытталуына қарай тестілеудің екі түрі бар: білімді өлшейтін жетістік тесттері және тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сапасын анықтайтын тұлғалық тесттер. Осы ретте, бағалаудың дәлдігі мен объектілігі тесттің сапасына, оның негізіндегі өлшемдерге, анықталған көрсеткіштерге, бағалау жүйесі мен білімді бағалауға қатысты жүзеге асады. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуы кешеніндегі деңгейін

анықтайтын тестті әзірлеуде біз белгілеген өлшемдер мен көрсеткіштерге сүйендік.

Диагностикалық тестілеудің негізінде біз элективті курстар, кәсіптік пәндер мен базалық бағдарламаны толықтыратын мазмұнды зерттеудегі сапасын анықтау үшін сандық өлшемдерді көрсететін бағалау шкаласындағы белгілі бір тестке жауап беретін жіктеулердегі «бейне» көрсеткішін қолдандық.

Тесттік формада құрастырылған кешендік тапсырмалар интеллектуалдық дамудың дербес деңгейі мен кәсіби түрде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі білімдендіру қабілеті мен олардың шығармашылық әлеуетіндегі деңгейін анықтау, ұлттық музыка құралдарымен интеллектуалды дамытудың компоненттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған. Мұндай тапсырма жалпылама ерекшелік пен этномузыкалық білім, білік және дағдының деңгейін анықтап қана қоймай, оның ұлттық музыка шығармасындағы тұлғаның байланысын зерттейді. Оларды мынадай талапқа жауап беретіндей негізге сүйене отырып әзірледік: салыстырмалы түрде қысқа уақыттық, бір мәнділік, көп уақытты талап етпейтін; тесттік тапсырмаларды еркін түсіндіруге жол бермеу; айқын болу, көп жауаптық белгілерді құрылымдау мүмкіндігін бермеу; ақпараттандыру, тестті орындаудағы сандық бағалау немесе интервалдық шкала бойынша өлшеудің мүмкіндігін қамтамасыз ету; стандарттық, кең практикада қолдануға ыңғайлы болуы; тақырыптық нәтижелерді өңдеу үшін ыңғайлы болуы; қысқа және шағын жауаптарды талап етуі.

Әдетте тесттің объективтілігі оны стандарттау жолымен жүзеге асырады, алайда тұлғаның дүниетанымдық көзқарасы мен эмоционалдық байланысындағы әрбір қатысушының ұлттық музыкалық шығармашылығын қабылдауда *эмоционалдық-құндылықтық компоненттің* деңгейі өте күрделі, сондықтан зерттеудің объективтілігі мен толық стандарттаудың жетістігі студенттердің тапсырмаларды орындауына қарай бағалау болып табылды. Сенімді тест өлшеу дәлдігін, нәтиженің тұрақтылығын, сапалық өлшемдерін, тест қаншалықты өзінің қызметін атқаратынын дәлелдейді. Тесттік формада құрастырылған тапсырмалар бақылау тәжірибесінің кезеңіндегі студенттердің қайтадан тестті тапсыруда алынған нәтижелерге сәйкес өзінің сенімділігін, объективті тексеруден өткендігін көрсетеді.

Тесттің валидтігі (ағыл. Valid - жарамдылық) оның қандай себептен құрылғандығы үшін, өлшеу үшін арналған баламалылық әдістемелері мен жарамдылықты білдіреді. Құрастырылған кешендегі валидтік тесттегі «қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуы» түсінігіндегі барлық тапсырмалардың тиісті мазмұнын құрайтын өлшемдер мен көрсеткіштер, практикалық бағыттағы тапсырмалардан тұрады. Тесттік формадағы тапсырмалар болашақ мұғалімдердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың когнитивтік компоненттегі деңгейін анықтау үшін тапсырмаларды топтастыру арқылы жауаптар нұсқамен беріледі, оларды формула арқылы анықтауға болады:  $K = a / P$  ( $K$  – менгеру коэффициенті,  $a$  – дұрыс жауаптардың саны,  $P$  – дұрыс жауаптардың соңғы нәтижесі). В.П.Беспальконың зерттеуіне негізделе отырып коэффициенттің мәні

колданылады (0,7 және 0,3),  $K > 0,7$  – білім алушылар оқытылып жатқан материалдардың жоғары деңгейін меңгеруі (материал меңгерілді);  $0,7 > K > 0,3$  – білім алушылар оқытылып жатқан материалдардың орташа деңгейін меңгеруі (материал ішінара меңгерілген);  $K < 0,3$  – білім алушылар оқытылып жатқан материалдардың төмен деңгейін меңгеруі (материал меңгерілмеген). Мысалы, студент 12 сұраққа дұрыс жауап беруі тиіс болған, алайда ол 10 сұраққа жауап берді, онда  $K = 10/12$  немесе 0,8 (білім алушының ұлттық музыканы меңгерудегі жоғары коэффициенті). Әзірленген тесттік тапсырмаларда бірнеше нұсқаның ішінен дұрыс жауапты таңдау қажеттігі студенттерге ұсынылады, олар «халық музыкасының шығармашылығы», «интеллектуалдық даму», «халықтық кәсіби композиторлық шығармалар» әртүрлі жанрдағы халық музыкасының шығармашылығын айқындау, ән және аспаптық шығарманың ерекшелігіндегі аймақтық орындаушылық. Сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, 64,8% бақылау және эксперимент тобында сұрастырылған студенттер халық музыкасының шығармашылығы, оның тұлғаның интеллектуалды дамуындағы мүмкіндіктерін жеткілікті білмейді. Сұрастырылғандардың ішінен студенттердің 47% «интеллектуалды даму», 76,3% «халықтық кәсіби композиторлық шығармалар» анықтамасын білмеді. Осылайша, біз анық категорияларды меңгерудегі келеңсіз жағдайларды көреміз. Студенттердің көбісі (92,4%) қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытуға қатысты арнайы жұмыстар жүргізілуі қажет екендігін айтқан, қалған 7,6% осы сұраққа қатысты өзінің ойын айтуға қиналды.

Оқытудағы базалық және бейіндеуші пәннің сапасына студенттер жақсы деген баға берді (4 балл), алайда өзінің интеллектуалдық даму деңгейі бойынша олар көбісі орта деңгейді көрсетті, және де келешекте одан әрі жоғарылатуын қажет ететін бейнеледі. Оқытудың әдістерінің ішінен студенттер шығармашылық жұмыстар, дидактикалық ойындар, семинарлар, көп топтық ойындар, жеке жұмыс түрлерін (94,5%) қалайды.

Халықтық музыкалық шығармалардың студенттердің интеллектуалдық даму деңгейіне әсер ету үшін жалпы білім беру, базалық және бейіндеуші пәндерде мән берілу тиістігін байқауға алдын-ала сауалнама әзірледік, сондай-ақ оқу сабағы мен аудиториядан тыс жұмыстардың үдерісіндегі тиісті даму жағдайына әсер ететіні жөнінде де ескердік. Сауалнамада берілген сұрақтар студенттердің «интеллект», «даму», «ұлттық музыка», «халықтық музыкалық шығарма» және тағы басқа сөздерінің мәнін түсінетіндігін анықтауды қамтыды.

Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалдық дамуының *когнитивтік компонентінің* дамуы деңгейін анықтау үшін салыстырмалы-талдамалы тапсырмалар мен таңдау әдісін қолдандық.

Салыстырмалы-талдамалы тапсырманың әдісі аймақтағы орындаушылық дәстүр мен жанрды бөлу арқылы халықтық музыкалық шығарманы әртүрлі шығармадағы бес фрагментке бөлуді ұсынды. Мұндай тапсырма халықтық музыкалық шығарма саласындағы теориялық білім, ақпараттандыру деңгейін бейнеледі. Таңдау әдісіне келесілер ұсынылды: берілген халықтық музыкалық

шығарманың ішінен көпшілігіне ұнағанын таңдау және оны жазбаша түрде сараптау (не себептен осы шығарманы таңдағанын түсіндіру, оның педагогикалық мазмұнын, ойын, мәнерлік құралдарын ашу және т.б.). Орындалған студенттердің жұмыстарын сараптай келе, олар халықтық музыкалық шығармаға, оның жанрлық жіктелуі мен аймақтағы орындаушылық дәстүрге, құнды мазмұндарға әлсіз бағытталғандығын көрсетті. Педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалдық дамуындағы халықтық музыкалық шығарманың мүмкіндіктері көпшілік студенттер үшін түсініксіз болғаны анықталды. Бақылау және эксперимент тобындағы студенттер сараптау қабілеті бойынша, өзінің ойын айту, халықтық музыкалық шығармаға баға беру, жоғары интеллектуалдық белсенділікті көрсетпеді.

Тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы халықтық музыкалық шығарманың мәнін түсінуге бағытталған сауалнаманың сұрақтарына жауап ретінде музыка пәнінің мүмкіндіктерін анықтау (сабақ тақырыбы бойынша), пән аралық байланысты орнату, халықтық музыкалық шығарманың қабылдау кезіндегі шығарманы толық бейнелеуді ұсынатын жоғары деңгейі болмады. Халықтық музыкалық шығарманың тәрбиелік мәндегі шығарманы түсіну үшін орта деңгейге жататын студенттердің жауабы тұлғалық сападағы толық ерекшелікті көрсетпей, жалпылама түрдегі балалардың тәрбиесінің мәнін ерекшелеген. Тұлғаның интеллектуалдық дамуындағы халықтық музыкалық шығарманың мәнін төмен деңгейде түсіну интеллектуалдық-дамудың мүмкіндігін сезіну болмағандықтан болды.

Әндік шығарма (шертпе салт-дәстүрі, төкпе, аймақтық ән мен домбыралық дәстүр) және домбыралық музыканың өзіне тән белгілері мен халықтық музыканың ерекшелігіндегі білімді анықтау үшін «Дыбыстық сауалнама» әдісі қолданылды. Онда халықтық музыкалық шығарманы тыңдаудан кейін студенттерге мынадай сұрақтарға жауап беру ұсынылды:

1 Шығарманың стильдік негізін анықтау;

2 Жанрлық ерекшеліктерге бөлу;

3 Музыкалық-мәнерлік құралдарды сипаттау (мелодия, гармония, метроритм, динамика және т.б.).


Студенттердің білім деңгейі келесі бейнеде бағаланды:

- жоғары деңгей (3 балл) – музыкалық материалдардың өзіне тән белгілерін нақты анықтау, жанрлық шығарманың ерекшелігі мен стилін толық ашу;

- орта деңгей (2 балл) – шығармашылық құралдардағы музыкалық-мәнерліктің ерекшелігін жартылай ашу, шығарманың стильдік белгілерін жеткіліксіз сипаттау;

- төмен деңгей (1 балл) – барлық үш сұрақтар бойынша үстірт немесе қате білім.

Алынған мәліметке сәйкес студенттердің интеллектуалдық дамуының когнитивтік компонентінің даму деңгейін бейнелейтін келесі нәтижелерге қол жеткіздік (сурет 6):



Сурет 6 – Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың когнитивтік компоненті бойынша көрсеткіштер (эксперименттің бастапқы мәліметтері)

Айқындау экспериментінің үшінші кезеңі болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуының *эмоционалдық-құндылықтық компонентін* диагностикалау мақсатына ие. Мұндай кезеңде біз алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудағы бағыттылық деңгейін анықтау;
- студенттердің халықтық музыкалық шығарма жөнінде қарым-қатынас жасауда эмоционалдық құндылықтық деңгейін зерттеу;
- студенттердің халықтық музыкалық шығарманы эмоционалдық орындаудағы қабілетін анықтау.


Алға қойылған міндеттер тестілеу, шығармашылық тапсырмалар, бақылау, әңгімелесу әдісінің көмегімен шешілді.

Топтық және жеке әңгімелесу кезінде, сондай-ақ зерттеу үдерісін жүргізудегі студенттерді бақылауда көптеген студенттер Қазақстандағы халықтық музыканың тәрбиесіндегі бірқатар салт-дәстүрлердің жойылып бара жатқандығына қамығуы, жастардың халықтық музыкаға деген қызығушылығының төмендігі, «бұқаралық мәдениеттің» жоғарылығы; көптеген студенттердің басым бөлігі қоғамның өркендеуі мақсатында қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың маңызды екендігін айтады, алайда олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің үдерісінде мектеп оқушыларының эмоционалдық-құндылықтық саласын қалыптастыруға әсер ете алмайтыны байқалды.

Студенттердің шығармашылық тапсырмаларында белгіленген сұрақтардың ішінен оларды ойландыратын бес немесе алты маңызды сұрақты таңдауға ерік бердік. Зерттеудің нәтижесінде көрсеткендей, студенттер үшін маңыздысы ұлт аралық байланыстағы мәдениетті қалыптастыру үшін Қазақстан халқының

музыкасын зерттеу (94,5%), интеллектуалдық даму әдісі мен мазмұнын өзгерту (92,3%), интеллектуалдық даму деңгейін көтеру (73,6%) мәселесі болып табылады. Алайда, студенттердің эмоционалдық кеңістігіндегі маңызды орын алатыны эстрадалық көңіл көтеру, өнердегі танымал жанрлар, сонымен қатар заманауи кезеңдегі ұлттық дәстүрдегі композиторлар туындыларын меңгеру мен ұлттық музыка арқылы балалардың интеллектуалдық дамуы мәселесі заманауи студенттерді қызықтырмайтындығы көрінді.

Интеллектуалдық дамудың эмоционалдық-құндылығын тестілеу нәтижесінде сұралғандардың көбісі халықтық музыкаға немқұрайлы қарайтынын байқатты. Эмоционалдық ықыластың жоғары деңгейінде жарқын уайымның сипатталуы, көңіл-күйдің ауысуы, халықтық музыкалық шығарманың әртүрлі бейнесіне байланысты ұғыну, халықтық музыкалық шығарманың мазмұнын түсінуге талпыну, шығарманы орындау ниеті айқындау кезеңіндегі тыңдаушылар арасынан байқала қойған жоқ. Эмоционалдық-құндылықтық компоненттің орта деңгейіне жататын студенттерде ырғақтық жоспардағы халықтық музыкалық шығармалар немесе кейбір жарқын динамикалық эмоциялар байқалмады, тек музыканың ішкі философиялық мазмұнына жарқын эмоциялары мен уайымдауы ішінара көрініс тапты. Төмен деңгейдегі студенттерде халықтық музыкалық шығармаға деген немқұрайдылық болды, ешқандай сезімді сезінбейді, тыңдау немесе халықтық музыкалық шығарманы орындау кезінде ешқандай эмоция байқалмайды. Оларды мазмұны қызықтырмайды, осыған байланысты халықтық музыканы орындауға қызығушылық танытпайды (сурет 7).



Сурет 7 – Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың эмоционалдық-құндылықтық компоненті бойынша көрсеткіштер (эксперименттің бастапқы мәліметтері)

Алынған мәліметке сәйкес болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық кешеніндегі эмоционалдық-құндылықтық компоненттің даму деңгейін



бейнелейтін келесі нәтижелерге қол жеткіздік. Алынған нәтижелер 7 суретте көрсетілген:

Айқындау экспериментінің *төртінші кезеңі* ұлттық музыка арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуының *іс-әрекеттік-рефлексивтік компонентінің* даму деңгейін анықтау мен *мақсатын* айқындауды көздеді.

Мұндай кезеңнің міндеттері мынадай:

- халықтық музыкалық шығарманың саласын жүзеге асыруда студенттердің тұлғалық бағытын анықтау;

- халықтық музыкалық шығарманың құралдары арқылы қызметті түрлендіру, ұлттық музыканы меңгерудегі студенттердің белсенділік деңгейін анықтау.


Зерттеу тестілеу, сауалнама, бақылау әдісінің көмегімен жүргізілді. Сауалнаманың сұрақтары халықтық музыкалық шығарманың мазмұнын терең ұғыну үшін әртүрлі іс-әрекеттердің әсер ету деңгейін, олардың шығармашылық дербес мәнірлігіндегі қабілетін, этномузыкалық қызметтің түрлерін, мектеп оқушыларының интеллектуалдық даму көрсеткіштерін, балалармен жұмыс істеу үшін халықтық музыкалық шығармасын таңдау өлшемдерін, халықтық музыкалық шығарманың интеллектуалдық-даму мүмкіндіктері мен мазмұнын түсінуді, халықтық музыкалық шығарманың құралдары арқылы тәрбиелеу мен жалпы музыкалық білім берудің мақсатындағы сұхбат берушінің білімін дамыту деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Жоғарыда көрсетілген білімнің деңгейін анықтау үшін болашақ мұғалім-музыканттың түсіндірмелі сөздігін қолдандық: студенттерге ұлттық музыкалық білім беру, халықтық музыкалық шығарма, интеллектуалдық даму түсінігінің кіріспесін енгізуді ұсынды.

Сауалнамада олардың көзқарасына сай келетін нұсқаларды таңдай отырып студенттерге қойылған сұрақтарға жауап беру ұсынылды.

Сауалнаманың сұрақтарына халықтық музыкалық шығарманы меңгеру жұмыстарына қатысты қабілет пен дағдыны құрылымдау; халықтық музыкалық шығармаға қатысты республикалық, қалалық, университеттің іс-шараларына қатысу (фольклорлық концерттер, мерекелер, халықтық музыканы орындаушылармен кездесулер (аспаптық және әншілік) қамтылды.

Студенттердің әртүрлі музыкалық қызметтерінің түрлерін меңгеру, тапқырлық көріністер, педагогикалық тәжірибе, концерттерде орындау, оқу барысында оларды бақылау кезіндегі ұлттық музыканы стандартты емес ойлауды біріктіру анықталды. Іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненттің құрылымдау деңгейін анықтауда студенттердің музыкалық іс-әрекетінің формалары мен түрлерін меңгеру деңгейі – суырып салмалық, тыңдау бойынша іріктеу; музыкалық тапсырмаларды шығармашылық тәсілмен шешу, қиялдың көрінісі, халықтық музыкадағы шығарманы қолдану бейнесі айқындалды.

Эксперименттің басында болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуындағы *іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент* дамуының бастапқы деңгейлік көрсеткіші 8 суретте ұсынылды.



Сурет 8 – Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамудың іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненті бойынша көрсеткіштер (эксперименттің бастапқы мәліметтері)

Эксперимент барысында 2015/2016 оқу жылының 5В010600 - «Музыкалық білім» мамандығындағы түлектерді зерттеу барысында мынадай мәліметтер алынды. «Ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамыған мұғалім қандай сапаға ие болуы тиіс?» деген сұраққа түлектер негізінен жаппай «төл музыкалық мәдениетті тірілту мен сақтауға талпыну» десе, «интеллектуалдық даму», «интеллект» түсінігіне барлығы сәйкес анықтама бере алмады.

Ұлттық музыка арқылы интеллектуалдық дамуды қарастыратын элективті курстар, базалық және бейіндеуші пәндердің мазмұнын толықтыра отырып болашақ мұғалімдердің білім беру мазмұнындағы қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуына бағытталған пәндердің курсындағы қосымша материалдарды құрастыруға қажетті сұрақтардың оң жауабы алынды, сондай-ақ әртүрлі халықтардың музыкалық дәстүрін бейнелейтін тиісті білім, терминдері мен мұғалімнің интеллектуалдық дамуының мәселесі қарастырылды.

Айқындау эксперименті кезеңінде базалық және бейіндеуші пәндердің («Негізгі музыкалық аспап», «Қазақ музыкасының тарихы», «Әлемдік музыка тарихы», «Халықтың музыкалық шығармашылығы», «Фольклорлық ансамбль», «Фольклорлық аспаптар», «Музыкалық білім беру әдістемесі», «Дирижерлеу», «Халық аспаптарының оркестрі») мазмұнын сараптау барысында олардың ұлттық музыка арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуының объективтік мүмкіндіктері анықталды. Оны біз былайша тұжырымдадық: бағдарламалық материалдардың мазмұнындағы оқу пәнін сараптауда оның интеллектуалдық дамуының мәнін ашатын тұлғалық сапа, студенттердің білімі мен қабілетін қалыптастыратын объективті мүмкіндіктерді меңгеру болып табылады. Дегенмен, мұндай пәндер олардың зерттеу аспектісіндегі әзірлеменің мазмұнын

толықтыру қажеттігі жетерліксіз қолдануда, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуының халықтық музыкалық шығармасы бай әлеуетті құрайды.

Осылайша, тәжірибедегі айқындау кезеңінің нәтижесінің көрсеткіші мынадай:

-қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуының деңгейі жағынын бақылау және эксперимент топтағы студенттер бірдей болып келді;

- музыка пәнінің болашақ мұғалімдерін даярлау жүйесі ұлттық музыка арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуына толық бағытталмағандықтан, белгілі бір толықтыруды қажет етпейді;

- қазақ ұлттық музыкасы арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды дамуының мәселесі бойынша барлық сұхбат берушілер, университеттің мұғалімдері осы мәселені бүгінгі таңда өзекті және маңызды деп есептейді.

Айқындау экспериментінің нәтижесі бойынша экспериментке қатысушылар жөнінде толық ақпарат алынды, қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамыту қажеттілігі анықталды. Осыған байланысты тәжірибелі-эксперимент жұмысының екінші кезеңі қалыптастыру эксперименті жүргізілді.

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде мынадай міндеттер алға қойылды:

1 Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуына қызығушылығын қалыптастыру;

2 Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы саласынан білімдерін тереңдету, соның негізінде олардың интеллектуалдық әлеуетін кеңейту;

3 Эксперимент барысында оқу және аудиториядан тыс жұмыстар мен педагогикалық практиканы кіріктіру негізінде интеллектуалдық дамыту ортасын құру

Эксперименттің қалыптастыру кезеңінде университеттің оқу-тәрбие үдерісінде автордың студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға арналған базалық және бейіндеуші пәндер бағдарламаларына қосымшалар және «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курс мазмұны оқытылды.

Педагогикалық практикада да зерттеу барысында жасалған әдістемелік ұсыныстар қолданылды. Оған қазақ ұлттық музыкасы құралдарын қолдану сабағы, интеллектуалдық-дамытушылық бағыттағы сабақтар, тәрбиелік іс-шаралар, кішігірім зерттеу жұмыстары, интеллектуалдық-дамытушылық ортадағы мектептерді зерттеу кіреді. Студенттер педагогикалық практика барысында өздері әзірлеген музыка пәнінің сабағын, тәрбиелік іс-шараларды әзірлеу кезінде халық музыкалық шығармаларын ендіруге аса мән берілді. Мұндай тапсырмаларды орындау кезінде студенттердің сараптамалық, зерттеушілік дағдылары, интеллектуалдық қабілеті дами түсті. Оны

эксперимент тобындағы аралық динамикалық кесіндіде алынған оң көрсеткіштер дәлелдейді.

Болашақ педагог-музыканттардың ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамуының *когнитивтік көрсеткіштегі* деңгейін анықтау үшін «*Сараптама*», «*Сөзжұмбақ*», «*Шығарма және сауалнама*» алынды.

«Сараптама» әдісінің мақсаты студенттер өзінің және басқа ұлттардың музыкалық шығармасының мазмұнын ұғынуын анықтау болды. Студенттердің сараптамасы кең және көп жақты болса, онда халықтық музыкалық шығармаларды қабылдауы жоғары болады. Сондықтан біз студенттерге мынадай тапсырмалар ұсынамыз (мысалы, толқын күшінің бейнесі, тынышсыз рух, кескіндік ерекшелік): 1) орыс музыка немесе батыс-еуропалық шығармалардан қазақ ұлттық музыкасының аналогиясын таңдау; 2) жеке кесте құрастыру.

Алынған мәліметтер мынадай талаптар бойынша өңделді: шығармада бейнеленген ойды анықтау; дұрыс жауаптардың саны; сараптамалық кестенің дұрыс жалғастырылуы. Осы талаптар бойынша студенттердің жиналған балы есептелінеді (әрбір сәйкестік үшін 1 балл). «Сараптама» әдісі қазақ халқының музыкалық шығармасына деген қызығушылық пен терең эстетикалық қарым-қатынасты дамытуға арналған база негізінде музыкалық-есту әсерін қалыптастыру, батыс-еуропалық, ресей, қазақ музыкасының көркемдік әсеріне талдау жасай білу қабілетін дамыту.

«Сөзжұмбақ» әдісінің мақсаты болып студенттердің өз халқының музыкалық дәстүрінің тарихы мен дамуы, қазақ ұлттық музыкасының жанрларына қарай жіктемесі, қазақ ұлттық музыкасы саласындағы өкілдер туралы білімін анықтау табылады. Өткізілу *барысы*: Студенттерге 30 сөзден тұратын сөзжұмбақ құрастыру ұсынылады. Олар қазақ халқының музыкалық дәстүрі, халықтың музыкалық мәдениеті және т.б. тақырыптарда болуы мүмкін. Өзінің білімінен басқа дерек көздерін қолдану рұқсат етілмейді. Сөздерді таңдауға байланысты қиындық туындағанда студенттер сөзжұмбақта толтырылмаған ұяшық қалдырып кетуі тиіс.

*Алынған мәліметтерді өңдеу* барысында студенттердің қазақ халық музыка саласынан білімдерінің тереңдігі есепке алынды.

Өйткені студенттің қазақ ұлттық музыка саласынан ұғымдық анықтамаларды білуі, оның осы аядағы білімі дейгейінің көрсеткіші болып табылады: 30-дан 20-ға дейін – жоғары деңгей; 20-дан 10-ға дейін орта деңгей; 10-дан 5-ке дейін төмен деңгей. Студенттер этномузыкалық тақырыпқа сай қызығушылықпен сөзжұмбақ жасап, шешімін тапты. Бұл халықтың музыкалық шығармашылығы саласындағы терминологияны бекітуге және олардың мәнін түсінуге мүмкіндік жасады.

Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақ формасын қолдану, сондай-ақ *оқытудың интербелсенді әдісін* («*мига шабуыл*», *дебат*, *тренинг*, *рефераттарды қорғау*, *интеллектуалдық портфолио*, *сөзжұмбақтар құрастыру*, *байқаулар*, *шығармалар және т.б.*) енгізудегі шығармашылық қызығушылық пен студенттердің оқу-танымдық қызметін белсендендіру, қазақ

ұлттық музыка саласынан кәсіби қабілеттерді қалыптастырып қоймай, олардың интеллектуалды дамуы деңгейін көтерді.

Эксперимент тобының 4 курс студенттерімен наурыз айында дәстүрлі «Наурыз» мейрамына арналған элективті курсының семинары өткізілді. Семинарға дайындық үшін алдын-ала белгілі бір тақырыпқа арналған сұрақ-жауап жүргізіледі, ол жерде студенттер мынадай сұрақтар қояды, мысалы: «Наурыз жайында не білесіз? Ол қай елдерде, ол қай уақыттан бері тойланады? Наурыз сөзінің шығу тарихын түсіндіріңіз,». Студенттер арасында шығыс халықтарының ойындары және ұлттық музыкалық әдет-ғұрыптарды көрсетумен жасалған ең үздің әзірлемелер конкурста жарияланады.

Қазақтың музыкалық дәстүрін зерттеуге қатысты жетістік деңгейін бағалау үшін «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курсын оқу үдерісінде студенттердің меңгерген теориялық білімдері оларға «интеллектуалдық портфолио» құрастыруға мүмкіндік берді. Осылайша, қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуға студенттердің қызығушылық деңгейінің көтерілуін олардың «Халық музыкасының менің өмірімде алатын орны» атты шығармалардан, балалар мен жастардың ұлттық музыкадағы пәрменділігі мен өміршеңдігін түсінуден, өзінің осы саладан көрсеткен нәтижелерін бағалауынан байқауға болады.

3 курс студентінің (Бауыржан Г.) шығармасынан: «Мен осы элективті курсты оқуда қазақ ұлттық музыкасына қатысты көптеген жаңа және қызықты салт-дәстүрлер мен ырымдарды және этнопсихологиялық ерекшеліктерді білдім». Екінші жағынан, мен Қазақстанда туылдым және өмір сүремін, Мен үшін Қазақстан – менің отаным, осы ұлттың өкілі ретінде біз туған халқымыздың музыкалық шығармашылығын білуге тиіспіз. Мен қазақ халқының кеңпейілділігі мен қонақжайлылығына құрметпен қараймын, олардың салт-дәстүріндегі үлкенге құрмет және барлық жақсылықтарды бойыма сіңіруге талпынамын. Және ұлттық музыканың тереңдігі мен эмоционалдығы менің интеллектуалды дамуыма ықпал етті».

Педагогикалық практика барысында мектептегі педагогикалық үдеріс кезінде студенттердің осы саладан көрсеткен нәтижелері бізге олардың интеллектуалды дамуы деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Мектепте педагогикалық практика кезінде студенттер «Интеллектуалдық сайыс», «Этномузыкалық тапқырлық» және т.б. жұмыс формаларын қолданды. «Музыкалық-педагогикалық факультеттің студенттері мектеп балалары үшін қолжетімді бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне арналған қазақ ұлттық музыка саласынан іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда «Ғажайып музыка әлеміне саяхат» атты тақырыптық іс-шара өткізді. Студенттер педагогикалық практика барысында қазақ ұлттық музыкасы материалдарын білім алушыларды интеллектуалды дамытуда пайдаланудың шығармашылық жолдарын табуда әдістемелік әдебиеттерге талдау жасады. Ал бұл болса, олардың әдістемелік білімдерінің тереңдеуіне ғана емес, интеллектуалды даму деңгейлерінің көтерілуіне де ықпал етті.

Студенттерінің педагогикалық практикасын сараптау және этномузыкалық бағыттағы сабақтарды жүргізу үшін білім алушылар тұлғаны интеллектуалды дамыту мақсатында оларды педагогикалық үдеріске ендіру қажеттігі мен этномузыкалық білім беру тұжырымдамасының терең ойын түсінуге мүмкіндік жасады. Элективті курсты оқыту барысында студенттердің жеке танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен реттеу қабілетін дамытуда біз жобалық әдісті қолдандық. Осы әдістің бір ерекшелігі жоспарлау үдерісінде ие болған студенттердің дербес тәжірибесіндегі білімі мен қабілеттің қалыптасуы және біртіндеп күрделі практикалық тапсырмаларды – жобаларды орындау болып табылады.

Жобалық әдісті қолдану оқытудағы пәнаралық байланыс пен проблемалық-ізденістік принцип негізінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеті мен дағдыларын, интеллектуалды дамуын жүзеге асырады. Осыны негізге ала отырып және музыка пәнінің болашақ мұғалімдерінің кәсіби қызметінің бағытын ескеріп, тақырыптағы жобалық-шығармашылық және тәжірибелік-бағыттылық тапсырмаларды ұсындық.

Мысалы, болашақ музыка пәнінің мұғалімдері көркем-білім беру мен оқу-тәрбиелік іс-әрекеттердің бағытындағы халықтың музыкалық шығармашылық негізінде мынадай тапсырмалар ұсынылды:

1 Наурыз мейрамына арналған бастауыш мектеп жасындағы балалардың ертеңгілік сценарийін дайындау;

2 Дамытушылық бағыттағы (танымдық, адамгершілік, эстетикалық және т.б.) және белгілі бір жас шамасындағы балалардың педагогикалық мүмкіндігіне сәйкес халық әндері мен күйлері бойынша үлестірмелі қағаздарды құрастыру;

3 «Туған өлкенің музыкасы» атты фольклорлық саяхат материалының негізінде бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгіме әзірлеу;

4 Аса көрнекті халық музыканттарының мерейтойларына арналған материалдар таңдау (суреттер, журналдар мен газеттердің қиындылары, ән мен күйдің ноталар және т.б.) және қабырға газеттері, ауызша журналдарға арналған алмалы-салмалы парақтар түрінде әзірлеу.

Сондай-ақ, студенттерге музыкалық-ағартушылық бағытта келесі жобалық тапсырмалар ұсынылды:

1 Халық аспаптары мұражайына саяхат ұйымдастыру;

2 Студенттік топтармен бірлесе отырып тақырыптық дәріс-концерт даярлау және өткізу, музыкалық және әдебиеттік материалдар таңдау, жоспарға сәйкес ұйымдастыру мен орындау;

3 Студенттік топта халық музыкасының орындаушысымен кездесу ұйымдастыру, қонақтар үшін сұрақтар мен кездесу жоспарын құрастыру.

Студенттерге *ғылыми-зерттеушілік бағытта* музыка пәнінің мұғалімінің іс-әрекетіне сәйкес мындай жобалық тапсырмалар ұсынылды:

1 Аймақтық орындаушылық дәстүрді ескере отырып фольклорлық саяхаттағы халық әншілері мен күйшілерінің әңгімесіне арналған сұрақтар тізімін құрастыру;

2 Белгілі бір жастағы және әлеуметтік әрбір топтың (студенттер, мұғалімдер, оқушылар және т.б.) қазақ ұлттық музыкасына қатысын анықтауға байланысты сұрақтар әзірлеу және тақырыптық өзінің ой толғауымен бөлісу;

3 Фольклорлық саяхат материалдары бойынша шағын мақалалар мен очерктерден, фотоматериалдардан тұратын жол сілтеуіш журналын әзірлеу. Ауызша журналға қатысты шығаруды әзірлеу. Мұндай тапсырмалар «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» атты элективті курстың аясында сынақтан өтті. Оларды жүзеге асыру үдерісінде студенттер шығармашылық ұжымдық серіктестік пен тиімді қарым-қатынастағы дербес тапсырмалар мен тәсілдердің шешімін табу, оқу тобындағы білім алушылар мен өзінің алдында тұрған міндетін орындауға деген жауапкершілікте болуы және өзінің этномузыкалық іс-әрекетін жоспарлау мен үлгілеудің қабілетіне ие болды.

Білім алушылар элективті курстың мазмұнын меңгеруде интеллектуалдық қабілетін дамытуға, өз халқының «музыкалық тілін» жан-жақты меңгеру үшін кәсіби және әлеуметтік бағытта ынтасы қалыптасты. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің орыс тілін оқитын студенттерге әсері қарастырылып, қазақ студенттердің орыс тілінің айтылуымен туындаған негізгі проблемалары қарастырылған. Сондай-ақ осы қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік беретін бірқатар әдістемелік нұсқаулар жасалды [221].

Студенттермен эвристикалық тапсырмаларды орындау барысында мұғалімдер үшін келесі ережелерді ұстану қажет болды: біріншіден, кәсіби музыкалық шығармадағы дәстүрдің сабақтастығы мен қазақ халқының музыкалық шығармасын дамытудағы тарихи және этнографиялық заңнамасына сәйкес студенттердің ғылыми түсінігі негізінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы; екіншіден, олардың этномузыкалық сана-сезімінде, халықтың рухани дәстүріндегі эмоционалды-құндылық негізінде халықтың музыкалық шығармасын жүйелеу мен бағалау, іс-әрекетін сараптай отырып алынған білім мен қабілетті шығармашылық салада қолдану; үшіншіден болашақ музыка пәні мұғалімінің аталған дамуға даярлығын құрылымдау.

Студенттерге осы мақсатта бірқатар тапсырмалар берілді. Төменде сол тапсырмалардан мысалдар келтірілді:

*1 Берілген пікірден белгілі бір тақырыпқа сәйкес эссе жазуды ойластырыңыз:*

а) Барлық халық әндері әлемде бір тілде сөйлейді... Аңыздар мен әндер - халықтың қайғы қасіретіне қызмет ететін құнды жәдігер. Оларда бұқаралық ақпараттың дауысы мен тарихтың айқайы естіледі (А.Барбюс).

б) музыканы халық жасайды, ал біз композиторлар оны тек қана түрлендіреміз (М.Глинка);

в) «Еуропа немесе Таяу Шығыстың тарихына қарағанда, қазақ даласы өзінің тарихына ие. Көшпелі дәуір кезеңінде халық өзінің түпнұсқалық қоғамы мен мәдениетін құрды. Әрбір көшпелі халықтың өзіне тән жеке көзқарасы мен қайталанбас ойлары болды (Л.Н.Гумилев. «Ойдан құрастырылған патшалықты іздеу» кітабынан).

2 Бір тақырыпқа қатысты шығарма жазу:

а) Заманауи музыка пәнінің мұғалімі: тапсырмалардың қызметі мен жеке сапалар;

б) менің отбасымдағы музыкалық дәстүрлер.

3 Төменде көрсетілген ән мен күй жайындағы халықтың мақал мен мәтелдеріне шағын-шығарма түріндегі түсіндірме жасау. Мұнда салауатты өмір салты мен адамның мінез-құлқы бейнеленгеніне мән беру

а) Әні бардың – сәні бар;

б) Ақылың болса- ән тыңда;

4 Бір тақырыпқа реферат дайындау:

а) Қазақ халқының музыкасын алғаш жинаушылардың бірі - А.Затаевич: шығармашылық портрет;

б) халық музыкасындағы ұлттық ерекшеліктер мен оның бейнесі (Қазақстан халқының музыкалық дәстүріне салыстырмалы талдау).

5 Бір тақырыпқа сараптамалық хат жазу:

а) Ән дәстүріндегі заманауи арқалықтық (жетісудың, сырдарияның) күй.

б) Үйлену салт-дәстүріне арналған Қазақстан композиторлары операсы.

Осылайша, жобалық әдіс пен эвристикалық тапсырма қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалдық дамуының кешенді бағытталуын, педагогикалық іс-әрекеттердің бақылануы мен диагностикалануын жүзеге асырды. Ал бұл болса, қалыптастыру эксперименті мазмұнында кері байланысты іске асыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде студенттердің элективті курс мазмұны мен 3.2 параграфында көрсетілген пәндер бағдарламаларына қосымшаларды меңгеру сапасын анықтауға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ, студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы деңгейін анықтау барысында ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті белсендіру жұмыстары, практика түрлері мен аудиториядан тыс іс-шаралар жүргізілді. Студенттердің элективті курс мазмұны мен алдыңғы параграфта көрсетілген базалық және бейіндеуші пәндер бағдарламаларына қосымшаларды меңгеру сапасын анықтау бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды кесінділер алынды. Қалыптастыру эксперименті барысында студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды даму мүмкіндіктері ескеріліп қана қоймай, оқытудағы дифференциалдық және жекелік ұстанымдары да негізге алынды.

Сонымен қатар студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы мақсатында базалық және бейіндеуші пәндер, элективтік курстан меңгерген білімдері аралық және қорытынды бақылау, емтихан негізінде де бағалауда байқалды.

Зерттеудің қорытындылау кезеңінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың тиімді әдісін анықтау үшін жұмыстар атқарылды.

Осы кезеңнің мақсаты аталған даму бойынша жасалған оқу-әдістемелік кешеннің негізінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының



деңгейін анықтай отырып жүргізілген тәжірибиелік-эксперимент жұмысының нәтижесін анықтау болып табылады.

Қорытындылау кезеңінің *міндеті* болып қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың салыстырмалы талдамасын, өзгерісін қажеттілік-ынталандырушылық, когнитивтік, эмоционалдық-құндылықтық, шығармашылық-рефлексивтік компоненттері бойынша анықтау.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындылау кезеңі айқындау экспериментін талдау негізінде құрылды және төрт кесіндіге бөлінді.


**Бірінші кесіндінің мақсаты** эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының қажеттілік-ынталандырушылық компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау болып табылады.

Бірінші кесіндінің міндеттері:

- қалыптастыру эксперименті кезінде эксперимент тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **қажеттілік-ынталандырушылық компонентінің** дамуы деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- қалыптастыру эксперименті кезінде бақылау тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **қажеттілік-ынталандырушылық компонентінің** дамуы деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- эксперимент және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау (сурет 9).



Сурет 9 - Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының қажеттілік-ынталандырушылық компонентін дамыту деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Мына суретте эксперимент тобындағы қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың **қажеттілік-ынталандырушылық компонентінің**

даму деңгейі мынадай: егер эксперимент басында жоғары деңгей болмаған болса, соңында - 20,51%-ға жетті, орта деңгейге жататын студенттер саны – 76,93%; төмен деңгейдегі студенттер саны - 2,56%-ға азайды.

**Екінші кесіндінің мақсаты** эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының когнитивтік компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау болып табылады.

Екінші кесіндінің міндеттері:

- қалыптастыру эксперименті кезінде эксперимент тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **когнитивтік компонентінің** дамуы деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;


- қалыптастыру эксперименті кезінде бақылау тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **когнитивтік компонентінің** дамуы деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- эксперимент және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау (сурет 10).

Алға қойылған міндеттің шешімін табу үшін алдын айқындау экспериментінде қолданған салыстырмалы-талдамалы тапсырмалар мен таңдау әдісі, сауалнама, әңгімелесу, бақылау әдісін қайта қолдандық.

Сондай-ақ эксперимент тобындағы көптеген студенттер халықтың музыкалық шығармасына баға беруде, өзінің көзқарасы бойынша пікірлер айтуда, сараптау барысында, қазақ ұлттық музыка саласынан білімі бойынша жоғары интеллектуалдық белсенділік көрсетті.

Эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың когнитивтік компонентінің даму деңгейін диагностикалау сурет 10-да бейнеленген.



Сурет 10 - Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы құралдары арқылы интеллектуалды дамуының когнитивтік компонентін дамыту деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Суреттен көрініп тұрғандай, қалыптастыру эксперименті барысында қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының когнитивтік компонентінің даму көрсеткіші жақсарғаны байқалды. Егер айқындау эксперименті кезеңінде эксперимент тобындағы когнитивтік компонент бойынша төмен деңгей 59,82%, орташа – 40,18% құраса, онда қорытынды кесіндедегі қалыптастыру экспериментінде көрсеткендей, когнитивтік компоненттің төмен деңгейіндегі студенттер саны 3,42%-ға кемігенін байқатады, ал орташа және жоғары деңгейдегі студенттер саны 78,63-дан және 17,95%-ға дейін көтерілгенін байқатады.

Бұл суретте қорытынды кезеңдегі бақылау топтарының көрсеткіштері елеусіз өзгергені көрінеді. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың когнитивтік компонентіндегі деңгейі төмен студенттер саны 55,45,5%-дан 51,82%-ке дейін азайып, орта деңгейде 44,55%-дан 48,18%-ке дейін көтерілсе, жоғары деңгейдің жоқтығы байқалады.

**Үшінші кесіндінің мақсаты** эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының эмоционалды-құндылықтық компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау болып табылады.


Үшінші кесіндінің міндеттері:

- қалыптастыру эксперименті кезінде эксперимент тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **эмоционалды-құндылықтық** компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- қалыптастыру эксперименті кезінде бақылау тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **эмоционалды-құндылықтық** компонентінің дамуы деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- эксперимент және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау (сурет 11).

Алға қойылған міндеттің шешімін табу үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысының айқындау кезеңіндегі (байқау, әңгіме, тестілеу, шығармашылық тапсырмалар) диагностикалық әдістерді қорытындылау кезеңінде қайта қолдану және екі аралық нәтижесін салыстыру көмегімен анықталды. Оларды біз 11-ші суретте ұсындық.



Сурет 11 – Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының эмоционалды-құндылықтық компонентін даму деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Суреттен байқалып тұрғандай, эксперимент топтардағы студенттерде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың эмоционалды-құндылықтық компоненті деңгейі көрсеткіші жақсарды. Осы компонент бойынша студенттердің интеллектуалды дамуының жоғары деңгейі тұтастай 17,1%-ды құрады. Айқындау экспериментінде төмен деңгейді көрсеткендердің қорытындыла кезеңінде орта деңгейге көтерілуіне байланысты ол көрсеткіштің азайғандығы байқалады (66,67%-дан 3,41%-ға дейін).

Мұндай өзгерістер бақылау тобында да ішінара орын алды. Егер эксперименттің бастапқы кезеңінде қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың эмоционалды-құндылықтық компонентіндегі даму көрсеткіші төмен деңгейдегі студенттер 55,45% құраса, онда қорытынды кезеңде 51,82%-ға төмендеді, орташа деңгейде шағын көрсеткіштерінің өсуі байқалған: 44,55% -дан 48,18%-ға дейін, жоғары деңгей сол күйінде қалды.

Алынған мәліметтің салыстырмалы талдауы көрсеткендей, қалыптастыру эксперименті кезінде эксперимент топтағы студенттердің эмоционалды-құндылықтық компоненті бақылау тобына қарағанда қарқынды дамыды. Эксперимент тобындағы студенттер көбінесе жоғары белсенділікпен, халықтың музыкалық шығармасына деген эмоционалды қарым-қатынаста, мәдениетке деген сезім, эмоционалды қабылдау мен халықтың музыкалық шығармасындағы құндылықтың мазмұнын түсінумен, ойлауының тереңдеуімен, тұлғалық өсуімен ерекшеленді.

Эксперимент жұмысының қорытынды кезеңіндегі *төртінші кесіндінің мақсаты* эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының іс-әрекеттік-эмоционалды компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау болып табылады.

Төртінші кесіндінің міндеттері:


- қалыптастыру эксперименті кезінде эксперимент тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **іс-әрекеттік-рефлексивтік** компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- қалыптастыру эксперименті кезінде бақылау тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының **іс-әрекеттік-рефлексивтік** компонентінің даму деңгейін салыстырмалы талдау мен диагностикалау;

- эксперимент және бақылау топтарының көрсеткіштерін салыстырмалы талдау (сурет 12).

Қорытынды төртінші кесінді айқындау эксперименті кезіндегі бақылау, сауалнама, тестілеу әдісі арқылы жүзеге асты.

Осы зерттеудің сараптамасы көрсеткендей, эксперимент топ студенттері белсенді интеллектуалды-шығармашылықты көрсете бастады. Олар өздерін интеллектуалды тұрғыдан дамыған маман ретінде сезініп, келешекте жас ұрпақтың интеллектуалды даму деңгейін көтеру қажеттігін айтады. Қорытындылау кезеңінде байқалған нәтижелермен, айқындау кезеңінде алынған мәліметтерді салыстыратын болсақ, студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненті дамуының сандық жағынан өзгерісін анықтауға болады (12-ші сурет).



Сурет 12 - Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының іс-әрекеттік-рефлексивтік компоненті даму деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Суретте көрсетілген мәліметтерді баяндауда эксперимент тобындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалдық дамуының іс-әрекеттік-рефлексивтік компонентіндегі деңгейінің сапалық өзгерісін айтуға

болады. Айқындау кезеңінен алынған нәтижеге (51,28%) қарағанда қорытындылау кезеңіндегі нәтиже (2,56%) студенттердің осы компонент бойынша қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының көрсеткіші төмен деңгейі азайғанын байқатты. Сонымен қатар өсу көрсеткіші жоғары деңгейде 20,52% (0% -ден 20,52%-ға дейін) құрады, ал орта деңгей 48,72%-ден 76,92%-ға дейін өсті. Бақылау тобының студенттері қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың іс-әрекеттік-рефлексивтік компонентінің деңгейі даму көрсеткіші жағынан аздаған өзгерістерді ғана байқатты. Суретте көрсетілгендей, осы компоненттегі мәліметтерге сәйкес қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттердің интеллектуалды дамуының төмен деңгейі 50,91%-ден 46,36%-ға дейін азайған, өсу көрсеткішінің орта деңгейі 4,5 % (49,09%-ден 53,64%-ға дейін) құраған, жоғары деңгей сол жоқ қалпында қалған.



Эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының әрбір компоненті бойынша деңгейін анықтау тәжірибелік-эксперимент жұмысының біртұтас нәтижесін көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің нәтижесіне талдау жасау барысында эксперимент топтағы студенттердің бақылау тобына қарағанда қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының барлық компоненттерінің деңгейі көтерілгендігі байқалады (кесте 5).

Кесте 5 – Эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының әрбір компоненті бойынша деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері

Компоненттері	Кезеңдер	1- жоғары		2- орташа		3-төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Қажеттілік-ынталандырушылық	бастапқы	-		46,16%	44,55%	53,84%	55,45%
	соңғы	20,51%		76,93%	47,28%	2,56%	52,72%
Когнитивтік	бастапқы	-		40,18%	44,55%	59,82%	55,45%
	соңғы	17,95%		78,63%	48,18%	3,42%	51,82%
Эмоционалдық-құндылықтық	бастапқы	-		33,33%	44,55%	66,67%	55,45%
	соңғы	17,10%		79,49%	48,18%	3,41%	51,82%
Іс-әрекеттік-рефлексивтік	бастапқы	-		48,72%	49,09%	51,28%	50,91%
	соңғы	20,52%		76,92%	53,64%	2,56%	46,36%

Кестеде көрсетілген эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының әрбір компоненті бойынша деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштерінің диаграммасы сурет 13-те беріледі.



Сурет 13 – Эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының әрбір компоненті бойынша деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері

Сонымен қорытындылау кезеңінде алынған кесінді студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту әдістемесінің қаншалықты тиімді болғандығы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, эксперимент және бақылау топтарындағы студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының динамикасын көрсетті.

Қорытындылау кезінде алынған кесінді көрсеткендей, эксперимент топтарындағы студенттердің бастапқы күйге қарағанда барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты дамуы байқалады. Сонымен, эксперименттік диагностиканың соңғы мәліметіне сәйкес эксперимент тобының динамикалық өзгерісі барлық өлшемдерге сай келеді. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері растағандай біз ұсынған әдістеме студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамыту үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың біз ұсынған моделі мен психологиялық-педагогикалық шарттарын, әдістемесін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1 Эксперимент жұмыстары әдіснамалық тұғырлар, заңнамалар, факторлар, ұстанымдар, модель мен психологиялық-педагогикалық шарттар және студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың тұжырымдамалық ережесіне сәйкес жүзеге асырылды. Сондай-ақ қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамудың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау, оларды арнайы әдістерді қолданумен жүзеге асыру қосымша уақытты қажет етеді.

2 5B010600 - «Музыкалық білім» мамандығының базалық және бейіндеуші пәндерді талдау нәтижесі көрсеткендей, олар қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту мүмкіндіктеріне ие. Алайда, студенттер мен педагогтардың сауалнама нәтижесінде осы пәндерде қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаны интеллектуалды дамыту мүмкіндіктері жеткілікті қолданылмайтындығы анықталды. Осыған байланысты жаңа оқу-әдістемелік кешенді құрастырудың қажеттілігі туындады.

3 Біздің жасаған қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың оқу-әдістемелік кешені мынадай жиынтықтан тұрады:

- тұлғаны интеллектуалды дамыту құралдары тұрғысынан 5B010600 - «Музыкалық білім» мамандығының базалық және бейіндеуші пәндер бағдарламаларының тақырыптары мазмұнына қосымша толықтырулар енгізілді;

- «Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы» элективті курсы аясында студенттердің осы саладан білімі тереңдетілді;

- қазақ ұлттық музыкасы негізінде студенттердің жеке музыкалық ойлауын қалыптастыру бағытында ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті белсендірілді;



- педагогикалық практика барысында студенттердің халық музыкалық шығармашылығы саласынан алған білімін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға мүмкіндік берілді;

- студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуды жүзеге асыру барысында олар аудиториядан тыс жұмыстарға қатыстырылды.

4 Болашақ музыка пәні мұғалімдерін қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың тиімділігі олардың музыкалық санасының, көзқарастарының, пікірлері мен ой-өрісінің артқанынан көрінеді.

5 Студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытудың табыстылығы оқу жұмысының әдісі мен формасын дұрыс таңдауынан талап етілді. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту бағытындағы тәрбиелік-білім беру іс-әрекетінің негізгі формасы жеке (орындаушылық сыныптарда) және топтық (дәріс, семинар) оқу болып табылады. Алайда, студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының ерекшелігі оқу жұмысының дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістер мен формаларды қолдану барысында олардың сезімдерінің, қызығушылықтары мен сенімдерінің, талғамдары мен ойларының дамуына ықпал ету арқылы жүзеге асырылады. Оларға - дәріс-диалог, дәріс-концерттер, экскурсия, семинар-зерттеу, тренинг сабақтар, пікірталас, іскерлік және рөлдік ойындар және т.б. жатады.

6 Студенттердің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуының деңгейін көтеруде әртүрлі аудиториядан тыс жұмыстарға, атап айтқанда музыкалық дәрістер, ауызша журнал, музыкалық қонақбөлме, әдеби-музыкалық салон, олимпиада және т.б. тартуда мақсатты түрде мәлім болды.

7 Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижесі студенттерді қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамытуға арналған әдістеменің тиімділігі мен ұсынылған болжамның дұрыстығын дәлелдейді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. «Интеллект», «интеллектуалды даму» ұғымдарының мәнін зерттеу оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетуге және аталған түсініктерді зерттеу пәнімізге сәйкес нақтылау мүмкіндігін тудырды.

2. Біздің тұжырымдауымызша «интеллект дегеніміз адамның ақыл-ой бастамасы мен эмоцияналдық күйзелісі бірлестігіндегі ойлау мүмкіндігі».

3. Студенттің қазақ ұлттық музыкасы арқылы интеллектуалды дамуы - оның болашақ кәсіби біліктілігіне әлеуметтік жауаптылығының артуына, рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтын, ұлттық музыканы эмоционалдық-құндылық тұрғысынан игеруіне бағытталады, ойлау іс-әрекеттерінің тәжірибесі жинақталады, интеллектуалдық және арнайы музыкалық қабілеттері дамиды біртұтас үдеріс;

4. Қазақ ұлттық музыкасы арқылы болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытуда *жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, акмеологиялық, аксиологиялық, кешендік* әдіснамалық тұғырлар негізге алынады. Сонымен қатар теориялық-тәжірибелік міндеттерді шешу барысында қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуының ішкі және сыртқы факторлары басшылыққа алынады.

5. Қазақ ұлттық музыкасы ән шығармашылығы, аспаптық шығармашылық және дәстүрлі, аймақтық орындаушылық шығармалар болып топтастырылды. Жіктеменің негізіне болашақ мұғалімдерді интеллектуалды дамытудың мүмкіндіктері мен мазмұнын ашу, сондай-ақ кәсіби музыканың негізінде құрылған шығарманы жүйелеу жатады.

6. Студенттердің интеллектуалды дамуы оның психикалық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, ойлау, зейін) дамуынан талап етіледі. Осы психикалық үдерістердің дамуына қазақ ұлттық музыкасы құралдары тікелей ықпал етеді. Олай дейтініміз, *адам музыканы, соның ішінде ұлттық музыканы оған эмоционалдық қатынасы негізінде қабылдайды, сезінеді, ой елегінен өткізеді, есінде сақтайды, зейіні ауады. Ал бұл болса, оның адамгершілік тұлғалық қасиеттерінің дамуына, ақыл-ойының өсуіне, интеллектуалды дамуына алып келеді.*

7. Қазақ ұлттық музыкасының тарихи-әлеуметтік-мәдени тереңдігі, халық философиясына бай мазмұны, эмоционалдық, эстетикалық әсерлілігі тұлғаның *танымдық білімін жетілдіреді*, халықтың философиялық, діни, адамгершілік көзқарастарын талдауға мүмкіндік жасайды, музыкалық санасын, музыкалық ойлауын қалыптастырады, музыканың шартты тілін түсінуге және мазмұнын толық қабылдауын дамытады, *естігенін ойша толықтыра және байыта отырып, өзінің қиялын шыңдай түседі, музыкалық қабілеттерін аша түседі, оларды шығармашылыққа баулиды, сұлулыққа қызығушылықты, қажеттілікті дамытады, олардың ақыл-ойларын белсендіреді, сезімдік-саналық қабылдау қабілеттерін арттырады. Осының бәрі оның интеллектуалды тұрғыдан дамуына негіз болады.*

8. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы болашақ мұғалімдердің интеллектуалды дамытуының көрсеткіші ретінде келесі анықтамаларға бөлінді:

- ұлттық музыка құралдары арқылы интеллектуалды дамытудың тұлғалық ойы мен мақсатын түсіну (*қажеттілік-ынталандырушылық компонент*);

- болашақ кәсіби іс-әрекетті қолдану мақсатында ұлттық музыка құралдары арқылы интеллектуалды дамытудағы білімнің тәсілдері (*когнитивтік компонент*);

- мақсатқа жетудің дербестігі мен табандылығы (*эмоционалды-құндылықтық компонент*);

- интеллектуалды дамудағы ұлттық музыканың әлеуетін жүзеге асыру қабілеті, ұлттық музыка құралдары арқылы интеллектуалды дамудағы өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдаудың деңгейі (*іс-әрекеттік-рефлексивтік компонент*). Осы компоненттерге мен өлшемдерге сәйкес деңгейлері (жоғары, орта, төмен) белгіленді.

9. Педагогикалық жоғары оқу орындарында қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың моделіне *мақсаттық* (ұлттық музыка арқылы өзін-өзі интеллектуалды дамыту, өзін-өзі білімдендіру қажеттілігін, студенттің тұлғалық шығармашылығындағы қабілетін ашу, рефлексияны дамыту, ішкі ынтаның пайда болуындағы әртүрлі деңгейлердегі студенттердің жетістікке жету жолын анықтау), *өлшемдік* (қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамыту компоненттерін, өлшемдерін, көрсеткіштерін, деңгейін) *мазмұндық* (осы дамытудағы білім мазмұнын), *ұйымдастырушылық* (кезеңдері, психологиялық-педагогикалық шарттары) және *нәтижелік* элементтер қатысады.

10. Ұлттық музыка арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындары студенттерінің интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін *психологиялық-педагогикалық шарттар*: оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді жеке іс-әрекетке қатыстыру; оң интеллектуалдық-дамытушылық орта мен жағымды психологиялық климат құру; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың әдістері, формалары, технологияларын белсенді қолдану; қазақ ұлттық музыкасы арқылы студенттерді интеллектуалды дамытудың өзіне тән ерекшеліктерін ескеру.

11. Қазақ ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамытудың жетекші педагогикалық құралдары: *авторлық әзірлемелер*: Базалық және бейіндеуші пәндердің толықтырылуы; ««Қазақ ұлттық музыкасы арқылы тұлғаның интеллектуалды дамуы»» (эллективті курстың бағдарламасы); музыкалық-теориялық пәндердегі курстарда интеллектуалдық-шығармашылық тапсырмалар, Студенттердің әзірлемелік үлгісі (аранжировка, ұлттық музыканы орналастыру); *оқытудың әдістері*: эвристикалық әдістер, дәстүрлі әдістер, педагогикалық жағдаяттар, зерттеушілік іс-әрекеттер; *оқыту формалары*: *Аудиториялық сабақтар*: дәріс (дәріс-диалогтар «дәріс-концертті»), семинар-

сабақтар (семинарлар-зерттеулер, эвристикалық әңгімелер, баяндамаларды талдау, әр түрлі диспуттар түрлері мен шығармашылық пікір-таластар, тренингтік формаларға қатысу, ғылыми әдебиеттерді талдау, көкейкесті мақалаларды проблемалық талдау, әр түрлі ойын әдістері мен формалары (іскерлік ойындар, конкурстар және т.б.). *Аудиториядан тыс сабақтар*: фольклорлық экспедициялар, музыкалық лекториялар, ауызша журнал, музыкалық қонақ бөлме, әдеби-музыкалық салон театрландырылған музыкалық-әдеби кеш, республикалық, қалалық, университеттік дейгейде өтілетін халықтық музыкалық кештер. техникалық, аудиовизуалды құралдар: ұлттық музыка жазылған электрондық компакт-дискісі; студенттік жұмыстардың электрондық үлгісі.

12. Зерттеудегі идеяларды практика жүзінде іске асыруда ұлттық музыка құралдары арқылы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін интеллектуалды дамыту формаларының, әдістері мен тәсілдерінің маңызы өте зор.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Студенттерді ұлттық музыка арқылы интеллектуалды дамытуда педагогикалық жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет.

3. Болашақ музыка мұғалімдерін интеллектуалды дамытуда ұсынып отырған бағдарлама, бағдарламаға қосымшалар, жеке сабақтар, іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырған дұрыс.

4. Тұлғаны интеллектуалды дамыту бойынша әдістемелік нұсқауларды жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.

5. Ұсынылып отырған әдістемені педагогикалық жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан және алғаш рет зерттеліп отырғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамыту, оқушыларды интеллектуалды дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау, студенттердің интеллектуалды дамытудың интерактивтік әдістерін жобалау және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». - Астана, 2012. - 12 желтоқсан.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2016, наурыз -1.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Интеллектуалды ұлт - 2020». - Астана, 2014, қаңтар17.
- 4 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген.
- 5 Қазақстан Республикасында 2013-2016 жж. білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамын күшейту бойынша типтік кешенді жоспар.
- 6 Программа «100 конкретных шагов» Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева // Казахстанская правда от 6 мая 2015, №80 (27).
- 7 Гальтон Ф. Наследственность таланта, ее законы и последствия / пер. с англ. - СПб., 2005. - 299 с.
- 8 Кеттел Р.Б. Канцелярия конфискации – Киргизы / гл. ред. Ю.С. Осипова. - М., 2009. - 619 с.
- 9 Бине А. Измерение умственных способностей. – Алматы; СПб., 1998. - 256 с.
- 10 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер с англ. - М., 2006. - 85 с.
- 11 Гилфорд Дж. Структура интеллекта. Психология мышления. - М., 2005. - С. 85-105.
- 12 Терстоун Л.Л., Терстоун Т.Г. Первичные умственные способности. - Чикаго: Научно-исследовательская ассоциация, 1963.- 156 с.
- 13 Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. - М.: Знание, 1983. - 96 с.
- 14 Карпов А.В., Пономарева В.В. Психология рефлексивных механизмов управления.- М.: Институт психологии РАН, 2000. - 284 с.
- 15 Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыт: филос. док. ... диссер PhD: 6D010300. - Алматы, 2014. - 165 б.
- 16 Ожегов С.И. Словарь русского языка / под. Ред. Н.Ю.Швецовой. - М.: Рус.яз., 1990. - 917 с.
- 17 Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - 2-е изд., доп. и перераб. - СПб.: Питер, 2002. - 272 с.
- 18 Айзенк Г., Вильсон Г. Как измерить личность / пер. с англ. - М.: Когито-центр, 2000. - 256 с.
- 19 Люсин Д.В. Способность к пониманию эмоций: Психометрический и когнитивный аспекты / ред.Г.А.Емельянов. Социальное познание в эпоху быстрых политических и экономических перемен. - М.: Смысл, 2000.- 298 с.
- 20 Степанов С.Ю., Семенов И.Н. Психология рефлексии: проблемы и

- исследования // Вопросы психологии. - 1985. - №3. - С.31-40.
- 21 Sternberg J. A triangular theory of love // Psychological Review. -1986. -№93 (2). –Р. 119–13 // DOI:10.1037/0033-295X.93.2.119.
- 22 Ермаганбетов М.Е., Аганина К.Ж., Манкеш А.Е. Интеграцияланға н пән мұғалімдерін дайындау: оқу-әдістемелік кұралы. - Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2013. - 112 б.
- 23 John Day River Basin. Water Resources Data for Oregon. – London: Water Year, 2005. – 312 б.
- 24 Allport G W. The ego in contemporary psychology // Psychological Review / пер с англ.-2007. - Vol. 50. - P. 451-478.
- 25 Торндайк Э. Бихевиоризм: Принципы обучения, основанные на психологии; Уотсон Дж. Б. Психология как наука о поведении. – М., 1988. – 442 б.
- 26 Rob, Ford Madox Ford and the Misfit Moderns: Edwardian Fiction and the First World War. – Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2012.
- 27 Съшанюк Э.Э. Модернизация профессионального образования: Компетентностный подход. - М.: МПСИ, 2005. – С.52
- 28 Смирнова Е.О. К вопросу о формировании психической готовности в школьному обучению. Некоторые актуальные психолого-педагогические проблемы воспитания и воспитывающего обучения. – М., 1999. - 430 с.
- 29 Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта задач // В Сб.: Психология мышления. – М.: Прогресс, 1995. – С. 434-437.
- 30 Рубинштейн С.Л. Психология индивидуальных различий. - М.: ЧеРо, 2000. - 776 с.
- 31 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1960. - 598 с.
- 32 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М., 1975. - 304 с.
- 33 Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. – СПб.: Питер, 2006. - 320 с.
- 34 Тихомиров О.К. Психология мышления. – М.: Изд-во Московского университета, 2004. – С. 7-10.
- 35 Бодалев А. А. Психологическое общение. - М.: Изд-во «Институт практической психологии»; Воронеж: НПО «Модек», 1996. – 256 с.
- 36 Яковлева Е. Эмоциональные механизмы личностного и творческого развития // Вопр. психологии. - 1997. - №4. - С. 34-35.
- 37 Стернберг Р., Форсайт Дж. Практический интеллект. - СПб.: Питер, 2002. - 345с.
- 38 Люсин Д.В. Новая методика для измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭМИн // Журнал «Психологическая диагностика». - 2006. - № 4. - С. 3-22.
- 39 Морозова Е.И. Психологические подходы к изучению процесса адаптации детей раннего возраста // Альманах института коррекционной педагогики РАО.- 2001. - № 4.
- 40 Робертс Р.Д., Мэттьюс Дж., Зайднер М., Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект: проблемы теории, измерения и примерения на практике //

- Психология. Журнал высшей школы экономики. - 2004. - Т. 1, №4. - С. 3-26.
- 41 Стернберг Р., Григоренко Е. Инвестиционная теория креативности // Психологический журнал. - 1998. - №2.
- 42 Полани М. Личностное знание. - М., 1985.
- 43 Рубинштейн С Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер Ком, 1999. - 720 с.
- 44 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - 2-е изд. - СПб.: Питер, 2001. - 272 с.
- 45 Вишнякова С.М. Кәсіптік білім беру. Сөздік. Кілттік түсінік, терминдер, өзекті лексика. -М.: НМЦ СПО, 1999.
- 46 Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. - М.: Политиздат, 1982. - 255 с.
- 47 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. - 185 с.
- 48 Зеер Э.Ф. Профориентология: Теория и практика: учеб.пособ. для высшей школы. - М.: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004. - 192 с.
- 49 Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. – Алматы, 2008. – 245 б.
- 50 Baymoldayev T.M., Ibrayeva K.E., Zhankul T. Learner-centered approach in music education // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогические науки». - Алматы, 2015.- №2(46). - С.11-14.
- 51 Митина Л.М. Психологическое сопровождение выбора профессии. - М., 2008.
- 52 Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование // Педагогика. - 1994. - №5. - С. 16-21.
- 53 Рубинштейн С.Л. Проблема способностей и вопросы психологической теории.- М., 1976.-274 с.
- 54 Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А. Білім беру сапасы және оқу үдерісін жетілдіру // Материалы научной конференции. Современные проблемы высшей школы Казахстана. - Алматы, 2009. - 232 с.
- 55 Намазбаева Ж.Ы., Сангилбаев О.С. Орысша-қазақша психологиялық сөздік. - Алматы: Print-s, 2005. - 58 б.
- 56 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Арын,\\_Ерлан\\_Мухтарұлы](https://ru.wikipedia.org/wiki/Арын,_Ерлан_Мухтарұлы)
- 57 Таубаева Ш.Т. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. - Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.
- 58 Нарикбаева Л.М., Савенков А.И. Интеллект, ведущий к профессиональному успеху, как фактор развития профессиональной одаренности будущего специалиста // Қызықты психология. - 2012. - №4. - С. 34-35.
- 59 Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту: пед. ғыл. док. .. автореф.: 13.00.01. – Алматы: Қазақ у-ті, 2006. - 44 б.
- 60 Gelfman E., Kholodnaya. M. The role of ways of information coding in students' intellectual development // European Research in Mathematics Education.

Proceedings of the First Conference of the European Society for Research in Mathematics Education. Publishing House: Forschungsinstitut für Mathematikdidaktik. – Osnabrueck, 1999. - Vol. 2. - P. 38-48.

61 Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. – М.: Изд-во: Педагогика, 1971. – 385 с.

62 Левитов Н.Д. О психических состояниях человека. - М.: «Просвещение», 1969.- 495 с.

63 Менчинская Н.А. Психологические проблемы неуспеваемости школьников. - М.: Педагогика, 1971. - 272 с.

64 Блонский П.П. Избранные психологические произведения. - М., 1964. - 313 с.

65 Кабанова-Меллер Е.Н. Психология формирования знаний и навыков у школьников. - М., 1962. - 268 с.

66 Занков Л.В. Беседы с учителями. - М., 1991. - 445 с.

67 Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. - М.: Знание, 1974. - С.63.

68 Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. - М.: Педагогика, 1981. – 200 с.

69 Жарықбаев Қ. Қазақ этнопсихологиясы - ұлттық тәрбие өзегі. - Алматы: Білім, 2005. - Б. 93-94.

70 Сейталиев Қ. Жалпы психология: университеттер мен педагогикалық институттың педагогика мамандықтарына арналған оқу құралы. - Алматы: Білім, 2007. – Б. 92.

71 Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылымы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 222 б.

72 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. - 256 б.

73 Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. - М.: Академический Проект, 2004. - 560 с.

74 Торопова А.В. Музыкальная психология и психология музыкального образования. - М.: «Учебно-методический издательский центр «ГРАФ-ПРЕСС», 2010. - 240 с.

75 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. - Алматы: 1996. - Б. 205-212.

76 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - Алматы: Білім, 1996. - Б. 209-212.

77 Немов Р.С. Общая психология. - СПб.: Питер, 2006. – Б. 92.

78 Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М.: Педагогика, 1980. – С. 96.

79 Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. - Издание 2-е. – М.: Сентябрь, 2000. – С. 112.

80 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии // В 2т. - М.: Педагогика, 1989. -Т.1. - 488 с.

81 Белинский В. Краткая литературная энциклопедия / гл. ред. А. А. Сурков. Арне-Гаврилов. - М.: Сов. энцикл., 1962-1978. - Т. 1. - С. 503-510.



- 82 Сәбет Бап-Баба (Бабаев). Психология негіздері: оқу-анықтамалық қолданба. - Алматы: Нұр-пресс, 2007. - Б. 205-212.
- 83 Асафьев Б.В. Большая советская энциклопедия : в 66 т. (65 т. и 1 доп.) / гл. ред. О.Ю.Шмидт. - М.: Советская энциклопедия, 1926-1947.
- 84 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын // Педагогика. - Павлодар: «ЭКО» ҒОФ, 2006. - 278 б.
- 85 Арчажникова Л.Г. Профессия - учитель музыки // Книга для учителя. - М.: Просвещение, 1984. - С. 110.
- 86 Посталюк Н.Ю. Модели ресурсных центров // Профессиональное образование: Столица. - 2006. - № 12. - С. 6-7.
- 87 Ушаков Д.В. Психология интеллекта и одаренности. - М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2011. - 464 с.
- 88 Брушлинский А.В. Взаимосвязь процессуального и личностного аспектов мышления // Мышление: процесс, деятельность, общение: сборник статей / отв. ред. А.В.Брушлинский - М.: Наука, 1982. - С. 5-49.
- 89 Библер В.С. Научная интуиция и ее логический подтекст: Проблемы научного и технического творчества // Материалы симпозиума. - М., 1999.
- 90 Абельтаева Ж.Е., Ермек Д. Концертное исполнительство в профессиональной подготовке вокалиста // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. ХАБАРШЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2015. - №3(47). - Б. 76.
- 91 Халперн Д. Психология критического мышления. - СПб.: Питер, 2000. - 512 с.
- 92 Педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік / ғылыми жетекшілік жасаған және жалпы ред. басқарған профессор Ш.Беркімбаева, А.Қ.Құсайынов – Алматы: ROND&A баспасы, 2007. – Б. 15.
- 93 Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. - М.: Барс, 1997. - 218 б.
- 94 Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: норма и отклонения. - М., 1990.
- 95 Васильев И.А. Гуманитарная и естественно-научная парадигмы в современных исследованиях эмоций // Психологический журнал. - 1992. - №6. - С. 80.
- 96 Тихомиров О.К., Ключко В.Е. Эмоциональная регуляция мыслительной деятельности // Вопросы психологии. - 1980. - №5. - С. 23-31.
- 97 Матюшкин А.М. Загадки одаренности. - М.: МГУ, 1993. - 156 с.
- 98 Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека: учебник. - М.: Академия, 2010. - 460 с.
- 99 Богоявленская Д.Б. Психология одаренности: понятие, виды, проблемы. - М.: МИОО, 2005.
- 100 Рубинштейн С.Л. Общая психология. - СПб., 2003. - С. 56-58.
- 101 Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. - Өскемен, 2007. - Б. 37.
- 102 Каган М.С. Познание и оценка в искусстве // Проблема ценности в

философии. - Л., 1966. - 568 с.

103 Пралиев С.Ж., Жанкул Т.К. Теоретические основы интеллектуального развития будущих педагогов средствами национальной культуры // Абай атындағы ҚазҰПУ. Педагогика и психология - Алматы, 2015. - №4(25). - С.51-56.

104 Леонтьев В.Г. Психологические механизмы мотивации. - Новосибирск: НГПИ, 1992. - 216 с.

105 Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. –Алматы, 2008. - 245 б.

106 Кузьмин В.П. Принцип системности и методологии К.Маркса. -1986. - 401 с.

107 Мазель Л.А., Цуккерман В.А. Анализ музыкальных произведений элементы музыки и методика анализа малых форм // Рекомендовано Управлением кадров и учебных заведений Министерства культуры СССР в качестве учебника специального курса для музыкальных вузов. - М.: Изд-во «Музыка», 1967. - 527 с.

108 Медушевский В.В. Интонационная форма музыки. - М.: Композитор, 1993. - 262 с

109 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студ. пед. вузов // В 2-х кн.- Общие основы. Процесс обучения. - М.: Гуманит. Изд. центр ВЛАДОС, 2000.-Книга 1. - 576 с.

110 Деркач А.А. Акмеология: учебник / под общей редакцией доктора психологических наук, профессора, академика РАО А.А. Деркача. - М.: РАГС, 2002. – 650 с.

111 Ананьев Б.Г., Бодалев А.А., Кузмина Н.В., Маркова А.К. "Акме" в профессиональном развитии человека / сост. В. П. Лисенкова. - 1980. - 229 с.

112 Гальперин П.Я. Психология как объективная наука. Избр.психол.труды. - М.: Воронеж, 1998. - 480 с.

113 Краевский В.В., Бережнова Е.В. Методология педагогики: новый этап: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2006. - 400 с.

114 Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. – Алматы, 2001. – 350 с.

